

# СЕНІҢ ҚОЛЫҢНАН КЕЛЕДІ

*Қиындыққа  
ұшырағандарға үміт  
және қолдау*

*Макс Лукаго*

*Адал, дана және Мәсіхте қуанышқа толы апай Шерил Гринге арналады. «UpWords» және «Oak Hills» қауымына қызметке сансыз көп уақыт арнағаның үшін рақмет. Сен — шынайы қызметшінің үлгісісің.*

## АЛҒЫС

Бас редакторлар Лиз Хини және Карен Хиллге. Жанқияр еңбектерің үшін өзім ешқашан есесін қайтара алмаспын.

Баспа командасы Дейвид Моберг, Паула Мэйджор, Лиз Джонсон, ЛиЭрик Феско, Грег және Сьюзен Лигонға, Ян Мантсингер және Памела Макклорға. Қайта-қайта мені өздеріңнің біртума шығармашылықтарыңмен және ортақ іске деген риясыз қызметтеріңмен таңқалдырдыңдар.

Стив Грин және осы кітап арналған оның жұбайы Шерилге. Сендер ешқашан қошеметтеп қол соғуларды іздемейсіндер және біріншілік жүлдесін басқа біреуге ұсынасыңдар, бірақ сендерге сенім артқандар, өздеріңнің көмектеріңсіз суға батқан тастай тұңғыыққа кететінін біледі.

Әдеби редактор Кэрол Бэртлиге. Сіздің және Құдайдың рақымының арқасында менің қателіктерім із-түзсіз жоғалды! Досым менің, Сіз жоғары биіктікті көздедіңіз! Сіз — біздің командамыздың мүшесі болғаныңызға мен шексіз қуаныштымын!

«OakHills» қауымының аға қызметшісі Рэнди Фрейзи және оның әкімшісі Марк Тидуэллге. Сендерді достарым деп айту мен үшін үлкен құрмет!

«OakHills» қауымына. Осы кітаптың шығуы біздің бірлескен қызметіміздің жиырма бес жылдығымен тура келеді. Құдай бізге тағы сонша бұйыртсын!

Ақсақал Дейвид Тритке. Сіздің дұғаларыңыз және бақташылық қатысуыңыз үшін ерекше алғыс.

Маргарет Мехинус, Тина Чисхолм, Эшли Росалес и Джени Падилья! Сіздер— менің жеке хаттарымнан бастап, кітап тапсырысына дейін тынымсыз бәрін қадағалайсыздар. Тағы!

Дейвид Друри, сізбен әрдайым телефон не болмаса электрондық пошта арқылы байланысуға болады. Сіздің теологиялық діни ақыл парасатыңыз — шынайы бата!

Бұл менің отызыншы публицистикалық туындым болғандықтан, электрондық пен бірге дәстүрлі кітап дүкендеріне де — отыз жылға созылған әріптестік үшін алғысымды білдіру орынды.

Менің қыздарым және күйеу балама— Дженн, Андреа, Сара және Бреттке. Менің жүрегім сендердікі, барлық ойларым — өздерің туралы.

Және менің қымбатты әйелім Деналинге. Сен — менің үнгірімдегі түнекті нұрландыратын шырақсың, маған жылу мен жарық беретін қайнар көзсің. Мен сені сүйемін.

# 1 Тарау

## СЕНІҢ ҚОЛЫҢНАН КЕЛЕДІ

Әйелдің тұла бойы қалшылдады, оның иығына қолымды қойғанда онысын бірден сездім. Мен оны азық-түлік дүкенінде кездестірдім — расында осы кездесуге дейін біз бірнеше ай көріскен жоқ едік — мен одан күйеуі және балалары туралы сұрай бастадым, сол кезде оның көзі жасқа толып, иегі кемсеңдей бастағанын байқадым. Бір минуттан кейін ол өзінің мұңлы оқиғасымен бөлісе бастады. Жиырма жыл бірге тұрып, үш баласына және оған көп қолайсыздық әкелген сансыз көшулерге қарамастан күйеуі оны тастап кетті. Ол жас бойжеткенге әйелін ауыстырып, жәй ғана кетіп қалды. Әйел көз жасын тыюға бар күшін салды, бірақ қолынан келмеді, сөйтіп азық-түлік дүкенінің бір бөлімі тәубе ететін жерге айналды. Қызанақ пен көкөніс будалары қойылған сөрелердің арасында ол көз жасына булықты. Біз дұға еттік, сосын мен оған: «Сенің қолыңнан келеді. Иә ауыр болады, бірақ төзуіңе тура келеді. Құдай осы қайғыны сенің игілігіңе айналдырады. Қазір жігеріңді жасытпай, албырт қиялдарға бой алдырмай, ақымақтық жасамауға тырысу керек. Бірақ үмітінді үзбе, сонда Құдайдың көмегімен сен бұны еңсере аласың» дедім.

Екі күннен кейін маған досым қоңырау шалып, хабарласты. Оны жаңа ғана жұмыстан шығарыпты. Жұмыстан шығаруына ол өзі кінәлі болған: бастығына ақымақ және де сол сияқты орынсыз ескертулер айтыпты — мен дөрекі және қорлайтын ескертулер деп айтар едім, — нәтижесінде бастық, оны атқарып отырған лауазымынан босатқан. Енді

міне елу жеті жастағы менеджер, экономикалық күйзеліс ушығып тұрған сәтте, көше кезіп қалды. Досым түңіліп, өміріне өкпелі еді: әйелім ренжіді, балалардың берекесі қашқан... оған, өзінің жағдайы үмітсіз емес деген кепіл керек еді, мен оған сол үмітті бердім: «Сенің қолыңнан келеді. Иә ауыр болады, бірақ төзуіңе тура келеді. Құдай осы қайғыны сенің игілігіңе айналдырады. Қазір жігеріңді жасытпай, албырт қиялдарға бой алдырмай, ақымақтық жасамауға тырысу керек. Бірақ үмітіңді үзбе, сонда Құдайдың көмегімен сен бұны еңсере аласың».

Кафеде жұмыс істейтін бір қыздың оқиғасы, біз сол кафеде танысқан едік. Ол енді ғана орта мектепті бітіріп, бір айдан кейін колледжге түсемін деген үмітте еді. Оның өмірі оңай емес екен. Ол алты жасқа толғанда ата-анасы ажырасып кеткен, он беске толғанда ата-анасы бірнеше айдан кейін қайта ажырасу үшін қосылыпты. Жақында ата-аналары, анасымен немесе әкесімен тұру таңдауын жасауға оны мәжбүрлеген. Осы туралы айтқанда, қыздың көз жасы көл болды. Онымен сөйлесуге өзімде әлі мүмкіндік болған жоқ, бірақ келесі кездескенде мен оның көзіне қарап: «Сенің қолыңнан келеді. Иә ауыр болады, бірақ төзуіңе тура келеді. Құдай осы қайғыны сенің игілігіңе айналдырады. Қазір жігеріңді жасытпай, албырт қиялдарға бой алдырмай, ақымақтық жасамауға тырысу керек. Бірақ үмітіңді үзбе, сонда Құдайдың көмегімен сен бұны еңсере аласың» деп айтамын.

Жөнсіз өтірік айттың, дейтін шығарсың? Қалайша мен осындай сөздерді оңды-солға шаша аламын? Қиындыққа ұшыраған адамдарға, оның үстіне, орға құлағандарға, осыншалық батыл уәде беруге құқылымын дегенді мен қайдан алдым? Қабырғалары тік қараңғы ор, одан бір жас бозбала өз күшімен шыға алмас еді. Шыққан күнде де бауырлары оны орға қайта итеріп жіберер еді. Дәл сол бауырларының көмегімен Жүсіп сол орға түскен болатын.

Жүсіп ағаларының қасына келгенде, олар оның киіп жүрген ұзын, әдемі шапанын шешіп алып, өзін құдыққа тастай салды. Құдық бос, суы жоқ болатын.

Мұнан кейін ағалары тамақтану үшін жерге жайғасты ...

*Жар.баст 37:23–25*

Бұл күтімсіз қалған, жартылай құлаған қабырғаларынан үшкір, кетік ернеулері шығып тұрған және маңайда өскен шынардың тамырлары адырайған құдық еді. Құдықтың түбінде ебедейсіз, ұзын тұра, иегінде шоқша сақал үлпілдеген он жеті жасар жігіт жатыр. Аяқ қолы байланған, ол тізелерін бауырына жинап, бүк түсіп жатыр, тар құдықта әрең қимылдайды. Басы иілген жердегі құм, аузынан аққан сілекейден су болған. Қорыққаннан бозбаланың көзі шарасынан шыққалы тұр. Ұзақ айқайлаудан даусы қарлығып қалған. Бауырлары оның аяушылық таныту туралы жанайқайын естімеуі мүмкін емес. Жиырма екі жылдан кейін, елде етек жайған аштық олардың даңдайсуын, ал кінә сезімі — менмендігін басқанда, олар: «Оның жапа шегіп, жан даусымен бізге жалынғанын көрсек те, құлақ салмадық...» — деп мойындады (Жар.баст 42:21).

Бұл жерде өздеріне Құдаймен келісім туралы адамзатқа жеткізу жүктелген, Ыбырайымның немерелері, яғни Жақыптың ұлдары туралы айтылады. Исраилдың он екі руы солардың атымен аталып және Иса Мәсіхтің шежіресінен орын алғандар туралы. Бір сөзбен айтқанда, егер осы жас жігіттерді Киелі Кітап шежіресі аясында қарайтын болсақ, біздің алдымызда патша отбасының мүшелері тұр. Бірақ сол күні олар өздерін қола дәуіріндегі жайсыз отбасы мүшелері ретінде көрсетті. Сол заманда теледидар болған болса, олар рейтингі көкке жеткен керемет реалити-шоудың кейіпкерлері болар еді. Шынардың көлеңкесінде орналасып, олар құдықтан жеткен Жүсіптің даусына

елең етпеді, олар тек нан ғана емес, жас ет пен қолдан-қолға ауысқан шарап толы местен де жұтқан болар деп ойлаймын. Ақылсыз және тас жүректілер! Қанаханның шөл даласы сияқты тас жүректілер! Туған бауырларынан гөрі, қарын тойғызуға көбірек қам жеді. Жүсіпті олардың суканы сүймейтін, «...жаратпай, енді онымен жылы сөйлесе алмады. ...ағалары оны жек көретін еді. Жүсіпке қызғанышпен қарады <...>» (Жар.баст 37:4–5, 11).

Оның себебі келесіде еді. Әкесі Жүсіпті аялап өсірді. Жақыптың Лия және Рахила атты екі әйелі болған еді, бірақ ол тек Рахиланы жақсы көрді. Рахила қайтыс болғанда, Жақып оны естен шығармай, сүйікті әйелінің тұңғышы Жүсіпке қамқор болуын жалғастырды. Оның ағалары күні бойы жұмыстан бел жазбағанда, Жүсіп көңіл көтерді. Ағаларының киімі арзан қол болса, Жүсіпке әкесі жеңі алтын жалатылған жіппен әрленген түрлі-түсті киім сыйлады. Ағалары қатарынан сұлай кетіп, көбінесе далада қонды, ал Жүсіп болса екі адамға арналған кең кереуетте өз бөлмесінде ұйықтады. Ағалары әкесінің қойларын бағып жүргенде, сүйікті баласы Жүсіп үйде жалқауланды. Тұңғышқа тиесілі артықшылықтардың бәрін Жақып сөзсіз өзінің он бірінші ұлына берді, сондықтан кейіген ағалары Жүсіпті көргенде жерге бір түкіретін.

Жақыптың отбасы, шиеленіс кезеңді басынан өткізіп жатқанына шүбәлану, айдан анық нәрсені жоққа шығарумен бірдей.

Ағалары Жүсіпті үйден шалғай жерде, көмекке дайын әкесінен алпыс шақырым жерде ұстап алып, сөйтіп бар өштерін алды. «...олар оның киіп жүрген ұзын, әдемі *шананын шешіп алып*, өзін құдыққа *тастай салды...*» (Жар. баст 37:23–24; курсивпен мен белгіледім — М. Л.). Осы етістік сөздерде қаншама дөрекілік пен ымырасыздық бар десеңізші! Ағалары Жүсіпті өлтіріп қана қоймай, оның мәйітін де жасыруды ойластырды. Олар алдын-ала өз қыл-

мысын жасыру туралы сөз байласты. «...Жыртқышқа жем болыпты дерміз...» (20-шы аят).

Өзін не күтіп тұрғаны Жүсіптің қаперіне де кірмеді. Таңертең төсегінен тұрып, ол: «*Бүгін мен қарапайым кийнейін, себебі бүгін құдыққа құлаймын ғой*» деп ойлаған жоқ. Ағаларының әрекеті оны басына жай түскендей күйге түсірді.

Сен туралы да соны айтуға болады. Жүсіп үшін терең ор — күтімсіз қалған құдық болды. Сенің жағдайыңда ор — қорқынышты диагноз, отбасыдан айырылу немесе сезімдік күйзеліс болған шығар? Жүсіпті орға оны жек көрген ағалары тастады. Ал сені ше? Жұмыстан шығарып, онсыз да көп жұмыссыздар қатарын көбейтіп, сен туралы ұмытты ма? Некені бұзып, есікке сілтеді ме? Төсекке итеріп, зорлады ма? Ор — өлім іспеттес, сусыз және аяусыз шұңқыр, кейбіреулер одан ешқашан шыға алмайды. Шын мәнінде, өмір — дегеніміз ұзақ, қиын және қауіпті жол, оны барынша аз шығынмен өткің келеді. Мұны істегеннен гөрі, айтқан оңай, келісесіз ғой. Ордан шығу оңай емес.

Жүсіптің өмірі оңалудан бұрын, адам төзгісізге айналды. Ағалары сатқындық жасап, ол құлдыққа түсті, онда Жүсіпке арандатушылық жасалып, нәтижесінде ол абақтыға қамалды. Жүсіпті аяусыз ұрып-соқты. Сатқындық жасады және сатып жіберді. Оған нашар қарым-қатынаста болды деу, тіптен ештеңе айтпағанмен бірдей. Оған берілген уәделер, бұзылды, сатып алып берген нәрселер артынша тартып алынды. Егер іштей азаптарды, батпақты жермен салыстырсақ, Жүсіп Эверглейдске\* өмірінің соңына дейін итжеккенге айдалған еді.

---

\* Эверглейдс — Флориданың оңтүстігіндегі ірі ұлттық саябақ (АҚШ), ол батпақты тропиктер мен шабындықтарда орналасқан, «шөпті өзен» деген атқа ие. — *осы жерде және одан әрі мәтін асты ескертулердің бәрі аудармашынікі.*

Соған қарамастан ол жеңілуді ойламады. Жүрегіндегі шер, оны ешқашан дегеніне көндірген емес. Ашу, ешқашан жаман жара болып тамыр жайған емес. Жүрегі катуланған жоқ және ол табандылығынан айырылған жоқ. Жүсіп аман қалып қана қоймай, едәуір жетістікке де жетті. Гелийге толы ауа шары іспетті, оның мансабы бұлжымастан алға өрледі. Мысырдың сарай патшасы оны өз үйінде басты уәзір етті. Абақтының бастығы оны барлық тұтқындардың үстінен қойды. Мысырдың Бас билеушісі перғауын оны премьер-министр етіп тағайындады. Өмірінің соңғы тұсында Жүсіп, әлемнің ең күдіретті мемлекеттерінің бірінде ықпалы бойынша екінші орынға ие болды. Ол өз замандастарын аштықтан құтқарды деген наным, асыра сілтеушілік емес. Оның түйіндемесі қандай болған болар еді, елестетіп көрейік?

ЖҮСІП

ЖАҚЫПТЫҢ ҰЛЫ

«ТАҒДЫРДЫҢ АЯУСЫЗ СОҚҚЫЛАРЫ» УНИВЕРСИТЕТІН

ҮЗДІК БІТІРГЕН

«АДАМЗАТТЫ ҚҰТҚАРУ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ

АНАҒҰРЛЫМ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКЕН

Бірақ қалайша? Қайғылы оқиғалардың қайнаған ортасында болып, ол қалай жетістікке жетті? Бұл жерде кесіп-пішіп жорамалдайтын несі бар! Сол бір орға құлағаннан бері өткен жиырма жылдан кейін, ағаларының рөлі түбегейлі өзгерді: Жүсіп тиісті биіктіктен көрінді, ал оның бауырларына аштықтан өлім қаупі төнді. Ағалары Жүсіптің алдына, Жүсіп әділдік орнатады, ағаларымен есеп айырысады — олардың өз қолдарымен қазған орға, өздерін тастайды, деп қорыққандарынан дірілдеп келді. Бірақ Жүсіп оларға ондай ешнәрсе жасаған жоқ. Ағаларына сөйлегенінен бұл адамның ниетін көре аламыз:

...Сендер маған жамандық ойладыңдар, бірақ Құдай мұның бәрін жақсылыққа соқсын деп, осы арқылы көп адамдарды аштан өлуден аман сақтап қалуға ниет етті...

*Жар.баст 50:20*

*Құдайдың қолында ойластырған зұлымдық игілікке айналады*

Жүсіп өзін осы уәдемен байлады және оған өмірінің соңына дейін адал болды. Бірақ оның басына түскен азаптарының шама-шарқын кемітпейік. Ол қолымыздан келмейді де. Оның өмірбаянының әрбір бетінде қан тамшылары мен көз жасының ізі бар. Жүсіптің жүрегі көптеген сатқындықтардың үшкір жартастарынан қанталаған еді, бірақ Құдай қайта-қайта оның жараларын емдеді. Оның жыртық киімі патша киіміне, терең ор — патша сарайына айналды. Енді ыдырағалы тұрған отбасы қайта қосылды. Құдайдың қызметшісін жоюға бағытталған зорлықтың өзі, оның есеюіне сеп болды.

Дәл мағынасы «өрү» немесе «тоқу» дегенді білдіретін еврей етістігін қолданып, Жүсіп ағаларына: «Сендер маған жамандық *ойладыңдар*» — деді<sup>1</sup>. «Сендер жамандықты өрдіңдер, — деді ол, — бірақ Құдай оны жақсылыққа қайта өрді.

Біздің Құдай — жоғары білікті Тоқымашы. Ол жіпті иіріп, олардан оюлы маталарды тоқиды. Жалба-жұлбадан Ол барқыт тоқып, азаптардан рақат өреді. Бүкіл адамзат тағдырының жіптері Оның уысында. Бәрі Оған бағынады: патшалар, қанаушылар, Жердің ауа-райы және заттың молекулярлық құрылымы. Оның тарихты тоқитын станогында тоқыма станогының қайығы (тігін машинасының бөлшегі) негізін қалаушы жіптер — ұрпақтар мен халықтар арасынан өтіп, нәтижесінде тарихи үдерістің матасы пайда болады. Шайтан да өз өрнегін салып әлек, бірақ Құдайдың қолы ол өрнекті толығымен Өз дегеніне қарай қайта тоқуға қабілетті.

Сонымен қоса, біздің Құдай — жоғары білікті Құрылысшы. Бұл Жүсіптің сол сөздерінен көрініп тұр: «...бірақ Құдай мұның бәрін жақсылыққа соқсын деп,...<sup>2</sup> осы жерде «соқсын деп» аударылған еврей сөзі, — құрылыстың мақсатын немесе өзім таңертеңгісін күн сайын жанынан өтетін құрылысы аяқталған нысандардың бірін білдіретін құрылыс термині<sup>3</sup>. Менің үйіме жақын жерде Техас штатында эстакаданы (жүк түсіру, тиеу жұмыстарына, көліктің өтуіне арналып, жер үстіне, су бетіне салынған көпірлік құрылыс) жөндеп жатыр. Автокөлік қозғалысының үшеуінен біреуі ғана қалды, ол күнделікті жол жүруді жүйке тоздырарлық етті. Осы бір эстакада жөндеуінің басталуы, адамзат тарихы сияқты, ғасырларда ізім-қайым жоғалады, ол басталғалы таңның атысынан кештің батысына дейін біздің төбемізден мұнаралы қрандар қозғалады. Жұмысшылар, жол белгілерін бұлғап, күректерімен лақтырып, ал бірнеше миллиондаған жүргізушілер мен жолаушылар жақтырмай күңкілдейді. Басқаларды қайдам, өзім: «*Бұл қашанғы жалғасар екен?*» деп күңкілдеймін.

Ал менің жақын көршілерімнің осы құрылысқа қатынастары тіптен басқа. Бұл ерлі-зайыптылар кәсібі бойынша жол құрылысының инженерлері және Көлік Министрлігінде жұмыс істейді. Олар да басқа жол қозғалысының қатысушылары сияқты, сол кептелістерде тұрады және айналып өту жолдарын қолдану қажеттілігімен келіседі, бірақ басқаларға қарағанда өздерін әлдеқайда сабырлы ұстайды. Неге? Олар осындай алпауыт жобаны жүзеге асыру барысында туындайтын қиындықтарды түсінеді. Олар менің күңкіліме: «Иә, құрылыс белгілі бір уақытты алады, бірақ ол қисынды мерзімде аяқталады. Аландамаңыз», — деп жауап береді. Өйткені, бұл кісілер қайта жөндеу жоспарын өз көздерімен көрген.

Жүсіппен болған сияқты оқиғаларды әңгімелеп, Құдай біздің Оның жоспарларына көз салуымызға мүмкіндік бе-

реді. Одан біз шым-шытырық ретсіздіктен басқа ешнәрсе көре алмаспыз деп қорқамын! Ағалары Жүсіпті, қоқыс іспетті, орға лақтырды. Табиғи іріктеуден несі артық? Қайда көз тікпесек те, аштық және отбасы жанжалдары, құрылыс алаңында әр жерде жатқан кірпіш және цементтен босаған қапшықтар сияқты. Шайтанның жоспары зұлым және қарапайым болды: Ыбырайымның отбасын құртып, осылайша оның ұрпағы — Иса Мәсіхтің көзін жою. Тозақтың жер қайысқан әскері Жақыптың ұлдарын нысана еткендей.

Бірақ қарашы, біздің Құрылысшымыз қандай кәсіби! Ол тау-тау болып үйілген құрылыс қалдықтарын тазалап, Өзі соғып жатқан конструкцияны бекітіп, Жар.баст 37:24 аятындағы («[Олар] оны құдыққа тастады...») деген бей-берекетсіздікті, Жар.баст 50:20дағы: («...көп адамдарды аштан өлуден аман сақтап қалуға ниет етті...») деген салтанатына айналғанға дейін, фермалардың итарқа бөренелерін болттармен бекітті.

Сонымен Құдай— ең жоғары білікті Тоқымашы және Құрылысшы! Ол Жүсіптің өткен өміріндегі қателіктерін түзетті. Ол сенің де қателіктеріңді түзетпейді деп ойлайсың ба?

*Сенің қолыңнан келеді.* Сен де қорқасың. Бәрі қорқады. Біз, сары уайымға салыну аяқталмайды, көз жасымыз тиылмайды, азаптар ешқашан аяқталмайды деп ойлаймыз. Ашуға булыққан ағаларының арқасында орға түскенде біздің әрқайсымыз: *«Осы түнерген аспан қайта көгілдір түске енер ме екен? Өзімді жерге еңсерген ауырлық жеңілдей ме екен?»* деген сұрақтар қоямыз. Біз өзіміздің тығырыққа тірелгенімізді, тұзаққа түскенімізді, кілтпен құлттап кеткенін, жеңіліске ұшырайтынымызды сеземіз. Осы ордан шыға аламыз ба екен?

Иә! Киелі кітапта, құтылу, аман қалу, барлық жерде құлақ тұндырарлық, албырт, шапшып атқылайтын —

Марди Гра\* карнавалдық тойлау кезіндегі джаз сияқты кәдімгі іс.

Даниил үшін арыстандары бар ор, Петр үшін абақты, Жүніс үшін киттің құрсағы, Дәуіт үшін төнген Ғолиат, Исаның шәкірттері үшін буырқанған теңіз, алапестер үшін жазылмайтын ауру, Тома үшін күмән, Елазар үшін табыт және елші Пауыл үшін бұғаулар... Құдай бізді барлық осы сынақтар *арқылы* өткізеді. Қызыл теңіз *арқылы* құрғақ жермен (Мыс.шығу 14:22 қар-з), шөлейт *арқылы* (Заңн. қайт 29:5), қап қараңғы шатқалда (Забур 22:4 қар-з) және ұлан ғайыр су *арқылы* (Забур 76:20). «Арқылы» деген — Оның сүйікті сөзі:

Судан өткен кезінде саған жар боламын, —  
өзендерден өткенде батып кетпейсің;  
отты жарып өтсең, күйіп қалмайсың,  
тіпті жалыны да шарпымайды.

*Иш. 43:2*

*Иә, ауырсынатын боласың.* Бұдан былай өзің жыламаймын немесе химиотерапияның кезекті курсынан өтпеймін деп ойлайсың ба? Күмәнім бар. Сенің бақытсыз некең бір сәтте бақытты болып кетеді ме? Әй-қайдам. Сен, зиратқа жолды біржола ұмытамын деп ойлайсың ба? Өттеген-ай. Құдай сені күнделікті күресудің қажеттігінен құтқарады және шамадан тыс рухани күшке бөлендіреді деп үміттенесің бе? Бұл өмірде емес. Бірақ Ол сенің азаптарыңды, өзің төккен әрбір көз жас бекер болмайтындай етіп, қайта тоқуға міндеттеледі.

*Бірақ шыдауға тура келеді.* Ағалары одан құтылған кезде Жүсіп он жетіде болатын және олармен қайта жүздес-

---

\* Марди Гра (*фр. Mardi gras*, сөзбе-сөз семіз сейсенбі дегенді білдіреді) — католиктердің Ұлы оразасы басталардағы Күлді сәрсенбінің алдындағы сейсенбі, ол жеті «семіз күннің» аяқталуын білдіреді (орыстың Бәрін жеуге болатын аптасына ұқсас).

кенде кем дегенде отыз жетіде болды. Әкесімен кездескенше тағы бір екі жыл өтті. Кейде Құдай асықпайды: Нұхты топан суға дайындау жүз жиырма жыл, Мұсаны қызметке дайындау үшін сексен жыл өтті. Құдай бозбала Дәуітті патша тағынан орын алуға шақырады, бірақ неге екені белгісіз оны қой бағуға қайтарады. Пауылды елшілік қызметке шақырады да, сөйтіп алып оны ұзақ үш жылға Арабияға оқшаулайды. Иса, ас үстелінен маңыздырақ бір нәрсені жасауға кіріспес бұрын, жер бетінде отыз жыл өмір сүрді. Сенің өткеніңді ретке келтіру үшін Құдайға қанша уақыт қажет болады? Бұл үдеріс белгілі бір уақытты алады. Минуттар емес, бүкіл өміріңді алуы да мүмкін.

*Құдай осы қайғыны сенің игілігіңе айналдырады.* Біз екеуміз — шексіз бей-берекетсіздікті көреміз; Құдай болса келешек премьер-министрді тәрбиелеп, үйретіп және емтихан алудың керемет мүмкіндігін көреді. Біз абақтыны көреміз — Құдай кірпіш күйдіретін пешті көреді. Біз аштықты көреміз — Құдай Өзі таңдаған отбасының тұратын жерін ауыстырудың мүмкіндігін көреді. Біз ол жерді Мысыр деп атаймыз — Құдай оны, Жакыптың ұлдарын айуан мінезді Қанаханның ықпалынан сақтап, отбасы құрамының сан жағынан едәуір өсуіне мүмкіндік беретін алдын ала қамауға алу деп атайды. Біз шайтанның тұзақтары мен айла-әрекеттерін көреміз — Құдай осы субъектінің тұйыққа тіреліп, шынжырға байланғанын көреді.

Маған ойды саралауға рұқсат ет. Бүгін сен осы замандағы Жүсіпті білдіресің. Өз жүрегіңде сен Құдайдың бөлшегін, осы әлем соншалық мұқтаж әлдебір ұлы және киеліні: даналықты, игілікті, мейірімділікті, дарындар мен таланттарды алып жүрсің. Егер шайтан сені қатардан шығара алса, мына әлем бір ізгі хабаршыға кеміді деп есепте.

Жүсіптің оқиғасы Киелі кітапқа, өзімізді кез келген зұлымдықтан үстем Құдайға сенім артуға үйрету үшін енгізілген. Құдай — жоғары білікті Тоқымашы және Құрылысшы — шайтан ойластырған зиян біздің игілігімізге айналады. Жүсіп бізге орда болудың оңай емес екенін бірінші болып айтып берді. Ордың сасық құрсағынан қандай да бір аян алуға бола ма? Әлбетте! *Жоғарыдан Әлдекім* төменге түсіп, бізге қолын созады деген үмітпен, ор бізді көкке көз тігуге мәжбүрлейді. Құдай Жүсіпке қолын созды. Тиісті уақытында тиісті түрде Ол саған да дәл соны жасайды.

## 2 Тарау

### МЫСЫРҒА БАРУ

**Ж**үсіптің қиындықтары, аузын ашқан сәтте басталды. Жайма шуақ таңдардың бірінде, таңғы асқа отыра бере ол, сүйсіне отырып, жүрек айнытарлық жай-жапсарына дейін тәптіштеп, түсінде көргенін айтып берді, оның түсіне бауланып, шеңберге қаз-қатар орналасқан, демек жинауға дайын бидай баулары кірген еді. Әр бау оның ағаларының есімдеріне ие еді: Рубен, Ғад, Леуі, Забулон, Яһуда... Шеңбердің ортасында, әлбетте Жүсіптің бауы бой көтерді. Түсінде бойын тік түзеген оның өз бауы болғандықтан, айтылғаннан қандай қорытынды жасауға болатын еді? Сендер бауырларым, маған бас иесіндер.

Ойпырай, Жүсіп, осыны естігенде ағалары сүйсінеді деп ойлады ма екен? Оны қолдап, арқасынан қағып: «О, біз ынты-шынтымызбен сенің алдында тізе бүгеміз, қымбатты ініміз!», деп айта ма? Бірақ неге екені белгісіз, олар қуанбады және ашуларын әзер ұстап, оған есің барда еліңді тап деп, қуды.

Дегенмен Жүсіп түрткіні түсінбеді, сөйтіп келесі ретте оларға тағы бір түсін айтып берді. Енді баулардың орнына жұлдыздар, күн және ай болды. Жұлдыздар – ағаларын білдірді. Күн мен ай – Жүсіптің әкесін және марқұм анасын білдіретін еді. Баулармен болған жағдайдағыдай, барлық аспан денелері Жүсіптің алдында бас иді. Жүсіптің алдында! Түрлі түсті киім киген, өмірінде қасықтан ауыр ешнәрсе көтермеген осы ұсақ сұмырайдың алдында. Сонда не? Ағалары оған бас июі керек пе?

Әрине, Жүсіп жапқан аузын ашпауы тиіс еді.

Күтімсіз қалған құдықтың түбіне түскенде оған дәл осы ой келген болар. Көмек сұраған жалынулары нәтиже бермеді. Жағдайды пайдаланып, мезі қылған сөзқұмарды бір-жола аузын жаптыруға бел буған ағалары оны ұстап алды.

Құдықтың түбінде құрысқан Жүсіп, бір жаңа дыбыстарды естиді — арбаның сықыры және түйенің пысылдауын, бір емес екі түйе сияқты. Енді міне бейтаныс дауыстарды құлағы шалды. Жат жерліктер. Олардың ағаларымен сөйлесулерінде акцент естіледі. Жүсіп, олардың не туралы сөйлескендерін түсінуге тырысты.

— Біз оны сіздерге сатамыз...

— қанша?

— ...сендердің түйелеріңе айырбастаймыз...

Жүсіп жоғарыға қарап, құдыққа үңілген бейтаныс адамдардың, бастарын түйістіріп үңіле қарап тұрғандарын көрді.

Сосын ағаларының бірін жіппен құдыққа түсірді. Ол екі қолымен Жүсіпті қапсырып ұстады, ағалары күшеніп, олардың екеуін де жер бетіне шығарды.

Көпестер, олар көпестер болатын, Жүсіпті басынан аяғына дейін қарап шықты. Олар еш қысылмастан саусақтарымен оның аузын тексеріп, тістерін санап шықты. Оның аяқ қолдарын сипап, қарап, бұлшық етінің ширғуын тексерді. Мұны көрген ағалары, «тауар» сапасына көпестердің көздерін жеткізу үшін: «Міне көрдіңіздер ме, денесін май баспаған, тұла бойы бұлшық ет. Ол өгіз сияқты күшті, демалмастан таңның атысынан кештің батысына дейін жұмыс істей алады» десті.

Алыста тұрған көпестер, біраз кеңесіп, ағаларына шешімдерін айтқан кезде барып, Жүсіп не болып жатқанын түсінді.

— Доғарындар! Токтатындар! Жетер енді! Мен сендердің бауырларың емеспін бе! Сендер мені сата алмайсыңдар!

Ешбір сөз айтпастан, ағалары оны итеріп жіберіп, саудаласуға кірісті:

— Сонда сендердің бағаларың қанша?

— Біз он күміс төлеуге дайынбыз.

— Мазақ етіп тұрсыңдар ма? Оның бағасы отыздан кем түспейді.

— Он бес және одан бір күміс те аспаймыз.

— Жиырма бес.

— Жиырма, бұл біздің соңғы ұсынысымыз.

Ағалары күмістерді санап, Жүсіптен түрлі түсті киімін шешіп алып, жөндеріне кете барды. Тізе бүгіп, Жүсіп олардың соңдарынан зар жылады. Оның зарына құлақ аспаған көпестер Жүсіптің мойнына жіп арқанды лақтырды, оның бір ұшы арбаға байланған және беті көз жасынан сатал-сатал тұтқынға, өз иелерінің соңынан ілесуден басқа еш амал қалмады. Мұнды адымдаған жүдеу түйелер мен сықырлаған арбалардың соңына түсіп, көкжиек сызығынан көзден таса болған, алшақтаған ағаларының соңынан Жүсіп соңғы рет көз тастады.

— Көмектесіңдер!

Бірде-біреуі артқа мойын бұрмады.

«Өз ағалары... Жүсіпті Ысмайылдықтарға жиырма күміс ақшаға сатты: ал олар Жүсіпті Мысырға апарды» (Жар. баст 37:28).

*Мысырға бару.* Бірнеше сағат бұрын ғана Жүсіптің өміріне қызғана қарауға болатын еді. Оның әдемі киімі және әкесінің үйінде жайлы бөлмесі болды. Ол түсінде ағалары мен әкесі оған құрмет көрсететінін көрген еді. Бірақ кім тым асқақтаса, құлағанда да оңбай құлайды, осылайша Жүсіптің өмірінің астан-кестені шықты. Туған ағалары оны құдыққа тастады, оған сатқындық жасап, сатып жіберді. Енді оның жолы Мысырға түсті.

Ол бәрінен: атағынан, артықшылықтардан, жағдайдан айырылды. Ол өзі ие болған және бір кездері аламын деп

үміттенген нәрсенің бәрі, із-түзсіз жоғалды. Жоғалды. Пуфф! Желмен ұшырып кеткендей.

Бұл сенің есіңе еш нәрсені салмай ма? Өзің салың су ға кетіп, қиналғаның; қалтаңда бақыр теңгеде қалмаған кездер; мұзда шоршыған балықтай ұрғылаған сәттерің; барынша тырысқан кездерің; жүрегің қан жылаған сәттерің; жер-жебіріңе жеткенде... алдында Мысырға түсер жолдан басқа, алдында ештеңе күтпеген кездері.

Өмір бізді аяқтан шалады.

Жүсіп Мысырға түгі жоқ болып жетті. Соқыр тиыны да болмады. Жақсы аты да енді көк тиынға татымады. Оның туыстық байланыстары –пайдасыз, қолынан келетін кәсібі — жиіркенішті болып шықты<sup>1</sup>. Шаштарын тақырлап алатын пирамида жасаушылар, сақалды және жүнді «бе-дуиндерден» аулақ жүрді.

Жаңа жерде орын тебу үшін өзін кеңестейтін хаттар да жоқ. Жұмысқа орналасу үшін сұранысқа ие кәсібі де жоқ. Отбасының көмегіне де сүйене алмайды. Жүсіп бір нәрседен: өзінің тағайындалуына адал болудан басқаның бәрінен айырылды.

Осы қызық түстер еврей жігітін, Құдайдың оған сенім артатынына көзін жеткізді, дегенмен Жүсіп нақ не нәрседен екенін сеніммен айта алмады. Өзін келешекте не күтіп тұрғаны туралы титтей де түсінігі болмады, бірақ түстер оның өз отбасында айрықша орын алатынын ашық білдірді. Жүсіп үшін олар құтқаратын кеудеше болды, соның арқасында барлық үміттері тас-талқан болғаннан кейін де ол су түбіне кеткен жоқ.

Әйтпесе оның аман қалғанын қалай түсіндіруге болады? Киелі Жазбада арнайы дайындық туралы да, Жүсіпте төтенше жағдайлар да аман қалудың біртуар қабілеттері болғаны туралы да ештеңе айтылмаған. Соған қарамастан Киелі кітапта оның тағдыры еліктеу үшін үлгі ретінде ұсынылған.

Отбасынан, ерекше артықшылықтардан және отанынан айырылған осы еврей жігіті, Құдай өзін назарынан тыс қалдырмайтынына бірде-бір рет күмәнданған емес. Мысырға беттеп, шаршап-шалдығып шөл даланы кезген ол: *«Бұның ақыры осылай болуы мүмкін емес. Құдай мен үшін әлдебір керемет нәрсені дайындады»* деп пайымдады. Ауыр шынжырларға бұғауланған ол өз-өзіне: *«Жоқ, Құдай маған мұндай тағдыр дайындаған жоқ»* — деді. Сақал-мұрттарын жылмитып қырған, түсінікіз тілде сөйлейтін жат жерліктердің бейтаныс қаласына келгенде Жүсіп өзіне: *«Құдай мені ұлы істерге шақырды»* деді.

Иә, Құдай Жүсіп үшін ұлы келешек дайындады және жігіт соған сенді.

Ал сен, Құдайдың сенің өміріңе алдын ала тағайындауы бар екеніне сенесің бе?

Бақташылық қызметте төртінші онжылдықтан асып, ұзақ жылдар бойы Жүсіптің оқиғасына ұқсас әңгімелерді жеткілікті естідім деп айта аламын және сол әңгімешілердің көпшілігі баяғыда-ақ Мысырға «тіркеуге тұрған». Ауыр қаза, күдер үзу, күйзеліс ... ондай жағдайда әдетте өзін қоятын сұрақ, аузымнан ыршып шығады. Егер екеуміз осы әңгімені кофе ішіп отырып айтсақ, шарықтау шегінде мен алға еңкейіп, үстелге еңістеп, сенің көзіңе тік қарап: «Бір нәрсені жоғалту мүмкін емес екені есінде ме?» деп сұраған болар едім. Иә, сенің басыңа түскен қиындықтар сені көп нәрседен айырды. Қайғына ортақпын. Бірақ сенде, ешбір соққы айыра алмайтын бір нәрсе бар: ол сенің алдын ала тағайындалуың. Мүмкін осы туралы әңгімелесетін кез келген болар?

*Сен — Құдайдың баласысың. Құдай сені алдын-ала таныды, алдын-ала таңдап қойды. «Сендер Мені таңдап алған жоқсындар, қайта, Мен сендерді таңдап алдым: өздерің барып, рухани жеміс берсін...»* (Жохан 15:16). Бұл өмірде сен ең алдымен Құдайдың баласысың және тек

сосын қасапшысың, наубайшысың немесе ағаш ұстасысың, еркек немесе әйелсің, Азия немесе Африка тұрғынысың. Мүмкін сен, өзінді дублер немесе запастағы ойыншы санайтын шығарсың? Оның бекер! О бастан Құдай дәл сені таңдады.

Дегенмен өмірде басқаша болып жатады. Бірде, неке қию рәсімін өткізуге бір минут қалғанда, күйеу жігіт еңкейіп, құлағыма сыбырлады:

— Жалпы мен басқа діни қызметкердің некемді қиғанын қалаған едім.

— Солай ма?..

— Бірақ, оның қолы бос болмады.

— Қандай өкінішті!..

— Оны алмастырғаныңызға рахмет сізге.

— Әрқашан дайынмын.

Олардың неке қию рәсімінде мен өз атымның қасына, «м.а.» — міндетін атқарушы деп қоюыма толық құқылы едім деп ойлаймын.

Бірақ Құдайдан сен ешқашан сондайды естімейсің. Ол дәл сені таңдады. Соны жасауға міндетті немесе мәжбүр болғандықтан емес, — Ол сені Өз қалауы бойынша таңдады. Сен — Оның еркін, саналы және ерікті тандауысың. Сенің лотың қойылған аукционда, Иеміз бәріне естіртіп: «Бұл — Менің балам» деп мәлімдеді. Және сені «Құдайдың мінсіз де мүлтіксіз «Тоқтысы» Мәсіхтің... қанын төгуімен» (1 Пет. 1:19) сатып алды. Сен — Құдайдың баласысың.

*Бұл мерзімі өтпейтін* даусыз дерек.

Табыттағы жазуларға сенбе — олар өтірік айтады. Сенің өміріңнің құндылығы табыт плитасына жазылған екі күннің арасындағы титтей сызықпен есептеле ме? «...жер бетіндегі «шатырымыз», яғни тәніміз күйрегенде адам қолы емес, Құдайдың Өзі жасаған көктегі мәңгілік мекенімізге, яғни жаңа денеге, ие боламыз (Қорынттықтарға арналған

2-ші хат 5:1). Өзінді уақытша шектеулермен байлама. Сенің азаптарың, өзің сияқты мәңгі емес.

Құдай Өз Едемін қайта жасайды. Ол әлі күнге дейін, Оның қайта түрленген бейнесі және Адам мен Хауа секілділер Оның сүйіспеншілігінен ләззаттанып, бір-бірімен, жануарлар және өсімдіктер әлемімен кемелді татулықта болатын Бақта еңбектенуде. Онымен бірге біз халықтар мен елдерді басқаратын боламыз «...Егер қиыншылықтарға төзе берсек, Онымен бірге патшалық ететін де боламыз...» (2 Тім. 2:12).

Осы уәдені қабылда. Оны ұстан. Оларды жүрегіңнің тас тақташаларына сақтап қой. Бақытсыздықтар иірімі басыңа төнгендей болып көрінгенде, оның солай емес екенін есіңе түсір. Сенің алдын ала белгіленуің әлі де сенімен бірге.

Мысырға жол менің әкеме таныс. Бірақ оны отбасы емес, өз денсаулығы жарға жықты. Олар анам екеуі ақша жинап, зейнетке шығысымен, өздерінің трейлерінде Американың барлық ұлттық саябақтарын аралап шығуды жоспарлаған болатын. Армандарының орындалуына қол созым қалғанда, әкеме «бүйірлі амиотрофиялық склероз» диагнозын қойды. Бұл, кейіннен бұлшық еттердің семіп, сал ауруына әкелетін орталық жүйке жүйесі азғындайтын жазылмайтын ауру. Бірнеше айдан кейін ол өз бетінше тамақ ішуден, киінуден және жуырудан қалды. Оған соншалық үйреншікті әлем көз алдында күйреді.

Сол кездері біз әйеліміз екеуіміз Бразилияға елшілік сапарға дайындалып жатқан болатынбыз. Әкемнің науқасы туралы білгенде-мен әйеліме сапарды кейінге қалдыруды ұсындым. Өзімнің жақыным өлім аузында жатқанда-мен қалай кете аламын? Өз шешімімді бірден әкеме хабарладым. Одан іле-шала тиянақты жауап келді. Жалпы әкем хат түріндегі жанрды ұната бермейтін, бірақ бұл жолы оның хаты төрт бетте орын алып, тағы басқалардың ішінде келесі мазмұндағы ақыл-кеңес жазылды.

Менің науқасым және сендердің Риоға баруларыңа қатысты. Бұл оп-онай және мен еш ойланбастан сендерге айтамын: «*Барыңдар...*» Мені өліммен, мәңгілікпен кездесу еш үрейлендірмейді... сондықтан маған бола уайым-дамаңдар. *Барыңдар*. Біздің Иемізді қуантыңдар.

Әкем дерлік бәрінен айырылды: денсаулығынан, зейнеттегі демалыстан, өз балаларымен, немерелерімен және сүйікті әйелімен сөйлесу мүмкіндігінен. Кесел аяусыз болғанымен, ағзаны түгелдей талқандай алмады. Мен: «Әке, — жоғалтып алмайтын нәрсе есінде ме?» — деп сұрай алатын едім. Құдайдың алдын ала тағайындауы әлі де оның жүрегің жылытты.

Мысырға барар жолда біз сол туралы жиі ұмытамыз! Осы қайғылы жол жиектерінде ұмыт қалған және қабыл алмаған тағайындалулар қаптап жатыр. Біз өзімізді басымызға түскен апаттар аясында көреміз («Менен әйелім кетіп қалды, мен — нашақормын, банкротпын, бала кезімнен мүгедекпін немесе тыртықтардан бет-жүзі бұзылған адаммын»), сондықтан мардымсыз, түкке тұрмайтын армандарды қанағат тұтамыз: ақша тапсақ, достарымыз болса, беделге ие болсақ, бұлшық еттерімізді ширатсақ немесе кім болса ол болсын, әйтеуір біреуді сүйсек.

Жалынамын, ондай қателікке жол бермеші! Бәрі құрыды деп ойлайсың ба? Тіпті олай емес «Себебі Құдай уәде беріп, таңдап алғандығынан таймайды» (Рим. 11:29). Осы туралы ұмытпа, ең жақсысы — жадында ұста.

Мысалы, сен жұмыс істейтін кәсіпорынның басшылығы қызметкерлер штатын қысқартатыны туралы жариялады. Бастық өзіңе кабинетіне келіп кетуін айтады. Оның қаншалық сыпайы түсіндіргеніне қарамастан, жұмыстан шығу бұлтарыссыз. Енді міне заттарыңды жинастырып, жұмыс үстелін босатып жатырсың. Күмән мен үрей зорайып, күшейіп барады: «*Енді есепшоттарды қалай тө-*

леймін? Жұмысты қайдан табамын?» Үрейден ойларын шым-шытырық. Кенет өзінің тағайындалуың есіңе түседі: «Мен жоғалтпайтын нәрсе туралы ұмытқан жоқтың ба?»

*«Бір минут. Мен әлі де Құдайдың баласымын. Және маған керемет келешек уәде етілген. Осы сәтсіз күндер де өтер, ізі де қалмас. Қиындықтар ерте ме кеш пе, шешіледі. Иеміз осы жұмыстан босатылуымды менің игілігіме айналдырады. Мен, аянбастан еңбек етемін, не болса да Құдайдан түңілмеймін».*

Қандай керемет! Сен жаңа ғана қайтадан өз тағайындалуыңа сендің!

Міне тағы бір мысал. Сенің күйеу жігітің сөз байласып, атастыруларыңды бұзды. Оның адал болу туралы серттері, үйлену туралы сөз салуымен бірге, басқа қызбен танысқан сәтте-ақ ізім-қайым жоғалды. Сатқын. Оңбаған. Жексұрын. Сен өзінді, Жүсіп іспетті орға тасталғандай сезінесің, бірақ түңілудің орнына, сен Жүсіп сияқты Құдайдың өз өміріңе қатысты ой-ниетіне үңілуді шешесің. Мұндай жағдайда бұл оңайға соқпайды, себебі өзінді ренжіткен адамға есесін қайтару тілегімен күресуге тура келеді. Осы еліктіруді жеңіп, сен өзіңнің тағайындалуың туралы ойлана бастайсың. *«Мен — Құдайдың баласымын. Маған керемет келешек уәде етілген ... және менің қарс айрылған жүрегім оған кедергісін келтіре алмайды. Маған опасыздық жасаған еркекке қарағанда, Құдай Өз уәдесін ешқашан бұзбайды».*

Құдайдың кезекті жеңісі.

Құдайдың тағайындалуына «иә» деп жауап берсек, Мысырдан да аман шығуға болады.

Әкем қайтыс болғаннан кейін жылдар өткенде, онымен өмірінің соңында кездескен әйелден хат алдым. Джинджер баратын жексенбілік мектептегі сабақтардың бірінде балаларға, қауымдағы сырқат немесе дәрменсіз адамдарға ден-

саулық тілеген ашық хаттар әзірлеу туралы тапсырма беріледі. Түрлі түсті қағаздан қыз ашық қызғылт түсті ашық хат әзірлеп, оны жапсырмалармен безендіріп, жиектемеге қояды. Ашық хаттың ішкі тұсында: «Мен сізді жақсы көремін, бірақ Құдай Сізді одан да қатты жақсы көреді» деп жазды. Оның анасы тәтті нан пісіріп, екеуі науқастың көңілін сұрауға барады.

Менің әкем төсек тартып жатты. Оның санаулы күні қалып еді. Ол өте әлсіз және сал болып қалған еді. Әлі де қолын қимылдата алғанымен сырқатынан қолдарының білектері құрысып қалған.

Қалай болғанын білмеймін, бірақ Джинджер біраз уақытқа әкеммен оңаша қалыпты, сонда оған алты жасар бала айтатын сұрақты қойыпты:

— Сен көп ұзамай өлесің бе?

Қыздың қолына қолын тигізіп, әкем оған басын еңкейтуді өтінеді.

— Иә, көп ұзамай. Қашан? Білмеймін.— Джинджер әкемнен өлімнен қорықпайсың ба деп сұрапты. Ол: жоқ, мені аспан күтеді — деген.— Онда мен Көктегі Әкеммен бірге боламын. Мен Онымен бетпе-бет кездесуге дайынмын.

Осы уақытта біздің аналарымыз, оның және менің анам бөлмеге қайта оралады. Джинджер:

Сіздің ата-анаңызды қолдауға тырысып, анам күлімсіремек болды, ал мен болсам екі езуім құлағыма жетіп, шынайы нағыз күлкіге ерік бердім, сонда Сіздің әкеңіз де күліп, маған көзін қысты.

Осының бәрін Сізге, менің отбасым Кенияға көшіп бара жатқандықтан айтып беріп отырмын. Біз Үнді мұхитының африкалық жағалауында тұратын халыққа Иса туралы айтқымыз келеді. Өзімізді алда тосып тұрған қиындықтар мен аурулар туралы естіп-білгендіктен, балаларым үшін ұрейленемін. Өзіме келетін болсақ, өлімнен қорықпай-

мын, себебі басыма түсуі мүмкін ең қорқынышты нәрсенің өзі — мені Көктегі Әкеммен бетпе-бет кездесуге алып келеді».

Сіздің әкеңіз маған, жердегі өмір — басқа дүниеге өту, ал өлім — қайта туылу екенін көрсетті.

Бір аяғымен көрде тұрған адам, өлім туралы ойлғанда кішкентай қызға көңілдене көзін қысты. Ол өмірдегі бәрінен айырылды ма? Бұл тек сырт көзге солай сияқты. Өмірінің соңында әкемде, жоғалтуға болмайтын нәрсе бұрынғысынша болды. Саған не айтатынымды білесің бе? Ол бәрінен де шынымен осыған мұқтаж еді.

### 3 Тарау

## ЖАЛҒЫЗ, БІРАҚ ТҮБІНДЕ ЖАЛҒЫЗ ЕМЕС

**М**елани Джаспер, ұлы Купердің күліп туылғанын, оның бет шұңқыры ешқашан кетпегенін айтады. Кішкентай Купер жалпыға сүйікті еді, жұрттың бәрі оны жақсы көретін: үлкен үш әпкесі, ата-анасы, апасы және атасы, мұғалімдері мен достары. Ол күле білетін және адамдарды сүйетін. Оның әкесі Джей-Джей, ешкімді алаламастан ұлын мінсіз бала деп санайды.

Купер бағына қарай үлгілі отбасыда туылды — ақкөңіл, Құдайды іздейтін, Мәсіхті аңсаған фермерлер Джей-Джей және Меланидің қала сыртындағы үйінде, олар өздерін толықтай өздерінің төрт баласына арнады. Джей-Джей әрбір бос минутын жалғыз аяулы ұлына бөлуге тырысты, міне сондықтан 2009 жылы 17 шілдеде олар баггимен\* жүйітқуге барды. Жалпы олар бірге шөп ормақшы болған, бірақ көгал шабатын машинада оталдыру бағанасын ауыстыру керек болады және Мелани оны сатып алуға қалаға барып келгенше, Джей-Джей мен бес жасар Купер, дамылдауды пайдаланып, шағын ралли жасайды. Мың сан рет осы ермекке беріліп, олар өздерінің спорттық автомобильінде қара жолда жүйткігені сонша, құлақтарын жел есетін. Бәрі әдеттегідей болатын: сол жол, жылдамдық та сол, кенет бірнәрсе «тарс» етті де, теп-тегіс жерде Джей-Джей басқарған багги, қауіпсіздік белбеуін сенімді байлаған Купермен аударылып кетті.

---

\* Багги — жеңілдетілген спорттық жоғары маневрлі, әдетте ойқышойқы жерлерде жарыстарда қолданылатын спорттық автомобиль.

Купер есінен танды. Джей-Джей бірден «911» қызметіне қоңырау шалды, сосын Меланидің нөміріне телефон шалды. «Бақытсыз жағдай болды. Біздің Купер аман қалмайтын сияқты, — деді ол әйеліне. — одан кейінгі сағаттар кез-келген ата-ана үшін сұмдық сағаттар болды: жедел жәрдем, жан сақтау бөлімі, зар еңіреу, естен тану. Ақыр соңында: «Өкінішке орай сіздің балаңыз жан тапсырды» деген хабар. Енді міне Джей-Джей мен Мелани қорқынышты, ақылға сыймайтын нәрселерді жасауға: табыт таңдап, жерлеуді ұйымдастырып, сүйікті ұлдарынсыз одан арғы өмірлерін елестетіп көруге тиіс.

Олар белгілі бір уақытта естерінен танғандай жағдайда болды. Таңертең оянып, екеуі бір-бірін құшақтап, тоқтай алмай зар еңірейтін. Төсектен тұруға еңселерін әзер көтеріп, олар өздерін күтіп отырған отбасы мүшелері мен достарына бірінші қабатқа түсетін, сосын күні бойы үй ішінде мақсатсыз әрлі-берлі жүретін, сөйтіп тағы да ұйықтайтын уақыт келгенше бұл солай жалғасатын. Сонда олар төсекке жатып, бір-бірін құшақтап, қалғып ұйықтап кеткенге дейін жылайтын.

Джей-Джей маған: «Бұл дүниеде ешбір кітап, ешбір психологиялық қолдау тобы, сізді күндердің бір күнінде қолыңызда бес жасар балаңыздың өлгенін көруге дайындай алмайды. ... Тұңғықтың түбінде болудың не екенін біз білеміз» деді<sup>1</sup>.

Тұңғықтың түбі. Біздің өміріміздің көп бөлігі — бүкіл өміріміздің өзі — аңғарлар мен далаларда өтеді, үйлену, қызмет бабында көтерілу немесе баланың туылуы сияқты, кей кездері шыңдарға жетіп жатамыз. Негізінен біз бірқалыпты және бір ырғақта өмір сүреміз: демалыстардан кейін көршілерді қалаға жеткізудің кезегі келгенде кішкене күңкілдейміз, салық декларациясын уақытылы өткіземіз және кешкі асқа не дайындасақ екен деп ойланамыз.

Бірақ кейде осы өзімізге таныс әлем астан-кестеңі шығып, біз тұңғиық түбіне кетеміз. Жүйткіген баггидің аударылуы, жылжымайтын мүлік нарқының құлауы, он-комаркерлерге тапсырған қан анализінде растаған нәтиже — есімізді жиып үлгірместен, өзіміз тапталып, ордың ең түбінде жатамыз.

Жүсіп үшін ордың түбі, Мысырдағы құлдар аукционы болды. Сауда-саттық басталып, өзінің қысқа ғұмырында ол екінші рет сатып алу-сатудың нысанасына айналды. Жақыптың сүйіктісіне саусақтарын шошайтып, шымшып, үстінде бит жоқ па деп тексерді, — қысқасын айтқанда — жұмысқа жегетін мал сияқты тұс-тұстан қарап тексерді. Ақыр соңында оны патша сарайының лауазымды қызметшісі, перғауынның оққағарларының бастығы Потифар сатып алады. Жүсіп, бөтен елдің тілін де, мәдени дәстүрлерін де білмеді. Оған дәмі бөтен тағамдарды жеуге, қажытатын жұмысты істеуге тура келді, өмір жағдайларын да жағымды деп айтуға қиын еді.

Сондықтан, Жүсіптің оқиғасының кезекті тарауын аударып, бейшара тұтқын бой алдыратын, үмітсіздіктен тұңілу, ашуға булығы және зардапты әдеттердің көрінісі туралы әңгімеге дайын болайық. Ол солай болады емес пе? Жоқ, олай емес.

«Жаратқан Ие жар болғандықтан, Жүсіптің қай нәрседен де жолы бола кететін. Осылай ол мысырлық қожайынының сарайында тұрып қалды» (Жар.баст 39:2). Мысыр еліне Жүсіп үстіне киіп келген киімі мен жүрегіндегі Құдайдың шақыруын сақтағаны болмаса, тұлдыр күйінде жетті. Соған қарамастан, көп ұзамай, сол тараудың төртінші аятында-ақ, біз оның қожайыны — перғауынның қауіпсіздік қызметінің бастығы — Жүсіпті үйіне бас қызметші етіп тағайындап, қолындағы бар нәрсенің барлығын оған тапсырғаны туралы оқимыз. Оқиғаның осылай өрбуін қалай түсіндіруге болады? Өте қарапайым. Жүсіппен бірге Құдай болды.

Жаратқан Ие жар болғандықтан, Жүсіптің қай нәрседен де жолы бола кететін...

*2 аят*

Қожайыны Жаратқан Иенің Жүсіпке жар болып,...көз жеткізіп.

*3 аят*

...Жаратқан Ие оның өзін де, үйіндегі барлық иелігін Жүсіпке бола жарылқап...

*5 аят*

...үйіндегі және даладағы барлық (Жүсіп) иелігін де жарылқап, батасын берді.

*5 аят*

Жүсіптің оқиғасы «Өзіне өзін көмектес» деген сериядағы сансыз көп кітаптардың ешбіріне және біздерді «ішкі қорларды («тереңірек қазуды») іздеуге шақыратын «жетістіктің құпиясының» бірде-бір формуласына ұқсамайды. Осы тәлім берерлік оқиғаның айрықша ерекшелігін басқа бағытта («жоғарыға қарап») іздеу керек. Жүсіп, сәбиді көрпеге орағандай, өз өміріне Құдайдың қатысуының арқасында жетістікке жетті.

Бәлкім сені де Құдай солай орайтын шығар? Өзінің Мысырға түсуі туралы әңгімені әркім айтып бере алады. Күйзеліс жағдайлар лексикасын ешқашан зерттемегендіктен, ауыз-екі сөйлесуді білместен, үйден алшақта, жалғыз, тіршілік етуге қаржысы жоқ, үміттері күл-талқан болған, достары тастап кеткен жағдай. Сондай жағдайда кімге арқа сүйейміз? Құдайға.

Дәуіт: «Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын, көз алдыңнан қайда жасырынбақпын? (Забур 138:7) деді. Сөйтеді де Құдай барлық жерде деп өзі жауап береді: «Көкке көтерілсем, сол орындасың, тұңғыққа түссем де, Сен

сондасың. Таң шапағына қалықтап ұшсам да, не теңіздің ар жағына қонсам да, сол жерде де мені қолың жетелеп, құдіретті қолың ұстайды демеп» (8–10 аят).

Жүсіп осы аяттарды келесідей айтар еді: «Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын, көз алдыңнан қайда жасырынбақпын? Күтімсіз қалған құдық түбіне құласам да... құлдар базарына түссем де... бөтеннің үйіне тап болсам да... сол жерде де мені қолың жетелеп, құдіретті қолың ұстайды демеп».

Егер осы аяттарды сенің жағдайыңа сай, қайта оқыса, келесідей болады: «Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын, көз алдыңнан қайда жасырынбақпын? Жансақтау клиникасына... қарқынды терапия бөлімшесіне ме... соғыс әрекеттері болып жатқан зонаға түсемін бе... зорлық зомбылық көрген әйелдерге арналған панаға түсемін бе... аймақтық түрмеге түсемін бе ...сол жерде де мені қолың жетелеп».

Құдай болмайтын, Ол жоқ жерді сен ешқашан таба алмайсың? Елестетіп көрші, бірнеше сағаттан кейін сен қайда бола аласың. Мектепте ме? Құдай мектеп бөлмелерінен кетпейді. Жылдам жүру рұқсат етілген тас жолдарда ма? Ол жерде де Оның болатыны саған кепілденген. Госпитальдың ота жасау бөлмесінде ме, директорлар кеңесінің отырыс залында ма, жақын туыстарыңның қонақ бөлмесінде ме, жерлеу бюросында ма? Құдай ол жерде де бар. «...Ол әрқайсымыздан алыс емес...» (Елш.істері 17:27).

«Әрқайсымыздан». Құдайдың сүйіктілері жоқ. Оның қатысуымен бәрі рахаттана алады— қаланың шулы махаллаларын мекендейтіндер де, таулы аңғарларда жоғалған ауыл тұрғындары да, тропикалық джунглиде тастап қалып кеткен ауылдағылар да. Бірақ, осы артықшылықты көпшілігі колданады деп айта алмаймыз. Керісінше, адамдар ешқандай Құдай мен Оның шартсыз сүйіспеншілігі атымен жоқ сияқты өмірді кезеді. Олардың үлесіне тигені — өз күште-

ріне сенім арту сияқты. Даналықты ешқайдан ала алмайтындай, оны көктен емес өздерінің миынан табатын сияқты. Олар Құдайсыз әлемде өмір сүреді.

Бірақ біздің арамызда Құдайды сезетін, Оның қатысуын байқайтын және ажырата алатын— Жүсіптер бар. Мұса сияқты, Иеміздің соңынан еретіндер бар. Азат етушінің желкесіне бұрын құл болған екі миллион халықты басқару уайымы түскенде, ол: *«Мен бұл адамдардың бәрін қалай тамақтандырам? Оларды жауларынан қалай қорғаймын? Біз қалай аман шығамыз?»* деген сұрақ қойды. Мұсаға азық-түлік қоры, көмекшілер, жабдықтар және тәжірибе керек болды. Бірақ Құдайдан көмек сұрап, ол: *«...егер Өзің бірге барып жар болмасаң, бізді бұл жерден уәделі елге апара көрме...»* деді. (Мыс.шығу 33:15).

Мұса Құдайсыз басы ауған жаққа барғанша, Құдайдың соңынан қайда болса да баруға дайын болды.

Дегенмен, өзі қолдан жасаған Мысырға түскен Дәуіт патша сияқтылар да жоқ емес. Өз әскерлерінің бірінің әйелін еліктіріп, ол мұнысын кісі өлтірумен және өтірікпен бүркемелеуден артық еш нәрсе ойлап таппады. Ол Құдайдан бір жыл жасырынды, бірақ мәңгілік солай жалғаса беруі мүмкін емес еді, сонда патша жасаған ісінің өнегесіздік екенін мойындағанда, ол Құдайдан тек бір нәрсені: *«Қасыңнан мені қуып шыға көрме, Киелі Рухыңды менен ала көрме»* деп өтінді (Забур 50:13).

Дәуіт: *«Менен патша тағын алып қоймашы. Менен әскерімді алып қоймашы»* деп сиынған жоқ. Дәуіт өз өмірінде — Құдайдың болуы — ең маңызды екенін әбден түсінді, — сондықтан Құдайдан өзін Одан айырмауын жалбарынды.

Оның үлгісіне ерейік. Құдайдың қатысуын өз ұмтылысымыз етейік. Қалайша? Жүрегімізді тасқа емес, су сіңіргіш ысқыш іспетті етейік. Тасты теңізге тасташы, оған не болар екен? Оның сырты су болады, ол кішкене

түсін де өзгертуі мүмкін, бірақ оның тұла бойы, болмысы бұрынғыдай қалады. Ал енді дәл соны су сіңіргіш ысқышқа жасашы, сонда сен оның бірден өзгергенін көресің. Су сіңіргіш ысқыш теңіз суын бойына сіңіреді, су оның тұла бойына еніп, оның болмысын өзгертеді.

Тұнық мұхиттың суы барлық жақтан ұласып жатқаны сияқты Құдай да бізді қоршайды. Шешім қабылдау біздің үлесімізде, тас немесе су сіңіргіш ысқыш боламыз ба? Қарсыласамыз ба әлде шақыруға жауап қатамыз ба? Өзіңдегі менмендігің сені жүрегіңді қатуландыруға: *Құдайдан қашуға, Құдайға қарсы шығуға, Құдайды айыптауға* шақырады.

Бірақ абай бол: қатуланған жүректерге сауығу қол жетпесте. Жұмсақ, су сіңіргіш ысқыш сияқты көнбіс жүректес сауығады. Жан-тәніңмен Құдайдың қатысуына ашыл, оны қалай істеу керек екенін мен саған айтамын.

*Өзіңнің Құдайдың қатысуына құқылы екеніңді мәлімде* «...Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын...» (Евр. 13:5). Осы үзіндінің грек түпнұсқасы бақандай бес рет теріске шығаруды қамтиды. Оның ықтимал аудармасы мынау: «Мен сені ешқашан қалдырмаймын; еш жерде және еш себепсіз сені тастап кетпеймін»<sup>2</sup>. Осы уәдеге, құтқару белдемшесіне жабысқандай жармас, ол шынымен де сондай. Өзіңді азаптайтын күмән мен үрейді бас көтертпей тастамайынша, оны қайта-қайта қайталай бер.«Құдайың Жаратқан Ие араңда тұр! Ол — батыр іспетті күдіретті Құтқарушы саған қатты шаттанады, сүйіспеншілігімен сені тыншытып, саған қуанып мерекелейді» (Соф. 3:17).

Құдайдың қатысуын *сезінуді* жоғалтып алуға болады. Әйіп оны бірде жоғалтты. «Бірақ шығысқа қарай жүрсем, Ол онда жоқ, батысқа қарай жүрсем, Оны сол жерден де таппаймын. Солтүстікте әрекет еткен кезінде де Оны көре алмаймын, оңтүстікке бұрылсам, Оны сол жерден де

байқай алмаймын» (Әйүп 23:8–9). Әйүпке өзі Құдайдан алшақтап кеткендей көрінді, Құдайдың қатысуын сезіну қабілетінен айырылғанына қарамастан, ол: «Құдай жүретін жолымды жақсы біледі. Ол мені сынап тексергенде, алтын сияқты таза болып шыға келемін» (10 аят) деген қорытындыға келеді. Қандай батыл мәлімдеме! Бірақ сыналатын күндер бізден табандылықты және сенімді талап етеді.

Забур жыршысы да өз таңдауын жасады:

Қорыққанда,

*Қорыққанда Саған сенім артам*

Забур 55:4; курсив менікі — М. Л.

Жан дүнием, неге сен мұнаясың,  
бойымда алаңдап неге мазасызсың?

Жалғыз Құдайдан үмітіңді үзбе!  
өйткені Құтқарушымды — өзімнің  
Құдайымды мадақтаймын әлі де.

*Забур 42:5*

Құдайдың қатысуымен, жақсы көңіл күй немесе оң ойлаудың арасында тең белгісін қойма. Біз бақытты болайық, әлде бақытсыз болайық, оған қарамастан Ол әрдайым жанымызда. Кейде өз сезімдерімізді сілкіп алып, есікке сілтеу қажет.

*Құдайдың қаншалық керемет екенін есіңе түсір.* Киелі кітапты оқығанда, біздің Құдайымыздың қандай керемет қасиеттерге ие екенін белгілеп, есіңе сақта. Өзімдегі Оның ізгі қасиеттерінің тізімі келесі қасиеттерді қамтиды: «Құдай бұрынғысынша Өз тағында отыр. Ол менің есімді біледі. Періштелер де Құдайдың даусына бағынады. Билеушілердің жүрегі бұрынғысынша Оның қолында. Исаның құрбандығы әлі де адамдардың жанын құтқарады. Құдайдың Рухы бұрынғыдай Оның киелілерінің бойында.

Оның аспаны бұрынғысынша жақын, оған тек қолыңды созсаң болғаны. Зират әлі күнге дейін жүкті ауыстырып тиейтін орын. Құдай бұрынғыдай адал. Құдайдың үстінен аңдаусызда түсу мүмкін емес. Ол бәрін Өзінің даңқына және барынша менің игілігіме айналдырады. Бірде бір қасірет Оған Өз еркін орындауға кедергісін келтіре алмайды, ал Оның еркі игілікті, ұнамды және кемелді. Кешке жылап-сықтау болса, ал таң ата қуаныш тосып тұрады».

Джей-Джей Джаспер, ұлы Купердің қаза болғанын үлкен қызына хабарламас бұрын, оны осы хабарға былай деп айтып дайындады: «Мен, сенің өзіңе Құдай туралы белгілі барлық жақсы нәрсені есіңе түсіргенінді қалаймын, себебі мен саған шынымен де әлдебір жаман хабарды айту керекпін». Қандай құнды кеңес!

Барар жер, басар тау қалмағанда, адамдар екі қолымен Құдайдың өзгермейтін болмысына жармасады.

Жаным күйзелгенде,  
тек Оған сенім артамын мен<sup>3</sup>.

*Ауыртпалығыңды дұғада айт.* Үстелді жұдырығыңмен қойып қал немесе басыңды қолдарыңмен қапсыра ұста, бөлме ішінде әрлі-бері адымда. Бұл қиналған жүректен шығатын дамылсыз, табанды дұғалар уақыты. Құдайға ашулануға бола ма? Оның әдістерінен көңіл қалуға бола ма? Оның амал-әдістерін мінеп-сынауға бола ма? Ол туралы не ойлайтыныңның бәрін Оған айт. Біліп жүрсін! Еремия дәл солай істеді, оның үстіне бірнеше рет. Саяси төңкеріліс және экономикалық жаппай күйреу жылдары, осы көне пайғамбар Иерусалимнің рухани жетекшісі болды. Жаудың басып кіруі, апат, тұтқын, аштық, өлім — осының бәрін Еремия өз көзімен көрді. Ол өз дұғаларында дұғаны көп айтқаны соншалық, оларды жазып алып, «Еремияның жоқтауы» деп атады.

Ол [Құдай] айдап жүргізді мені  
жарық емес, түнекпен.  
күн ұзағына Ол өзімді ұрғылай береді,  
ет пен терімді шірітіп, сындырды сүйектерімді,  
Зор азап, ауыртпалықпен мені қоршап алды  
ежелде өлгендердей түнекте отырғызды  
шықпастай қоршап, Ол мені қоламен шынжырлады.  
Қатты шақырсам да, дұғама құлақ салмады...

*Еремияның Жоқтауы 3:2–8*

Еремияда осындай ыңқылдар бес тарауға дейін жиналды, «Еремияның жоқтауы» мазмұнының көп бөлігін дегенмен екі сөзбен түйіндеуге болады: өмірді сүріп болмайсың! Құдай осы кітапты Киелі кітапқа не үшін енгізді? Мүмкін Ол, біздің де жұбанышсыз пайғамбардың үлгісіне ергенімізді білдіргісі келген шығар?

Іркілме, сөйтте Оған өзіңнің шағымдар кітабыңды арна. «...Оның алдында тілегімді ақтардым: қасіретімді Оған түгел аштым» (Забур 141:2). Құдайды сенің ашуға булыққан өксіп жылауларың шошытпайды, себебі Исаның Өзі «қатты дауыстап сиынып, көз жасын төгіп жалбарынды» (Евр. 5:7). Құдайдың алдында жұдырығыңды түйіп, Оған зығырданың қайнау, Одан теріс айналудан жақсырақ. Бақытты Августин: «терең тұңғиықтан Құдайға жалбарынбайтын адамдар, қандай терең тұңғиыққа түскен»<sup>4</sup> деді.

Бастапқыда саған осы сөздер шынайы емес және бос болып көрінуі мүмкін. Мұрнымен бірденелерді мыңғырлап, сен қиналып қажет сөздерді іріктей бастайсың, бірақ берілме және сезімдеріңді жасырма.

*Құдайдың адамдарына арқа сүйе.* Гималай тауларына қашуды доғар. Адам тұрмайтын аралға көшу туралы ұмыт, себебі ол дүниеден безген дуанаға айналу үшін ең қолайсыз уақыт. Одан да Құдай қауымы кемесінің түбіне тас болып жабысқан ұлуға айнал, «өйткені екі-үш адам

Менің атымнан жиналса, Мен де *сол жерде* араларыңда боламын» (Матай 18:20; курсив менікі — М. Л.).

Науқас ауруханадан қаша ма? Аш адам азық-түлік қоймасын шақырым жерден айналып өте ме? Рухы құлазыған адам Құдайдың үмітін үлестіру орталығынан бас тарта ма? Есі дұрыс емес адам ғана солай етеді. Құдайдың халқы — Құдайдың қатысуының кепілі.

Бірде Мұса мен ираилдықтар амаликтермен соғысты. Ираил қауымдастығының ақсақалы (патриарх) соғысты жүргізудің қызық тәсілін таңдады. Ешуа Нұнұлына аңғарда соғысуды тапсырып, өзі дұға ету үшін тауға кетеді. Бірақ дұға етуге бір өзі емес, екі көмекшісін-Һарон мен Һұрды ала кетеді. Ешуа Нұнұлы соғыс шебінде соғысып жатқанда, Мұса рухани соғысты жүргізді. Һарон мен Һұр Мұсаның екі жағында тұрып, оның сиынып көкке көтерген екі қолын ұстады. Ираильдіктер Мұсаның дұғасының арқасында жеңіп отырды. Ал Мұса, жалғыз емес бірнеше адам болып дұға етуінің арқасында жеңіске жетіп отырды.

Менің әйелім Деналинде соған ұқсасты жасады. Бірнеше жыл бұрын ол ауыр депрессиямен күресті. Әрбір жаңа күн ол үшін көмескі, машақаты толы шулы өмір — бастауыш мектепке баратын екі бала, үшіншісі — балалар бақшасына, оған қоса ылғи үйде болмайтын еңбекқор күйеу — қуанышы аз, ұшы-қиыры жоқ болып көрінді. Бұл оның жай-күйіне әсер етті. Депрессия арамздағы ең күштілерді құлатуға қабілетті, ол әсіресе бақташының әйеліне төзуге болмайтын нәрсе, себебі қауымға келушілер, ол қуаныштан көздері жайнап, тістеніп алып өмірдің бар ауыртпалығын көтеруі тиіс деп күтеді. Бірақ Деналин, оның мұнысын мойындау керек, төңіректен жүретіндер қатарына жатпайды. Есте қаларлық сол жексенбіде, ол одан әрі қылымсымаймын деп шешіп, жабырқаудың ауыртпалығынан тұншыққан күйі қауымға барды. *«Егер менен, қалың қалай деп сұраса, өзімнің нақты жағдайым*

*туралы айтып беремін».* Үйреншікті «Қалың қалай?» деген амандық сұрасуларға ол: «Соншалық керемет емеспін. Депрессиядамын. Сіз мен үшін дұға етесіз бе?» деп ағынан жарылды.

Сонда ешбір міндет жүктемейтін сөз алмасулар ұзақ әңгімеге созылып, қысқа сәлемдесулер — сенімді қарым-қатынасқа айналды. Қызмет соңында көптеген адамдар Деналинді дұғада қолдауға келісті. Ол, өзінің сауығуы сол жексенбілік таңнан басталғанына сенімді. Менің әйелім Құдайдың қатысуын Құдай халқының арасында кездестірді.

Джей-Джейде оны сол жерден тапты. Оның жан жарасы әлі де жазыла қойған жоқ, бірақ оның сенімі әлдеқайда күшті. Ұлының қазасы туралы айтқан әр кез сайын ол: «Қайғыдан жаншылып, тұңғықтың түбінде болудың не екенін және сол жан түршігерлік қапаста өзімізді Кім жұбатқанын да біз білеміз. Ол — Иса Мәсіх» деп айтады.

Ол сені де күтеді, достым. Егер Жүсіптің оқиғасы саған үлгі болса Құдай өзіңе қаншалық жақын екенін көрсету үшін сенің төменге, Мысырға тусуіңді пайдалана алады. Отбасыңнан айрылып, достарыңның қолдауынан қол үзетін, психологың қолдай алмайтын кездер болады, бірақ сен әрқашан Құдайға сенім арта аласың. Оның уәдесі айнымас: «...Мен саған жар болып, қайда барсаң да қорғаймын...» (Жар.баст 28:15).

## 4 Тарау

# АҚЫМАҚТЫҚТЫ АҚЫМАҚТЫҚПЕН ТҮЗЕЙ АЛМАЙСЫҢ

**Т**өртінші шілде\*. Дәстүр бойынша осы патриоттық мерекенің негізгі түстері — қызыл, ақ және көк. Қызыл — менің бетім, ақ — ұшпа бұлттар, ал өте ашық көк, бұлттар ұшатын — аспан. Мен күнге күйгендіктен қызарып кеткен жоқпын, ұяттан қызардым. Деналин маған: «Макс, өзендегі судың деңгейі қатты төмендегенін ұмытпа», деп ескерткен болатын. Эхолоттың (теңіз тереңдігін өлшейтін гидроакустикалық құрал) датчигі: отыз фут, он, бес және ақыр соңында небәрі үш футты көрсетіп дабыл қақты. Одан басқа, судың әр жерінде саяз жерді көрсететін қалқыма белгілер шайқалып тұрды. Бірақ мен Деналинді тыңдадым ба? Радар көрсеткішіне назар аудардым ба? Тереңдікті көрсететін мәліметтерді есепке алдым ба?

Менің үш жасөспірім қыздарым, достарымен бірге менің навигаторлық қабілеттеріме сенім артып, сенбілік көңіл көтеріп серуендемекші болғанда кім ондай ұсақ-түйекке мән береді? Мен олардың көңілін қалдырғым келмеді. Күннен қорғайтын көзілдірік тағып және жиегі кең шляпа кийіп, мен дрессельдің тұтқасын ұстап, мотор дырылдап, жағадан алыстадық. Бес минут өткенде ба-бах! Мен қайраңға тірелдім.

---

\* 1776 ж. АҚШ тәуелсіздігінің Декларациясына қол қойылған күн, ұлттық мереке.

Моторлы қайық жолаушыларымды алға лақтырды. Өзім сәл болғанда борттан асып құлай жаздадым. Жеті адамның көзі мені тесіп барады. Менің орнымда әлжуаз біреу болса, бәріне қайықтан түсіп, оны қайраңнан итеріп шығаруын өтінген болар еді. Бірақ мен емес, Макс — дроссельдерді жуасытушы, жылдам жүретін қайықтың капитаны және көл айдынының әміршісі. Олай бола қоймас! Мен қайраңнан шығып, нағыз теңіз тарланы сияқты, дроссельдің тұтқасын тағы айналдыруды шештім.

Қайық қыбыр етпеді.

«Макс, — сен ақымақтық жасадың»-деп шүйіркелесе қорытты Деналин. Мен рульді көтердім, оның перосы иттің құлағындай салпыып қалған еді. Бұл жолы басқа амалымыз болмады. Біз қайықты, ол қайта суда тербелгенге дейін итердік. Мен моторды қосқанымда, қайық тырылдап, үш дөңгелекті драндулет сияқты сілкінді, бірақ оның барынша жылдамдығы сағатына небәрі бес шақырымды құрады. Біз пысылдап, тырылдап көлді кесіп өтіп жүргенімізде, демалушылардың бәрі бізге бажырайды — ал жасөспірімдер маған бұртиды, — мен өзімнен: «Сонда сен не ойладың, капитан Макс» деп сұрадым.

Бар қырсық, менің ештеңе ойламағанымда болып тұр ғой: бір ақымақтықтан кейін артынша тағы біреуін жасадым, себебі байыбына барып, дұрыс ойланған жоқпын, асығыстықпен дұрыс емес шешім қабылдадым. Қайықпен болған оқиғада жағдайды түзетуге болатын еді, ал өмірімізде ше?

Жүсіп, жыныстық азғырудың қайраңына тірелгенде шамамен жиырма жаста болса керек, ойпырым-ай десеңізші! Ағалары оны құлдыққа сатқанда, оны азапты жұмысқа жегіп, жасына жетпей өлуге душар еттік деп ойлаған шығар. Тұра тұрындар: Жүсіп, мысықты құтқарған өрт сөндіруші іспетті қызмет бабында шарықтай кетті. Жүсіпті үйіндегінің бәрін басқаруға қойған Потифар, сөз жоқ оны

өз әріптестерінің арасында мақтаған болар. Ол осы біртума еврей жігітін — Мидастың өзі қол тигізіп, патша рақымымен өзін бақуатты адам еткенін айтып мақтанған шығар<sup>1</sup>.

Жүсіп ықпалға ие болды. Енді ол жұмсап, жалға алып, бұйырып әрі қабылдауға құқылы болды. Көпестер оның жарлықтарын орындап, өткен кеткендер оған бұрыла қарайтын. Бірақ ең бастысы әйел қауымы одан көзін алмады. «Ал Жүсіп дене бітімі келісті, келбетті жігіт еді» (Жар.баст 39:6). Құдды бір голливудтың сұлу жігіті: шаршы пішінді иек — ержүректіліктің белгісі, бұйраланған шаштары және қызмет көрсетіп, Потифар ханымға табақ ұсынған сайын ширайтын бұлшық еттер. Бұл жиі болып тұратын жағдай еді. Оған көзі түскенде, қожайынның әйелі елжіреп кетіп: «бірге болайық», деп қиыла берді. (7 аят).

Әйгілі әйел, үлкен отбасы отағасының жұбайы, яһудикұлға қырындады.«О-о-о-ся, кофеге кішкене қант салшы»,— деп, оған көзін қысып қойды. Дәліз бөлмеде жанынан өтіп бара жатып, кездейсоқ қолын жанап өтті. Үстел басында қызмет көрсетіп, жеміс жидек әкелгенде, кездейсоқ аяғымен оның аяғын жанады. Өзінің киімдерімен, денесін жалаңаштаумен ол: «Жүсіп мен сендікпін. Менің құшағыма енші!» дегендей ишара білдірді. «Күнделікті» ол оған қырындады (10 аят). Жүсіптің қылымсыған сұлу әйелдің ұсынысына ойлануға уақыты да, оны қабылдауға да себептері жетіп артылатын.

Ол қожайынның әйелі емес пе? Қожайын әйелдің тілектерін орындау, мейлі ол оның өзімен ашыналас байланыс болса да, бұл құлдың міндеттерінің бірі емес пе? Ол байланыстың құпияда қалатыны *кепілденді*. Сол туралы тірі жан баласы білмейтінінде шүбәланбауға болатын еді. Жатын бөлме есігінің ар жағында не болып жатқаны сонда қалады, солай емес пе?

Оның үстіне қожайын әйелмен байланысса, Жүсіптің саяси мінбеде жоғары деңгейге көтерілуі үшін одақтасы

болар еді. Амалдар мақсатқа сай. Ал, ойланып көретін болсақ, бұл тәсілдер тым жаман емес. Ықпалды Потифар сұлу әйелдерден шертіп жүріп таңдады. Оның әйелі аса көрікті болғанына күмәнданбауға болады. Өзінің түрлі түсті киімін жоғалтқан Жүсіп, сезімталдықтан жұрдай болған жоқ. Естен тандыра еліктіретін, махаббатты аңсап сусаған әйелдің құшағында бірнеше қадам тұр. Ия, бұл Жүсіпке кішкене болса да жұбаныш әперер еді.

Ол соған лайық емес пе? Жалғыздықтың ащы дәмін татқан ол: отбасы бас тартқан, қара жұмысқа жегілетін мал іспетті екі рет сатылып-сатып алынған, үй-күйінен, достарынан айрылған. Осының бәріне көптеген құлдарды бақылап, бақшасы гүлденген террасаларды бақылау жүктелген жұмыстағы шиеленісті қосыңыз. Оған қоса ең жоғары деңгейде ресми тұлғаларды қабылдау кештерін ұйымдастыру. Жүсіптің жұмысы қажытарлық болды.

Бір сөзбен айтқанда, Жүсіпте ақталуға себептер жетіп артты.

Дегенмен олар сенде де жеткілікті. Сені де біреулер тастап, сатып, ұрып, опасыздық жасаған болар, сенде нашар денсаулықтың қайраңына отырып, несие төлеу тарихың жағымсыз болып, жалпы жолың болмай құмға тірелген шығарсың. Өзің де тығырыққа тірелген жағдайдан шығар жолда, дос дейтін дос та қалмады. Уақыт өтіп жатыр, ұйқысыз түндер алма-кезек өтуде, кенет қызықтырарлық ұсыныспен саған Потифар ханым немесе мырза жақындайды. Ол саған өз жатын бөлмесінің кілтін ұсынады.

Немесе досың ішейік деп, бөтелкесін ұсынады. Әріптесің — есірткі ұсынады. Немесе жұмыстың ақшасымен өз есепшоттарыңды төлеу үшін, одан да сорақысы қаржылай кәсіпорын ақшасын қарызға ала тұрып, өзіңнің қаржылай күйреуінді болдырмау үшін қолдануға болады. Ондай жағдайларда, жазғы жаңбырдан кейінгі арам шөптер сияқты барлық тесіктерден «ақыл-ойдың дәлелдері» қаптап

шығады. *Ешкім ештеңе білмейді. Мен қолға түспеймін. Мен бар болғаны адаммын.*

Ашығын айтайық. Мысыр— бал тамған жер емес. Оған ешкімнің күмәні жоқ. Бірақ Мысыр ақымақ шешімдер қабылдаудың құнарлы жеріне айнала алады. Кейіннен өзін өкінетін нәрсені жасап, жағдайды қиындатпа.

Жүсіп сақ болды. Потифар ханым, оның алдына тұзақ жем қойғанда, «ол бас тартты» (8 аят). Ол азғырушы әйелге уақытын да, назарында бөлген жоқ, онымен сырлас әңгіме-дүкен құрған жоқ және оған үміттенуге жол берген жоқ. «...Жүсіп ешқашан айтқанына көніп, не жақындасқан, не бірге болған емес» (10 аят). Ұялы телефонында оның нөмірі көрінгенде, ол көтерген жоқ. Өзіне смс-хаттар жазғанда да ол еш үн қатпады. Әйел оның кабинетіне кіргенде, шығып кетті. Жүсіп одан обадан қашқандай қашты, шынымен де ол сондай еді.

«...қожайыным [Потифар] өз сарайындағы барлық істі менің міндетіме артып, еш нәрсемен айналыспайды. Бұл үйде ешкім менен артық күшті емес. Қожайыным өзіңізден басқа ештеңені де билігімнен айырған жоқ. Ал сіз оның жұбайысыз ғой! Сонда мен қалайша сондай ауыр қылмыс жасап, Құдайдың көз алдында күнәға батпақпын?!» — деді Жүсіп (8 аят). Біздің заманда ондай ұстаным — сирек кездеседі, келісесіз ғой. «Екі тараптың өзара келісімімен» және «сексуалдық құқықтар» деген тіркестер кеңінен қолданып жатқан қазіргі қоғамда, біз бір адамдардың өнегесіз мінез-құлқы екінші басқалардың өмірлерін талқандайтынын ұмытамыз.

Бірнеше жыл бұрын бір досым: «Сенің жыныстық азғындығың, өмірлерін талқандайтын адамдардың тізімін жаса» деп кеңес берді. Мен оның кеңесіне еріп, оқтын-оқтын өзім жасаған тізімді қайта оқимын. «Деналин. Менің үш қызым. Менің күйеу балам. Менің әлі туылмаған немерелерім. Менің кітаптарымның бірін оқыған немесе

уағыздарымды тыңдаған әркім. Менің баспадағы ұжымым. Біздің қауымның штаттағы қызметкерлері». Осы тізім, маған бір рет қанағаттандырылған жыныстық құмарту, жоғарыда аталған адамдардың барлығының бірдей сенімінен үзілді-кесілді және мүлде айырылуға тұрмайтын нәрсе екенін ұмытпауға көмектеседі.

Әкелер, сіздер өз балаңыздың қолын әдейі сындырар ма едіңіздер? Әрине, жоқ. Дені сау адамға осындай хайуандық туралы ойдың өзі жиіркенішті. Бірақ, егер сіз некеден тыс байланысқа жол берсеңіз, өз балаңызға қол сынудан да артық көп азаптар әкелесіз.

Аналар, сіздер өз балаларыңызды қыста далада ұйықтауға қалдырар ма еді? Ешбір жағдайда. Бірақ егер сіз шет жақта ашыналыққа жол берсеңіз, балаларыңыздың өміріне, арктика қысынан да ызғарлы суықтық пен қапасты әкелесіз.

Бойдақтар мен күйеуге шықпаған әйелдер, сендер де Киелі кітапты мазақ қылып, айқышты күлкі етер ме едіңдер? Бірақ некеге дейінгі жыныстық қатынасқа түскенде Құдайдың киелі заңдарының бірін аяққа таптайсыздар. «Әлде денелеріңнің Киелі Рух мекендейтін киелі үй екенін білмейсіңдер ме?..» (1 Қор. 6:19).

Біздің әрекеттеріміздің зардаптары сорақы. Жүсіп нәпсіқұмарлықтың орнына адалдықты таңдады. Ол өз қожайынына ...Және өзінің *Иесіне* құрмет көрсетті. Жүсіптің бірінші тілегі Оның көңілінен шығу болды. «..мен қалайша сондай ауыр қылмыс жасап, Құдайдың алдында күнәға батпақпын?!» деді ол (Жар.баст 39:9).

Жүсіп үйреткен сабақ, өте қарапайым: *Құдайға ұнамды әрекет ет.* Әріптестерің жұмыстан кейін ерлер клубына барғысы келеді. Не істеу керек? *Құдайға ұнайтындай әрекет ет.* Жігітің сені кешке шампан ішуге өзінің пәтеріне шақырады. Оған не деп жауап беру керек? *Құдайға ұнамды әрекет ет.* Достарың марихуана оралған ораманы

тартуды ұсынады; сыныптастарың өзіңе сынақ қабылдау кезінде кулыққа жүгінуді ұсынады; Ғаламтор порнографиялық роликтердің зор таңдауын ұсынады. Өзіңнен сұра: «Құдайға қалай жағам?» «...Жаратқанға лайықты тарту арнаңдар, Оған сенім артып, мойынсұнындар» (Забур 4:6).

Жанталас некені романтикалық ашыналастықпен, есірткімен байланысты қиындықты — есірткінің үлкен мөлшерімен, қарыздарды — жаңа несиемен жауып құтыла алмайсың. Ақымақтықты ақымақтықпен түзете алмайсың. Жаңа ретсіздікті жасап, бей-берекетсіздікті жоя алмайсың. Құдайға ұнамды әрекет ет. Солай еткенде сен ешқашан қателеспейсің.

Томас бұған өз тәжірибесінде көз жеткізді. Оның оқиғасы көп нәрседе Жүсіптің оқиғасына ұқсас. 1899 жылы баптист бақташы мен қауымдағы пианиношының отбасында дүниеге келіп, ол өмірінің алғашқы күндерінен-ақ музыка атмосферасына сүңгіді. Он екі жасында Том Терең Оңтүстік деген афроамерикандық қоғамдастықтың джаз композицияларын керемет орындады. Жас жігіт кезінде ол Филадельфияға, сосын Чикагоға барып, жасырын барларда музыка ойнады. Осылай байқаусызда ол өз сенімін жоғалтты, сөйтіп ар-ұжданымен мәміле жасап, жас кезіндегі мәсіхшіл нанымдардан бас тартты. Томастың дарыны оның алдында барлық есіктерді ашты, бірақ ар-ұжданы маза бермеді. Қаладан қалаға жүретін бітпейтін сапарлар, оны әбден құлазытып, қалжыратты. Отбасы мүшелерінің бірі жас жігітті Құдайға оралуға шақырды, сонда жиырма бір жасында ол осы шақыруға жауап берді. Құдаймен қайта қауышуды бастан кешіріп, ол кейіннен: «Мен суреттеп жеткізу мүмкін емес шаттыққа бөлендім: жанымды таңғажайып шабыт кернеді; керемет әнші және Құдай Патшалығында қызметші боламын деген ой келгенде, жүрегім аузымнан шығып кететіндей ыршыды» деп жазды<sup>2</sup>.

Жас Томас өзін түгелдей Құдайды мадақтайтын әндер шығаруға арнады. Ритм-энд-блюз, табыну және мадақтау тәжірибесіне енді, нәтижесінде рухты керемет көтеретін және би әуендеріндегі мәсіхшіл музыканың тіптен жаңа бағыты пайда болды. Томас Чикагодағы қауымдардың бірінде мадақтау жетекшісі болды. Жиырма алты жасында, бүкіл өмірінің махаббатын кездестіріп, үйленді, сосын баспа үйінің негізін қалап, қауымдар хоры мен ансамбльдерінің Ұлттық бірлестігінің құрылтайшысы болды. Томасқа госпел-блюздың орындаушылары, соның ішінде Махалей Джексонның өзімен қызмет ету үлесі тиді\*. 1932 жыл. Құдайдың баталары Томастың өміріне өзендей ағылды: бақытты неке, дамып келе жатқан қызмет, тұңғышының дүниеге келуін күтуде. Рахаттанып өмір сүруде.

Бірақ бар жылдамдықпен келе жатқан оның кемесі кенет қайраңға тіреледі. Сент-Луистегі халық алдында сөз сөйлеуден кейін, Томасқа шұғыл жеделхатты ұсынады, онда: «Қазір ғана әйеліңіз қайтыс болды» деген сөздер жазылған еді. Ол бала босану кезінде қайтыс болған екен. Томас үйіне жөнелді, Чикагода келесі күні жаңа туылған ұлы қайтыс болды. Музыкантты түңілудің тұңғығы тартып кетті. Ол адамдардан қашты және Құдайға ызаланды. «Мен өзіме жақсы таныс джаз әлеміне ораламын, себебі Құдай маған әділетсіздік жасады деп шештім. Енді мен Оған қызмет еткім келмеді, рухани әнұрандар жазғым келмеді».<sup>3</sup>

Оқшауланып, тұйықталу кезінде Томас өзінің түңілуі мен ызасын әлпештеуін жалғастырды. Бірақ достарының бірі оған не керек екенін білді, сөйтіп Томасты жақын маңда орналасқан музыка мектебіне апарды. Сол күні күн ұясына батқанда фортепианоға отырған Томас, әуендердің

---

\* Махалия Джексон (1912–1972) — госпел және спиричуэлс жанрындағы музыканың қазіргі айтылуын айқындаған америкалық ұлы әнші.

бірін ойнап... сиынды. Ол Құдайға жүрегін ақтарды, сөйтп мына керемет сөздер туындады:

Қолыңды соз, мейірімді Құдай,  
аяққа тұруым үшін,  
шаршадым, әлсізбін, жалғызбын,  
түнде де, сұрапыл желде де.  
Үйіме жол сілте,  
қолыңды соз, жетеле мейірімді Құдай<sup>4\*</sup>.

Содан бері Томас А. Дорси, сол кеште фортепианоға отырғанда Құдай оның жаралы жүрегін сауықтырғаны туралы бүкіл өмірінде куәлік берді. Ол әлемдегі ең танымал мәсіхші композиторлардың бірі болып, музыка шығаруын жалғастырды, ол үш мыңнан аса энұранның туындыгері<sup>5</sup>. Бұған себепші болған, оның Құдайға қолын созуы.

Сенде бірден солай істе. Азаптарың сені Құдайдан теріс айналуға итереді. Оңай жолдар өзіне бұрылуға еліктіреді. Сені сиренаның дауыстары өзіне тартады. Бірақ ақымақ немесе аңғал болма. Құдайға ұнамды әрекет ет. Аз-көп емес. Дроссельдің тұтқасын бұрмас бұрын, жалынам жақсылап ойлан.

---

\* Евгений Соловьев, 2009, Э. Преслидің альбомынан «Рождественский альбом Элвиса» әндер аудармасы («Elvis' Christmas Album»).

## 5 Тарау

### Аһ, БҰЛ НЕБӘРІ ДАЙЫНДЫҚ БОЛҒАНЫ МА?

**1965** жылы 28 қарашада жойғыш Говарт Рутледжді қарсыласы құлатып түсіреді. Ұшқыш парашютпен түсіп, солтүстік вьетнам әскерлерінің қолына түседі, сол-мезетте ақ «Жаралы жүректер мейманханасына»<sup>\*</sup> — Ханойдың түрмелерінің біріне жабылады.

Менің артымнан камераның есігі жабылып, тот басқан есікте кілтті бұрағанда, бойымды жалғыздық сезімі билеп алды. Көлемі алтыда алты фут [яғни шамамен 3,34 м2], камераның суық цемент еденіне жата кеттім. Танауымды адам нәжісінің сасық иісі шарпып кетті. Жанымнан үлкендігі мысықтай үлкен егеуқұйрық жалт берді. Қабырға, еден, тіпті камераның төбесі де кірлеген. Есіктің жоғарғы жағындағы төбеге тірескен кішкене терезе, темір тормен қапталған. Керіліп, ісіп кеткен буындарым адам төзгісіз сыздап барады, өте суық және қатты қарным ашты. <...> Жалғыздан жалғыз қамап қою, адамды қалайша әлсіретіп, жасыта алатынын суреттеп жеткізу қиын. Тұрып тұру немесе отыру, ұйықтау немесе сергек болу сізді тез мезі қылады. Камерада не кітап, не қағаз, қарындаш та, журнал, газет те жоқ. Өзіңіз қызықтай алатын түстер гаммасы қою сұрғылттан солғын қоңыр түс арасында. Күннің немесе айдың батқан-шыққанын, жасыл шөп немесе гүлді көрмес бұрын ұзақ айлар, тіпті жылдар өтуі мүмкін. Жалғыздықта қамалып, титтей лас камераның қапасында

---

<sup>\*</sup> «Жаралы жүректер мейманханасы» — 1956 ж., Элвис Преслидің, оныатақты еткен әні.

сасық иіспен демалуға мәжбүр сіз, есіңізден адаспау үшін қолдан келгенді жасап тырысасыз<sup>1</sup>.

Арамызда бірлі-жарымдар әскери тұтқындарға арналған лагерьлердің сұмдығын көрген болар, бірақ қалай болғанда да біздің барлығымыз бұғаудамыз.

- бүгін электрондық пошта арқылы, жақында ана болған жас әйел үшін сиынуды өтінген хат алдым, ол әйелге қызыл жегі диагнозын қойыпты. Оған жазылмайтын аурумен бұғаулану үкімі шығарылған.
- кеше біз, әйелі депрессиямен күресетін еркекпен кофе іштік. Ол әйелінің науқасынан қатты қажыған (бұл — қолындағы бұғаулар) және сондықтан өзін айыптау сезімінен қиналады (бұл — аяқтағы бұғаулар).
- елу жыл бірге өмір сүргеннен кейін досымның әйелі есте сақтау қабілетінен айырылған. Енді досым әйелінен машинаның кілтін алып қойып, бұдан былай әрдайым жанында болуға және оған қамқор болуға мәжбүр. Олар бірге қартаямыз деп үміттенген. Олардың сондай мүмкіндігі бар, тек әйелі бүгін аптаның қай күні екенін білмейді.

Олардың әрқайсысы: *«Құдай қайда қарап қалды?» Неге ол осындай азаптарға жол береді? Бұл азаптардың қандай мән-мағынасы бар?»* деп таусылады. Басқаны қайдам, бірақ сөз жоқ, Жүсіп осы сұрақтарды қойды.

Потифар ханым Жүсіпті еліктіріп төсекке тарта алмағанда, оны қосылуға күштемек болды. Оның киімінің етегіне жармасып, Жүсіп жұлқынып зытып қаша жөнелгенде, дәлме-дәл айтқанда әйел оның киімін сыпырып алғанда, Жүсіп, киімін емес, абыройын сақтап қалуды жөн көрді. Сонда Потифардың әйелі қашып кеткен Жүсіпке жала жапты: күйеуі үйіне оралғанда, өзін қорлағанының

дәлелі ретінде оған Жүсіптен сыпырып алған киімін көрсетті. Потифар қызметшісін зорламақ болды деген айып тағып, абақтыға жапты. «...Жүсіпті ұстап алып, патшаның тұтқындары қамалған түрмеге жапқызып тастайды. Алайда Жаратқан Ие Жүсіпке жар болып, оған шапағатын төгіп, түрме бастығының мейіріміне кезіктірді» (Жар.баст 39:20–21).

Жүсіп қазіргі заманауи түрмеге емес, қараңғы және сызды жерасты түрмесіне түсті, онда тамақ қалдықтарымен тамақтандырып, сасып кеткен су беретін. Күзетшілер оны камераға итеріп тастап, есікті тарс жапты. Қабырғаға сүйенген күйі түңілген Жүсіп, еденге отыра кетті. «...[Мен] түрмеге түсетіндей ешқандай қылмыс жасаған жоқпын» (Жар.баст 40:15).

Потифардың үйінде жатпай тұрмай еңбектеніп, Жүсіп жұмыс берушісінің дүниесін арттырды. Оның ынтасымен үйдегі бар жұмыс мерзімінде атқарылып, бөлмелер таза тұрды. Ол жаңа өмірге төзіп, Потифар ханымның жыныстық емінушілігіне бой алдырған жоқ, сонда онысы үшін қандай сый алды? Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үмітінсіз абақтыға жабылу ма? Қай заманда өнегелі мінез құлық абақтыға жабылуға апарған еді?

Жауабын білгің келе ме? Жаратылыстың басталуы 3-ші тарауда жазылған, осы әлемге күнәнің кіруін құжаттаған оқиғадан кейін. Люцифер есімді құлаған періштенің бейнесінде зор зұлымдық жерге келді. Және шайтан «арыстандай қауымды айнала шарлап, кімді жалмасам деп, тоуырлдап жүр» (1 Пет. 5:8), ол әділдерге елеулі кедергілер жасайтын болады. Пауылмен болған сияқты Ізгі хабарды таратушыларды абақтыға жабу. Жоханмен болғандай бағушыларды итжеккенге айдау. Елазармен болғандай Исаның достарының денсаулығын күйрету. Алайда қандай сәтсіздік десеңші. Шайтанның күш салулары қарсы нәтижеге аарады: Абақтыға жабылған Пауыл

Жаңа Өсиеттегі жолдаулардың туындыгеріне айналады. Қуылған Жохан аспан туралы аяндар алып жазады. Ал Елазардың зираты, Мәсіхтің ең ұлы кереметтерін көрсетудің сахнасына айналады.

Ойластырған зиян асып-тасыған игілікке айналады.

Қайталап оқығанда соңғы тіркес, тым қарабайыр және жасанды, жарнама сияқты болып көрінуі мүмкін. Мен әдейі жасап отырған жоқпын, осыған илан. Мүгедектер арбасындағы саған, бос тоңазытқыш немесе науқас жүректе қарабайыр ешнәрсе жоқ. Осы қиындықтар, аяқтан шалып құлататын үсірік желге қарсы жүріп, тауға көтерілуге ұқсас. Олар оңай емес.

Бірақ олар кездейсоқта емес. Құдайдың билік етуі кейбір жағдайларда ғана емес. Ол *кездейсоқ* жеңістерге жетпейді. Тақта бір күн отырып, кейіннен оны тастап кетпейді. «Жаратқан Ие жүрегіндегі ой ниеттерін толығымен орындап болмайынша, Өзінің лаулаған қаһарынан қайтпайды» (Еремия 30:24). Сен түскен жағдай, сені састыруы мүмкін, бірақ Құдайды емес. Өз мақсаттарына жету үшін, Ол оны қолдануға күші жетеді және соны істейді де.

Жүсіптің абақтыға жабылуы — соған жақсы мысал. Біздің ойымызша мысырдың абақтысы Жүсіптің өмірінен үміт үзуге болады дегенді білдіреді. Шайтан осы жеңісті қара күштердің жеңісі деп айтуға толық құқылы еді. Жүсіптің артынан түрме есігі жабылғаннан кейін, оның жарқын болашағы туралы ұмытуға болар еді. Шайтан дегеніне жетті.

Сен сенбейсің, бірақ Құдай да дегеніне жетті.

Тәңірдің Сөзі оның мінезін *сынап болғанша*,  
алдын ала айтқандары орындалғанша,  
Жүсіптің аяқтары қысылып, бұғауланды,  
мойнына оның темір құрсау салынды

Забур 104:18–19; курсив менікі — М. Л.

Шайтан ойластырған зұлымдықты Құдай сынаққа айналдырады. Киелі кітаптық сынақ — бұл әрдайым, сыналатын адамның жүрегін тазалап дайындайтын сыртқы әсер. Оттың құнды металлды қоспалар мен қалдықтардан тазалайтыны сияқты, сынақ та жүректі қоқыс пен былғаныш нәрселерден тазалайды. Забур жыршысы былай деп жазды:

Уа, Құдай, Сен сынақтан бізді өткіздің,  
күмісті балқытқандай тазарта бердің,  
тұзаққа түсіріп бізді құлаттың,  
арқамызға құлдықтың жүгін арттың  
адамдарды басымызға шығардың,  
оттан да, судан да бізді өткіздің  
ал ақыры молшылыққа жеткіздің.

*Забур 65:10–12*

Құдай бізді әр күн адамдар, азаптар мен қиындықтар арқылы сынайды. Тоқтап, өз жағдайларың туралы ойлан. Сен бүгін олардан сынақты көресің бе? Көпсағаттық кептеліс? Қауіпті ауа рай жағдайлары? Буындардағы ауырсыну?

Егер қиындықтарға жеке өкінішті жаңсақтық немесе аяқтан шалатын келеңсіздік ретінде қарайтын болсақ, уақыт өте әбден ашушаң және ызақор болып кетуге болады. Бірақ оларға Құдайды дәріптейтін сынақ ретінде қарайтын болсақ, себебі олар біздерде рухани есеюді тәрбиелеуде, онда олардың болар-болмашысы да мәнге ие болады.

Бірер күн бұрын менің сенбілік демалысым әжептеуір тексеруге айналды. Біз Деналин екеуміз біраз сөзге келіп қалдық. Үйімізді сату керек деп келісіп, риелтор жөнінде келісе алмадық. Менің өз болжамдарым болды, әйелімде өзінің. Мәселені олай да бұлай да талқыға салдық, бірақ бір біріміздің көзімізді жеткізе алмадық. Бір сөзбен айтқанда, ұрсысып тындық та, үйдің әр бұрышына кеттік.

Біздің қауымымызда сенбілік қызмет жүйелі өткізіледі. Уағыздауға баратын уақыт келгенде, мен Деналинге салқындықпен *сау бол* дегенді айтып, Құдайдың жұмысын орындау үшін үйден шықтым. Әйеліме «Осы мәселені кейінге қалдырайық» дедім.

Бірақ Құдай менімен осы мәселені шешуге бірден кірісті. Машинамен үйден қауымға дейін бар болғаны бес минут. Осы уақыт ішінде Құдай мені ар-ұжданым арқылы опық жегізді. «*Менің қауымыма уағыздамас бұрын, әйеліңмен татуласу керек деп ойламайсың ба?*»

Бұл, өзім одан әрі әйеліме бұртиюды жалғастырамын ба немесе одан кешірім сұраймын ба, соны анықтауға тағайындалған сынақ еді. Арамыздағы шиеленісті көзге ілмей мән бермеймін бе әлде байыбына жетемін бе? Сынақтарды үнемі лайықты жеңіп шығамын деп айта алмаймын, бірақ осы жолы одан абыроймен шықтым. Қызмет басталғанға дейін мен Деналинге хабарласып, өзімнің қыңырлығым үшін одан кешірім сұрадым. Кейіннен сол кеште біз риелтор туралы келісімге келіп, бірге сиындық, одан кейін сол мәселеге оралған жоқпыз.

Әр күн — бұл кезектен тыс бақылау жұмысы, кейде бітіру кезіндегі емтихан да болуы мүмкін. Тағдырдың аяусыз, тосын соққылары: күйзеліс, аурулар, бақытсыздықтар. Жүсіп сияқты бар күшінді салып аянбайсың. Және дәл сол сияқты, сый ретінде кейбір қамалуға тап боласың. Сен, неге деп сұрайсың? Құдай неге Жүсіпті абақтыдан арашалап алып қалмады? Мүмкін жауап мына жерде шығар? «...себебі сенімдерің сыналып, берік те шынайы екендігінің дәлелденуі төзімділік тудыратынын білесіңдер. Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» (Жақып 1:3–4).

Бала кезінде Жүсіп, әкесінің баласы болды: бетінен қақпай өсіріп, Жақып оны әбден шолжаңдатты. Өзінің ар-

маңдарымен, кеудемсоқтығымен бөлісудің ретін жібермейтін Жүсіп, тым өзімшіл болса керек. Потифардың үйінде де ол сүйіктілердің қатарына ілікті, қызмет бабында шапшаң өрледі және жалпының назарына ілігіп, әлпештелді. Ол табысқа оңай қол жеткізетін. Тәкаппарлықтан да жұрдай болмаса керек. Демек, түрмеге жабылу оны тазарту үшін берілді. Құдай, Жүсіпті қандай қиындықтар тосып тұрғанын білгендіктен, Өзінің қызметшісін шыңдау үшін осы түрмеге жабуды пайдаланды.

«Осылай түрме бастығы онда отырған барлық тұтқындарды Жүсіптің қарамағына тапсырып, бүкіл жұмыс оның басқаруымен атқарылатын болды» (Жар.баст 39:22). «Басшыларды басқару дағдыларына үйрету» тренингі туралы бірер сөз! Потифардың үйінде Жүсіп елгезек және ширақ қызметшілерді басқарды, бірақ түрмеде ол, бағынушылық пен көнбістігімен ерекшеленбейтін адамдардың үстінен қарады. Жүсіп, бұрышқа тығылып: «Ишараны түсіндім. Енді ешкімге бола әуреленбеспін» деп күңкілдесе, таңқалмаған болар едім. Бірақ ол шағымданып және күңкілдеген жоқ, керісінше тұтқындар ұжымын басқаруға даяр екенін көрсетті.

Жүсіп бас шарапшы мен бас наубайшыға ерекше ықыласын түсірді — оларды оның қамқорына перғауын сарайының бұрынғы лауазымды қызметшісі тапсырған еді. Бірде таңертең Жүсіп, олардың қапаланған жүздерін байқады, олардың жүздерін назарына ілмесе де болар еді. Оларда шаруасы қанша? Олар ренжулі ме немесе қапалы ма, оған бәрібір емес пе? Бірақ Жүсіп, оларға қызығушылық танытты. Бұл Жүсіптің абақтыда айтқан сөздері туралы алғашқы жазбаша куәлік және ол оны бауырмал адам ретінде сипаттайды: «...бүгін неге мұңайып отырсыздар?» (Жар.баст 40:7). Ағалары опасыздық жасаған, құлдыққа сатылған және әділетсіз абақтыға жабылған Жүсіп, бұрынғысынша адамдарға ықыласты. Жанашырлық — жақында адамзатты

аштықтан құтқарудың кең ауқымды операциясын басқаратын адамға лайықты қасиет емес пе, қалай қарайсың?

Бірақ Құдайдың тренингі осымен аяқталмайды. Екеуі де — бас шарапшы да, бас наубайшы да — өздерінің көрген түстерінен абыржыды. Бас шарапшының түсіне жүзім бұтасы, ондағы үш бұта кіреді: ол жүзім шырынын тостағанға сығып, перғауынға ұсынады. Бас наубайшы түсінде, басында нан салынған үш кәрзеңке және құстар жоғарғы кәрзеңкеден нандарды шоқып жатқанын көреді. Екеуі де түстерін жорып бер деп Жүсіпке жүгінеді, ал Жүсіп түстің жоруын Құдайдан алды. Бірақ білгенін оларға айтқысы келе ме? Жүсіптің сөзшендігі соңғы рет оны құдыққа жеткізді емес пе?! Оның үстіне алған аяндарының 50% ғана жақсы жаңалықтар еді. Жүсіпке сондай аяндармен бөлісу керек пе еді? Перғауынның алдына барса, Құдайдың Сөзін дәлме-дәл жеткізуге батылы барар ма еді? Бұл сынақ болды және Жүсіп одан өтті. Ол бас шарапшыға жақсы жаңалықтар айтты («үш күннен кейін перғауын сізді қайтадан орныңызға қояды»), ал бас наубайшыға — нашар хабар («үш күннің ішінде перғауын басыңызды көтеріп, дарға асып қояды»). Біреуін– бәрін қайта бастау мүмкіндігі, екіншісін — дар ағашы күтіп тұр.

Сынақ, сынақ, сынақ... Жүсіптің зынданы түрме сияқты еді, түрменің иісі шығатын және түрме деп есептелетін, алайда егер сен періштелерден, оның болған жері қалай аталады деп сұрасаң, олар саған бәрі бірдей: «Жүсіп әскердегі оқу-жаттығуда күшейтілген дайындықтан өтті» деп жауап берер еді.

Сенің бүгінгі жағдайларың, жұмыссыздықтың иісі келетін оңалту орталығы сияқты және емхана болып есептеледі, бірақ періштелерден сұрастыр, сонда сен: «Өзің күшейтілген дайындықтан өтіп жатырсың» дегенді естисің.

Құдай сені ұмытқан жоқ. Керісінше. Ол сені Өзінің дайындығына жарамды деп тапты. Еврейлердің «сынау»

деген етістігі, «мұқият қарау, тасадан қарау және таңдау» деген етістіктен жасалған. Құдай сенің азаптарыңды байқамайды деген ойды басыңнан шығар. Жоқ, Ол сенен көзін алмайды және ертеңгі күннің қажеттіліктеріне көзі жетіп, бүгінгі күннің жағдайларын сынақ ретінде пайдаланып, сені оларға дайындап жатыр.

Құдайдың осылай істеуге құқығы бар ма? Ол — Қыш Құмырашы, ал біз — саз балшықпыз. Ол — Бақташы, ал біз — қойларымыз. Ол — Бағбан, ал біз — бұталармыз. Ол — Ұстаз, ал біз — шәкірттерміз. Оның үйретуіне сенім арт. Сенің қолыңнан келеді. Егер Құдай тұтқыннан елбасыны жасаған болса, Ол сенің «тығырыққа тірелген» жағдайыңнан жөнді бір нәрсені жасай алмайды деп ойлайсың ба?

Барлық сынақтар уақытша екенін ұмытпа. Олардың ұзақтығы шектеулі. «Қазір сендерге біраз уақыт азап шегіп, қуғын-сүргін көруге тура келгенмен, осы сөнбес үмітке қуаныңдар...» (Петрдің 1-ші хаты 1:6.). Сынақтар мәңгі созылмайды, себебі біздің жердегі өміріміздің өз шегі бар.«...Жер бетіндегі өміріміз көлеңкедей өткінші» (Әйүп 8:9). Жер бетінде кейбір сынақтар аяқталады, бірақ аспанда олардың бәрі аяқталады.

Өзірге Жүсіптің үлгісіне ерейік. Құдайдың өзімізді жаттықтыруына жол берейік. Ол біздің жеңілірек тапсырмаларды қалай орындағанымызды бақылайды, егер біз шағын нәрседе адал болсақ, Ол бізге көп нәрсені сеніп тапсырады (Матай 25:21 қар-з). Перғауынның сарайында жетістікке жетуден бұрын, Жүсіп өзін ас бөлмесінде, сосын зынданда көрсетті. Ол бүтіндей халықтардың тағдырына қам жеуден бұрын, шарапшы мен наубайшыға ықыласты болды. Жақсы еңбегі үшін сый, бұрығысынан да жақсы жұмыс болды. Сен ұлы жетістіктер туралы армандайсың ба? Ұсақ-түйекте көзге түс. Өзіңнің ұқыптылығыңды көрсет. Жалқауланба. Күнкілдеме. Түрме камерасындағы басқалар

күңкілдесін, бірақ сен олай етпе, Иеміз Өз қызметшілерін қалай дайындайтынын сен білесің ғой. Бүгінгі тұтқын–ертең премьер-министр болуы мүмкін. Сондықтан тапсырма алғанда, оны орындауға кіріс.

Өзге адамның азаптарын көргенде, олардан теріс айналма. Жүсіп, перғауынның патша сарайы қызметкерлерінің қапаланған жүздеріне назар аудармағанда не болар еді? Өз мұқтаждықтарын ойлап, өзгелерді елемегенде не болар еді? Сонда да Құдай оны түрмеден босатар ма еді? Белгісіз. Бірақ, Жүсіптің мейірбан жүрегі зынданның есігін ашқаны белгілі, себебі шарапшы ол туралы перғауынға айтып берді. Жанашырлықты Құдай елеусіз қалдырмайды. Сынақ уақыты, өзің емес, — жақыныңа қызмет ету уақыты. Өзіңді өзің мүсіркеуді доғар. Құдай айналаңа қойған адамдарды жақсы көр. Олармен Құдайдың жолдауымен бөліс, сонда сенің сынағың олар үшін куәлікке айналады.«...Ол [Құдай], бізді барлық азаптарымызда жұбатып, жігерлендіреді. Осылай Құдайдың өзімізді жігерлендірген жұбанышымен біз де әр түрлі қайғы-қасірет шегіп жүргендерді жігерлендіре аламыз» (Қорынт. 2-ші хат 1:4).

Сен, баланы жалғызділік тәрбиелеу немесе еңбекке жарамсыз жарыңды күту жөніндегі тренингке жазылған жоқсың ғой, солай емес пе? Жоқ, ол туралы Құдай қарастырып қойған. Ол шайтанның зұлым ниетін алып, Өзінің оқыту курсына тоқып қосты. Не үшін? Ол сені үйреткен нәрсеге сен басқаларды үйрете алуың үшін. Өзің өтіп жатқан сынақтар, олар үшін сенің жолдауыңа айналуы мүмкін.

Боб Бенсон өзінің «See You at the House» кітабында келтірген диалогы маған ұнайды. Оның достарының бірі жүрек талмасына ұшырайды. Бастапқыда досы, аман қалмайтын шығармын деп ойлайды, бірақ сауығып кетеді. Оған ота жасалғаннан кейін бірнеше айдан соң мына әңгіме орын алған:

- Ал енді, басыңа түскен жүрек талмасы қалай екен?
- өлген жерім осы шығар деп ойладым.
- оны қайта бастан кешіргің келер ме еді?
- Жоқ!
- біреулерге одан өтуге кеңес бересің бе?
- Әрине, жоқ.
- Өмірді әуелгіге қарағанда көбірек бағалай бастадың ба?
- әрине.
- сендер Нелл екеуің әрдайым тамаша жұп едіңдер.Енді бұрынғыдан бетер жақын болдыңдар, солай емес пе?
- Иә.
- Жақында немерең туылды деп естідім?
- Иә. Мен саған оның суреттерін көрсеттім бе?
- адамдарға болған қарым-қатынасың өзгерді ме? Оларға жанашыр және ықыласың арта түсті ме?
- иә.
- Мүмкін сен, Иемізге өзің ойлағаннан да жақындай түскен шығарсың?
- иә.
- Ал енді сонымен, басыңа түскен жүрек талмасы қалай екен?

«Неліктен Ием?» деп сұраудың орнына «Не үшін Ием? Мен не нәрсеге *үйрене аламын?*» деп сұра. «Біліп алыңдар...(басқа аудармада: Естеріңе алыңдар)Оның ұлылығын, алға созылған күдіретті қолын...» (Заң. қайт 11:2). Құдайдан жағдайларыңды өзгертуін сұраудың орнына, өзінді өзгертуін сұра, осы жағдайларды қолдан. Өмір — тапсыруға міндетті емтихан. Олай болса, неге оны барынша жақсы тапсыруға тырыспасқа?

Құдай әрқайсымыздың жүрегімізде еңбектенеді, біз ол туралы білсек те білмесек те, оны қалаймыз ба қаламаймыз ба, «Адам баласына қайғы-қасіретті Ол өз жүрек қалауымен жібермейді» (Еремияның жоқтауы 3:33). Ол біздің азаптарымыздан елітпейді, бірақ қайта біздің жетістіктерімізбен ләззаттанады, «Өмірлеріңде игі ісін бас-

таған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх Иса қайта оралар күнге дейін толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін» (Філіп 1:6). Ол ойластырғанның бәрі жүзеге асады. Болмай қалуы мүмкін емес. Құдай сенде «Өзіне ұнайтын игі істерді Иса Мәсіхтің қолдауымен... жасата берсін» (Евр. 13:21). Кез-келген қисапсыз немесе болар-болмас қиындық, сені келешекпен кездесуге дайындауға қабілетті.

Говард Рутледж әскери тұтқындарға арналған вьетнам лагерінде өткізген уақытты, өзі үшін аса пайдалы деп есептейді. Ол былай деп жазады:

Өзім ойланып-толғануға мәжбүр болған ұзақ мерзімнің арқасында, болмашыны маңыздыдан, бергісізді бекершіліктен айыру әлдеқайда оңай бола бастады ...

Көп ұзамай менің рухани аштығым, стейк пен гамбургерге деген мұқтаждығымнан басым болды. Мен, ешқашан өлмейтін жанымның бөлшегі туралы білгім келді... Мен Құдай туралы, Иса Мәсіх туралы, қауым туралы сөйлескім келді... өмірімнің Құдайсыз қаншалық бос екенін түсіну үшін түрме қажет болды...

31 тамыз, осы азаптың жиырма сегізінші күні аяқталғанда, мен өзімнің балаларым бар екені әлі есімде еді, бірақ олардың есебін білмедім. Мен оны ұмытып қалмау үшін, қайта-қайта Филлис есімін айта бердім. Мен, аман қалуға күшім жетсін деп қана сиындым. Жиырма сегізінші түнде, осы сұмдықтан аман қалып, үйге оралсам, бірінші жексенбіде-ақ Филлиспен және балалармен қауымға барамын... және Иса Мәсіхке деген сенімім туралы жариялаймын деп уәде бердім. Бұл, аман қалу үшін Құдаймен жасаған мәміле еместұғын. Бұл ұзақ айлар ойланулардан кейін Оған берген уәде еді. Өзіме Құдайдың және сенушілермен қарым-қатынастың қаншалық қажет екенін түсіну үшін түрме және сағаттарға созылған азапты күмәндар қажет болды. Құдайға уәде бергеннен кейін, мен таңға дейін аман қалу үшін күш бер деп тағы сиындым.

Сонда түрме камерасының есігі астындағы тесіктен таңның нұры қылаң бергенде, Құдайға рақым еткені үшін алғыс айттым<sup>4</sup>.

Өз қиындықтарыңа өміріндегі кедергілер ретінде емес, өмірге дайындық ретінде қара. Сенің өмір соқпағың оңай болады деп ешкім уәде еткен жоқ, бірақ Құдай осы бей-берекетсіздікті міндетті түрде бергісіз бір нәрсеге айналдырады.«Сендердің қиындықтарың — жаза емес, *тәрбие* — балалар үшін кәдуілгі тәжірибе... Құдай бізді өз игілігіміз үшін *тәрбиелеп*, Оның киелілігіндегі өмірге дайындайды» (Евр. 12:8, 10 MSG<sup>\*</sup>).

---

\* MSG, немесе The Message,— осы жағдайда Макс Лукадо жүгінген, Юджин Петерсон жүзеге асырған Киелі кітаптың қазіргі аудармасы. Осы үзіндінің синодалдық аудармасы:«Егер сендер осылай тәрбиеленсеңдер, онда Оның шынайы рухани балалары болмағандарың. Әке-шешелеріміз бізді өз пайымдауларыңша шектеулі уақыт аралығында жазалап та тәрбиелесе, Құдай бізді нағыз игілігіміз үшін басымызға қиыншылықтар туғызып тәрбиелейді. Осылайша Өзінің қасиетті болғанындай бізді де қасиетті етуді көздейді».

## 6 Тарау

### ҚҰДАЙ ӘРЕКЕТ ЕТІП ЖАТҚАНДА, КҮТЕ ТҮР

**М**іне енді клиникалардың бірінің күту залында отырмын. Тіркеуші менің есімімді сұрап, сақтандыру полисімнің нөмірін жазып алды да, орындықты көрсетіп:

— Жайғасып отырыңыз. Дәрігер босағанда бірден сізді шақырамыз, — деді.

Мен айналама көз тастадым. Қолындағы бөпесі ұйқыға кеткен ана. «Time» журналын парақтаған костюмдегі жігіт. Қолына газет ұстаған әйел де сағатына қарап, күрсініп қояды, сөйтіп осында отырғандар сияқты күтуді жалғастырады.

Күту залы — бұл қабылдау не болмаса тексеру бөлмесі емес. Бұл, қабырғалардың бірін бойлай орындықтар орналасқан — аурухана холы. Бұл дәрігердің кабинеті емес. Тексеру, диагностика және емдеу — осының бәрін біз күту керекпіз.

Осы бөлменің: күту залы деген тағайындалуы, атынан білініп тұр. Осы жердегілер өздерінің міндетін жақсы түсінеді: күту. Біз бір-бірімізді емдемейміз. Мен медбикеден стетоскоп немесе тонометр беруін сұрамаймын. Орындықта газет оқып отырған әйелге жақындатып: «Қалқам, ал сіз қандай дәрілер қабылдайсыз?» — деп сұрақ қоймаймын. Бұл — медбикенің міндеті, ал менің міндетім — күту. Өзім солай етіп отырмын да.

Күту, маған рахат әпереді деп айта алмаймын, себебі бірнәрсені күткен кезде уақытпен қызық метамарфозды жағдайлар бола бастайды: ол дәлме-дәл айтқанда жылжы-

майды, ол Аляска мұздарының жылжу жылдамдығынан аспайды. Секунд тілі, әдейі циберблатқа жабысып қалғандай, өзінің әдеттегі қашықтығына секундтар емес, бақандай бес минут жұмсайтындай. Әлдекім үзіліс нүктесін басып, қозғалыстың баяу қарқынына қойғандай. Біз күткенді ұнатпаймыз. Біз — «Бол тез!» ұранын ұстанатын ұрпақпыз. Тезірек мақсатқа жетуді көксеп, қатардан қатарға ауысып, жолдарда ығы-жығы болу — біздің стиліміз. Он бір тауарды сатып алып, он бірлікке дейін тауары бар адамдарға қызмет көрсететін кассаға өте шығуға ұмтылатын адамға түнеріп қарау да — біздің стиль. iPhone-дағы әуен жүктелгенін немесе микроволновка пешінде кофе ысығанша біз, тағатсыздана үстел үстін саусақтарымызбен тықылдатамыз. «Тез, тез!» Біз он минут ішінде жақсы шираған бұлшық еттер, тез дайындалатын күріштің отыз секундта дайын болғанын қалаймыз. Біз дәрігерге кезекте, жол кептелісінде, пиццаның жеткізілуін күткіміз келмейді.

Тура солай Құдайды да күтуді қаламаймыз ба?

Ей, бір минут! Айналаңа қарашы. Біздің қайда екенімізді сен түсінесің бе? Бұл ғаламшар — Құдайдың күту залы.

Анау тұрған жас жұбайларды көрдің бе? Олар бала туу мүмкіндігін күтуде. Портфель ұстаған анау жігітті көрдің бе? Ол бүкіл елге түйіндемесін жолдап, жұмыс туралы ұсынысты күтіп отыр. Таяқ кезенген қарт әйел не күтетінін сұрашы? Жесір қалғанына бір жыл өтті, бір күнім болса да көз жасымды төкпестен өтетін күндер бола ма деп тосып жүр. Күту... біз, Құдай қашан береді, қашан сауықтырады деп күтеміз. Ол қашан келеді деп күтеміз. Біз күту аймағында — айтқан дұғаларымыз бен жауап алған дұғаларымыздың арасында өмір сүреміз.

Бірақ Құдайдың қабылдау бөлмесіндегі күту кезінде, ондағы жиһазды жаттап алған адам болса, ол Жүсіп болды. Бір сағат ішінде Жаратылыстың басталуы кіта-

бындағы оның оқиғасын оқып шығуға қабілетті болған біздерге қарағанда, ол онда сағаттар емес, жылдар өткізді. Өзіміздің осы кітапты оқуымыз бірер онжылдыққа созылса, осы Киелі Кітаптық оқиғаға басқаша қарайтынымызға сенімдімін.

37-ші тараудан бастайық, бірақ оны үйдегі ыңғайлы орындықта емес, бірнеше сағат шыжыған күннің астында отырып, күтімсіз қалған құдықта оқимыз. Одан кейін, бірнеше ай бойы: «Ал Жүсіп болса... оны Мысырға апарған еді» деп жазылған 39-шы тараудың 1-ші аятын қайта қайталаймыз. Дофан қаласын Фива қаласынан бөлетін 750 шақырымды жүріп өту үшін оған дәл осынша уақыт қажет болды деп ойлаймын.

Сосын ол, бір күн бойы, бәлкім бірнеше күндер немесе бірнеше апта бойы құлдар аукционында сарылды. Оған тағы да Потифардың үйіндегі құлдарды басқару қызметіне кеткен, қожайынның тапсырмаларын орындау және мысыр тілін үйренумен өткізген шамамен он жылды қосыңыз. Тик-так. Тик-так. Тик-так. Шет жерде уақыт жәй өтеді.

Ал түрмеде ол тіптен тоқтап қалғандай.

Ақыр соңында Жүсіп, бас шарапшыдан өзі туралы бір ауыз сөз айтуын өтінді. «Ал ісіңіз оңғарылған шақта мені ұмытпай, перғауынға мен туралы айта көріңізші! Мені түрмеден босаттырып, жақсылық жасасаңыз екен» (Жар. баст 40:14–15).

Біз бас шарапшының: «Әрине, алғашқы мүмкіндік туғанда-ақ сен туралы перғауынға айтамын. Көр де тұр, жақында бұл жерден шығасың» деген жауабын асыға күтеміз. Жүсіп камерасына жүгіре жөнеліп, заттарын жинай бастайды. Ол өзін шақырғанда дайын болғысы келеді. Бір күн өтті. Екі күн. Бір апта... Бір ай. Алты ай... Үнсіздік. Кейіннен белгілі болғандай: «Алайда бас шарапшы Жүсіптің тілегін есіне алмай, ұмытып кетті» (23 аят).

Киелі Кітап беттерінде осы аятты келесі аяттан бөлетін аралық, бірер сантиметрден аспайды, оқырманның жанары оған бар болғаны бірер секундқа ғана аялдайды, бірақ Жүсіптің өмірінде осы титтей қашықтық екі жылға созылды. 41-ші тарау: «Арада екі жыл өткенде перғауын түс көреді...» деген сөздермен басталады (1 аят).

Екі жыл! Үнсіздіктің жиырма төрт айы. Жүз төрт апта бойы күту. Жеті жүз отыз күн бойы белгісіздіктен қиналу. Екі мың жүз тоқсан бір рет сол бір сұйықшалма көжені ішу. Он жеті мың бес жүз жиырма сағат Құдайды естудің нәтижесіз талпыныстары. Және үнсіздіктен басқа ештеңе болған жоқ.

Қатыгездену, арсызданып, өшігіп кету үшін жеткілікті уақыт. Оған қарағанда әлдеқайда ұсақ-түйек себептермен және одан да аз уақыт ішінде талай жұрт Құдайдан теріс айналды.

Бірақ Жүсіп емес. Оның алдындағы мыңдаған басқа күндер сияқты басталған сол күні, ол зынданға кіре беріс жерде у-шуды естіді. Тағатсыз дауыстап сөйлескендер бұйрық беріп жатты: «Біз еврей жігітін алып кету үшін келдік! Перғауын еврейді көргісі келеді!» Өз қуысынан шыққан Жүсіп, өзіне қарай асыққан түрме бастығын көреді. Өңі қуарып, даусы жіңішкеріп: «Тез тұр! Қимылда!» деп айқайлады ол. Оның соңынан патша сарайының екі күзетшісі түскен. Жүсіп оларды Потифардың үйінде қызмет еткен уақыттан бері біледі. Олар тұтқынды қолтықтап алып, зынданнан алып шықты. Жүсіп айдауылмен аула арқылы патша сарайына бара жатып, шақырайған күннен көзін сығырайтты, оны бірден перғауынның көптеген қызметшілері қоршап алды. Біреулері жұлма-жұлма киімдерін шешсе, енді біреулері шомылдырды, үшіншілері сақалын алды. Қайта келген күзетшілер ақ киім мен жаңа кебіс киген Жүсіпті тақ залына апарды.

Бір сөзбен айтқанда, Жүсіп перғауынның қабылдауында болу құрметіне ие болды.

Мысыр Билеушісі алдыңғы түні нашар ұйықтапты. Беймаза түстер оны ұйқысынан айырыпты. Сол кезде ол Жүсіптің қабілеті туралы естіген екен.

— Сен түс жори алады дейді ғой. Менің данышпандарымның ауыздарына су құйылып отыр. Сен маған көмектесе аласың ба?

Алдыңғы екі таныстық Жүсіпке ешбір жақсылық әперген жоқ: Потифар ханым оған жала жапты және бас шарапшы оны ұмытып кетті. Екі жағдайда да Жүсіп Құдайдың атын аузына алды. Мүмкін енді өзінің сенімі туралы аузын ашпай, сақтанғаны дұрыс болар?

Бірақ ол олай жасаған жоқ. «Жүсіп перғауынға: — Тақсыр, түс жори алатын мен емес. Перғауынның игілігі үшін жоруын Құдай бермек» — деді (Жар.баст 41:16).

Жүсіп, түрмеден өзінің Құдаймен қарым-қатынасын дәріптеп кетті. Бұғауда болған уақыт, оның сенімін шайқалтқан жоқ, қайта оны нығайтты.

Сен туралы да осыны айтуға бола ма? Әрине сен түрмеде емессің, бірақ сен жеміссіз немесе қорғансыз, әлде белгісіз, жұмыссыз немесе дәрменсіз, панасыз немесе жанұясыз шығарсың? Сен Құдайдың қабылдау бөлмесінде күтіп отырсың. Егер солай болса, сен келесіні білуге тиісің: *сен күтіп отырғанда, Құдай әрекет етіп жатыр.*

«...Әкем еңбектен қол үзбейді...» — деді Иса (Жохан 5:17). Құдай ешқашан қол қусырып отырмайды. Ол ешқашан әрекет етуін тоқтатпайды және демалысқа кетпейді. Иә, жаратылыстың жетінші күні Ол демалды, бірақ сегізінші күні жұмысқа қайта кірісті және сол кезден бастап, кеткен емес. Өзің ештеңемен айналыспағандықтан, Құдайдың да істейтін тірлігі жоқ деп ойлама.

40-шы тарауда Жүсіптің оқиғасы тоқтап қалғандай көрінуі мүмкін. Біздің кейіпкерімізді бұғаулады. Вагон рельстен шығып кетті. Тура бір оқиға өрісі күту режиміне көшкендей. Бірақ Жүсіп күтіп отырғанда, Құдай әрекет етіп жатты.

Ол қатысатын кісілерді жинап, келешек сахна орындарына режиссерлік етті: Жүсіпті бас шарапшының қамқорына тапсырды; перғауынды қызық түстермен әбігерге салды;

Құдай сенің жағдайыңда да осылайша әрекет етеді. Құдайдың күту залының қабырғасын безендірген «Тынышталыңдар барлығың енді, біліңдер Менің Құдай екенімді...» — деген баннерлерді оқимыз<sup>1</sup>. Қуан, себебі Құдай игі. Уайымдама, себебі Ол мүлгімейді. Тыныш отыр, себебі Иеміз әрекет етіп жатыр.

Мұса арқылы Құдайдың израильдіктерге берген сөзі есінде ме? «Қорықпаңдар, берік тұрыңдар! Бүгін-ақ Жаратқан Иенің өздеріңді құтқаруын көресіңдер... Сендер үшін Жаратқан Иенің Өзі шайқаспақ. Ал өздерің тек тыныш тұрсаңдар болғаны» (Мыс.шығу 14:13–14). Бұл сөздер, алдарында Қызыл теңізді көріп, арттарында жетіп қалған мысырлықтардың соғыс күймелерінің тарсылын естігенде айтылған болатын. Өлім оларға екі жақтан тап берді. Сондай кезде тыныш тұрасың ба? Қалжыңың болар? Бірақ, бұрынғы құлдардың көре алмаған нәрсесі мынау еді: Құдайдың қолы оларға теңіз түбі арқылы жол салды, көктегі Құдайдың демінің арқасында теңіз сулары ашылды. Құдай оларды құтқару үшін әрекет етті.

Құдай, Исаның анасы Мәриям үшін де әрекет етті. Періште оған оның жүкті болатынын хабарлады. Осы хабар оның жан дүниесінде астан-кестен сезімдер туғызды. Бұл қалай болуы мүмкін? Адамдар не ойлайды? Жүсіп не дейді? Осы арада Құдай оның игілігі үшін әрекет етті: Өзінің ниеті туралы оның күйеу жігіті Жүсіпке хабарлады; Рим патшасының ойына халық санағын жүргізуді салды; жас жұбайларды Бетлехемге әкелді. «Тағы да мынаны білеміз: барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді» (Рим. 8:28).

Киелі кітаптық тілмен айтқанда күту, оқиғаның өрісі насырға шабады деп болжамдауды, алаңдап, талаптар қою-

ды немесе бәрін бақылауға тырысуды білдірмейді. Бірақ күту — әрекетсіздік емес. Киелі кітаптық күту — дұға мен сенімнің арқасында Құдайға назарыңды қаратуға мүмкіндік беретін, қызу күш салу. Күту дегені— «шыдамды бол Жаратқанның алдында, шешімін күт сабырмен, еш асықпа!» (Забур 36:7).

Нехемия бізге оны қалай істеуге болатынын көрсетеді. Оның кітабы, Иерусалим қабырғаларын тұрғызуға жұмсалған күш салулар туралы әңгімелейтін мемуарлар десек болады. Ол суреттеген оқиға бір кездесуден басталады. «(Артаксерікс патшалық құрған) жиырмасыншы жылдың тоғызыншы айында мен бекіністі астана Сузыда тұрып жаттым. Сол кезде ағайындарымның бірі — Ханани бірнеше адаммен бірге Яхуда аймағынан сапарлап келіп, маған соқты» (Нехем. 1:1–2). Олар нашар хабар әкеледі: жау бір кездері қасиетті қаланы қоршаған қабырғаларды қиратқан. Қақпаларын өртеген. Аман қалған еврейлер, «күй жайы мүшкіл, көргендері қорлық» (3 аят).

Нехемияның осы бақытсыздыққа қалай жауап қайырғанына назар аударыңызшы: ол мінәжат етті. «О Жасаған Ие, Саған бойсұнған менің ...дұғаларыма құлақ аса гөр! Енді патшаны маған оң көзімен қаратып, ісімді табысты қыла гөр!» (11 аят).

Нехемияның «оң көзімен қарата гөр» деп отырған адамы –Парсының билеушісі Артаксерікс болатын. Нехемия, тәулігіне жиырма төрт сағат бойы, аптаның жеті күнінде оның жеке бас шарапшысы болған. Демек, ол өз орнын тастап, Иерусалимге бара алмады. Олай еткен күнде де, қорғаныс бекінісін қалпына келтіруге оның қаржысы болмады, сондықтан ол дұғада Жаратқанды күтуді жөн көрді.

2-ші тараудың 1-ші аятында оның күтуінің қаншаға созылғаны көрсетіледі: «сәуір айында» ол Иерусалимді қалпына келтірудің патша комитетіндегі лауазымына ие болады. Ол қанша күтті? Төрт ай. Есіңізде болса, Нехемия

«ісімді табысты қыла гөр!» деп көктен шұғыл көмек беруін сұрады. Құдай Нехемияның өтінішіне төрт айдан (!) кейін жауап берді.

Оны іс жүзінде жүзеге асырудан гөрі күту туралы оқыған әлдеқайда оңай. Мен үшін күту — оңай шаруа емес. Өмір бақи мен асығыс адам болғанмын. Мектепке асығып, үй жұмысын бітіруге асығатынмын. Велосипед тепкенді жақсы көретінмін, сол әдетімді қалдырған жоқпын және автомобиль тұтқасына ауыстым. Мен сағатымды да білегімнің ішіне қаратып (циферблатын ішке қаратып) тағуға үйреніп кеттім, сағатқа қарағанда оны бұру үшін, білегімді бұруға уақыт жұмсамау үшін сөйттім. Не деген алаңғасарлық! Мен Құдайдың Көне Өсиеттегі, жиырма төрт сағатқа өмірдің ырғағын бәсеңдетуді бұйыратын — демалыс күнді сақтау өсиетін орындай алар ма едім? Демалыс күн, сен тоқтағанымен бұл әлем тоқтап қалмайтынын апта сайын еске салып тұру қажет болған мен сияқты есі ауысқандарға өсиеттелген!

Ал мына өсиетке қалай қарайсың? «...Күллі ер адамдарың жылына үш рет Израилдің сиынған Құдайы — Жаратушы Тәңір Иенің алдына келуге тиіс. Мен сендердің көз алдарыңнан басқа халықтарды қуып шығарып, шекараларыңды кеңейтемін» (Мыс.шығу 34:23–24). Құдай уәделі Жердің ер азаматтарына жылына үш рет жұмысты тоқтатып, Құдайға құлшылық жиналысына жиналуды тапсырды. Барлық өнеркәсіп, коммерциялық кәсіпорындар, білім беру және үкімет мекемелері, жалпыға бірдей жиналыс кезінде, өздерінің қайнаған қызметін тоқтатты. Бүгін осындай бір нәрсені елестете аласың ба? Біздің еліміз тіптен қорғансыз болар еді.

Бірақ Құдай, кім қол сұқса да ираилдіктердің жерін қорғауды уәде етті. Оның үстіне ешкім ол туралы ойламайтын да болады («ешкім де елдеріңе қызғанышпен шабуыл жасамайтын болады»). Таңдалған халық осы ережені миы-

на құйып алуы үшін, Құдай: «Маған сенім артып, күтуді үйренсеңдер, Мен сендердің қамдарыңды жеймін», деп қажылық тәжірибесін құрды.

Даниял дәл солай етті. Киелі кітапта күтудің ең қайғылы мысалдарының біріне, ұзақ уақыт бойы бүкіл ой-ниеті тек Құдайға қаратылған осы Көне Өсиеттік пайғамбардың дұғалық сергектігін жатқызуға болады. Оның отандастары жетпіс жыл бойы қанауда болды. Өзіне дұғалық ауыртпалықты жүктеп, Даниял олар үшін жиырма бір күн бойы ет, жеңсік ас және шараптан өзін тыйды. Нағыз тақуа ретінде, ол Құдай алдында өзінің қиналған халқын қорғап, табанды болды.

Үнсіздік.

Тек жиырма екінші күні ғана рухани бұзып жарып өту іске асты. Даниялға Құдайдың періштесі келіп, оған кейінге қалдырудың осыншалық ұзаққа созылуының себебін ашты. Бірінші күні-ақ Даниялдың дұғасы Құдайдың құлағына шалынған және оған жауабын жеткізу үшін періште жіберілген. «..Қорықпа, Даниял. Себебі сен сол мәселені түсінуге ұмтылып, Құдайыңа мойынсұнып сиына бастаған алғашқы күні ақ мінажатың Құдайдың құлағына жеткен еді. Мен осында мінажатыңа бола келіп отырмын. Ал парсы патшалығының рухани әміршісі маған жиырма бір күн бойы қарсы шығып, жолымды бөгеді. Сонда бас періштелердің бірі Михайл маған көмекке келді. Себебі парсы патшасы мені жібермей бөгеп жатты» (Дан. 10:12–13).

Тәндік көзбен қарағанда, сол уақытта ештеңе болған жоқ. Даниялдың дұғалары кеуіп кеткен жерге түскен тастай болып құлап жатты. Бірақ жағдайға рухани тұрғыдан қарасақ, біз аспанда болып жатқан өршелескен шайқастың куәгері боламыз. Үш апта бойы екі періште қиян-кескі шайқас жүргізді. Даниял күтіп отырғанда, Құдай әрекет етті.

Даниял дұға етуін тоқтатқанда не болар еді? Сенімін жоғалтса ше? Құдайдан теріс айналып кетсе ше?

Егер сен дұға етуіңді тоқтатсаң? Сеніміңді жоғалтсаң? Құдайдан теріс айналсаң не болар еді? деп сұраған дұрысырақ.

Жалынамын, ешбір жағдайда солай жасама! Сен үшін бүкіл көктегі әскер шайқасуда! Дәл осы сәтте сенің төбеңде және сенің айналаңда көзге көрінбейтін Құдайдың елшілері, көзге көрінбейтін ұрысты жүргізіп жатыр.

Күтуді жалғастыр.

...Ал сенім артқандар Жаратқан Иеге жаңа күш қуатты иемденеді де, қырандай қанаттарын жайып кеңістікке самғай жөнеледі, алайда талмайды, жүре береді, бірақ еш болдырмайды.

*Иш. 40:31*

Өз күшіңді және соңына дейін бару туралы бел бұғаныңды жандандыр. Құдаймен рахаттан, сонда Ол сенің жаныңа тынығу береді.

Өзіңе күту залында қанша отыруға тура келсе де, бұл сенің қолыңнан келеді. Шыдамды бол, сонда сені керемет сый күтеді. Бас дәрігер Өзінің кабинетінен шығып, жаныңа отырып: «Өзің осы жерде күтіп отырғанда Мен жаныңда екенімді ұмытпа» деп айтады. Бұған кез келген дәрігер қабілетті емес, бірақ сенің дәрігерің соған қабілетті. Ол — ұлы Емші.

## 7 Тарау

### ҚҰЛАМАЙТЫН-КҮЛДІРГІ ҚУЫРШАҚ

Өзімнің балалық шағымдағы естеліктерімді мұқият айтып бере алмаспын деп қорқамын, себебі туған күні туралы айтқым келіп отырған баланың есімін ұмытып қалдым. Жасым нешеде екені есімде жоқ, бірақ суретке қарасақ сегіз шамасында — не ойнағанамыз есімде жоқ, қонаққа шақырылған балалардың есімдері де есімде жоқ. Бірақ бір естелік жадымда қалыпты: ол — құламайтын-қуыршақ.

Бұл, ішіне ауа толтырылған түрі әумесерлеу, алмұрт формалы резінке күлдіргі қуыршақ болатын. Ол белімнен асып, иығыммен тіресіп, бойы менімен бірдей болатын. Оның беті мен құлақтарының суреті бейнеленген, денесіне жабысып қалған қолдары да бейнеленген. Күлдіргі қуыршақта сазды әуенге салуы үшін басатын нүктесі жоқтың, жіпке байланған сақинаны тартсаң тақпақ та айтпайтын. Оның бір ғана ерекшелігінен басқа көрнекті ештеңесі жоқ еді: оны бір ұрсаң бірден аяғына тұратын.

Кез келген соққыдан кейін ол, шайқалып барып, тік тұратын. Оны сақамен ұрсаң, мұрнынан соғып немесе аяғыңызбен ішінен тепсеңіз, ол құлайды, бірақ онысы ұзаққа созылмайды. Мерекеге жиылған балалар, күлдіргі қуыршақты еденге жапсыру үшін, соққы үстіне соққы беріп жанталасты, олардың соққылары барған сайын аяусыз болды. Бірақ ешқайсымыз күлдіргіні құлата алмадық. Ол 1969 жылғы әлемдік сериядағы «Mets»-ке қарағанда аяғына

жиі тұрды<sup>\*</sup>. Ол күшті емес еді — бар болғаны ауаға толтырылған болды. Ол соққыдан қашып, не қорғана алмады. Бізді өзінің сұлулығымен немесе сөз тапқыштығымен баурауға тырыспады. Ғафу етіңіз, ол бар болғаны еріндері қып-қызыл және сары шаштары дударланған кәдуілгі күлдіргі қуыршақ болды. Соған қарамастан оған, аяғына берік тұруға көмектесетін бір нәрсе болды.

Оның құпиясы неде екенін білгің келе ме? Өмір бізге соққыларды жаудырады емес пе: оң жақтан соққы — қабыл алмау, қатты соққы — жақындарыңнан айырылу. Дұшпан белден төмен соғуға қысылмайды. Басыңа түскен қиындықтар бізді теңселтеді. Өмір емес, тура бір жұдырықтасу іспетті.

Кейбіреулер жақтан періп соғудан кейін, аяғына тұрмайды, таяқ жеп, ызалы және жабырқаулы күйінде толықтай жеңіліске ұшырап жата береді. Ал кейбіреулер құламайтын-күлдіргі қуыршақтан айнымайды.

Мысалы, Жүсіп. Ол бір жүрген пиньята дерсің<sup>\*\*</sup>. Оны құлдыққа сатып жіберген ағаларының кекті күншілдігі, соның кесірінен зынданға түскен Потифардың әйелінің қаскөй өтірігі, оның бұғауда болуын екі жылға созырған бас шарапшының уәдесін орындамауы. Жүсіп теңселді, бірақ жығылған жоқ. («Рокки» кинофильміндегі әуен ойнайды). Құдайдың күшімен, бұрынғысынан да бекем болып перғауын сарайында аяғына тұрады.

Перғауын Мысырдың жалғыз билеушісі болды — өзіне өзі министрлер кабинеті және конгресс. Оның айтқаны

---

\* Элемдік серия — бейсболдың бас лигасының шешуші ойындар сериясы. 1969 ж. 4:1 есебімен «Baltimore Orioles» тіжеңген «New York Mets» командасы жеңімпаз атанды.

\*\* Пиньята (*исп. Piñata*) — ірі көлемді папье-маше немесе орайтын жеңіл қағаздан, ою-өрнектеліп және безендіріп жасалатын мексикалық іші қуыс ойыншық. Өзінің формасымен ол жануарлардың (әдетте жылқылардың) фигурасын жасайды немесе ішіне балаларға арналған түрлі тәттілермен сыйлықтарға толтырылған геометриялық фигуралар.

мүлтіксіз орындалатын. Жарлық берсе, ол бірден заңға айналлатын. Бөлмеге кірсе, ондағылардың бәрі тағзым ететін. Бірақ сол күні перғауын өзін көктің тұрғыны ретінде сезінген жоқ.

Көз алдымызға беліне дейін жалаңаштанған, кемиекті, кеуде бұлшық еттері сәл болбыр, бірақ орта жастағы патша ретінде жеткілікті нығым, кәдуілгі перғауынды елестетейікші. Иықтарында — алқа-жаға, басында конус тәрізді биік тәж, тәжді кобраның қампайған күләпара жиектейді. Иегінде бұрым болып өрілген қондырма сақал, көздің астыңғы және үстіңгі қабақтары сүрмемен сызылып бадам пішіндес етілген. Бір қолында асатаяқ, екінші қолымен иегін тіреген. Құлдар оны желпуішпен салқындатуда. Үстел үстінде қол созым жерде інжір мен жаңғақтар салынған ыдыс тұр. Бірақ перғауын аш емес, ол қабағын тарс түйіп отыр. Оның жақын жүрген адамдары әбігерге түскен, бір-бірімен сыбырласып сөйлеседі. Перғауынның көңіл күйі болмаған кездері, бәрі өздерін сақтықпен ұстайды.

Түн ұйқысын төрт бөлген түстерден оның мазасы қашты. Алдымен Нілден шыққан сиырлар оның түсіне кірді, олар жайбарақат жағалаудағы құрақта жайылып жүреді. Олардың жетеуі сау және күйлі болады — «Chick-Fil-A»<sup>\*</sup> мейрамханалары желісінің жарнама баннерлеріне тамаша үлгі. Бірақ осы тандаулы қоңырлар шөпті жусап жатқанда, аяқ астынан жүдеу жеті сиыр арттарынан ұрланып келіп, оларды жалмап қояды. Перғауын төсегінен ыршып тұрады — одан тер бұрқ етті.

Бірнеше минуттан кейін, біраз тынышталып ол қайта мүлгіді. Бірақ екінші түс те сондай үрейлі болды. Бидайдың піскен жеті масағын, іші қуыс, кеуіп кеткен басқа жеті

---

\* «Chick-Fil-A» — тауықтан тағамдар пісірумен шұғылданатын, тез тамақтану мейрамханаларының ірі желісі. «Eat Mor Chikin» («Тауықты көбірек же») желілік жарнамасында сүйкімді сиырлар келушілерге құс етін жеуін өтінеді.

масақ жұтып қояды. Өзара өте ұқсас екі түс, оларда әлдебір сұмдықтың жеті өкілі әлдебір керемет нәрсенің жеті өкілін жояды.

Перғауын мазасы кетіп, абдырап оянды. Кеңесшілерін шақырып алып, түстерін жорып беруін және сиырларды жеген сиырлармен, масақтарды жеген масақтар нені білдіретінін түсіндіріп беруін талап етті. Сандырақ қой бұл? Бірақ оның кеңесшілері перғауыннанда бетер абдырағандықтан жауабын таппады. Осы кезде бас шарапшы, өзі түрмеде танысқан Жүсіпті есіне түсіреді, сөйтіп перғауынға еврейдің түстерді жоритын шебері туралы айтуға асығады. Перғауынның ымдағаны сол-ақ еді, бәрі құрдай жүгірді. Жүсіпті жуындырып, Мысыр билеушісінің көз алдына алып келеді. Шарықтау шегінде Жақыптың сүйікті ұлы перғауынның тақ залының табалдырығын аттайды.

Ойлап көрші! Перғауын — жоғары билеуші, Жүсіп — бұрынғы қойшы. Перғауын — астана тұрғыны, ал Жүсіп — ауылдың жігіті. Перғауын сарайда шадыман өмір сүрді, ал Жүсіп түрмеде жылдап жатты. Перғауынның қолын алтын білезіктер әшекейлесе, Жүсіптің қолдарын — бұғаудан қалған іздер. Перғауын әскерлерге әмірі жүріп, пирамидалар тұрғызса; Жүсіп те бар болғаны — біреуден бір жолға сұрап алған киім мен шетелдік акцент.

Алайда біздің бұрынғы тұтқын сыр бермеді. Перғауынды тыңдап алып, ол кеңесшілердің көмегіне және кофе тұнбасында бал ашуға жүгінбестен бірден іске көшті. Жүсіптің алдындағы тапсырма, Гарвардта математикадан сабақ беретін профессор үшін көбейту кестесін орындаудан күрделірек еместұғын. «Мысырды жеті жыл бойы өркендеу, одан кейін жеті жылға созылатын аштық күтіп тұр».

Не перғауын, не басқалары естігендеріне не айтарын білмеді. Мысырлықтардың ауыз-екі сөзінде «аштық» деген сөз былапыт сөзбен бірдей болатын. Елдің экономикалық өркендеуі автомобиль құрылысына немесе жеңіл

өнеркәсіпке негізделмеген, ол тек жер өңдеуден тұратын. Бидай өндірісі Мысырды Нилдің көркі етті, ал оның билеушісін — дамыған әлемде ең беделді адам етті. Бір ай құрғақшылықтың өзі елдің экономикасына қаупін төндірді. Бір жыл бойы өнімнің болмауы, Нил жағалауынан орын тепкен ауыл шаруашылық жерлерінің жеке меншік иесі — перғауынның билігін едәуір әлсірететін еді. Жеті жылғы құрғақшылық Нилді бұлаққа, ал бидай егістіктерін құрғақтыққа айналдырар еді. Перғауын үшін аштық, мұнай шейхтары үшін жолға қойылған электромобильдер өндірісінің ағымын тоқтатумен бірдей еді. Бір сөзбен айтқанда, заманның ақыры!

Тақ залында, өрмекшінің торына түскен шыбынның дыбысы естілетіндей құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Орнаған үнсіздіктен ешбір қысылмастан, Жүсіп жиылғандардың алдында осы мәселенің ықтимал шешімін жариялады. «Ауыл шаруашылық министрлігін құрып, ақылды адамды басшы етіп қою керек. Астық мол болған жылдары бидайдың артығын қоймаға жинап, астық болмаған жылдары оларды зәру адамдар арасында үлестіру қажет».

Жүсіптің мына бетсіздігінен асып-сасқан патша қызметшілері ауыздарын ашып қалды. Перғауынға жаман хабарды айту бір басқа, ешкім сұрамастан — оған кеңес беру бір басқа. Бірақ сарайға енгелі мына жас жігіттің қаперіне қорку кіріп шықпайтын сияқты. Ол перғауынның алдында мүләйімсіген жоқ, сиқыршыларға құрмет көрсеткен жоқ, қолдарынан сүйген жоқ. Оның орнында басқа біреу болса, осы дүниенің алпауыттарының алдында қысылған болар еді, алайда Жүсіп міз баққан жоқ.

Қарашы, қандай қарама қайшылық: перғауын: тақ залында ең құдіретті адам, ол — Нилдің билеушісі, ол —

құдайдың жердегі өкілі және Ұлы Пух-Бах\* пирамидаларын жасаушы, естігенінен есін жию үшін бір жұтым виски ұрттауы керек болды. Ал Жүсіп, сондағылардың арасында құқықсыз, оның үстіне құл және зорламақшы болды деп айып тағылған тұтқын, мәрмәрдан құйылған ескерткіш іспетті міз бақпады.

Олардың осылай әр-түрлі өздерін ұстауының себебі неде?

Теңгерімде. Құламайтын-күлдіргі қуыршақта сол теңгерім болды. Кейіннен мен, туған күнде өзіме қатты әсер қалдырған балалар ойыншығы, қорғасынды ауырлықпен жабдықталғанын білдім. Оның түп жағына жасырылған үш фунтты пластина қарсы салмақ жасап, кез келген соққыны тұрақтандырады екен. Жүсіпте де, өзіміз білгеніміздей сол сияқты зікір (якорь) болған екен. Жоқ, темірден емес, оның зікірі — терең бойлаған, оған тұрақтылық беретін Құдайдың жоғары билігіне болған сенімі.

Бұл оның Мысырдың билеушісіне айтқан алғашқы сөздерінен-ақ көрінеді: «...түс жори алатын мен емес. Перғауынның игілігі үшін жоруын Құдай бермек» (Жар.баст 41:16). Екінші сөзінде Жүсіп өзінің түсіндіруін жалғастырды: «Мен жаңа айтқандай, Құдай осы түстер арқылы келешекте не болатынын перғауынға білдіріп тұр» (28 аят). Түстерді жорып болған соң, ол сөзін қорытып: «...Құдайдың Өзі шешіп қойған бұл істі жуырда жүзеге асыратынын білдіреді» деді. (32 аят).

Келтірілген үш аятта Жүсіп төрт мәрте Құдайға сілтейді! «Құдай... Құдай... Құдайдың... Құдай».

Бірақ бұрын да ол солай етті емес пе?! Потифардың әйелі оны азғырмақшы болғанда, Жүсіп: «Сонда мен қалайша сондай ауыр қылмыс жасап, Құдайдың көз алдында

---

\* Пух-Бах (англ. PooH-Bah) — бірден бірнеше лауазымда отырған адам («Микадо» комедиялық опера кейіпкерінің есімі бойынша).

күнәға батпақпын» деген еді ғой! (Жар.баст 39:9). Жүсіптің қамқорлығына тапсырылған тұтқындар одан түстерін жорып беруін сұрағанда, ол оларға: «...түс жору Құдайдың ісі емес пе? Маған айтып беріңіздер» деді (Жар.баст 40:8). Оның өнегелік компасының тілшесі, рухани көкжиегінің ең жарық жұлдызына яғни Құдайға қатесіз сілтеді. Оның әлемді елестету суретінде, Құдай әлдебір ұланғайыр нәрсе-ні жасауға қабілетті және дайын ең басты кейіпкер болды.

Өзіміз көргендей, Жүсіп қателеспепті. Перғауын жағдайды 180°өрістететін таңғажайып өкім берді: «Біз Құдай рухына кенелген тап осы адамдай біреуді таба аламыз ба?» (Жар.баст 41:38). Ол өзінің патшалығына қам жеуді Жүсіптің қолына тапсырды. Сол кеште-ақ Қанаханнан келген жігіт, перғауынның билігінен ғана кем түсетін құзыреттерге бөленіп, патша күймесінде отырды. Мансаптың не деген тосын шарықтауы!

«Жүсіптің өмірі» деген шатақ оқиғадан, мен бірталай жарақаттайтын жағдайларды байқадым: бұзылған бір уәде, кем дегенде екі сатқындық, оған қатысты бірнеше рет өшпенділіктің өршуі, екі рет ұрлау және азғырудың қақпанына түсіруге әрекет ету бір рет қана болған жоқ, он күншіл ағалары мен ата-аналық міндеттің тиесілі орындалмауының бір көрінісі. Одан басқа, қорлаулар, түрмеге әділетсіз жабу, екі жыл бойы адам жиіркенетін түрменің сұйықшалма көжесі,— ал енді осының бәрін араластырда бетінді тыжырайтпастан он үш жыл бойы іш. Одан не шығады? Киелі кітаптағы аса зор жоғарылату! Ешкім танымайтын Жақыптың ұлы, әлемдегі ең ұлы елде құдіреті бойынша екінші адамға айналады. Ол патша сарайына жылдам және қалтқысыз жүріп өткен жоқ, бірақ Құдай осы шатақ оқиғаны бергісіз бірнәрсеге айналдырды емес пе, қалай ойлайсың?

Ойланып көрші, Ол сенің өмірінде де дәл соны жасай ала ма? Өзіңнің өткен өмірдегі қиындықтарың туралы ой-

лап көр. Ашу мен бақытсыздықтар ұласқан опасыздықтар. Отбасыдағы қиындықтар. Әділетсіз айыптаулар. Жыныстық зорлық-зомбылық. Өмір қандай төзгісіз бола алады десеңші!

Соған қарамастан, менің сұрағыма жауап беріп көрші: Жүсіптің Құдайы бұрынғысынша күшті ме? Иә! Жүсіп үшін жасағанды Ол сен үшін жасай ала ма? Әрине! Иеміз, саған қарсы ойластырылған зұлымдықты, саған Өзі қалағандай адам етіп өзгеруіңе көмектесу үшін қолдана ала ма? Сөссіз! Бірде — осы өмірде және келешекте, сен мүмкін өзіңнің басыңа түскен жамандықтар есіңе түскенде, жалпы өміріңнің жаман болмағанын қорытатын шығарсың.

Лейтенант Сэм Браун дәл сондай ойға келді. Вест-Поинттағы оқуын аяқтағаннан кейін ол Ауғаныстанда өзінің алғашқы іссапарында болды, сонда қолдан жасалған жарылғыш зат оның «хаммерін» «Молотовтың коктейліне» айналдырды. Ол жүк көлігінен қалай шыққаны есінде жоқ, бірақ құмға дөңбекшіп, оны уыстап алып лапылдаған бетіне шашқаны, сөйтіп тізерлеп құлағанға дейін шыр айналып жүгіре бергені есінде. Аспанға лапылдаған қолдарын көтеріп, ол: «Құдай, мені құтқара гөр!» — деп айқайлады.

Сэмнің жағдайында осы сөздер жәй ғана түңілудің жан айқайы болған жоқ — ол Иса Мәсіхке шын жүрегімен сенді және Құтқарушыдан өзін аспанға алып кетуін өтінді, себебі өліп бара жатырмын деп ойлады.

Бірақ өзі сұраған өлімнің орнына, оның взводындағы пулеметшы жігіт келіп, атысқа қарамастан Сэмге пана жерге жетуге көмектесті. Дуалдың артына жасырынған лейтенант өзінің күйіктерін көріп, бықсыған қолғаптар жартылай қолының терісіне жабысып қалғанын түсінді. Ол қатардағы солдатқа қолғапты сыпырып шешуді бұйырды. Ол бір секундтай толқып, сосын күйіп қалған дененің

бөлшектерімен бірге қолғапты шешіп алды. Кейінгі бірқатар азапты медициналық килігулердің біріншісі болған осы қатты ауырсырудан Браунның жаны түршікті.

Көрші взводтан көлік келгенде жарақаттанған адамды жүк көлігіне орналастырды. Сэм есін жоғалтпастан бұрын, көліктің артқы айнасынан өз бейнесін көріп, өзін танымай қалды.

Бұл 2008 жылдың қыркүйек айында болды. Үш жыл өткеннен кейін біз кездескен сәтте ол тері трансплантациясы бойынша ондаған ауыр оталарды басынан өткерді. Сол оталар жасалатын кезде бастан кешірген азаптарды, сандық көрсеткіштерінің аса жоғары болатын бірдебір ауырсыну шкаласымен бағалау мүмкін емес.

Бірақ осы сұмдықтың нағыз қызған кезінде Сэмнің өміріне сұлулық еніп келді. Ол диетолог Эми Ларсен еді. Сэмнің аузы тиынның көлеміндей кішірейгендіктен, Эми оның тамақтану процесін бақылады. Сэмнің қызды алғаш көрген сәті есінде. Шаштары қара, көздері қой көз. Жігерлі. Шырайлы. Бірақ ең маңыздысы, оны көргенде қыз шошынбады.

Бірнеше апта өткенде Сэм батылданып, қызды кездесуге шақырды. Олар екеуі родеоға барды, ал келесі демалыста досының үйлену тойына шақыру алды. Жол үш сағатқа созылды, сол жерге жеткенше Эми Сэмге, оған бірнеше ай бұрын, жансақтау бөлімінде бүкіл денесі ақ дәкемен таңылып, морфиннің әсерінде болып, жасанды тыныстау аппаратына қосылған шақта назар аударғанын айтып берді. Сэм есін жиғанда, онымен танысу үшін палатасына кіреді, бірақ оны дәрігерлер мен туыстары қоршағандықтан, қыз кейін келмек болады.

Екі жас кездесулерін жалғастырады. Алғаш танысқан күндері Сэм Эмиге өзінің Иса Мәсіхке сенетінін айтады. Эми сенбеуші болатын, бірақ Сэмнің оқиғасы қыздың жүрегін тебіrentкені соншалық, ол да Құдайға бет бұрады.

Құдайдың рақымы туралы айтып беріп, Сэм оны Мәсікке алып келді. Осыдан кейін көп ұзамай олар үйленді. Бүгін, мен осы тіркестерді жазып отырғанда, олар жеті айлық ұлдарын тәрбиелеп отыр, ал Сэм болса жарақаттанғандарды оңалту бағдарламасын басқарады<sup>1</sup>.

Мен, ауғанның шөл даласында қатты күйік алған адамның үлесіне тиген сұмдықты кеміткім келмейді. Елестету мүмкін емес, көптеп жасалған оталардан алған оның азаптары мен оңалтуға жұмсаған күш салулары. Өзі алған сезімдік есеңгіреу, зайыптар қарым-қатынасына кейде теріс әсерін тигізеді. Бірақ Сэм мен Эми келесіге нық сенеді: *Құдайдың математикасы жалпыға ортақ математикадан ерекшеленеді. Соғыс + өлімалды азаптар + азапты оңалту = тамаша отбасы және жарқын келешекке деген үміт.* Құдайдың қолында ойластырылған зұлымдық ақыр соңында игілікке айналады.

Құдайдың көмегімен сен құламайтын күлдіргі қуыршақ сияқты қайта тұра аласың. Кім білсін? Мүмкін сенің биіктеуің бүгін іске асатын шығар. Жүсіптің тағдырын түбегейлі өзгерткен сол таңда, осы күн, алдыңғы жеті жүз күннен бір нәрсесімен өзгеше деген ой оның қаперіне де кірмеді. Ол: *«Жаратқан Ие, күн батқанға дейін мені Мысырдың премьер-министрі лауазымына көтеріші»* деп сиынбаған шығар. Бірақ Құдай Жүсіптің ең батыл дұғаларынан да асып түсті: оның күні абақтыда басталып, патша сарайында тәмамдалды. Ұйқыға жатып, ол жымия: *«Макс дұрыс айтыпты: мен шынымен де құламайтын күлдіргі қуыршақ екенмін»* деп сыбырлапты деген аңыз бар.

## 8 Тарау

# ӨМІРІНДЕ БӘРІ ОЙДАҒЫДАЙ БОЛМАҒАНДА, ҚҰДАЙ БҰРЫНҒЫСЫНША ИГІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕ МЕ?

Сол күнді мен шуақты, жазғы, нағыз бразилиялық күн деп есіме аламын. Біз Деналин екеуіміз достарымыз Пол мен Деббидің үйіне барған едік. Оларға бару, біз үшін көптен күткен демалыс болды, себебі біз Рио-де-Жанейроның орталығына жақын жердегі биік үйлерден пәтер жалдаған болатынбыз, ал Пол мен Деббидің үйі қала орталығынан бір сағаттық жерде, ауасы салқын, көшелері таза, өмір бірқалыпты жерде орналасқан. Оның үстіне оларда бассейн бар болатын.

Біздің екі жасар қызымыз Дженна олардың балаларымен рахаттана ойнады. Ойнап жүріп ол бір кезде құлап түсті. Сондықтан балаларды қараусыз қалдырмайық деп, тамақ алып шығу үшін бір минутқа ғана үйге кірген едік, сөйтіп тамақ жеп және көңілдене әңгіме-дүкен құрып отырдық, сол сәтте Пол мен Деббидің төрт жасар қызы, бөлмеге келіп: «Ал Дженни бассейнге құлап кетті» деп абайсызда айтып қалды. Тура бір жарылыстың толқынымен атылып шыққандай бөлмеден ұшып шықтық. Дженна суда тырбаңдап жатыр, әрине үрлемелі шеңбер, құтқаратын белдемше де оның үстінде болған жоқ. Пол оның қасына бірінші болып жетті. Ол бассейнге секіріп, Дженнаны қолына алып, Деналинге тапсырды. Шамамен бір минут Джен қақалып,

шашалды және жылады, сосын ештеңе болмағандай ойнауын жалғастырды. Апаттың алдын алдық. Біздің қызымыз қауіпсіздікте болды.

Сол кездегі біздің ризашылығымызды көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Біз бірден балаларды қоршап, олар үшін дұға еттік және алғыс әнін айттық. Дженнің қолынан жібермей, қалған күнімізді шат-шадыман өткіздік. Үйге қайтып бара жатып көлік басқарып отырғанда, артқы орындықта балалар креслосында ұйықтап жатқан Дженнаға қарап, мен тағы сиындым: *«Құдай, Сен қандай игі едің!»* сол кезде маған ой келді. Бұл ой Құдайдан ба? Әлде бар күшімен Оны түсінуге тырысқан жан-дүниемнің бір бөлігінен бе? Білмеймін. Бірақ, көкейдегі туған сұрақ әлі есімде: *«Егер Дженна аман қалмағанда, сен Құдайды бұрынғыдай игі деп есептеген болар ма едің?»*

Сол күні Құдайдың игі екендігі туралы аузым жабылмады. Бірақ егер біз Дженнадан айырылып қалғанда, мен әлі де өз пікірімде қалған болар ма едім? Әлде Құдай, өзімізбен болып жатқан немесе айналамыздағы нәрселер бізге ұнағанда ғана игі ме?

Ісік ремиссия кезеңіне өткенде, біз: *«Құдай игі!»* дейміз. Біздің жалақымыз өскенде, Құдайдың игі екенін жариялауға асығамыз. Жоғары оқу орнына қабылданғанымызда немесе өзіміз сүйетін команда жеңгенде, Құдай игі. Бірақ басқа жағдайларда дәл осыны айтар ма едік? Бала төсегінің жанында емес, зиратта болса ше? Дүкенде емес, еңбек биржасында кезекте тұрғанда ше? Қаржылай өркендеу кезінде емес, экономикалық дағдарыс кезінде ше? Құдай әрдайым игі ме?

Таяуда менің достарым Брайан мен Кристина үшін, осы мәселе аса өзектіге айналды. Осы жылы олардың жеті жасар қызы Ребекка ауруханада алты айдан аса жатып, ұйқы безінің науқасына байланысты алты ота жасатты. Брайан жұмыстан кетуге мәжбүр болды, себебі оның отбасының

бірнеше мүшесі қайтыс болды, тірі қалғанына ми ісігінің диагнозын қойды. Кристина төртінші балаға жүкті. Оларға оңай емес, келісесің ғой. Кристина өз блогында келесіні жазыпты:

Ауруханада қызымның төсегінің жанында өткізген айлар, қажытарлық болды, бірақ үмітімді үзбедім. Брайнның туыстарының бірінен соң бірі дүние салуы, көп ұзамай соңғы аман қалған туысына — ми ісігі диагнозын қоюы түсініксіз болды, бірақ сонда да сенімімнен таймадым. Жүктілігімнің жеті жарым айында плацента қыртыстанған деп ауруханаға алып кеткенде, қатты қорықтым, бірақ әлі де сендім. Мен, өзімді Құдай менің игілігім үшін әрекет етіп жатыр деп сендірдім, дегенмен басыма түскен сынақтардың қисынын түсіне алмасам да адам санасымен түсініп болмайтын ұлы Құдайдың ой-ниетінің бар екеніне сендім.

Құдаймен екеуміздің арамызда, мен басыма түскен ауыр сынақтарды Ол мендегі шыдамымның шегі деген сызықтан аттап өткенге дейін төземін деген кұпия келісім болды. Ол осы сызықтың қай жерде аяқталатынын жақсы білді және жүрегімнің түкпірінде Ол ешқашан одан аттамайтынына сенімді едім.

Бірақ Ол аттап өтті. Құрсағымдағы сәбиім өлі туылды, қызым Ребекка әлі де жасанды тамақтандыру зондымен өмір сүріп, денсаулығына қатысты болжамдар көмескі болғандықтан, өзіміз күткен және жақсы көрген төртінші баламыз аман болады деп алдын ала шешкен едік. Бірақ сәби өліп қалды. Құдай сызықтан аттап өтті және менің Құдаймен біржақты келісімім бұзылды.

Сол сәттен бастап бәрі өзгерді. Жан дүниемде үрей орын алып, сенімім күйрей бастады. Құдай кепілдеген «қауіпсіздік аралы» күнделікті тұрмыстың дауылында батып кетті. Өзім онсыз да жаншылып, қиындық көріп жүргенде осындай бақытсыздық басыма түсе алатын болса, демек тіптен қорғансыз болғаным ғой. Өмірімде алғаш рет, өзімді абыржу сезімі жегідей жей бастады<sup>1</sup>.

Осы жерде не нәрсе айтылмақ екенін ішіміз сезеді. Барлығымыз болмасақ та, біздің көпшілігіміз Құдаймен осындай келісімдер жасаймыз және Иеміздің оларға қол қоймайтыны, өзімізге олардың заңды екеніне сенуімізге кедергісін келтірмейді.

*Егер Құдай өз кезегінде...*

*баламды құтқарса,*

*әйелімді сауықтырса.*

*менің жұмысбастылығымды кепілдесе*

*жақсы, өнегелі адам болуды уәде етемін*

\_\_\_\_\_ (өз шартыңызды жазыңыз).

Әділ емес пе? Соған қарамастан, Құдай біздің үміттерімізді ақтамай қалса болғаны, біз түрлі сұрақтар мен күмәндардың иіріміне батып кетеміз. Ол жалпы игі Құдай ма? Бәлкім Ол маған ренжулі шығар? Оның асып-сасып немесе шаршап қалуы мүмкін емес қой? Ол шынымен де күдіретті ме? Әлде Оны шайтан алдап кетті ме? Нақты оқиғалар күткенімізге сай келмегенде, біз Ол туралы не ойлау керекпіз? Неге Ол соларға араласпайды?

Жүсіптің перғауынға айтқан сөздері, осы мәселеге айқындылық береді. Әдетте Жүсіптің сөздеріне, азапталушы Әйүптың сөздеріне немесе елші Пауылдың жолдауларына берілетін теологиялық мән берілмейді. Оның үстіне біздің қолданысымызда оның айтқан сөздері көп емес, бірақ сол бар болғандарының өзі оны Құдайдың қызу жақтаушысы екені туралы күәлік береді.

Ол перғауынға:

...Содан соң молшылықты ұмыттыратын жеті жылдық қуаңшылық келіп, елді құртып жібереді. Сонда бұл жерде болған молшылық ешкімнің есінде қалмай, елді өте ауыр ашаршылық жайламақ. Перғауынның түсті екі рет

көруі Құдайдың Өзі шешіп қойған бұл істі жуырда жүзеге асыратынын білдіреді» — деп жариялады.

*Жар.баст 41:30–32*

Жүсіп, молшылық та, аштық та — Құдайдың ісі екенін түсінді. Біріншісі де соңғысы да «шынайы Құдайдың сөзі».

Бұл қалайша мүмкін? Осындай сұмдық ауыртпалық Құдайдың ниетінің бөлігі болуы мүмкін бе?

Әрине жоқ. Құдай зұлымдық жасамайды және одан пайда таппайды. «Зұлымдық атаулы Құдайдан тым алшақ, әділетсіздік атаулы құдіреті шексіз Тәңірден әбден аулақ!» (Әйүп 34:10; сондай-ақ Жақып 1:17 қар-з). Құдай — игіліктің өзі. Игі Құдай қалайша әлдебір сұмдық нәрсенің Жаратушысы бола алады?

Оның үстіне Ол — тәуелсіз Билеуші. Киелі Жазба Оның толық және абсолютті бақылауына бірнеше рет сілтейді. «...пенделердің патшалықтарына үстемдік жүргізіп, Оларға Өзі қалаған кісісін басшылыққа тағайындайды..» (Дан. 5:21). Құдай игі және Құдай тәуелсіз. Онда игі Құдай билік ететін әлемде зұлымдық пен азаптардың болуына қалай қарауымыз керек?

Осы тұста Киелі кітаптық көзқарас келесідей: Құдай азаптарға жол береді. Жындар Исадан шошқа тобына енуге рұқсат сұрағанда, Ол «жол берді» (Марқа 5:12–13 қар-з). Өзіне бағынбағандар туралы Құдай былай деді: «Олардың...өздерін арамдауына да жол бердім. Өзімнің Жаратқан Ие екендігімді білсін деп...» (Ез. 20:26). Көне Өсиетте байқаусызда кісі өлтірген адамды күтетін салдарлар туралы айтылады: «..алайда егер оны ешқандай арам ниетсіз, Құдайдың жол беруімен істеген болса, онда ол Өзім белгілейтін бас сауғалау жеріне қашсын...» (Мыс.шығу 21:13).

Иә, кейде Құдай бақытсыздықтарға жол береді, мысалы қуаңшылық, оның нәтижесінде өнім болмайды. Ол

шайтанға зиянкестік жасауға жол береді және кейде аса ірі көлемде. Бірақ Құдай ешқашан шайтанның жеңуіне жол бермейді. Римдіктерге 8:28-де осы туралы айтылады емес пе: «тағы мынаны білеміз: барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді, себебі Ол бізді Өз мақсатына сай таңдап алды»Құдай өзімізбен болып жатқан нәрсенің бәрі әйтеуір біздің игілігімізге айналатынын уәде етеді, бірақ болатын нәрсенің бәрі игі *болып табылмайды*. Өміріміздегі кейбір оқиғалар тым жаман болуы мүмкін, бірақ ақыр соңында бәрі жақсы аяқталады.

Егер аңғаратын болсақ, осы шындықты өз өмірімізден де байқауға болады. Сен кофені фарфор ыдыстан сораптап тәбетпен ішіп: «Тамаша!» дейсің. Сонымен не айтқың келеді? Не тамаша? Кофе дәндері сақталатын пластик пакет пе? Немесе кофенің өзі ме? Мүмкін бар гәп, қайнаған суда шығар? Немесе кофе қайнатқыштың сүзгішінде болар? Ешқайсысы да емес. Әлдебір тамаша — немесе, Киелі кітаптық тілмен айтқанда *игі нәрсе*— барлық қажетті нәрсе қосылғанда іске асады: пакет ашылып, кофе ұнтақталды, су қажетті температураға жеткізілді. Өз алдына бөлек факторларды біріктіру осы игілікті жасады.

Көне Өсиетте де, Жаңа Өсиетте де аштық немесе жүрек талмасын немесе лаңкестік шабуылды игілік деп есептеуге жол беретін бірде бір аят жоқ. Осы сұмдық бақытсыздықтар күнәға бола қарғысқа ұшыраған жерден шығады. Соған қарамастан Киелі кітаптық сюжеттер, әсіресе Жүсіптің оқиғасы, Құдай оларды басқа қоспалармен араластырып, біздің игілімізге болатын нәрсені жасайды дегенге сенім ұялатады.

Бірақ біз Құдайдың түсінігіндегі *игілікке* сенім арту керекпіз. Сен екеуміздің ол туралы әбден дәстүрлі түсінігіміз бар, ол денсаулық, жайлылық, құрметті қамтиды. Бірақ, Құдайдың көзқарасы бойынша игілік дегеніміз не? Оның Жалғыз Ұлы Иса Мәсіхтің керемет өмірі, өзінде қиын-

шылықтар, толқулар және айқыштағы өлімді қамтыды. Бірақ Құдай осының бәрін: Өзінің даңқын асырып, біздің құтқарылуымызға әкелетін зор игілікке айналдырды.

Джони Эриксон Тада өмірінің көп бөлігінде, өмірде азаптардың болуын игі Құдайдың табиғатымен ымыраластыруға тырысты. Ол өзеннің тік жарынан секіріп, жарақат алып, нәтижесінде өмір бақи сал болып қалған шақта жас-өспірім болатын. Қырық жыл мүгедектер арбасында отырып, Джони келесі тұжырымға келді:

[Бастапқыда] мен, егер менің басыма түскен бақытсыздыққа шайтанмен Құдайдың қандай да қатысы бар болса, онда шайтан соған рұқсат алу үшін Құдайдың қолын бұрап күштеген болар деп ойладым ...

Мен былай пайымдадым: Құдай шайтанның табанды талаптарына жол берсе, Ол бейшара енді қолында жөндеу құралдары салынған шабаданды ұстап алып, шайтанның бүлдіргендерінің бәрін жөндеп, қалпына келтіру үшін оның артынан жүріп, міңгір-міңгір етіп: «Ойбу, қандай бәлеге ұшырадық, енді қалай бәрін жөндейміз?» деп байбалам салып жүрген болар<...>

Бірақ, Құдай шайтаннан әлдеқайда күдіретті...

Мені мүгедектер арбасына отырғызып, шайтан менің сенімімді шайқалтқысы келді, бірақ Құдай оның ой-ниетін талқандап, мүгедектер арбасының көмегімен және сонымен байланыстының бәрі арқылы мені Мәсіхке ұқсас етіп өзгерткісі келді...

[Иеміздің] шайтанның зұлым айдаларын барынша игілікке айналдыруға күші жеткілікті<sup>2</sup>.

Иса да осы туралы айтты. Оның шәкірттері жол жиегінде отырған туғаннан соқыр адамды көргенде, Исадан осы адам не үшін соқыр, деп сұрай бастады. Бұл Құдайдың қаһарының нәтижесінен бе? Егер солай болса, Оны қаһарландырған кім? Кім күнә жасады — соқыр адамның өзі ме, әлде оның ата анасы ма? Исаның: бұл адам «оның

өмірінен Құдайдың құдіретті ісі көрінуі» үшін соқыр болып туылды (Жохан 9:3), деген жауабы — Иеміз бір саты жоғары ой-ниетте болатынын көрсетті, шәкірттері ол туралы ойламаған да еді. Құдай соқырлықты — адам басына түсетін зор бақытсыздықты — Исаның ауыр сырқаттардың үстінен шексіз билігін көрсететін жарнамалық акцияға айналдырды. Шайтан зұлымдықты сеуіп әрекет етті, ал Құдай оған қарсы тұрды, сонда игілік үстем болып шықты. Бұл Құдайдың джиу-джитсу\* іспетті шеберлігі. Құдай зұлымдықтың күшін, оны туындатқан қайнар көзге қарсы бағыттайды. «[Құдай] оның зардаптарын жоққа шығару үшін зұлымдықты қолданады»<sup>3</sup>. Ол — Гроссмейстер және әрдайым шайтанға мат қояды.

Келесі нәрсе біз екеуімізге байланысты: Құдайға сенім арту немесе Одан теріс айналу. Күмәнданбасаң болады: Құдай біздің көкейкесті сызығымыздан аттап өтіп, үміттерімізді желге ұшырады, сонда бізге шешім қабылдауға тура келеді.

Кристина Тейлор өз таңдауын жасады. Тараудың басында сөз болған жас әйел есіңізде ме? Ол өз блогын келесі сөздермен аяқтады:

Апталар бойы мен, өзім жақсы көретін Құдай менің отбасым үшін қиын кезеңде неге осындай бақытсыздыққа жол берді деп басымды қатырдым. Өзім тірелген жалғыз тұжырым мынадай болды: мен өзім белгілеген төзімнің шегінен бас тартып, өз өмірімді, оның әрбір сәтін, өзіммен болып жатқан нәрсе ұнай ма жоқ па, соған қарамастан, күңкілдемей Құдайға сеніп тапсыруға тиіспін.

Менің отбасым — Құдайдың қолында. Мен бұдан былай ешқандай шектер қоймаймын және мәміле жасамаймын.

---

\* Джиу-джитсу *яп. дзю* (жұмсақ, иілгіш, икемді, көнгіш) және *дзюцу* (техника, тәсіл), *дәлме дәл* жұмсақтық шеберлігі) — қоян қолтық күрес шеберлігі, оның негізгі принципі икемді, көнгіш іс қимыл техникасы болып табылады.

Өзіме қымбат адамдардың өмірлерін Иемізге тапсырдым. Сонда дүрбелең билеп-төстеген жерде тыныштық, үрей басым болған тұста сабырлық орнады<sup>4</sup>.

Бір кездері біз бәріміз де осындай жолайырыққа тірелеміз. Оқиғаның соңы өзімізге ұнамаған жағдайда Иеміз бұрынғысынша игі болып қала ма? Науқас кезімізде, деніміз сау кездегідей Оған адал болып қаламыз ба? Біздің ақырғы жауабымыз — Иса Мәсіх. Ол — Құдайдың бізге қалдырған Өзінің жалғыз суреті. Аспанның азаптар туралы не ойлайтынын білгіңіз келе ме? Исаға қараңыз.

Ол алапестерге қолын қойып, күнәсіна өкінген күнакар әйелдің көз жасын сүртті, ашыққандардың зарына құлақ түрді, қайтыс болған досына қайғырды. Ол, қайғырған ананың мұқтаждықтарына қам жеу үшін Өз істерін кейінге қалдырды. Азаптарды көргенде Иса шеттеп өткен жоқ, қашқан жоқ және шегінген жоқ. Керісінше. Ол ешкімді алаламастан, бәрімен бірдей азап шекті. Отбасы ретсіздіктері ме? Иса олар туралы біреулерден естіп білген жоқ. Қызғаныштан өртенген еркектердің аяусыз үкіміме? Иса уға толы осы тостағаннан ішті. Оның өлімі мағынысыз сияқты ма? Жәй ғана айқышқа қараңызшы. Жер бетінде Ол бастан кешірмеген азап жоқ.

Неге? Өйткені Ол игі.

Құдай бізге одан басқа түсіндірулер беруге міндетті емес. Ол бізге тағы бір, терең түсініктеме бергеннің өзінде, оны түсінетінімізге кепіл бар ма? Сіз, осы жерде мәселе Құдайдың түсіндіру қабілетінде емес, бірақ біздің мүмкіндіктеріміздің шектеулі екендігінде, деп ойламайсыз ба? Келесі жағдайды елестетейік: Георг Фридрих Гендельдің жұбайы үйін жиыстырып жүріп, оның танымал «Мәсіх» ораториясының парағын кездейсоқ тауып алады. Ұлы шығарма екі жүзден аса беттен тұрады, бірақ ол түсініксіз жағдайлармен ас бөлмесіндегі үстел үстінде

қалған бір ғана парағын тауып алды. Күйеуінің қолымен жазылған осы парақта, оның сұлулығы бүкіл шығарма контекстінде ғана ашылатын минордағы жеке музыкалық үзінді ғана болды. Композитордың әйелі оны оқып шыға алып, үндестік бұзылған деп бағалап, қолына қысқан парақпен күйеуінің кабинетіне: «Мынау музыка емес, шимай-шатпақ, Георг. Сен — түкке тұрғысыз композиторсың» — деп жүгіріп кірді делік. Қызық, сонда Георг не ойлаған болар еді?

Кім білсін, біз өзімізді осылай ұстағанда Құдай да солай ойлайтын шығар? Өзіміздің минорлы үзінділеріміз — науқас бала, балдақ немесе аштыққа саусағымызбен шошайтып, біз: «Бұл мағынасыздық!» — дейміз. Бірақ, шындығын айтқанда Оның жаратылысының қай бөлігі біздің көзімізге көрінеді? Көргеніміздің көбісі өзімізге түсінікті ме? Оның титтей бөлігі ғана. Біз есіктің тесігінен ғана сығаладық. Азаптардың өзімізге тіптен бейтаныс, бірақ қисынды түсініктемесі болуы мүмкін бе? Азап сияқты мәселеде Құдайдың түсіндіруін ұғыну үшін, біздің орнықсыз санамызға берілгеннен де жедел жадының үлкен ауқымы қажет болса ше?

Жұмақтағы шадыман өмірден дәме, ең төзгісіз өмірдің өзін тиімді келісімге айналдыра алмай ма? Елші Пауыл: «уақытша көретін жеңіл азаптарымыз бізді өздеріне әлдеқайда зор, тіпті шексіз де мәңгілік ұлылыққа жеткізеді!» — деді (2 Қор. 4:17).

Мен саған, жиырма төрт сағат бойы бір күнді өзіңе қымбат адамдардың ортасында, өзің жақсы көретін нәрселерді жеп, өзіңе ұнайтын нәрсемен айналысып, жұмақ аралында өткізуді ұсынамын. Бірақ бір ғана шарт қоямын: осы жиырма төрт сағат шаттықта бір миллисекундты жайсыздық болады. Өзім көрсетпеуге құқылымын деп есептейтін себептермен, сен армандаған күн осы азаптың өкінішті миллисекундынан басталады.

Сен менің ұсынысымды қабылдайсың ба? Қабылдайсың деп ойлаймын. Титтей сәт — жиырма төрт сағатпен салыстырғанда түкке тұрғысыз? Егер жердегі өмір туралы Құдайдың сағаттары бойынша пайымдасақ, онда ол осы аты шулы миллисекунда. Жетпіс, сексен, тіпті тоқсан жастың өзін мәңгілікпен салыстыруға бола ма? Дұрыс жауабы — жоқ.

Сенің азаптарың, сенің өзіңмен салыстырғанда мәңгі емес, «Болашақта біз үшін анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда, қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігіне әбден сенемін» (Рим. 8:18).

Келешекте болатын нәрсе осы минутта болып жатқанның арқасында мәнге ие болады. Құдайға бастаған ісін аяқтауға жол бер. Ұлы Композиторға Өзінің симфониясын аяқтауға мүмкіндік бер. Өзімізді не күтіп тұрғанын аңғару қиын емес: сәтті күндер сәтсіз күндермен алмасады. Бірақ Құдай олардың *кез келгенінде* Құдай болып қала береді. Аштыққа да, мерекелік тойға да Ол әмірін жүргізеді және Өз мақсатына жету үшін Ол соларды қолдануды естен шығармайды.

## 9 Тарау

### ӨТІНЕМ, АЗ МАЗ БОЛСА ДА РИЗАШЫЛЫҚ АЙТ

Өзім асхана этикеті ережелеріндегі олқылықтарымды жасыруға қанша тырыссам да, менің аксүйектер тегінен еместігімді жиі өзімді әшкерелеп қояды. Осындай бір күлкілі оқиға біраз жыл бұрын бір діни қызметкердің үйіне шайға шақырғанда орын алды. Ол кезде мен қызметке де, қаламызға да жаңадан келген едім, ал ол — Англияда оқып жүрген Жаңа Зеландиядан келген тәжірибелі бақташы еді. Одан оның қауымында уағыздауға шақыру алып, мен ма-сайрадым, өзімді шайға шақырғанда тіптен қызығушылығым үдеді.

Мен дәстүрлі британдық шәй ішу дәстүрінен тіптен хабарым жоқ еді. Жоқ, әрине «файф-о-клок» туралы естігенмін, бірақ осы саладағы білімдарлығым сонымен шектеліп еді. Батыс Техастың тұрғындары үшін шәй— ең алдымен терлеген құмыралар, биік стакандар, мұз текшелері мен «Lipton» екенін ұмытпаңыз. Беймәлім нәрсені ашатын адамның ынтасымен, мен қызықтырарлық шақыруды қабыл алдым. Шәй сервизін және печенье салынған тарелкілер қойылып жайылған дастарқанды көріп, тамсандым. Бірақ осы сәтте бәрі ашылды. Үй иесінің жұбайы менен, шәйды сүтпен пе әлде лимон қосып құяйын ба, деп сұрады. Ал мен болсам, дұрыс жауабын білмегендіктен, дөрекі болып көрінбейін немесе таңсық сияпатты жіберіп алмайын деп, бүлк етпестен: «екеуін де қосыңыз» дедім.

Сол кездегі оның бет-жүзіне қарап-ақ түсінуге болатын еді. Мен мүлт кеттім. Ол: «Шәйіңіз қатыққа айналсын де-

месеңіз солай етпегеңіз жөн», — деді барынша жұмсақ дауыспен.

Кейбір заттар, бір бірі үшін тағайындалмаған. Мысықтың құйрығы және тербелетін кресло — нашар үйлесім. Піл және ыдыс сөресі — мәз емес таңдау. Баталар мен түңілудің шері — осы қоспаны Құдайдың өзі жақтыра бермейді. Жәннаттың жарылқауына жақсытықты білмеушілікті қосшы, сорақы қышқылдықты аласың.

Бәлкім, ризашылық сезімі, күңкілдеумен салыстырғанда адамның туа біткен қасиеті емес екенін өзінде түсінген боларсың. Сені қайдам, өзім әлдекімге күңкілдеудің уақыты келді деп әлдебіреудің есіне салуға тура келгенін байқаған емеспін. Соған қарамастан, сондай мінез-құлық, өзімізге көктен берілетін жарылқаумен тіптен үйлеспейді. Ризашылықтың едәуір дозасы — бізге жетіспейтіні міне осы.

Осы жағдайда ұнамды ерекшелік болып табылатын Жүсіптен басқамыздың бәріне бұл жетіспейді. Басқа-басқа, туғандары теріс айналып, құлдыққа сатылған, достары опасыздық жасаған Жүсіпте күңкілдеу үшін себеп жетіп артылатын еді. Бірақ Жүсіптің жүрегінен қандай да бір шерді табуға тырыспай ақ қой, — оның жүрегінде ол жоқ, есесіне ол бірден, ризашылықтың біртума екі көрінісімен ерекшеленді.

Аштық жылдары келгенге дейін, Жүсіпте екі ұл туылды, оларды оған Илиопольдің абызы Потифердің қызы Аснет туып берді. Сонда Жүсіп тұңғышына: Манаса деп ат қойды, себебі ол Құдай маған барлық бақытсыздықтарымды және отбасымды ұмыттырды деді. Ал екіншісіне: Ефрем деп ат қойды, өйткені Құдай мені азап көрген елімде өнімді етті деді.

*Жар.баст 41:50–52*

Балаға ат қою — үлкен жауапкершілік, себебі ол оған өмір бойы ілеседі. Қайда бармасын, кіммен таныспасын,

ата-анасының таңдауы оның есіне түсіп отырады. Өзінің қызын Айма деп атап, Техас штатының губернаторы Джим Хогг дәл осыны ойлады дейсіз бе\*? Әдетте ата-ана өзінің баласына жарасымды ат қою үшін әбден ізденеді. Жүсіп сондай ата-ананың бірі болатын.

Ол молшылықпен жарылқанған күндер болатын. Құдай Жүсіпті перғауын сарайында үлкен лауазыммен жарылқап қана қоймай, оған әйел де берді, себебі Жүсіпке отбасы құратын кез келген еді. Енді міне бақытты жас жұбайлар зайыптар төсегінде наздануда. Жүсіп, қолын созып, жүкті Асенеттің ішін сипап:

— Мен, баламыздың атын кім деп қоямыз деп ойландым, деді.

— Жарайсың! Мен де соны ойладым. мен «Сіздің балаңыздың есімі» деген кітапты да сатып алдым.

— Оның саған керегі болмайды. Мен есімді таңдап қойдым.

— Қандай сонда?

— *Құдай маған ұмыттырды.*

— Тұра тұр, Құдай саған баламыздың есімін ұмыттырса, сонда оған қандай ат қоясың?

— Қымбаттым, сен түсінбедің. Құдай маған ұмыттырды — ұлымыздың есімі осы болмақ.

Асенет Жүсіпке, әдетте мысырдың ақылды әйелдері өздерінің қисынсыз еврей күйеулеріне қарағандай көз қиғын тастады.

— *Құдай маған ұмыттырды?* Әркез ұлымды шақырғым келгенде, мен *Құдай маған ұмыттырды* деп айтуға мәжбүр боламын ба? — Болашақ ана күмәнданып, басын

---

\* Есім «Марвиннің тағдыры» атты поэмадан алынған, оны Айма-ның ағасы Томас Хогг жазған. Ima Hogg, есімі мен тегін қосып айтқанда ағылшынша I'm a hog («Мен шошқамын» деп естіледі. Айма өмір бойы есімін түсініксіз етіп жазып немесе Хогг ханым деп жазып өзінің есімін жасыруға тырысты.

шайқады, сөйтіп бұның қалай болатынын елестетуге тырысып: — Қымбатты Құдай маған ұмыттырды, түскі ас ішеміз. Қолыңды жу Құдай маған ұмыттырды, — деп айтып көрді. Білмеймін, Жүсіп. Маған Тут немесе Рамзес деген есімдер көбірек ұнайды. Ұлымызды Макс деп атасақ жаман болмас еді, қалай ойлайсың? Бұл есімді кім болса соған қоя бермейді.

— Жоқ, Асенет, мен бәрін ойластырып қойдым. Әркез ұлымның есімін атағанда, мен Құдайдың атын мадақтаймын. Жаратқан Ие маған өз бауырларымнан тартқан барлық бақытсыздықтарымды ұмыттырды және мен бәрі де, ең алдымен Құдайдың — Өзіне риза екенімді білгенін қалаймын.

Жүсіптің әйеліне осы ой ұнаған болса керек, себебі екінші ұлын туғанда олар оны «Құдай мені жемісті етті» деп ат қойды. Олардың тұңғышының есімі Құдайдың рақымын дәріптесе, екінші ұлының есімі Құдайдың қорғауын жариялады.

Қалай ойлайсың, Жүсіптің осы іс-әрекеті Құдайға әсер қалдырды ма? Осы сұраққа жауапты, Жаңа Өсиетте айтылған оқиғадан табамыз. Жүздеген жылдар өткенде «Иса Иерусалимге сапар шегіп бара жатқанда Самария мен Ғалилея аймақтары арқылы жүрді. Бір ауылға келгенде, Оған денесін алапес басқан он кісі кездесті. Олар алыстан тұрып, қатты дауыстап: Иса, Ұстаз, бізге қайырым ете көріңіз!» — деп жалынды (Лұқа 17:11–13).

Мүмкін олар, Иса жолдан олар жаққа бұрылады деп не болмаса Оны шоқ тоғайдың немесе жұмыр тастардың үйіндісі артында әдейі тосып тұрған болар. Олардың қайдан келгені белгісіз, бірақ олар жол бойы: «Таза емеспін! Арамданғанмын!» деп айқайлағаны белгілі. Алапестер өздерінің келе жатқаны туралы ескертуге міндетті болатын, сонда халық олардан жан-жаққа тым-тырақай қаша жөнелетін. Жара қаптаған терісі, өзгерген аяқ-қолдары,

бұжыр-бұжыр беттері. Халық алапестерден бойын аулақ ұстайтын, бірақ Иса олардың дауысын естіп, оларға жақындап келіп: «...діни қызметкерге барып, қаралындар! — деді (14 аят).

Алапестер, айтылған нұсқаудың мәнін түсінді. Олар, өздерінің қоғамдағы сұмдық жағдайын өзгертуге тек қана діни қызметкердің құқылы екенін білетін. Алапестер бақытына орай Исаны тыңдады. Олар бара жатып, жолда біртіндеп қажетсіз болған балдақтарын лақтырды, бастарынан көздері ғана көрінетін бас киімдерін шешіп, теп-тегіс болған бет терісін ашты, олар арқаларын жазып, жүздеріне күлкі үйірілді. Қасірет шеккен он адам, денсаулықтары қалпына келгеніне қуанып, секіріп, шаттана бастады.

Иса, олардың ойнап-қунап, төбе асқанына қарады. Иса олардың оралғанын тосты. Ұзақ тосты. Сол арада Оның шәкірттерінің бірі ағаштың көлеңкесіне жайғасты, бірі тамақ іздеп кетті. Ал Иса күтуін жалғастырды. Ол отбасымен қауышудың қуанышын естігісі келді. *«Ал, әйелің не деді? Балаларың қандай күйде болды? Өзіңді қайтадан салауатты сезіну қандай?»* «Иса, он адам оралып, Оған «рахмет» деп айтады деп күтті. Бірақ олардың біреуі ғана оралды.

Солардың біреуі өзінің сауығып кеткенін көрген соң, қатты дауыстап Құдайға мақтау айтып қайтып келді де, Исаның аяғына жығылып, Оған алғысын жаудырды. Ал бұл кісі самариялық болатын.

Иса сонда: «сауыққандар он кісі емес пе еді, тоғызы қайда? Құдайға мақтау айту үшін мына шетелдіктен басқа ешкім қайтып келмеді ме?» — деді.

*15–18 аят*

Исаның Өзі осындай көр-соқырлыққа қайран қалды, одан да сауыққан тоғыз адамға, сөзбен жеткізгісіз ризашылықтарын білдіріп, Исаның аяғына жығылуға әлемдегі

ешбір сұрапыл кедергісін келтірмейді деп болжау қисындырақ болар еді. Сонда оларға қайта оралуға не кедергісін келтірді? Аңғару қиын емес.

Олардың бірі алғыс айту үшін қолы бос болмады. Жок, әлбетте ол «рахмет» айтпақшы болған. Бірақ алдымен оған отбасымен қауышып, дәрігерлерге, көршілеріне бару керек болатын, сосын итін серуендету керек, тотықұсын тамақтандыру керек. Тірлік бастан асады, өзіңіз де білесіз ғой!

Екінші біріне, алғыс айтуға аса сақтық кедергісін келтірді. Ол мерзімінен бұрын қуануға сақтанып, аса үміттенбей-ақ қояйын, бірдеңеге ұрынып қалмай, ақырын тосайын деді. Иса жасаған жақсылығына не қайтарым сұрар екен? Әй-қайдам, болған іс шындыққа жанаспайды.

Иә, осы жігіттерді ессіздікте айыптай алмайсың.

Үшіншісі тым өзімшіл болып шықты. Ол, бұрын оңайырақ еді, енді міне жұмыс іздеу керек, қоғамдағы өмірге бейімделу керек, деп есептеді.

Төртіншісі, аса өркөкіректік танытты. Өзі анау айтқан наукас емес те еді ғой, уақыт оздырса, өзі-ақ сауығып кететін еді. Оның үстіне, алғыс айту — өзгенің көмегіне мұқтаж екенінді мойындауды білдіреді емес пе? Қандай есі дұрыс адам, өз дәрменсіздігін мойындайды?

Тым қауырт, тым сақ, тым өзімшіл, тым өркөкірек... таныс нәрселер емес пе? Осы оқиғадан қорыту шығаратын болсақ, олар көңіл көншітпейтін болып шығады: он адамның тоғызы алғыс айтуды білмеумен науқастанған. Индет дерсің-ау! Неге? Неліктен ризашылық соншалық құнсызданып кетті?

Жақында ұшақпен ұшуларымның бірінде осы сұрақтың жауабын тапқандаймын. Орта Батыстан үйге оралғанымда, біздің ұшақ ауа-райының қолайсыздығына байланысты Далластың әуежайына қонды. Мен, Сан-Антониоға соңғы түнгі рейске билет тіркеуге үлгіремін деп үміттеніп, кассаға ентеледім. Әуежайда бей-берекетсіздік орнаған: бәрі

мен жүгірген жаққа бет алған. Өзім ұшамын деп үміттенген рейске қосымша билеттер тіркеу аяқталып қалды. Өзім сол сәтте қабілетті болған бар сыпайылығыммен, тіркеу үстелінде кезекшілік еткен қызға:

— Тағы бір орын қалған жоқ па, қарап жіберіңізші? — деп сұрадым.

Монитордың экранына көз тастап, ол:

— Әй-қайдам, сізге...

Жүрегім сыздап кетті. Мен: «Әй-қайдам, сізге...сы түнді әуежайда өткізуіңізге тура келеді», «Отельден нөмір алуыңызға тура келеді», «Сан-Антониоға таңғы алтыдағы рейспен ғана ұша аласыз» дегенді естуге дайын болдым.

Бірақ қыз бәлендей ондай деген жоқ. Маған қарап, ол күлімсіреді де:

— Эконом-класс салонында орындар бітті. Біз сізді бизнес-класс салонына ауыстыруға мәжбүрміз. Қарсы емессіз бе? — деді.

— Ал мен сізді шөлпілдетіп сүйсем, қарсы болмайсыз ба?

Көп ұзамай мен ұшақта отырдым. Кең креслода ыңғайлы жайғасып, рахаттана аяғымды создым.

Және шексіз риза болдым.

Бірақ осы рейстің барлық жолаушылары менімен ниеттес емес еді. Өтетін жерден әрі отырған еркек, өзіне бір ғана жастық бергеніне қатты кейіді. Ол, салонды және жолаушыларды кештетіп ұшуға дайындап әлек болған бейшара стюардессаларға қанағаттанарлықсыз деңгейде қызмет көрсетілгеніне шағымданып, мазаларын алды.

— Бизнес-класқа билет алып, мен қосымша қызметтің құнын төледім, сол себептен өзіме осылай қатынасуға жол бермеймін. Мен тағы бір жастықты талап етемін!

Ал өтетін жердің бергі тұсындағы сіздердің пақырыңыз, билет сатып алмастан лотереядан ұтып алғандай мээ-мейрам. Сөйтіп, бір жолаушы астаң-кестең болып

ашуланса, енді бірі — ризашылықпен жымияды. Неге? Себебі, беймазадам, өзінің ұшуы үшін бизнес-класпен төледі, ал менің орным сый болатын.

Сен өтетін жердің қай бетінде отырсың?

Егер сен, бүкіл әлем өзіңе борыштар деп есептесең, онда сен бос өмір сүріп, күңкілдеуге дайын бол. Сен өзінді әрқашан да наразы болуға душар етесің. Төбендегі аспан ешқашан жеткілікті көгілдір, тәрілкендегі жаншылған ет ешқашан жеткілікті қуырылмаған болмақ. Сен сияқты талапшыл адамға жағатындай, өмір ешқашан жеткілікті жақсы болмайды. Және өзің өмірден ерте өтіп, өміріңнің соңына дейін күңкілдеп, шаптығып өтесің. «Өркөкірек адам сирек алғыс айтады. Өзі қаншалық лайық болса, сонша нәрсеге ие екені оның қаперіне де кірмейді»<sup>1</sup>.

Ризашылыққа толы жүрек болса, әр күнді сый ретінде қабылдайды. Риза бола алатын адам, өзіне жастық жетпей қалғанын байқамайды және өзі ие болған артықшылықтарға көбірек назар аударады. Таяуда мен бір жаралы сарбазға үйге ақысыз ие болу сертификаты берілген банкетке қатыстым. Оның риза болғаны соншалық, тізерлеп отыра кете жаздады. Сахнаға эзер көтерілген ол, іс-шараның жүргізушісін құшағында тұншықтырып қоя жаздады. «Рахмет! Рахмет! Рахмет!» — деп қайталады ол, сосын жақын жерде болған оркестрантты, алдыңғы қатарда отырған толық әйелді, даяшыны және басқа сарбаздарды, қайта айналып жүргізушіні құшақтауға кірісті. Оның марапатталуына ешбір қатысым жоқ болса да, банкет аяқталғанға дейін, маған да алғыс айтып үлгірді.

Біз де осындай риза болуға тиісті емеспіз бе? Иса біз үшін үй тұрғызып жатыр (Жохан 14:2 қар-3), және сол жаралы солдатқа берілгені сияқты біздің меншікке құқымызды растайтын сертификатты дайындап жатыр. Оның үстіне Иса жанымызды тәлкек етіп, сезімдерімізді мұқалтқан күнәнің алапесінен бізді айықтырды. Осыған қарамастан,

жолымызда кезіккен Адам Ұлы, бізге сауыққанымызды айтты. О, керемет! Біз шынымен де сауықтық!

Риза жүрек, магнит сияқты ризашылық үшін титтей болса да сылтау табады. Әр түні аспанның қара жамылғысы сансыз жұлдыздарға толады. *Рахмет Саған Ием.* Көзіміздің құрылысы бізге осы тіркестерді оқуға, ал миымызға алған мәліметтерді өңдеуге мүмкіндік береді. *Рахмет Саған Ием.* Біздің өкпеміз күнделікті он бір мың литр ауаны жұтып, шығарады. Бүкіл өмірімізде жүрек үш миллиард рет соғады. Біздің миымыз — шынымен де мүмкіндіктер генераторы. *Рахмет Саған Ием.*

Кептірілген нанға жағылған тосап және ботқадағы сүт үшін; жылы қымтайтын жұмсақ көрпе мен көңіл-күйімізді көтеретін қалжың үшін; Құдайдың сүйіспеншілігін есімізге салатын жылы күн үшін және бүгін аман-есен қонған мыңдаған ұшақтар үшін рахмет. Әйелдеріне адал күйеулер үшін және күйеулерін сүйетін әйелдер үшін рахмет. Өз ата-аналарына ұмытылмайтын маскара төндірудің еңсерілмейтін тілегіне қарамастан, сондай ойлардан бойларын аулақ ұстауды шешкен балалар үшін рахмет. *Рахмет Саған Ием.*

Ризашылық бізге қиындықтармен күресуге көмектеседі. Өміріміздегі жарылқаулар туралы куәлік беріп, біз Құдайдың жетістіктерін мойындаймыз. Оның жетістіктерін мойындап, біз Оның жүрегін танимыз. Оның жүрегін тану үшін, тек игі сыйларды біліп қана қоймай, игілікті Берушіні де тану керек. Ризашылық міндетті түрде өзіміздің назарымызды Құдайға бұрып, үрей туралы ұмыттырады. Күннің алғаш шапақтары ойпаттағы будақтаған тұманды сейілетіні сияқты, ризашылық та алаңдаушылықтың ізінде қалдырмастан өшіреді.

Құдайды ду қол шапалақпен қарсы алатын сауыққандардың 10% қатарына кір. «Иеміз Иса Мәсіхтің атымен Құдай Әкеге қай нәрсе үшін де ұдайы шүкіршілік етіндер» (Еф. 5:20).

Сен өз балаңа Құдайдың құрметіне ат қоюға міндетті емессің, бірақ бір жағынан неге солай етпеске? Тағы айтар болсақ, Оның барлық жарылқауларын тізіп жазып хат жазуға немесе Оны мадақтайтын әнұран жазуға болады. Жетімді өз қамқорлығыңа алып, жағдайы нашар отбасыға қандай да бір электр жабдығын алуға немесе Құдай өзіңді бала еткендей, бала асырап алуға болады. Шыңырауға құлауды болдыртпайтын ең сенімді бағыт, «Рахмет» деген жол белгісі бар жол.

Десек те, бақытсыздықтарды қайтеміз? Ұйқысыз түндер мен дамылсыз үрейлерді қалай жоямыз? Сол кезде де Құдайға алғыс айту керек пе? Иса алғыс айтты. «...Иеміз ұсталып берілен түні нанды алып, шүкіршілік етті де, үзіп беріп...» (1 Қор. 11:23–24).

«Опасыздық жасау» және «алғыс айту» деген сөздерді бір сөйлемде көп кездестіре бермейсің, ал бір жүректе бұлар тіптен жоқтың қасы. Иса шәкірттерімен жоғарыдағы қонақ бөлмесінде жиналды. Зұлым Яһуда бұрышқа тығылды. Қызба Петір үстел басына жантайды. Аз уақыттан соң, біреуі Исаға опасыздық жасайды, ал біреуі Одан бас тартады. Иса, Өзіне опасыздық жасалатын сол түні біле тұра, Құдай Әкеге рахмет айтты. Адам баласының жаны үшін сұм сын сағатында, Исаның жүрегі алғысқа толы болды. Күн нұрын шашқан сәтте кез-келген адам рахмет айта алады, бірақ Иса бізді, айналамызда түн түнегі қоюланған шақтарда да алғыс айтуға үйретеді.

Ол осыған сегіз жасар Даниэлді үйретті. Менің досым Роб, көз жасын жасырмай, өз ұлының қиын өмірі туралы талай әңгімелеген. Даниэль ерні мен таңдайындағы жырықпен туылды (қоян ерін және қасқыр азу), бұл оның ажарын адам қарағысыз ұсқынсыз етті. Ол, іздері әлі де байқалатын отаны бастан кешірді, сондықтан айналадағы адамдар оған назар аударады, кейде түрлі ойларын айтуға да жол беріп жатады.

Бірақ Даниэль оған қымсынбайды. Әуес адамдардың сұрақтарына, ол Құдай өзін осылай жаратқанын айтып, — ойпырым-ай солда сөз болып па! — деп жауап береді. Өз мектебінде бірде ол аптаның ең үздік шәкірттерінің бірі ретінде танылды. Бұндай жағдайда жеңімпазға сыныптастары алдында «Көрсет және әңгімеле» деген презентациямен сөйлеу керек\*. Даниэль анасына, сыныптастарына отаға дейінгі суреттерін көрсеткісі келетінін айтты. Анасының мазасы қашты.

— Жаным, өзің қысылмайсың ба? — деп сұрады анасы.

Бірақ Даниэль өз дегенінде табанды болды:

— Еш уайымдама. Мен үшін Құдайдың не істегенін бәрі көргенін қалаймын!<sup>2</sup>

Даниэльдің үлгісіне еруге өжеттен, сонда сен не болатынын көресің. Құдай саған жарылқаулар тостағанын әзірледі. Оған алғысқа тола қасықты қос.

— Сіздерге өзімнің ұлдарымды таныстыруға рұқсат етіңіздер. — Осындай сөздер айтып, Жүсіп жиылғандарға сөйлей алатын еді. — *Құдай маған ұмыттырды және Құдай мені жемісті етті*, кірiндер. Сендерге неге осындай ат қойғанымды білгілерің келе ме? Онда ыңғайланып отырыңдар, мен сендерге Құдайдың мен үшін не істегенін айтып беремін.

---

\* «Көрсет және әңгімеле» — кіші сыныптағы балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін жаттығу.

# 10 Тарау

## ОТБАСЫЛЫҚ РЕНІШТЕР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСЕЙІК

Отбасылық жаралар ақырындап жазылады. Өзінде бақытты балалық шақ болды деп үміттенемін, ата-анаң сені мәпелеп және әлпештеп өсірді, кейде өзіңмен бірге көңілденіп-шаттанған болар. Әкең күнде кешкісін жұмыстан оралып, анаң ұйқыға кеткенінде көрпенді қымтаған болар, ал аға-әпкелерің сенің ең жақсы достарың болған шығар. Отбасыдағы реніштерді талдауға арналған осы тарауды, сен қажет емес және өзіңе қатысы жоқ деп табасың деп сенгім келеді.

Осы ойда өзім асыра оптимист болып жатсам, сен жалғыз емес екеніңді — біліп қой. Киелі кітаптағы ең танымал отбасы еменіне азғындау балта шапты. Адам бар кінәны Хауаға жапты. Қабыл өзінің інісін өлтірді. Ыбырайым Саррамен туыстығын мойындауға асықпады. Рабиға сүйікті Жақып ұлын қамқорлауын қоймады, ал Жақып болса Есауды алдап-соғып, қарақшылар тобырымен байланысты. Жаратылыстың басталуы — отбасылық жанжалдар мен ұрыс-керіске толы болды.

Жүсіп ағаларының тарапынан осындай қатыгез қатынасқа лайық болмады. Сөз жоқ, оны сүйкімді жігіт немесе көпшіліктің ықыласы түскен деп атауға болмайтын еді, ол өзінің ғажайып түстерімен бөлісіп немесе ағаларына шағымданудың мүмкіндігін<sup>1</sup> қалт жібермейтін және отбасыдағы жанжалдарға ішінара оның да кінәсы болды. Бірақ ол, өзін алдымен құдыққа тастап, сосын тиын-тебенге көпестерге сататындай пәлендей ештеңе жасаған жоқ еді.

Жүсіптің үлкен он ағасы қылмыс жасады. Он бір ұлдың бір әкесі болды, олар бір дастарқаннан ас ішіп, бір аулада ойнап өсті. Ағалары Жүсіпке бас-көз болуы тиіс еді, бірақ олар өздерін ерсі ұстады. Ал әкесі ше? Осындай жауапты сәтте Жақып балаларының жанынан табылмады.

Аксақал бар ілтипатқа лайық болса да, өзінде отбасылық өмірдің психологиясымен танысу мүмкіндігі болмады. Өзінің алғашқы қателігін ол, сүйіктісіне үйлену үшін өзі сүймейтін әйелге үйлену кезінде жасады. Оның екінші қателігі, туған әпкелі-сіңлілерге үйленгені еді. (Бұнысы тұтатқан сіріңкені петарда толы дүңгіршекке тастағанмен пара-пар). Әпкелердің үлкені оған қатарынан ұлдарды туып берді, ал кішісі бедеу болды. Өзінің отбасын сансыз көп жандардан тұрсын деген тілекпен, Жақып әйелінің қызметші әйелдерінің де көңілін қалдырған жоқ, осылайша жарқын рудың бірталай ұрпақтарын жинап алды. Ақыр соңында сүйікті әйелі Рахила Жақыпқа сүйіктісіне айналған Жүсіпті туып береді. Өздерінің екінші ұлы Бениаминді босану үстінде Рахила дүниеден өтеді, қайғы жаншыған Жақып, дау-дамайы бітпейтін отбасының отағасы болып қала береді.

Жақып сырттай бақылаушының ұстанымында болды. Жүсіп, ағаларының алдында мұрнын шүйіріп, олар өзіне табынатынын болжап айтқанда, Жақып үндеген жоқ. Ұлдары, өздері өткен кезеңде ер-азаматтарын қырып салған Сихем қаласының маңында қойды өрістетуге кеткенін білгенде, оларды тоқтату үшін әрекеттенді ме? Жоқ, барып жағдайды біліп, өзіне баяндасын деп оларға Жүсіпті жіберді. Жақып өз міндетін ұлының мойнына артты.

Немқұрайлы әке. Бетімен кеткен ұлдар.

Ұлдарына әке керек болды, әке өз ұлдарына қатынасын өзгертуі тиіс еді, ал Жүсіпке қорған керек болды. Бірақ әлеуетті қорған — туған әке — өзін еш танытпады және тиісті бақылаудың болмауы Жүсіп үшін сорақы аяқталды.

Бастапқыда Жүсіп өзінің өткен өмірін есіне алғысы келмеді. Өз ағаларын қайта көрген шақта, Жүсіп он жылдай Мысырдың премьер-министрі лауазымында еді. Оның мойнына эмблемасы бар ауыр алтын алқа тағылған еді, онда бүркіттің бейнесі болды, ал қолында — перғауынның мөрімен жүзік болды. Қанға малынған түсті киімді патша киімі алмастырды. Біздің Қанаханнан келген жігітіміз өзіне тәп-тәуір мансап жасады.

Қайда барса да еркі болған, Жүсіп Қанаханға оралмауды шешті. Әскерін жинап, бауырларына кек қайтаруына болар еді ғой? Иә, ондай мүмкіндігі болды. Адам жіберіп, әкесін алдыртуға ше? Ең болмағанда одан хабар алуға? Қалай болғанда да Жүсіпте бәрінің тоқетерін қоюға сегіз жыл уақыты болды. Өзінің отбасын қайдан табуға болатынын біле тұра, Жүсіп оларды іздемеуге бел буды. Жабулы қазанды жабулы күйінде қалдырып, Жүсіп отбасы құпияларын сауықпаған күйі қалдырды, ол өткенін өткен шақта қалдыруды игі деп шешті.

Бірақ Құдай басқаша шешті. Отбасының бірігуі Құдай үшін аса маңызды. Адам жүрегінің сауығуы оның өткен өмірінің сауығуын да қамтиды, сондықтан Құдай Жүсіптің сөресін шаң басқан қаңқалардан арылтуды жөн көрді.

«Айналадағы барлық басқа мемлекеттерден де адамдар азық сатып алу үшін Жүсіпке келді, өйткені бүкіл өлкені ғаламат ашаршылық жайлап алған еді» (Жар.баст 41:57). Қарай көріңдер, Мысырдың қайырымдылығын іздеген, шетелдіктердің таусылмайтын легін кімдер толтырды! «Осылай Жүсіптің он ағасы азық алып келуге Мысырға қарай бет алды» (Жар.баст 42:3).

Жүсіп ағаларын көрмес бұрын, оларды естіп қалды. Құлағына еврейше сөз жеткенде, ол қызметшінің сұрауларына жауап беріп тұрған болатын. Ана тілі ғана емес, өз отбасында қолданыстағы сөздер естілді. Тағатсыздықты

білдірген ишарамен, билеуші қызметшісін тоқтатып, көз жүгірткен тобырдан өз бауырларын көрді.

Олардың шаштары ағарып, таз болғанына қарамастан, Жүсіп оларды таныды, ал жел қаққан, аштықтан жүдеген жүздері қуаң тартып, жолдың шаңынан ұйпа-тұйпа болған. Терге малынған киімдері де денелеріне жабысып қалған. Өркениетті және білімді мысырлықтардың аясында осы еврей еркектер, Таймс-саябағына\* келген ауылдықтар сияқты көрінді. Жүсіпке бидай сатып алу туралы өз өтініштерін білдірудің кезегі келгенде, олар оны танымады. Жүсіп таза қырынған, киімі патшалардыкіндей салтанатты еді, ол мысырлықтардың тілінде сөйлесті. Көзінің айналасы қара сүрмемен жүргізіліп, басында шлемге ұқсайтын қара парик. Алдарында өздерінің кіші інісі Жүсіп деген ой, олардың үш ұйықтаса түсіне кірмеген еді.

Мысырдың билеушісі еврей тілін білмейді деп ойлап, ағалары онымен ишаралап сөйлесті. Бидай масақтарын, сосын ауыздарын көрсетіп, олар бауырларының біріне әмиянмен алға шығуын айтты, асығып-аптығып шыққан ол, күмістерді шашып алды.

Шашылып қалған күмістерді көргенде, Жүсіп ашудан еріндерін тістелеп, жүрегі айныды. Ол өзінің тұңғышын Құдай маған ұмыттырды деп атады, бірақ Жақыптың үлкен ұлдарының қолындағы күмістерді көргенде, ештеңені ұмытпағанын түсінді. Өткен жолы Жақыптың үлкен ұлдарының қолынан күміс тиындарды көргенде, олар бұны күлкі етіп, ол болса аяушылық танытындар деп жалбарынып еді. Сол күні құдық түбінен біреуінің болса да жүзінен дос-жаранның нышанын байқағысы келіп, осылардың жүзіне жалтақтаған еді, бірақ бірде-біреуінен ондай ниет таппады. Енді олар оған ақша ұсынуға қалай дәті барады?

---

\* Таймс-саябағы — Нью-Йорктегі Манхэттеннің орталық бөлігіндегі аудан, қаланың танымал жерлерінің бірі.

Еврей тілінде сөйлей алатын құлын шақыруды бұйырып, Жүсіп қабағын шытып, ағаларына түнеріп қарады. «Жүсіп оларды көрісімен-ақ танығанмен, бөтен адамның сыңайын танытып, олармен қатал сөйлесті». (Жар.баст 42:7).

Ұйқысынан мерзімінен бұрын оятқан осы түнгі күзетшінің дауыс сарынын елестете аламын.

— Кімсіңдер? Қайдан келдіңдер?

Ағалары маңдайларымен еденге ұра жаздап, ұшып түсті, бұл Жүсіпке оның ертедегі түсін есіне түсірді.

— Э-э-э, біз жаңа ғана Қанаханнан келдік. Бәлкім, әміршім біздің ел туралы естіген болар?

Түнерген қабағы ашылмай, Жүсіп ағаларын көзімен тесіп барады:

— Күмән тудырасыңдар өздерің. Күзет, мына тыңшыларды түрмеге тастандар! Олар біздің елімізге жаман ниетпен енген.

Барлық он бауыр жарыса шу ете қалды:

— Жоғары мәртебелі! Тақсыр ие! Сіз бізді түсінбей қалдыңыз! Біз — қадірлі адамдармыз, маңдай терімізбен нанымызды тауып жеп жүрген жандармыз. Біз бәріміз — өсіп-өнген үлкен отбасы мүшелеріміз. Мынау Шимон, мынау Яһуда... жалпы біз он екі ағайынды болғанбыз. Бұрын он екі едік.«Ең кішіміз әкеміздің қасында қалды, ал бір бауырымыз қайтыс болды» (Жар.баст 42:13).

Осы сөздер айтылғанда, Жүсіп тамағына тас тірелгендей болады. Соңғы жиырма жылда алғаш өзінің отбасы туралы естіді. Әкесі тірі. Бунямин тірі. Және бәрі оның өзін өлді деп есептейді.

— Былай істендер... — Жүсіп ағаларының сөзін бөлді.— Үйде қалған ең кіші інілерің де келмейінше бұл жерден ешқайда кетпейсіңдер. Кенже бауырларыңды алып келуге араларыңнан біреуінді жіберіңдер, ал басқаларың қамауға алынасыңдар.

Осы шешіммен Жүсіп олардың аяқ-қолдарын байлады. Әмір беретін ишарамен ол бауырларын бұғаулады. Оларды өзі ең болмағанда екі жыл өткізген түрмеге тастаған болуы әбден мүмкін.

Оқиға қалай қызық өрбіді: дөрекілік, қатыгездік, тұтқындалу, қарым-қатынасты толықтай үзу!.. Осының бәрі Жүсіптің және оның ағаларының өмірінде болды, бірақ енді олар орын ауыстырды. Алдымен бауырлары оған қарсы сөз байласты, енді Жүсіп оларға қарсы қастық ойластырды. Бір кездері ағалары аузына келгендерін айтып, оның көмек сұраған жалбарынуларына құлақ аспап еді, енді олардың өздеріне селқостықтың дәмін татудың кезегі келді.

Не болып жатыр?

Жүсіп, өзі не істеу керектігін әбден ойластырды деп ойлаймын. Оның алдында елдегі аштық мәселесін шешуден де қиын міндет тұрды. Ол Потифар ханымның алдында міз бақпады, жоғары лауазымға тағайындауды да лайықты көтерді, бірақ қандас туған ағаларымен кездескенде, буырқанған ауырсыну мен жеккөрушілікпен не істемек? Жүсіп асып-састы.

Мүмкін сен де осындай жағдайды сезініп тұрған боларсың?

Отбасың сен үшін жердегі ең қауіпсіз жер бола алмады. Балалық шақ туралы сен өміріңнің қиын кезеңі ретінде еске аласың. Өзіңе қамқорлық жасауға тиіс адам, өзінің міндеттерін тиісті атқара алмады. Бірақ сен, Жүсіп сияқты адам қатарына қосылу үшін қолыңнан келгенді істеп бақтың. Сен отбасы құрып түтініңді түтеттің, сөйтіп артқы көріністі көрсететін айнаға соңғы рет көз тастап, өз Қанаханыңмен біржола қоштасуға әзірсің, бірақ ...Құдай әзір емес.

Иеміз бізге өзіміз сұрағаннан да артығымен беріп, олардың болуы туралы өзіміз де білмейтін жан-жараларымыз-

ды сауықтырады. Ол жүрегімізді жаулап қана қоймай — бірақ оны сауықтырғысы да келеді. Неге? Себебі, жаралы адам айналасындағы адамдарды жаралайды. Осы жайында ойланшы. Неліктен бұрқан-талқан боласың? Неліктен дау-жанжалдан қашуға тырысасың? Неге бәрінің көңілінен шығуға ұмтыласың? Өзіңнің мінез-құлқың жазылмаған жан жарасының зардаптары болғандықтан емес пе? Сенің игілігің үшін, Құдай сенің жан-жүрегіңді сауықтырғысы келеді.

Және сенің балаларыңның игілігі үшін. Жүсіп өзінің ағаларымен татуласқысы келмеді деп болжамдап көрейік. Ұзақ ойланбастан, олармен барлық қатынасын үзді делік. Исраил халқын құтқару жөніндегі Құдайдың жоспары оның жанашырлық таныту қабілетіне байланысты екенін білместен Жүсіп жауапкершіліктен тайды. Мұнда бүтіндей бір халықтың тағдыры көнге қойылып, шешілгелі тұр еді.

Жасыратыны жоқ: сенің өмірінде де өте көптеген адамдардың келешегі көнге қойылған. Бірнеше жыл бұрын менің жақын досымды, әкесінің мәйітін тану үшін мәйітханаға шақырды. Оны әкесінің бұрынғы әйелі түн ішінде атып өлтірген. Қауіпті оқ ату, осы отбасыдағы ашу-ыза мен зорлық-зомбылықтың ұзын шынжырындағы көптеген эпизодтарының бірі болды. Менің досым, әкесінің мәйітіне қарап: *«Менің өмірімде зорлық-зомбылықтың ұшқыны да болмайды»* деп шешім қабылдағаны есінде. (Ол өз сөзінде тұрды).

Сен де сондай шешім қабылда. Иә, сенің отбасыңның тарихында бірнеше мұнды кезеңдер бар. Бірақ сенің отбасыңның тарихы, саған өз келешегінді күштеп тағуға міндетті емес. Бұрынғы ұрпақтың қателіктері мен жаңсақтықтарын осы жерде және қазір қалдыруға болады. Сен өз ата бабаларыңнан мұраға алғаныңды өз балаларыңа тапсыруға міндетті емессің.

Құдаймен өз отбасындағы реніштер мен ренжіткен адамдар туралы сөйлес. Оған кейбір келеңсіз жай-жапсарларды есіңе салуын өтін. Құпия нәрсені айқын ет. Жүсіп, мұңлы естеліктерді бекерден бекер есіне алған жоқ: өзімізге жан жара салған ауыр жай-жапсарларды айқындау сауығуға апарады. *«Ием, маған әкемді кешіруге көмектесші»* — осындай нақтылықтан жұрдай дұғаның пайдасы аз. Сенің жүрегіңді нақ не нәрсе жаралағанын есіңе түсір: *«Ием, әкем менің өміріме тіптен қатыспады. Ол менің туған күндеріме де келмеді. Және сол үшін мен оны жек көрдім»*.

Немесе былай: *«Күнде мектептен оралғанда мен анамды диванға жайғасқан күйінде көруші едім. Көбінесе ол мас болатын. Мен, өз бетімше түскі ас әзірлеп, кіші ініме бас көз болып, үй тапсырмасын орындайтынмын. Бұл әділетсіздік Ием!»*.

Мұндай шешім қабылдау оңай емес, бірақ Құдайға сенің жүрегіңе рухани ота жасауына жол бер. Сауығу үдерісі ұзаққа баруы мүмкін. Кейде ондай оңалтуларға біздің бүкіл өміріміз кетеді. Отбасылық жаралар — ең терең жаралардың бірі, себебі олар әдетте өзіміз мүлтіксіз сенген адамдардың қолынмен өте ертеде салынады. Сен тым кішкентай болғандықтан өзіңе болған нашар қатынасты түсінген жоқсың. Сен өзіңді қалай қорғау керек екенін білген жоқсың. Одан басқа, сенің азаптарыңа кінәлі адамдар ересек адамдар еді! Анаң, әкең, үлкен ағаң сенен бойларымен биік қана болмай, өзіңнен едәуір ересек болды.

Олар саған өз үкімдерін шығарғанда, сен оларға сендің. Осы уақыт бойы сен өзіңді дұрыс емес ұғымдарға негізделіп үкімдедің. «Сен — топассың... ынжықсың... ұсқынсызсың, айнымаған әкесі... Сен анаң сияқты семізсің...». Ондаған жылдар өтті, ал сенің жүрегіңді жаралаған осы дауыстар әлі сенің жадында сайрап тұр.

Бірақ осы дауыстар үндерін өшіруі тиіс! «...бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпендер, қайта ой-ті-

лектерің Құдайдың жаңартуымен, түбегейлі өзгерсін!» (Рим. 12:2). «...бірақ та ержеткеннен кейін мен қол үздім балалық қасиеттерден» (1 Қор. 13:11). Сен туыстарың айтқан адам емессің. Сен — Құдайдың баласысың, Құдайдың отбасының мүшесісің. Сен — Құдайдың жаратылысысың, сені аспан күтуде. Құдайға өзінді өткеніңмен татуластыруға мүмкіндік бер.

Жүсіп соған жол берді. Татуласу үдерісі ұзақ және қиын болды. Оны суреттеу, Киелі Кітаптың төрт тарауын қамтиды, бұған Жүсіптің өмірінің күнтізбелік бір жылы кеткен болса да, бірақ бірінші қадамды ол тым тез жасады. Мейлі, жасқаншақ болса да, бірақ қадам жасады: үш күннен кейін Жүсіп бауырларын түрмеден босатты, бірақ рақымсыз езушінің бейнесінен шыққан жоқ.

— Кәне, тез қайтыңдар. Қалай еді өзі? Канзас па? Колорадо ма? Ә, иә Қанахан. Сонымен тез қайтыңдар. Мен, өздерің айтқан кіші інілерінді өз көзіммен көргім келеді. Бірақ бәрінді емес, араларындағы біреуінді тұтқын ретінде алып қаламын.

Ағалары келісті және дәл Жүсіптің көз алдында өздері оған тап берген сол күнді естеріне алды: «Ағайындылар бір-біріне: шынында біз бұл жазаға ініміз Жүсіпке бола ұшырап отырмыз. Оның жапа шегіп, жан даусымен бізге жалынғанын көрсек те, құлақ салмадық. Сондықтан да осы бақытсыздық басымызға төніп тұр» (Жар.баст 42:21).

Бөтен елдің билеушісі олардың сөзін түсінетіні ойларына да келмеді. Бірақ Жүсіп әрбір сөздерін түсінді. Айтылғанды естіп, көздері жасқа толғанын ешкім көрмесін, деп Жүсіп теріс айналуға асықты. Бір-екі минутқа дейін ол бір ауыз сөз де айта алмады, тамағына тығылып келген көз жасын, ішінен атылып шығуға шақ қалып тұрған жан даусын тұншықтырып, өзін басуға тырысып бақты. Себебі қатал билеушіге қызметшілерінің алдында көз жасын төгуге болмайды ғой, бірақ өзгелерден тасаланып, ол еңіреп

жылап қоя берді. Кейіннен айқын болғандай, бұл Жүсіптің өмірінде соңғы жылауы емес екен<sup>2</sup>. Қызметіне бола Потифардың мақтауы, перғауынның өзі жоғары лауазымға тағайындауы оны соншалық толқытқан емес, бірақ ағалары оны ұмытпағанын түсінгенде бала сияқты еңіреді. Туыстарын Қанаханға жіберіп, Жүсіп олардың ердегі сөмкелерін толтыра бидай салуын бұйырды. Бұл оның рақым көрсету еді.

Өзіміз көргендей, туыстық қарым-қатынастардың сауығу үдерісі осындай рақымшылықтан басталды. Егер Құдай Жүсіптің отбасын қайта қауыштырса, неліктен Ол сенің отбасыңды қайта қауыштырмайды деп ойлайсың?

## 11 Тарау

### КЕК ҚАЙТАРУ МАСАЙРАТАДЫ, БІРАҚ КЕЙІН...

**1882** жылы Нью-Йорктік кәсіпкер Джозеф Ричардсонның иелігінде Лексингтон-авенюдағы еңсіз жер бар еді. Жер телімі титтей болатын: ұзындығы отыз екі метр және ені бір жарым метр. Оған көршілес әрі көлемі бойынша өте үлкен жердің иесі басқа кәсіпкер, Хайман Сарнер, көшеге қарап тұратын көп қабатты үй салуды шешіп, Ричардсонға мың долларға оның жер телімін сатып аламын деген ұсыныспен шықты. Ұсынылған сома шамына тиген Ричардсон өзіне бес мың доллар төлеуін талап етті. Сарнер оны сараң деп атап, ұсыныстан бас тартты, Ричардсон оның артынан есікті тарс жапты.

Даулы жер телімінің ауданы құрылысқа пайдалануға жеткіліксіз деп қорытып, Сарнер архитекторға өздері ойластырған жобаны әзірлеуді тапсырады. Ричардсон соғылған көп пәтерлі үйді көргенде, оның тұрғындарына, олардың ешқайсысы оған тиесілі меншіктің үстінен көшені ақысыз тамашаламасын деп терезеден ашылатын көркем көріністі жабуды шешті.

Сонымен, жетпіс жасар Ричардсон ұзындығы отыз екі метр, ені бір жарым метр, әр қабатта екі көпбөлмелі пәтерлері бар төртқабатты үй соғады. Құрылыс аяқталғаннан кейін ол әйелімен сол пәтерлердің біріне көшеді.

Гимараттың тар болғаны соншалық, баспалдақпен немесе дәліз арқылы бір ғана адам жүре алатын — екі адам сыймайтын. Бірде-бір пәтерден сен қырық алты сантиметр-

ден асатын түскі ас үстелін таппаған болар едің, ал кішкентай ас үй плитасы тапсырыспен жасалған болатын. Бірде, ірі денелі газет репортері осы үйдің баспалдақ аралығында қалып қойған. Екі тұрғын оған көмектесіп әлек болған, бірақ ол іш киіміне дейін жалаңаштанып шешінгеннен кейін ғана босай алған.

Осы ғимарат Кектің үйі деген атауға ие болды. Ричардсон өмірінің соңғы он төрт жылын осы тар торда өткізді, оның жан дүниесінің тарлығы мен дүниетанымының кемістігін бұдан артық сипаттай алмайсың.<sup>1</sup>

1915 жылы Кектің үйі бұзылды. Қызық, бірақ мен өткен жылы бір-екі түн сонда түнегенім анық есімде. Ал бірнеше жыл бұрын, онда бірнеше аптаға «тұрып қалдым». Бірденені шатастырсам кешір, бірақ жуырда сенде сол жақтағы дәлізбен қысылып-қымтырылмап па едің?

Кек, өмірге жарамсыз, ұсқынсыз ғимараттарды көтереді, бір жерінде жалғыз адамға да тар, бір жерлерінде жайғасқан пәтершілер бір ғана мақсатты: біреудің өмірін төзгісіз етуді көздейді. Ия, олар діттеген мақсаттарына жететіні рас, бірақ та өз өмірлерін де төзгісіз етеді.

Иеміздің «улы жеміс беретін тамырды қазып алып тастамаса, ... арамдап, зор зиян тигізетін болады» (Евр. 12:15) деп нықтап айтқаны таңқаларлық емес.

Құдайдың сауықтыруы Кек үйінен көшуді, жауластықтың тар әлемінен рақымның жазығына, тоң мойындықтан арылып, кешірімге жылжуды болжамдайды. Иеміз, өткенімізді сауықтырып, бізді алға жетелейді.

Ондай мүмкін бе? Өзіңнің былығыңды қалай түсінесің? Өткен өмірінде болған жыныстық зорлық-зомбылықты қалай түзеуге болады? Аңанды тастап кеткен әкеңе қатысты соқыр ашу-ызаны қалай басасың? Өзіңді адам құрлы көрмейтіндерді ойлаған сайын, қарып жіберерлік жек көрушіліктен қалай арыласың? Жылдар бойы қансыраған осы жан жарасын Құдай шынымен де сауықтыра ма?

Жүсіпті де осы сұрақтар мазалады. Он ағаң сені мысық сияқты лақтырып тастап, теріс айналып кете барғанын ұмыту қиын-ақ, келісесің ғой. Міне сол себептен Жүсіп оларға дәл соны істеді. Олардың қатты мұқтаждық көріп тұрғанын білсе де, Жүсіп оларға ұрсысып, сатқындықта айыптап, түрмеге қамады. «Жазасын тартындар, оңбағандар!».

Сені қайдам, Жүсіптің адамға тән осалдықтан жұрдай болмағаны өзімді қуантады. Басына түскен азаптарды оңай жеңіп шыға білген, құлдықта болған, жат елде жетістікке жетіп, шет тілін меңгерген және жыныстық азғырылудың қысымына төтеп берген Жүсіпте кәділгі адам болды. Ол үлгілі тұтқын және үлгілі премьер-министр болды. Күндердің бір күнінде оның басында нұр (нимб) пайда болса таңқалмас едім. Қисынға келсек, Жүсіп ағаларын көргенде қолдарын көкке көтеріп: «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді» (Лұқа. 23:34) деуі керек еді. Бірақ ол басқаша әрекет етті, онысы таңқаларлық емес, себебі кешіру — оңай іс емес. Ашырқағандарды тойдырып, перғауынға ақылды кеңес беру, Иеміз бұйырса Леуіліктер Кітабын да жатқа білу — кешірудің алдында әлдеқайда оңай.

Бірақ...

Ашуланғанда күнә жасамаңдар! Күн батпай тұрып, ашуларыңды басындар ...

*Еф. 4:26*

Әрқилы кекшілдік, ашу-ыза, айқай-шу, қаралау, тағы басқа барлық жаман нәрселерден арылындар.

*Еф. 4:31*

...сендерді Иеміз Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіндер!

*Кол. 3:13*

Ием, қалжыңың емес пе?

Менің бір құрбым бар, ол алты жасында анасы оның тәрбиесін ақпейіл, бірақ қуыршақтар, көйлектер, бозбалалармен кездесуден хабары жоқ әкесіне жүктеп, бір саудагермен қашып кеткен. Әкесі кей-кездері бір нәрселерді жасай алмағанымен, қолынан келгенше қызын өсіріп-бақты. Ал жақында сол құрбымның өмірінде анасы қайта бой көтерді — алар-қосары жоқ қанахандық туыстар дерсің, қызымен кездесіп, кофе ішу кезінде ол: «Қымбаттым, сені тастап кеткеніме кешір» — дегенді айтты. Ол әйел өз қызының өмірінен қайта орын алғысы келді.

Құрбыма келген алғашқы ой: *«Қалай сонда, бар болғаны осы ма? Бір шыны кофе, кешірім сұрау және мен сені кешіру керекпін бе?»* Тым оңай емес пе? Осы ана дәл сол азаптарды басынан кешіруге тиіс емес пе? Жылдар бойы, қызын қайта көре аламын ба екен, деген күмәндардан азапталды емес пе? Бірнеше ұйқысыз түндер әділдікті қалпына келтірер еді. Айтшы қанеки, қызының жан азаптарын Құдайдың ренжіткендерді кешір деген өсиетімен қайтып ұштастырамыз? Осы жағдайда бір тамшы кек, әбден орынды шығар?

Сенікі дұрыс. Өзің бұдан былай біліп ал, Құдай әділдік үшін бізге қарағанда көп қам жейді. Елші Пауылдың сөздерін есіңе түсірші: «...жамандыққа жамандықпен қайтармаңдар! сүйікті бауырластарым, кек алмаңдар, соны Құдайдың қаһарына қалдырыңдар! Тауратта мынадай сөздер жазылған ғой: жазалау –Менің ісім, тиісті жазасын тартқызамын Өзім» — дейді Иеміз» (Рим. 12:17, 19).

Қастандық жасаушы түнде білдірмей келсе, оның түрін танымай қаламыз, сонда ол жазасыз қалатын болды ғой, деген үрей бізді мазалайды. Ол Фиджиге қашып құтылып, құмда назданып, коктейль ішіп рахаттанады. Алайда, алаң болма. Киелі Жазбада: «Құдай есесін қайтарады», деп айтылған сөз, «...мүмкін қайтаратын шығар» емес. Құдай

шынайы және әділ сотты жүзеге асырады. Көрнекі мысал қажет пе? Жүсіптің оқиғасының күтілмеген бұрылысына дайын бол.

Сонымен, үш күннен кейін Жүсіп ағаларының біреуін аманат ретінде қалдырып, қалғанының бәрін түрмеден босатады. Ағалары, бар болған жағдайды әкесіне айтып беру үшін Қанаханға оралады, сол кезде Жақып әлсіз әрі қаусаған шал болып қалған еді. Олар, өздері кіші інісі Буняминмен қайта барғанға дейін Шимон мысырдың түрмесінде болатынын айтты. Сонда Жақыптың: «...Сендер мені балаларымсыз қалдырып отырсындар: Жүсіптен айырылдым, Шимоннан да айырылдым, енді Буняминді де алып кетпексіңдер! Апаттың бәрі басыма төніп тұр! — дегенді айтуға ғана шамасы жетті. (Жар.баст 42:36).

Оңбаған десеңші: өзінің сүйіктісін әбден шолжаңдатып, балалардың тәрбиесін бетімен жіберіп, бүтіндей әйелдер гаремін ашып, ұлының түрмеге отырғанын естігенде, өзін мүсіркей бастады. Қарай гөр! Осы отбасыда осындай бей-берекетсіздік орнағаны таңқаларлық емес.

Бірақ ары қарай оқып, біз бұлт арасынан күн сәулелерін шашқанын көреміз. Бір кездері Жүсіптен құтылғысы келген Яхуда, алға адымдап: «Сіз де, біз де, балаларымыз да аштан өлмеуі үшін ұлды менімен бірге жіберіңіз. Мен жас жігіттің қауіпсіздігіне басыммен жауап беремін, оны менің қолымнан қайтарып алатын боласыз. Егер мен ұлыңызды қайтып әкеле алмай, көзіңізге көрінетін болсам, онда мен сіздің алдыңызда өмір бойы кінәлі болып өтейін» (Жар. баст 43:8–9) деп өтінді.

Тұра тұр, мынау дәл сол Яхуда ма? «Жүріңдер, оны ана саудагерлерге сатып жіберейік...» (Жар.баст 37:27) — деп ұсынған адам ба? Құл саударгерлерімен дауласқан ағасы ма?

Иә да, жоқ та.

Өзіміз әңгіме етіп отырған сәтте, Яхуда өзі орға түсіп үлгіріпті. Жүсіптің сазайын тартқызғаннан кейін, үш ұл-

дың әкесі Яһудамен келесі жағдай болады. Өзінің үлкен ұлын ол Тамар деген қызға үйлендіреді. Бірақ көп ұзамай ұлы қайтыс болады. Сол кездегі дәстүрді сақтап, Яһуда Тамарды өзінің екінші ұлына әйелдікке әпереді. Бірақ екінші ұлы да үмітін ақтамай, қайтыс болады. Яһуда, Тамар келгелі отбасы бақытсыздықтан көз аспады деп шешіп, және үшінші ұлына да солай болмасын деп, әмеңгерлік салты бойынша кейінгі ұлын үйлендіруге асықпайды.

Кейіннен Яһуданың өзі де тұл болып қалады. Тамар бұрынғы қайынатасы қалаға жол жүргелі жатқанын естіп және одан өзінің электрондық хаттарына жауап алмаған соң, ұзаққа созылған жесірлікпен қоштасу керек деп шешеді де, осы мәселені басқа тәсілмен шешпекке бел буады. Зинақор әйелдің киімін киіп, Тамар Яһудаға сөз салады, ол одан бас тарта алмайды. Ақшаға сатылған әйелдің қызметіне төлем ретінде, өзі келінімен төсектес болғанынан хабары жоқ Яһуда, оған өзінің мөрін, бауын және таяғын қалдырады (Нәпсі еркектерді қаншалық соқыр етеді!). Тамар жүкті болады. Үш айдан кейін ол Яһуданың алдына Тамар ретінде, бірақ *жүкті* Тамар болып барады. Яһуда оны зығырданы қайнап қарсы алып, жек көретінін білдірді, сөйтіп күнәхар әйелді отқа тастауды талап етеді, бірақ сол кезде Тамар бір кездері Яһуданікі болған мөр мен бауды және таяқты ұсынады, сонда Яһуда өзінің Тамардың құрсағындағы балалардың әкесі екенін мойындауына тура келеді. Күнәсы әшкереленген Яһуда өз отбасының алдында масқара болады.

Шеңбер тұйықталды. Жақыпты алдаған Яһуда, өзі алданды. Жүсіпке тұзақ құрған Яһуда өзі тұзаққа түсті. Жүсіпті қорлаған Яһуда, өзі қорланды. Яһудаға Құдайдың жазасы берілді, сонда Яһуда ойланып: «...ол менен әділірек» (Жар.баст 38:26) — деді.

Жылдар бойы маған, Жүсіптің оқиғасының арасында неліктен Яһуданың «ерліктері» кіргізілген, деген сұрақ

маза бермеді. Неліктен 37-ші тарауда Жүсіптің түстерін суреттеуден және ағаларының оған зұлым опасыздық жасауынан басталатын оқиға желісі, кенет 38-ші тарауда қулыққа бейім Яһуда, жалған зинақор Тамар, оның мерзімінен бұрын қайтыс болған екі күйеуі мен жесір әйел ретінде тәуекелге бел бууы туралы таңқаларлық әңгімемен үзіледі? Бірақ, оқиғадағы дақ не үшін қажет болғанын енді түсіндім.

Жақыптың отбасында қандай да бір оң өзгерістер болуы және осы отбасы мүшелерінің бірі есеюге мәжбүр болуы үшін екен. Әкесі жауапкершілікті мойнына алмаса, онда ағаларының бірі өзін ересек азамат ретінде ұстап, өзінің әрекеттері үшін жауап беруіне тура келді. Құдай, оған сепкенін оруға жол беріп, Яһуданың рухани көздерінің ашылуына ықпал етті, сонда Яһуда бәрін түсінді! Ол отбасының мүддесін қорғай бастады. Ол әкесіне жақсы кеңес берді, Буняминнің қауіпсіздігін кепілдеп, інісін Мысырға жеткізуде сәтсіздікке ұшыраған жағдайда жауапкершілікті мойнымен көтеруге дайын болды. Яһуданың ар-ұжданы оянды, Жүсіптің бұл жерде еш қатысы жоқ.

Сонымен, кек қайтару Құдайға *тиесілі*. Ол Сот күні не болмаса ренжітуші адамның өмір жолының бір кезеңдерінде тиісінше бағасын береді. Сонда осы оқиға не туралы? Құдай, кез-келген Яһуданың есін жидырады. Бұл — кез-келген жемқор шенеуніктің қолынан қағып, кез-келген ашушаң ата-анаың жүрегін жібіте алатыны туралы. Сенің бұрынғы зайыбыңды тізе бүктіру немесе бұрынғы жұбайыңды ақылға келтіру Оған түкке тұрмайды. Кешіргенде, сен әділ сазайын тарттырудан айрылмайсың, — сен тек оны жүзеге асыруды Құдайға тапсырасың, ал Ол саған оны кепілдейді, егер өзімізді ренжіткен адамға сазайын біз тартқызсақ, онда біздің жазамыз артығымен, не болмаса жеткіліксіз болады емес пе? Бірақ Әділ Соттың Өзі істі қолына алса, Оның құзырында күмәнданбауға болады.

Бізден айырмашылығы, Құдай ешқашан адамнан үмітін үзбейді. Ешқашан! Өзіміз әлдеқашан оңбағанды ұмытуға бел бусақ та, Иеміз оның ар-ұжданын, санасын оятып, ақыр соңында тәубеге әкелу талаптарын тоқтатпайды.

Жаулардың сазайын тартқызу ма? Бұл Құдайдың міндеті ғой. Жауларды кешіру ме? Міне бұл сіз бен біздің — міндетіміз. Біз кешіреміз, басқа біреу емес. «Ашуланғанда күнә жасамаңдар! Күн батпай тұрып, ашуларыңды басыңдар; сөйтіп шайтанның жамандыққа түрткі салуына жол бермеңдер! (Еф. 4:26–27). «Кек» деген сөз, грек тілінде *topos*<sup>2</sup>, «топография» деген сөзбен бір түбірлес және әлдебір аумақты немесе жер телімін білдіреді. Қызық, қалай ойлайсың? Ашуланғанда, біз өз жүрегімізді шайтанның қарамағына тапсырады екенбіз. Реніш оған біздің жүрегімізде қоныстанып, тіркеуге тұруға жол береді екен. Ол рұқсатты пайдаланып және жаулап алған аумақты әбден ластауды ұмыт қалдырмайды, осыған сен. Өсек, жала, ашушандық — әр кез өзімізге кішкене әлсіздіктерге жол беріп, біз шайтанға шабадандарын ашып, жайғасуына көмектесеміз.

Желкелеп қуып шық оны. Оған бір тәулікке де қалуға жол берме. Исаның атымен оған заттарын жиып, табаныңды жалтырат деп бұйыр. Кешіруге бел буып, өзіндегі реніштер тізімін жасаудан өзіңді тоқтат. Өзіңді ренжіткен адамдарға кек қайтаруды ойластырғанша, олар үшін сиын. Сен бұзушы адамдарға емес, өміріңді бұзушы кешірмеушілікке ызалан. Өз назарыңды *соларды* өзіңе жасағанға емес, Исаның өзің үшін не істегеніне шоғырландыр. Сеніңше ерсі ме? Бірақ Иса олар үшін де өлді ғой. Егер Ол сені ренжіткен адамдарды кешіруге лайық деп тапса, солай болуы керек. Бұдан кешіру оңайға түсе ме? Жоқ. Бәлкім бұл, кешіру үдерісін жылдамдататын шығар? Әй-қайдам. Мүмкін азаптарды сәл болса да жеңілдететін болар? Білмеймін, Жүсіп азаптанды.

Қанаханнан бауырлары Бунямминмен бірге оралды. Жүсіп олардың құрметіне салтанатты қабылдау кешін өткізді. Ол ағаларынан Жақып туралы сұрастырды, Бунямминмен кездескеніне қуанды, бірақ өзінің сырын ашпады. «...Құдай саған рақымын түсірсін, балам!»—оның басқа ештеңе айтуға шамасы келмей, сол жерден шыға жөнелді. Көзіне жас толып кеткен ол өз бөлмесіне барып, жылап алды» (Жар.баст 43:29).

Жүсіп ағаларымен бірге ішіп-жеп, көңіл көтеру үшін қайта оралғанда, оларды жасы үлкеніне қарай отырғызып, Бунямминге сый көрсетті. Ағаларының алдына бір табақ қойылғанда, Бунямминнің алдына бес табақ қойылды. Ағалары осындай жомарттықты әрине байқады, бірақ үндемеді.

Ағаларының қаптарын толтыра бидаймен толтыруды бұйырып, Жүсіп Бунямминнің қабына өзінің күміс тостағанын тықты. Ағалары қаладан ұзамай-ақ, оларды Жүсіптің қызметшісі тоқтатып, керуенді тінтіп шығып, тыққан тостағанды тауып алады. Киімдерін парша-парша қылып (шаштарын жұлу дәстүрінің көне үлгісі), аман қаламыз ба деп үрейленген ағалары қайтадан Жүсіптің алдына барды.

Жүсіп, қандай да бір тоқтамға келе алмаған сияқты! Ағаларын құшақ жайып қарсы алып, көзіне жас келіп, олармен дастарқандас болып алып, кейіннен олармен осындай зәрлі әзілдеді. Жүсіпті ішкі қайшылықтар азаптады, себебі ағалары оның бұрынғы, ең терең жарасын тырмалады, ол ағаларының өзіне тағы да жара салуына жол бергенінен гөрі, өлуге дайын еді. Ал басқа бір жағынан, олар өзінің ағалары емес пе, олардан қол үзгенше, өмірімен қоштасар.

Қоштасу кезінде осындай екіойлылық жиі болатын жағдай. Қоштасу кенеттен болмайды, оның жолында кідірістер мен аялдаулар көп: бірде күн жылт етсе, енді бірде көкжиекті қайтадан бұлттар торлайды. Сүйіспеншілікпен ұласқан ашу — біздің жүректеріміз біресе рақымға, біресе ашуға толады. Ренжіткен адамымызға бір қадам жасай

тұра, дәл сол сәтте кері шегінеміз. Біз бір жерде тұрамыз, бірақ бұл қалыпты. Кешірім туралы сөз болғанда, біз бәріміз де тәжірибесізбіз. Біздің ешқайсымыз кешірудің құпия формуласын меңгермегенбіз, бірақ сен кешіруге тырысып жатқан кездің өзінде кешірім бересің. Осы талаптарды доғарған кезде ғана, реніш өз құқықтарына ие болады.

Таңдаған жолыңнан бұрылма, сонда сен мәңгіге Рақымның үйінде қоныстану үшін Кектің үйінен таяуда кетесің. Екі бірдей «Сәулет ескерткішінің» жоспарлануымен таныс адам ретінде, саған рақымның мекені көңіліңнен шығатынына кепіл беремін.

## 12 Тарау

### ЖОҒАРҒЫ БИЛЕУШІ — СЕНІҢ БАУЫРЫҢ

Сен ешқашан осыған ұқсасты көрмедің деп дауласа аламын. Баскетболшы айып добын соғу сызығына жақындайды. Оның командасы бақталас командадан бір ұпайға қалып қойған. Ойынның аяқталуына бірер секунд қалды. Екі команданың ойыншылары өз позицияларына орналасып, допты қолға түсіруге әзір. Жанкүйерлер тым-тырыс. Чирлидер-қыздар\* доптан көзін алмай, күйгелектеніп жұтынды. Шын айтамын: сен ешқашан осыған ұқсасты көрген емесің. Мен соған неліктен сенімдімін? Себебі осы айып добын соғып жатқан баскетболшының өзі де осындайды көрмеген.

Ол соқыр.

Оған екі команданың да ойыншылары көздерін тіккен. Бірақ, Пенсильвания штатының Аппер-Дарби қаласында орта мектептің жоғары сынып оқушысы — Мэтт Стивенс, ештеңе көрмейді — ол соқыр. Оның ағасы темір шеңбердің астына тұрып, оны таяқпен тықылдатып ұрып тұр. Мэтт тыңдап тұр, бір-екі мәрте ол допты еденге ұрып, допты басына көтеріп, лақтырады. Біз, жаттықтырушы не үшін соқыр баланы айып добының сызығына қойды деп ашулымыз?

Қысқаша айтсақ, себебі Мэттің үлкен ағасы бар.

Егжей-тегжейлі жауап алу үшін бізге бірнеше жылға кері, Стивенс отбасында екі көзінің де тор қабы ота жа-

---

\* Чирлидер (*ағылш.* cheerleader) — матч алдында және үзілістерде стадионда көрініс көрсететін спорттық команданы қолдау тобына қатысушылар (көбіне қыздар).

сауға келмейтін қыртыстанумен туылған сәтіне ораламыз. Бесінші сыныпта Мэттің сол көзі, алтыншы сыныпта — оң көзі көрмей қалады. Бала көру қабілетінен айрылғанына қарамастан, оның ағасы екеуі үшін көреді. Бала кезінде Мэттің ағасы Джо оған мүмкін еместі жүзеге асыруға: конькиде сырғанауға, велосипед тебу мен футбол ойнауға үйретіп көмектесті. Кейіннен баскетбол командасының жаттықтырушысы болып, Джо кіші інісін әкімшілік-шаруашылық бөлігі бойынша көмекшісі етіп, жұмысқа орналастырды. Мэтт жаттықтыруларға, өз командасының ойындарына да қатыспайды, бірақ Джонның көмегімен әр жаттықтырудан кейін, айып добын лақтыруға машықтанып жүрді. Ойыншылар спортзалдан кеткеннен кейін ағайындылар, кішісі — айып добын лақтыру сызығында, ағасы — баскетбол себетінің астында ұзақ уақыт қалады. Себеттің астында тұрып, Джо таяқпен себетті ұрады.

Жалпы осы турнирде Мэтт айып добын лақтыруды орындайтын ойыншы болып алғаш тағайындалды. Джо судьялармен және бақталас-командамен матчқа қатыспас бұрын келісіп қойған. Осы ой бәріне ұнады, бірақ ойын осылай өрбиді деп ешкім күтпеген еді.

Мэтт команданың алтыншы ойыншысы да емес — ол ойыннан тыс еді.

Трибунадағы халық тым-тырыс, ойын алаңында тыныштық орнаған. Джо темір себетті таяқпен ұрады. Трибуналардың бірінде Мэттің анасы орнынан тұрды, оның қолында бейнекамера. Ол қолымен бірге бейнекамераның қалтылдамауына күш салуда. Мэтт доппен еденді соғады. Сосын допты басына көтеріп, тұрып қалады да допты лақтырады. Бац! Мэтт есепті тенестірді! Жанкүйерлердің тамсанған айқайы спортзалдың шатырын жұлып кете жаздады. Ақыр соңында трибуналар тынышталды, Мэтт тағы да себеттің тарсылын естиді және өзінің бұрын-соңды болмаған лақтыруын қайталайды. Бац! Екінші ұпай! Бақталас коман-

даның ойыншысы допты қағып алып, алаңды бойлай пас лақтырып, Джонның командасының себетіне лақтырады, алайда... мүлт кетті. Ойын аяқталды және Мэтт — оның басты кейіпкері. Тамсанған жанкүйерлер бар күштерімен шаттануда, ал біздің батырымыз өз бетінше орындыққа жайғасуға бет алды. Оған кім көмекке келгенін білесіз бе? Дұрыс, Джо<sup>1</sup>.

Үлкен ағалар, қалыптасқан жағдайды түбегейлі өзгерте алады. Сенің аулаңда бұзақылар жүгенсіз кетті ме? Үлкен ағаң сені қорғайды. Мектептегі таңғы асқа ақшаң қалмады ма? Үлкен ағаң береді. Велосипедте тепе-теңдік сақтай алмай жатсың ба? Ол тепе-теңдік сақтауды үйретеді. Үлкен ағанды шақырсаң болғаны.

*Үлкен ағаң* сенен күштірек және саған қарағанда тәжірибесі мол.

Үлкен *ағаң* — жақын туысың және сен оған қымбатсың. Оның басты міндеті — саған көмектесіп, қамқор болу. Мектептен үйге қайтқанда өзің адасып кетпеуің үшін баскөз болу. Математика бойынша бақылау жұмысын тапсыра алуың үшін, оған дайындалуға көмектеседі. Ақшанды беркер жаратуыңа жол бермей, сенімен дүкен аралайды. Үлкен ағаң сені өмірдің қиындықтарына мойымауға үйретеді.

Ондай үлкен ағадан кім бас тартсын? Өзің танымал баскетболист болуға ұмтылмасаң да, өмірден өз орныңды тауып, дос-жаран табуға, қиындықтарыңды шешуге тырыса-сың ғой. Сол кездері үлкен ағаңа арқа сүйей аласың ба?

Жақыптың ұлдары тап болған жағдайда, өздеріне осылай сүйеніш болар ешкім болмады. Жүсіптің алдында олар бейшара халде еді: ұрлықта айыпталған тілдері мүкіс қойшылар, күшті әміршінің алдында тұрды. Мінәжат еткеннен басқа не қалды оларға? Аяушылық көрсетуін өтінуден басқа не қалды? Яһуда әміршіге, әкелері қарт және дәрменсіз екенін, оның ұлдарының бірі Жүсіп қайтыс болғанын, енді Бунамминнен айрылу әкелерінің түбіне жететінін айт-

ты. Ол, сол нәрсе отбасын құтқаруға көмектессе кіші інісінің орнына жазаны өзі өтейін деп ұсынды. Рақым танытар деп үміттеніп, ағалары Жүсіптің алдына бас ұрды, бірақ өздері күткеннен де көп нәрсеге ие болды.

Патша сарайының қызметкерлері мен аудармашыларға кетуді бұйырып, «Жүсіп өзін ұстай алмай» (Жар.баст 45:1), бетін алақанымен жауып, өкіріп жылады. Ол көз жасын сүртіп, жәй ғана өксіген жоқ — ол еңіреп жылады. Еркек адамның тоқтаусыз еңіреуі патша сарайының бөлмелерінде жаңғырды. Бұл катарсис — терең рухани тазару және жаралы жанның сауығуының куәлігі. Жиырма екі жылға созылған қайғы мен өтірік аяқталды. Оның жүрегін жаулауға қылыштарын айқастырған ашу мен сүйіспеншіліктің арасындағы теке-тірес, сүйіспеншіліктің көптен күткен жеңісімен аяқталды.

Еңіреп отырып, ол: «...мен Жүсіптің ғой! Әкем шынында да әлі күнге дейін тірі ме? — деп сұрады (3 аят). Он бір адам аһылап, олардың көздері шарасынан шыға жаздады. Тізерлеп отырған күйі олар, қимылдауға дәттері бармады. Жасқана жалтақтаған олардың бір ғана сөз айтуға шамалары жетті: «Жүсіп?» Кіші інілері олардың көз алдында қорыққаннан өңі қашқан, мойында қыл арқан, Мысырға бет алған көпестердің арбасына ілескен күйінде қалып еді. Ол үшін алған ақшаларын санап, бауырлары ол туралы ойлауды да ұмытқан еді. Жүдеу жасөспірім, қалайша құдіретті елдің билеушісіне айналды? Ағалары қайтадан жарамсақтана, еденге бас ұрды.

Ақыр соңында еңіреуін тоқтатқан Жүсіп, жасқа малынған бетін сүртті — көзінің айналасындағы қара сүрме жуылып кетті, иегі әлі кемсендеді. Ол: «...маған жақындар!» — деді. Ағалары аяқтарына тұрды. «...Мен сендер Мысырға сатып жіберген Жүсіптің!» (4 аят).

Жүсіп ағаларын тыныштандыруға тырысты. «Ұрпақтарыңның жер бетіндегі өмірін жалғастыру үшін сендерді

ұлы іспен құтқарып, аман-есен қалдыру үшін Құдай мені мұнда өздеріңнен бұрын жіберді» (7аят). Бүгін біз: «Жаман айтпай жақсы жоқ» деген болар едік.

Ағалары алдарында тұрған — өздеріне бола жұбанышсыз жылаған, оларды өздеріне шақырып ...және қамқорлық танытқан адамға бұрынғысынша қауіптен қарады.

«Отбасыларыңды алып келу үшін кері қайтыңдар, — деп бұйырды Жүсіп, — сөйтіп Мысырға көшіңдер». Жүсіп, оларды бар қажет нәрсемен қамтамасыз етуге уәде етіп, өз уәдесін тағы да көз жасымен бекітті. Орнынан тұрып, ол кіші інісін құшағына қысты. «Бірге туған інісі Буняминді мойнынан құшақтап ...барлық ағаларының да беттерінен сүйіп, құшақтап жылады. Бұдан кейін ағалары онымен сөйлесе бастады» (14–15 аят).

Жүсіп ағаларын бірінен соң бірін құшақтады. Өзін құлдыққа сатуды ұсынған Яхуданы. Өзін ұдайы үлкен ағаға лайық ұстай бермеген Рубенді. Сихемде соншалық қатыгездікпен ерекшеленгені сонша, әкесі оларды «кісі өлтіргіш қарулар» деп атаған Шимон мен Леуіні (Жар.баст 49:5)<sup>2</sup>. Жүсіп өзін аяқ-қолдарын байлап, өзі аяушылық танытуын өтінгенде оны мазақ қылған әрқайсысын құшақтап, бетінен сүйді.

Жүсіптің ашулы жаушылдығы осы жерде, сарайдың мәрмәр едендерінде жібіді. Ол ағаларын сөгіп және олармен өткенді даулаған жоқ. Олар жәй ғана әңгімелесті. «Әкем қалай? Рубен сен толыпсың. Шимон сенің денсаулығың қалай? Леуі, көрші тұратын сол қызға үйлендің бе? Балаларың бар ма? Аа, тіпті немерелерің де бар ма?»

Перғауынға Жүсіптің ағалары туралы хабар жеткенде, ол: «Сенің отбасың — менің отбасым» деді. Одан кейін Жүсіп оларды жаңа киім және күймелермен қамтамасыз етті. Олар Мысырдың құрметті азаматтары деген мәртебеге ие болды. Кеше ғана қудаланғандар бір сәтте-ақ ерекше артықшылыққа ие болды.

Сол кезде ғана ағалары, өздеріне енді қауіп төнбейтінін түсінді. Аштық әлі де өршіп тұрғанымен — ауыл шаруашылық жерлерін шыжыған күн күйдіріп жібергенімен — өмір түбегейлі оңалмағанымен де, олар әйтеуір қауіпсіздікте еді. Ағалары қиындықты еңсеріп, аман қалды. Олар осыған лайықты адамдар болғандықтан деп ойлайсың ба? Жоқ! Олардың інілері құдіретті болғандықтан. Олардың інісі құдіретті елдің премьер-министрі еді.

Сәттілік деп осыны айт! Мұқтаждықты өз өмірімізден білеміз. Жүсіптің ағалары сияқты біз де құрғақшылықты бастан өткіздік, және қаражат болмай, қорларымыз бітіп, күшіміз сарқылғанның қандай болатынын білеміз.

Біз де өзімізді солар сияқты ұстадық: өзімізге қымбат адамдарды жараладық. Әрине құл сатуға дейін жеткен жоқ, бірақ біздің қай-қайсымыз ашуға бой алдырмадық? Арамызда қайсыларымыз қара басымыздың пайдасын ойлап, жақындарымыздың мұқтаждығына көз жұмбадық? Ондайлар жоқ. Бершабадағы қойшылар сияқты, бізде Жоғарғы Билеушінің көмегін іздедік. Бізде сиындық — біз де қорған сұрап жалбарындық. Бізді де, өзіміз сияқты адамдарға Одан орын табыла ма деген күдік мазалады. Ағалары, Жүсіптің қасында сарайда ие болған нәрсені біз Иса Мәсіхтен табамыз. Біздің үлкен ағамыз — біздің Жоғарғы Билеушіміз.

Сен үшін бұл жаңалық па? Сен, Исаны тек Патша, Иеміз және Құтқарушы деп қана емес, бірақ Бауырым деп те атайтынын естіген шығарсың. Бірде Иса Өзінің шәкірттерімен сөйлесіп отырғанда, Оның отбасы мүшелері назарын аулауға тырысты. Исаның анасы және бауырлары, үйге кірместен, Оған Өзімен сөйлескісі келетіндерін жеткізу үшін адам жіберді. Иса жағдайды пайдаланып, маңызды мәлімдеме жасады: «Міне Менің «шешем» мен «бауырларым»! Себебі көктегі Әкемнің еркін орындайтындар Маған бауыр, қарындас, шеше іспетті жақын» (Матай 12:49–50).

Сол күні осы көріністің куәгерлері болсақ, Исаның «отбасына» қарап, Оның таңдауына түсінбеген болар едік, себебі Оның шәкірттерінің ешбірі асыл тектілігімен, не материалдық жағдайымен мақтана алмайтын еді. Петір кеудемсоқ болатын. Жохан қызбалығымен ерекшеленетін. Өткені күмәнді және достарынан да іліп алары жоқ Матай туралы айтпасақ та болады! Исаның ізбасарларының Онымен туыстыққа құқығы, Жақыптың ұлдарының — мысырдың патша сарайындағы лауазымдарға таласы қандай болса дәл сондай еді, бірақ Иса оларды Өзінің отбасы деп атауды ұят санамады. Ол Өзінің олармен туыстығы жайлы бүкіл халық алдында жариялағанындай, дәл солай бізбен туыстығы туралы айтады. «Адамдарды Оған бағыштаған Мәсіх те, сол адамдар да бір Әкеден тарайды. Сондықтан да Мәсіх оларды бауырларым деп атаудан ұялмайды» (Евр. 2:11).

Иса оған Өзіне келген адамдардың бәрін қосып, Оның отбасының мүшелері деп кімдерді санайтындығы туралы біздің ұғымымызды кеңейтті.

Жүсіптің өмірі туралы әңгіме — бар болғаны басты киелі кітаптық оқиға болып саналатын Исаның оқиғасына кіріспе ғана. Осы екі тұлғаның тағдырында ортақ нәрсе көп: Жүсіп Жақыптың сүйікті ұлы еді, Иса Құдайдың сүйікті Ұлы және солай болып қала береді (Матай 3:17 қар-з). Жүсіп көптеген адамдарды аштықтан құтқарды — Иса Өзін тыңдаған қалың топты тамақтандырды. Жүсіпке өз халқын болатын аштыққа дайындау тапсырылған болатын — Иса Өз халқын мәңгілікте болуға дайындау үшін келді. Жүсіптің даналығының арқасында қоймаларда бидай қоры көбейді — Исаның қолында су ең жақсы шарапқа айналды, ал бес нан бес мың ашыққан адамды тамақтандыруға жетті. Жүсіп табиғи апатты жеңді — Исаға барлық апаттар бағынышты болды: Ол боран және буырқанған толқындарды бағындырды, одан басқа өлгендерге қайта тірілуін, мүгедектерге жигу билеуін, ал мылқауларға әнұран айтуын бұйырған.

Оны сол үшін де жек көрді.

Жүсіп жиырма күміске құлдыққа сатылды — Иса үшін сатқынға отыз күміс төледі. Жалған айып тағып Жүсіпті түрмеге жапты — кінәсіз айыпталған Исаны айқышқа керді. Ағалары Жүсіпті өлі деп есептеді, — зираттың алдына үлкен тас қойған рим әскерлері де Иса туралы солай ойлады. Жүсіп құдіретті елдің билеушісі ретінде өзін көрсетті — Исамен де дәл солай болды: Оны өлтіргендер ұйықтап, ал шәкірттері жылап жатқанда Иса өлілерден қайта тіріліп, жерлеу киімдерін шешіп, зират тасын жылжытып, атқан таңмен таласа шықты.

Перғауын Жүсіпке Мысырды басқаруды жүктеп, оны көтерді, — Құдай Исаны көктегі таққа көтерді. «...Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, көкке көтеріп, Өзінің оң жағындағы орынға отырғызғанда да қолданды. Осылай Мәсіх күллі билік пен өктемдіктен, күш-қуат пен әкімшіліктен, осы және *кешелек* замандардағы бүкіл атақ пен дәрежелерден де әлдеқайда үстем. Құдай бұлардың бәрін Мәсіхке бағындырып, Оны барлығынан да жоғары қойып, сенушілер қауымының Басы етті».(Еф. 1:20–22).

Жүсіп пен Исаның арасындағы ұқсастық осымен аяқталмайды, себебі Жүсіптің басқаруы адамның жердегі өмірімен шектелді, ал Исаның билігі мәңгі. Аспан ешқашан бос тұрған тақты көрмейді: Иса қазір де билік етеді, Жердің климаты, уақыт пен мерзімдер Оның уысында. Дүниедегі барлық сұрапыл апаттар — Оның уысында, мұның бәрі: «Мен — Исамын, сендердің бауырларыңмын» дегенді еститін кездесуді жақындату үшін, Құдайдың отбасына лайықсыз қабылданған балалары болған бізге айтылған.

Бізді көргенде Ол ұяттан емес, қуаныштан көзіне жас алады.

Ол бізге: «Қиналып, қатты шаршап-шалдыққандар, еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіңдер, бәрің, жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!» (Матай 11:28).

Оған бір шақырымның өзі— тым алшақ ара қашықтық. Иса біздің Оған одан да таяу жақындағанымызды қалайды. Оны орға тастап, отыз күміске сатып, Ол туралы жадымыздан шығардық, біз неткен сұмдық іс істедік десеңші. Алайда Ол бәрімізді: «*Келіңдер. Келіңдер. Келіңдер*» — деп шақырады.

Құдай біздің қамымызды жейді. Жүсіп осы шындықты перғауынға жеткізбекші болды, Иса да бізге «Әкенің алдында әділ Қорғаушымыз бар» екенін айтады (1 Жохан 2:1). Жүсіп ағаларын киім және күймелермен жабдықтады, ал біздің Бауырымыз «барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады» деп уәде етеді (Філіп 4:19).

Кәне, өзіміз үшін Оның қам жейтініне сенім артайық.

Біздің замандастарымыз үшін Құдай, көне мысырлықтар үшін жасағанды жасап, аман қалғандарды құтқарады. Киелі кітаптың ақырғы кітабында Құдай Өзінің пайғамбарлық сөзін қайталайды: «...содан соң қарасам сансыз көп адамдардың ғаламат жиынын көрдім. Олар әрбір ұлт, ру, халық және тілден шығып, тақ пен Токтының алдында ақ шапан киіп, қолдарына пальма бұтақшаларын ұстап тұр екен. Жиналғандар қатты дауыспен былай деп мақтау айтты: Құтқарылу тақта отырған Құдайымыз Токтының билігінде!» (Аян 7:9–10).

Осы көрініс Құдайдың жүрек соғысын жиілетеді, себебі Оның мақсаты: Құдай Патшалығындағы өмірге қуанатын отбасын жинау. Бұл мақсат мәңгі және бұлтарыссыз. «Өйткені сендерге деген *ниетім* Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын *ниетім* бар» (Еремия 29:11; курсив менікі — М. Л.). Екі рет қайталанған «ниетім» деген сөз құлаққа қандай жағымды! Құдайда біздің келешегімізді ең жақсы түрде орналастыру ниеті бар. Біздің барлық сәтсіздіктеріміз бен жіберген қателіктерімізді, Ол біздің игілімізге жұмыс істетеді. Кез келген бүгінгі оқиғаның мақсаты — бізді Құ-

дайға тартып, Ол белгілеген тағайындалуымызды жүзеге асыруға дайындау.

Өмірімізде болатын қиындықтар мен сынақтарды еңсеруіміз, біздің Иемізге қаншалық сенім артып, Оның өмірімізге белгілеген ниеттерімен келісуімізге байланысты болмақ. Бізді қоқыс ретінде орға лақтырғанда, біз қайта аяққа тұрамыз. *Құдай осы әділетсіздікті біздің игілімізге айналдыра алады.* Өз жақындарымыз бізге опасыздық жасағанда, біз аяққа тұрамыз. *Құдай бізге осы ауыртпалықты да еңсеруге күш береді.* Жалған айып тағу ма? Әділ сотсыз түрмеге жабу ма? Тұтастай жалғыздық па? Бәлкім өзіміз сүрінетін шығармыз, бірақ құламаймыз. Неге? «...Құдай ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайды...» (Еф. 1:11). *Бәрін* деген *түгелдей бәрін* дегенді білдіреді. Бұл өмірде бәрі бізді шарықтау сәтіне жақындатады, «Ол арқылы Құдай жер мен көктегі барлық нәрсені Өзімен татуластыруды қалады, яғни Оның айқышта қанын төгіп, құрбан болғандығының арқасында татулық орнатуды жөн көрді» (Қол. 1:20).

Тиісті және бір Құдайға белгілі уақытта, біз үйге, Қанаханға ораламыз. Ал сол уақытқа дейін өзіңнің Бауырыңмен барынша жақын болуға тырыс.

Керемет айып добын соғулардан кейін Мэтт Стив өз мектебінің батырына айналды. Әр жігіт онымен танысуды армандады, чирлидер-қыздардың өздері онымен сөйлескілері келді. Ол сол қыздардың бірін түлектер кешіне шақырмақшы екен деген сыбыс тарады. Үлкен ағаң иығын тосқанда, өміріміз ғажайып өзгереді.

Сенің қолыңнан келеді. Бірақ өзің күшті болғандықтан емес, сенің Бауырың күшті болғандықтан. Өзің лайықты болғандықтан емес, сенің Бауырың лайықты болғандықтан. Өзің ұлы болғандықтан емес, бірақ сенің Бауырың — Жоғары Билеуші ұлы болғандықтан, және Ол саған аспанда орын дайындап қойды.

## 13 Тарау

### ҚОШТАСУЛАРМЕН ҚОШ АЙТЫС

**Д**жон Гленн жойғыш ұшақты қалай басқару керектігін біледі. Ол Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде елу тоғыз және Кореямен соғыста тоқсан әскери ұшуларды жүзеге асырды. Жылдамдықпен ол етене таныс — 1957 жылы трансконтиненталды ұшу кезінде рекорд жасаған. Джон Гленн космоста да болды. 1962 жылы ол, орбиталды космостық ұшуды<sup>1</sup> жасаған алғашқы американдық астронавт болды. Сондай-ақ ол сайлау кезінде де жеңе алады: 1974-жылдан 1999 жылдар аралығында ол Огайо штатының сенаторы болды.

Джон Гленнің қолынан көп нәрсе келеді: ол жалынды сөз сөйлеудің, үкімет комиссияларын басқарудың, кітап жазудың шебері. Бірақ бар дарындарына қарамастан, оның қолынан келмейтін нәрсе бар: Джон өзінің әйелімен қоштасуды үйрене алмады.

Олар бір бірін жөргектен біледі дерсің, себебі Огайо штатының Нью-Конкорд қаласында бірге өсті. Сол жұрт сүйетін астронавт әрі сенатор Джон Гленн, оның отбасындағы нағыз батыр,—1943 жылы өзі үйленген қыз екенін саған айтатынына сенімді бола аласың.

Энни кекештіктің ауыр формасына душар еді, оның сөйлеуге күш салуларының 85% зая кететін. Ол телефон арқылы сөйлесе алмайтын, мейрамханада тапсырыс бере алмайтын, такси жүргізушісіне қайда апару керектігін айта алмайтын еді. Дүкенде біреуден көмек сұрау мүмкін емес нәрсе. Энни өзіне қажет тауарды іздеп, дүкенде сағаттап

сандалуға бар болатын, әйтеуір ешкіммен сөйлеспесе болғаны. Оны отбасыдағы кез-келген төтенше жағдай ықтималдығы үрейлендіретін, себебі ол 911 нөмірін тергенде, Құтқару қызметінің операторына жағдайды түсіндіре алатынына сенімсіз еді.

*Қоштасудың* қиындығы да осыдан. Әйелімен айырылысу ойы Джонға төзгісіз еді, сондықтан осы екеуі, өздерінің қоштасу рәсімін ойлап тапқан. Рейске кету немесе кез келген іс сапар алдында олар келесідей қоштасатын.

— Мен сағыз алу үшін бұрыштағы дүкенге барып келемін, — дейді Джон.

— Көп бөгелме, — дейді Энни.

Сөйтіп Джон Жапонияға, Кореяға немесе космосқа кететін.

Қарқынды терапияның арқасында жылдар өте Эннидің сөйлеуі жақсарып, түсініктірек болып, өзіне сенімділік пайда болғанымен, зайыптардың сөйлесуінде «қоштасу» сөзі бұрынғысынша тыйым салынған болып қала берді. 1998 жылы сенатор Гленн ғарышкерлік тарихында ақсақалдар қатарын толтырды — ол «Discovery» шаттлының бортында тағы ғарышқа ұшты. Ұшар алдында дәстүр бойынша ол әйеліне: «Мен сағыз алу үшін бұрыштағы дүкенге барып келейін» деді, бірақ осы жолы оған кішкентай сыйлық: сағыз қорабын берді. Энни, Джон аман-есен үйге оралғанша, оны жүрегінің тұсында төс қалтасында сақтады<sup>2</sup>.

*Қош бол.* Ешкім осы сөзді айтқысы келмейді: астронавтың әйелі де, мектепке дейінгі жастағы баланың анасы да, қалыңдықтың әкесі де, ауруханадағы әйелінің көңілін сұрап келген күйеуі де, зират басында күйеуімен қош айтысатын әйел де.

Соңғы мысалдағы «қош бол» бізге бәрінен де жеккөрінішті. Өлім — төзгісіз қиын қоштасу. Мен осы тіркестерді, жүрегімде қоштасудың шері тастай болып атқанда жазып отырмын. Соңғы жеті күнде біздің қауымда бес рет жана-

за оқу қызметі өтті. Сәбиден бастап тоқсан төрт жасар досымды соңғы сапарға шығарып салдық. Осы қайғы жүректе өз сызатын қалдырды — мен уайымға салынып, жабырқай бастадым. Жұбаныш іздеп, мен: «*Қойшы, Макс. Бой ұсын. Өлім — өміріміздің ажырамас бөлігі*» емес пе, деп ойладым.

Дәл сол сәтте өз ішімде қарсыластым: «*Tinmi de олай емес!* Өмірдің бөлігі, бұл — дүниеге келу, сондай-ақ тыныс алу, күлкі, қауышулар және ұйықтар алдында беттен сую. Өлімнің бұған не қатысы бар? Біз «қош бол» дегенді айту үшін жаратылған емеспіз. Құдайдың алғаш ниетінде ешқандай қош айтысу болған жоқ, сол ниетінде өлімалды жанталас пен жүректің соңғы қағысы да болмаған.

Өлім — жауыз, басқыншы, Луврдың теңдессіз туындыларының жанында шимай-батпақ. Өлім — ережеге қайшы. Құдай маған, өзіміз бірге балық аулайтын дос береді де неліктен оны кейіннен тартып алады екен? Не үшін ол әйелге ана болу бақытын сыйлайды, сосын тосыннан оны осы қуанышынан, ал нәрестесін өмірден айыру үшін бе? Оны өзің қалай түсіндіретінің маңызды емес, — қоштасуда табиғи емес бір нәрсе бар.

Жақып және Жүсіп. Екеуінің де жүрегі бір-бірімен *қоштасудың* езгісінен жаншылды. Жақыпқа Жүсіптің өлімі туралы хабарлап, ағалары ініміз жабайы аңға жем болды деп, әкесіне қанға малынған ұлының киімін ұсынды. Осы қайғылы хабардан қайғырып, «Жақып көйлегінің өңірін айыра жыртып, азалы киім киіп алды. Содан ұзақ уақыт бойы ұлын жоқтап аза тұтты» (Жар.баст 37:34).

Жақып, сағыныштан зарыққан жаны семіп қалғанша, көз жасын көл қылды. Өзіне қымбат екі адам оны тастап кетті: Рахила өлді, Жүсіп қаза болды. Біраз уақыттан кейін ақсақалдың өзі де солардың соңдарынан кете баратын сияқты еді. «Мен о дүниеге ұлымның қасына аттанғанша қайғырып өтемін» — деп жұбанбады. Әкесі ұлын осылайша зар жылап жоқтай берді» (35 аят).

Жүсіп те соған қайғырды. Екі онжылдық өтті, туған үйден хабар жоқ. Туған күндер, мерекелер, сабантойлар... Ол ешқашан өзінің туғандарын ұмытқан жоқ.

Ағаларына сырын ашып, Жүсіп ең алдымен: «Әкем шынында да әлі күнге дейін тірі ме?» деп сұрады (Жар. баст 45:3). Оның алғашқы сұрағы: «Әкем қалай?» Оның ең басты уайымы отбасының қосылуы болды. Жүсіп, ағаларына Қанаханнан отбасыларын алып кетіп, олармен бірге Мысырға оралуды бұйырды.

Перғауынның тапсырмасы бойынша Жүсіп оларға күймелер мен жол азық берді. Әрқайсысына бір-бірден шапан жауып, Буняминге үш жүз мысқал күміс пен бес әдемі шапан сыйлады. Ал әкесіне арнап он есекке тартып, Мысырдың ең жақсы заттарын, тағы он ұрғашы есекке тиеп, астық, нан, жол азық беріп жіберді. Жүсіп ағаларымен қоштасып, сапарға шығарып салды. Кетерінде оларға: «Жолда бір-біріңмен ұрыспаңдар!» — деп ескертті. Олар Мысырдан шығып, Қанахан еліне, әкелері Жақыпқа келді...

*21–25 аят*

Жақыптың ұлдарының Қанахан жеріне оралуы таңғажайып керемет болды. Бұрынғы жұлым-жұлымы шыққан киім және жүдеу тайқарлар жоқ. Былғары мен қолтырауын терісінен жақсы киінген Жақыптың ұлдары, сыйлық толы соңғы үлгідегі пикаптармен келді. Әйелдері мен балалары олардың келе жатқанын алыстан көздері шалды. «Күйеулеріміз бен әкелеріміз келді-ау әйтеуір!» Бәрі бір-бірімен құшақтасып, арқаларынан қаға бастады.

Жақып та шатырынан бас көтерді. Ұзындығы иығына дейін түскен ұйпа-тұйпа ақ шаштары, бүкірейген арқасы, әжімнен тілімделген беті. Көзін сығырайтып, алақанымен күнді сәуегейлеп, күнге күйген ұлдарына және олардың мол олжасына қарады. Мұның бәрін қайдан ұрлап алдыңдар деп сұрамақшы болғаны сол еді, ұлдарының бірі:

«Жүсіп тірі екен! Ол — бүкіл Мысырдың әміршісі» дегенді айтып салды. Ал ұлдарының айтқандарына сенетіндей Жақыптың жүрегі бүлк етпеді» (26 аят).

Қария жүрегін ұстап, отыра кетті. Лия күйеуіне су беріп, қарт әкелерін осылай келеке қылу жақсы емес дегенді айтқысы келгендей ұлдарына көзін алартып қарады. Бірақ бұл қалжың емес еді. «Олардан Жүсіптің сөздерінің бәрін естіп, оның жіберген күймелерін көргеннен кейін ғана Жақып (Исраил) рухтанды...» (27 аят).

Ұзақ жылдар бойғы уайым, Жақыпты қуаныш атаулыдан айырды. Бірақ ұлдары Жүсіптің сөздерін жеткізіп, оның әкесі туралы сұрастырғанын және ағаларын, әкесін Мысырға қоныстануға шақырғанын естігенде барып, Жақып рухтанды. Олардың шын айтып отырғанын растайтын күймелер мен ұлдарының сәнді киімдерін көріп, Жақып қуанып бас шұлғыған ағайындыларға көз тастап, соңғы жиырма жылда ақсарыдай шашы ағарған ақсақал, ұлымен қайта қауышатынына сенді.

Қуаныштан көздері нұрланып, еңсесі көтерілді. «...Көзім жетті: ұлым Жүсіп әлі тірі екен. Мен сонда барып, оны өлмей тұрғанымда көріп қалайын» (28 аят). Байқасаң, әңгімеде кенет Жақыптың екінші аты айтылады! Не дейміз, отбасының қауышуына деген үміт одан да зорды жасай алады. Ол бізді өзгертеді — біз қайғыдан, қалыптасқан жағдайдан шығар жол іздеуге, сопылықтан қажылыққа көшеміз. (өкшеден ұстаған) Жақыптың орнына біздің бойымызда (Құдайдың ханзадасы) оянады.

«Сонымен Исраил өзінің қасындағы барлық жұртын мал-мүліктерімен ертіп алып, жолға шықты. Ол Бер-Шабәға келгенде әкесі Ысқақ сиынған Құдайға арнап құрбандық жасады» (Жар.баст 46:1). Өзіміз айтып отырған осы кезеңде, Жақып 130-ға келген еді, яғни жас емес. Ақсақалдың мосқал жасынан басқа, көшуге кедергісін келтірген тағы бір жағдай: буындарындағы сырқырау бар еді, бірақ

ұлымен кездесуге Жақыпқа ешнәрсе бөгет бола алмайтын еді. Қолына таяғын алып, ол: «Тиеуге болатынның бәрін артыңдар! Біз Мысырға аттанамыз! — деп бұйырды.

Осы тұста киелі кітаптық әңгіме, көріністі шолуға айналып бізге Жақыптың үрім-бұтағының қоныс аударуын ұшар биіктіктен бақылауға мүмкіндік береді. Санақтың арқасында оның отбасы мүшелерінің ешбірі ұмыт қалған жоқ: әйелдері, ұлдары, олардың балалары — бірде біреуін қалдырған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, жетпіс адамнан тұратын ру жолға шықты.

Иә, сапар деп осыны айт: пирамидалар, сарайлар, суарылатын егістіктер, сірлемді мұнаралар — Жақыптың отбасы ешқашан мұндайды көрмеген. Енді міне бәрі күткен сәт келді! Көкжиекте бар салтанатында мысыр төрелері көрінді: перғауынның жеке гвардиясы жылқылар мен күймелерде.

Осы айбынды нөкерлер Жақыпқа жақындағанда, қария өзіне бәрінен де жылдам жақындаған күйменің иесінің жүзін көру үшін алға ентеледі. Өзінің сүйікті ұлын көріп, танығанда Жақып: «Жүсіп, ұлым менің» деп сыбырлады.

Күйгелектене, күймешіге аттарды айда деп бұйырған Мысырдың әміршісі Жүсіп, халқы көп екі керуеннің кездесуіне эзер шыдады, күймеден секіріп түсіп, әкесінің күймесіне жүгірді. «Әкесін көргенде оны мойнынан құшақтап тұрып, ұзақ жылады» (29 аят).

Рәсім белгілеген барлық жоралғыларды сырып қойып, әдептілік ұмыт қалды. Жүсіп әкесінің мойнына тығылып, «ұзақ жылады». Жақыптың киімі көз жастан су болғанда, екеуі бұдан былай ешқашан бір біріне «қош бол» деп айтпаймыз деп шешті.

*Қош бол.* Біздің кейбіріміз үшін бұл сөз, тағдырымыздағы елеулі өзгерістерді білдіреді, және оларды жену үшін, түнілдіретін жалғыздық пен зор қайғыны жеңуге тура келеді. Сенің екі адамдық жатын төсегің бір өзің үшін тым

кең болды. Сенің үйіңе құлаққа ұрған танадай тыныштық қоныс тепкен, ал саған әні-міне әйелің атыңды атап шақырып немесе бөлмеңе күйеуің кіретін сияқты болып көрінеді. Айырылысу, бір кездері Жақыптың жүрегін жара лағандай сенің де жүрегіңді жаралады. Ештеңе болмағандай айналада өмір қайнап жатыр, ал сен өзінді жалғыз және тастанды сияқты сезінесің, себебі «қош бол» дегенді айта алмайсың.

Солай болса, еңсең түспесін. Иеміз сенің қиындықтарыңды біледі. Құм сағаттарындағы құмдар сияқты, біздің барлық қоштасуларымыздан Ол хабардар. Егер аспандағы тақ залында күнтізбе іліулі тұрса, онда бір күн міндетті түрде қызылмен қоршалып, сары түспен боялған. Құдай Өз отбасының қауышу күнін белгілеп қойған.

...Өйткені Иеміздің Өзі көктен түсіп, бұйрық береді, әрі бас періште шақырып, Құдайдың кернейі қатты дауыстайды. Сонда ең алдымен Мәсіхке сеніп бұл дүниеден кеткендер қайта тіріледі. Тірі жүрген біз мұнан соң солармен бірге Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз. Содан мәңгі бақи Иемізбен бірге боламыз. Бір-біріңді осы сөзбен жұбатыңдар!

*1 Салоникалық 4:16–18*

Бұл күн байқаусыз қалмайды. Оның үстіне — бұл ұлы күн болады. Сол күннің жеткенін бас періште Михайл керней тартып білдіреді. Он мыңдаған періштелер аспанда көрінеді (Яһуда 14–15). Зираттар мен теңіз тұңғиықтары өлілерді шығарады.

«Ол дүниеге қайта оралған кезде тағы да күнәнің құнын өтеу үшін емес, Өзін аңсап күтіп жүргендерді түгелдей құтқару үшін келеді» (Евр. 9:28). Оның келуі, бүкіл адамзат куәсі болатын теңдесіз оқиға болады. «...Әркім де Оны ...көзімен көреді» (Аян 1:7). Оны Мұса көреді. Напалеон да жалт қарайды. Мартин Лютер мен Христофор Колумб-

тың таңқалғаннан көздері шарасынан шығады. Тозақтағы әділетсіз билеуші және жұмақтағы ақ киім киген азапталушылар, Адамнан бастап, бір минут бұрын туылған сәбиге дейін Жердің барлық тұрғындары керней қатты ойнағанда Иса Мәсіхтің оралуының куәсі болады.

Алайда бәрі бірдей Оған қуанбайды. «...Сол уақытта Менің Билеуші ретінде қайтып келуімнің ғажайып белгісі аспаннан көрінетін болады. Сонда жер бетінде барлық ұлттар үрейленіп, еңреп жылайды. Олар Менің Билеуші ретінде ғаламат құдіретпен, салтанатты ұлылықпен бұлттардың үстінде көктен келе жатқанымды көреді» (Матай 24:30). Жаратылыстың басталуы кітабында Жақыптың отбасы мүшелерінің барлығының есімдері жазылғандай, дәл сол сияқты Өмір Кітабына Құдайдың отбасы мүшелерінің барлығының есімдері жазылады. Иеміз Оның шақыруын қабыл алған әрқайсысын атымен атайды және Өзін олармен мәңгілікте болу қажеттілігінен құтқарып, Одан бас тартқандарға да құрметпен қатынасады. Сол күні Исаға сенгендердің тілегі орындалып, Көктегі Әке оларды Өз отбасын қауыштыру үшін жинайды.

Сол қауышу қандай керемет болады десеңші! «Ол барлық көз жастарын сүртіп тастап, жұбатады» (Аян 21:4). Бұл біздің Көктегі Әкеміздің алғаш жасайтыны. Ол: «Кәне, бұдан былай жыламаймыз» деп, әр баланың бетін сүртеді. Біздің ұзақ өмірлік жолымыз соңына жетіп, біз Оны көреміз.

Және өзімізбен өлім айырғандарды көретін боламыз. Өзіміз үміттенге күтіп жүргеніміз де сол емес пе? «...Тірі жүрген біз мұнан соң солармен бірге Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз. Содан мәңгі бақи Иемізбен брге боламыз. Бір бірінді осы сөзбен жұбатыңдар!» (1 Салоникалық 4:17–18).

Стивен Кертис Чапмен және оның әйелі Мэри Бет осы уәденің орындалуына үміттенеді. 2008 жылдың мамыр

айында жол апатында олардың бес жасар қызы қаза болды. Стивен — бүкіл әлемге танымал және бәрі сүйіп тыңдайтын мәсіхшіл әнұрандарды орындайтын мәсіхшіл әнші болғандықтан, қайғысына ортақтасып, көңіл айтқан сөздер әлемнің түкпір түкпірінен келді. Ерлі-зайыпты Чапмендерге жанашырлықпен қоңырау шалулар, ашық хаттар мен электрондық хаттар қаптап кетті, бірақ бір әңгіме Стивеннің ерекше есінде қалды. Ол да жол апатында ұлынан айырылған Бақташы Грег Лори, Стивен мен Мэри Бетке сөйлеп былай деді: «Естерінде болсын, өздерінді күтіп тұрған келешек өткен өмірлеріңнен шексіз зор болмақ»<sup>3</sup>.

Өлім бізді жақынымыздан айырып қана қоймайды — онымен бірге біз ешқашан болмайтын баламыздың неке қиюын және өзіміз көрмей кеткен, бірге өткізетін жақсы жылдарды жерлейміз. Біз өз армандарымызды жерлейміз. Бірақ аспанда осы армандардың бәрі міндетті түрде орындалады. Құдай бізге «барлық нәрсе қалпына келеді» деп уәде етті (Елш.іст 3:21). «Барлық нәрсе қалпына келетін уақыт», өзіміз қол үзген барлық қарым-қатынастарды да қамтиды.

Колтон Барпоға соқыр ішегін алып тастап, шұғыл ота жасаған кезде, ол бар болғаны төрт жаста еді. Ата-анасы қуанды, себебі олардың сәбиі аман қалды, бірақ кейіннен оның әңгімелерін естігенде не айтарын білмеді. Бірнеше ай бойы Колтон өзіне наркоз салғанда не күй кешкенін және аспанда көргенін айтты. Бала, ота кезінде ата-анасы не істегендерін егжей-тегжейлі айтып берді және аспанда кімді көргендерін: өзі бұрын ешқашан кездеспеген және өзіне олар туралы ешкім айтпаған адамдар туралы әңгімеледі. «Аспан шындық» атты кітапта Колтонның әкесі төрт жасар баланың анасына айтқан сөзін айтты: «Сенің ішінде өліп қалған менің қарындасым болды ғой, иә, мама?»

Ұлының көзінше ата-анасы болған түсік туралы ешқашан айтпаған еді. Колтон болған жағдайды түсіну үшін әлі кішкентай еді. Анасының өңі қашып кетті.

— Ішімде өліп қалған баламның болғанын саған кім айтты? — деп қатқыл сұрады Соня.

— Ол өзі маған айтты, анашым. Менің қарындасым, сенің ішінде өліп қалғанын айтты ... — Бірдеңенің болғанын сезіп, Колтон анасына қауіптен қарады да: — Бәрі жақсы, анашым — деді. — Оның жағдайы жақсы. Құдай оны қабылдады.

Диваннан түсіп, Соня Колтонның алдында тізерлей отыра кетіп, көздеріне қарап:

— Сен, Иса оны қабыл алды демекшісің бе?

— Жоқ, анашым. Оның Әкесі!..

Соняның көздері нұрланып:

— Оның аты кім? Сол кішкентай қыздың аты кім?

— Оның аты жоқ. Сендер әкем екеуің оған ат қоймапсындар.

Ата-анасы есеңгіреді. Колтон бұны қайдан білетін еді.

Бірақ баланың тағы бір естелігі болды. Ол ойнауға кетуден бұрын, ата-анасына:

— Иә, ол тағы сен әкем екеуің қашан аспанда боласындар деп асыға күтіп жүргенін айтты<sup>4</sup>. — деп бөлісті.

Аспанда біреу сен туралы да осыны айтады. Сенің атаң? Сенің апаң? Сенің сәбиің? Олар Құдайдың отбасы түгел жиналатын күнді асыға күтіп жүр. Бізде соған үміттенуге тиіс емеспіз бе? «Осылай өз сенімдерін айқын паш еткен қалың көпшілік бізді жарыстағы жанкүйерлердей қоршап тұр... алдымыздағы «жарысты» қажырлылықпен аяқтайық!» (Евр. 12:1). Аспаннан бізге көптеген куәлар қарап тұр, олардың ішінде барлық заманның және халықтардың Ыбырайым, Жақып пен Жүсіптері бар. Жердегі саладан өтіп, олар тәни болмаса да рухани ұрпақтарының өміршең ерліктерін бақылайды. Еврейлерге арналған жолдаудың туындыгері *«Құлақ сал, сонда өзіңді аспандағы Құдайдың балалары қалай қолдайтынын естисің, — дейді. “Жүгір! — деп айқайлайды олар. — Жүгір! Сенің қолыңнан*

келеді!»

Біздің аспандағы соңғы тұрағымызда *қоштасу* мүлдем болмайды. Біз Киелі кітапты, адалдық пен сенімді жақсы сөздермен ауызға алатын боламыз, бірақ *қоштасу*?.. Қоштасулар туралы өзіміз біржолға ұмытамыз.

Осы болжау, біздің дүниетанымымызды өзгертіп, торығудан мақсатқа бейімдеп, қайғыдан үмітке, жердегі қоштасулардан көктегі жүздесулерге бағыттасын. Жоғары Билеуші біздің үйге оралуымызды алдын ала тағайындап қойған, олай болса таяғыңды ал да Оның алдынан шығайық!

## 14 Тарау

### САБЫРЛЫҚ САҚТАП, БЕРІК БОЛ

— Көкпен тірескен үйлердегі анау тесікті көресіз бе? Мен, Фрэнк есімді толық жүргізуші-жігіттің сұқ саусағына қарай қарап, алға еңкейдім. Көйлегінің жағасы оған тым тар болды, семіз қолдары рульді қысты.

Алдыңғы терезе арқылы Төменгі Манхеттен ғимаратының шарбағына көрсетіп, ол:

— Бұрын сол жерде Егіз-ғимараттар орналасқан болатын — деді. Ол көрсеткен учаскені мен байқамады деп ойлап, түсіндіре бастады: — Сүмбісі бар биік ғимараттың сол жағындағы тесікті көрдіңіз бе? Үш күн бұрын ол жерде Дүниежүзілік сауда орталығы бой көтерген еді. Көпір арқылы өтіп, оны күнде көруші едім. Ол айбынды көрініс болатын! Көпірге кіре берісте, сол биік ғимараттарды бұрынғыдай көрмеген күні әйеліме қоңырау шалып жылап жібердім.

Қиратылыстың эпицентріне жақындап, көлік жүретін жол жиегіне орналасқан көптеген жедел жәрдем машиналарының жанынан өттік. Қаза болғандардың туыстары Отбасы медициналық орталығының қақпасы алдына доктордың (док) жанына үймелеген, онда «Жұбаныш» жүзетін госпиталь байланған болатын. Бәрі хабар күтті, бірақ әрбір секунд өткен сайын әлі де аман қалғандарды табады деген үміт елеске айнала бастады.

Үш бақылап-кіргізу бекетінен өтіп, машинаны қойып, біз жарты шақырым жерді жаяу өттік. Өткен аптада осы аяқжолдарды ұялы телефон ұстап, валюта бағамдары туралы әңгіме жүргізген сұр фланель костюмдегі адамдар ба-

сып алып еді\* . Бүгін де осы аяқжолдар тас пен қоқыс үйіндісінің астынан көрінбейді, ауаны түтіннің иісі жайлаған. Мен, кірген кезде өкпемнің неге толатынын ойламауды шештім.

Мен өртті көремін деп күтпеген едім, бірақ жаңбырмен өрт сөндірушілердің тонналап құйған суына қарамастан, ғимараттардың бұзылған ескі орындарында әлі де от жалындап тұрды. Көрші ғимараттардың едәуір бүлінуін де күтпеген едім — бірде бір ғимаратта сынбаған терезе қалмапты. Дүниежүзілік сауда орталығының үшінші корпусы «Marrriott» отелы де қираған. Кез келген басқа күні бұл таңқаларлық оқиға болареді.

Бірақ мені бәрінен де өзімнің және айналадағы адамдардың есеңгіреуі таңқалдырды. Өзімізді шамамен он екі адамнан тұратын, сары қатқыл жұмыс киімін киген сап түзеген өрт сөндірушілер басып озды. Дәл сонша өрт сөндірушілер қарсы алдымыздан шықты. Олар кезікті. Жаңадан келген өрт сөндірушілердің жүзі ызбарлы еді, бірақ оларды алмастырған адамдардың жүзі одан да ызбарлы болды. Олардың көзжанарлары, олардың жолдастарын жаншып қалған арқалықтар сияқты болаттай болды.

Барлық басқа адамдар сияқты мен де есеңгіреген күйде болдым: көзіме жаста келмеді, тамағыма тас та тірелген жоқ — мең-зең күйдегі есеңгіреу. Будақтаған үйінділерге қарап: *«Осы қираған ғимараттар, астында бірнеше мыңдаған адамдарды жерледі»*, — деп ойладым. Американың басына түскен қазаның тілі маған осыған дейін белгісіз еді. Мен өзімнің, әп-сәтте режиссердің: *«Камера! Токта! Түсірілді!»* деген командасы айтылады деген сезімнен арыла алмай жатқанымды сездім. Оның үстіне мен, бутафор үйінділерінен грим жасаған актерлер тарай бастай-

---

\* Сұр фланель костюм — АҚШ-та офис әлемінің әмбебап униформасы.

тынын көргім келді. Бірақ кинокамералар болған жоқ, тек быт-шыт болып майысқан арматура мен бетон бөлшектері ғана шашылып жатты.

Сол күні кешке мен, Отбасы медициналық орталығының кіре берісін күзеткен полиция офицерімен сөйлестім. Ол Жылау қабырғасы сияқты болған, суреттер ілінген фанерлі қалқанның жанында тұрды. Оған хабар-ошарсыз жоғалғандардың туыстары, оларды іздеп таба аламыз деген үмітпен суреттерін іліп орналастырған еді. Мен одан, осы суреттерге қарауға келген адамдардың жүзінен не байқайды деп сұрадым.

— Ештеңе, — деді ол. — Мүлдем ештеңе.

— Олар жылады ма?

— Жоқ.

— Ал сіз? Сіз жыладыңыз ба?

— Әзірге жоқ. Мен көз жасымды барынша тереңге тығып тастадым.

Болған оқиғаның қайтымсыз екеніне сенгісі келмегендіктен көпшілігі анестетиктерге жүгінді\*.

Осы адамдардың не сезгенін елестету қиын емес. Апаттар таянышымыздан айырып, бізді торығудың тұңғиығына лақтырып жібере алады.

Алайда, Жүсіптің басына түскен қиындыққа оралайық. «Барлық елде астық қалмады. Жұттың өте қатты болғаны сондай, Мысыр мен Қанахан елдері аштықтан құрып кете жаздады» (Жар.баст 47:13).

Бауырларымен татуласуға зор күш салып жүрген Жүсіп, дәл сол кезеңде елді, басына түскен табиғи апаттың зардаптарынан құтқаруын жалғастырды. Жерге жаңбыр соңғы тамшылағалы екі жыл өтті. Аспанда бір шөкім бұлт болмады. Күн шыжыды. Жер шөл далаға айналып, көк-

---

\* Анестетиктер — толықтай анестезия (ауыртқызбаушылық) жасауға қабілетті емдік дәрілер.

жиекке дейін өлексенің қаңқасы шашылып, үмітсіздіктің көрінісіне айналды. Құрғақшылық ауыл шаруашылық жерлерін жойды. Ауыл шаруашылық жерлері мен қоса өнімнің жойылуы аштыққа әкеліп соқты. Халық көмек сұрап, перғауынға барғанда ол: «Жүсіпке барыңдар! Ол не айтса, соны істеңдер!» деді (Жар.баст 41:55).

Жүсіп аз-кем емес, табиғи апатты еңсеруге тиіс болды!

Ал енді табиғи апаттың ауқымын, оның зардаптарының бірінің ауқымымен салыстырайық. Жылдар өтті және халық Жүсіпке: «...Сіз өмірімізді сақтап қалдыңыз. Бізге қожайынымыздың рақымы түссе екен дейміз. Енді перғауынның басыбайлы қызметшілері боламыз» деді (Жар.баст 47:25).

Өзіміз көргендей, халық сабыр сақтады. Бағынбай кету қаупі төнген және жаппай көтеріліске ұласуы мүмкін жағдайда, мысырлықтар үкіметті сынға алып дүрсе қоя берудің орнына, оған өз алғыстарын білдірді. Бұл, Жүсіп дағдарыс менеджменті курстарында оқыған жоқ па екен деген ой туындатады? Егер оқыған болса, өзі ағаларына айтқан сөздерді дәл сол жақта үйренген: «Өйткені Құдайдың Өзі мені осы жерге өмірлеріңді сақтап қалу үшін сендерден бұрын жіберді. Елді аштық жайлағалы екі жыл өтті, енді келесі бес жыл бойы да жер өңделіп, астық егілмейді. Құдай мені мұнда өздеріңнен бұрын жіберді» (Жар.баст 45:5–7).

Дағдарыс жағдайын бағалауда Жүсіп Құдайға жүгінді. Оның түсінігінде аштықты Құдай бастады, Құдай одан аман шығуға көмектесті және бір сәтке де Ол жағдайды бақылаусыз қалдырған жоқ.. «Құдай... аштық... Құдай...»

Өзіңнің өзекті мәселелерге жасаған талдауың қандай?

— Экономика... экономика... экономика... экономика...

— Ажырасу... ажырасу... ажырасу... ажырасу...

— Ұрысқақ жұбай... ұрысқақ жұбай... ұрысқақ жұбай... ұрысқақ жұбай...

Құдайдың құдіреттілігі туралы куәлік беруден гөрі, көбірек өзін қиындықтарыңа күңкілдейсің бе? Олай болса, өмірің көмір болғаны таңқаларлық емес, себебі солай еткенде өз қиындықтарыңның шешілуіне Құдайдың қатынаспаушылығын мәлімдейсің ғой.

Ал бұл солай емес. Мысырдағы аштықтың өзі Құдайдың ой-ниетін іске асыруға себеп болды.

Таяуда мен өзімнің досыммен таңғы ас іштім. Шәй үстінде әңгімеміздің басым бөлігі оның он төрт жасар ұлының жай-күйі туралы болды. Жеті жыл бұрын баланың көк бауырынан қатерлі ісік табылған еді. Осы үрейлі хабардан кейін бірнеше ай сиынулар мен химиотерапия курстары болды. Бала сауықты. Қазіргі уақытта ол өз мектебінің футбол командасында ойнайды және онкологиялық клиникадағы емделгені туралы ойлауды да ұмытты.

Өзім аса қызықты деп тапқан досымның әңгімесінің мына бөлігін айтып берейін. Бұл оқиға баладан қатерлі ісікті анықтаудан бұрын болған. Ол жеті жаста болғанда, оның жасындағы барлық балалар сияқты өзінің бөле ағаларымен қалжыңдап ойнайды, олардың бірі оны аяғымен ішінен теуіп жібереді. Пациенттің жағдайына алаңдаған дәрігер, іш қуысын жан жақты тексеруден өтуін талап етеді, нәтижесінде баланы хирургке жібереді, ол баладан қатерлі ісікті табады, сосын оған ота жасайды. Қатерлі ісікті алып тастағаннан кейін досым, емдеуші дәрігерден оның ойынша ұлы қатерлі ісіппен қашаннан бері ауыратынын сұрастырған. Дәрігер осы сұраққа сенімді жауап беруге қиналған, алайда қатерлі ісіктің көлемі, пайда болғаннан кейін бір-екі күннен кейін анықтау мүмкін болғанын болжамдады. «Демек, — деп қорыттым мен, — сенің ұлыңа уақытылы ота жасау үшін, Құдай ішке тебілген сол соққыны пайдаланды».

Өздеріңіз үшін менде тағы Изабелланың да оқиғасы бар. Оның өмірінің алғашқы үш жылы Никарагуаның жетімдер панасында өтті. Қыздың не әкесі, не шешесі бол-

мағанымен қоймай, оларға ие болу үміті де болған жоқ. Ай өткен сайын оны біреу қыз етіп асырап алар деген үміт азайды. Дегенмен басқа жетімдер туралы да дәл соны айтуға болар еді.

Кенет оның саусағын есік қысып қалады. Бұл, ол басқа балалардың соңынан ойын алаңына шыққанда орын алған. Қатты ауырсынудан қыз жанұшыра айқайлап жіберді. Иеміз неліктен осындай бақытсыздыққа жол берді, деген сұрақ туады? Неліктен сондай құдіретті және ақпейіл Құдай, онсыз да қайғының дәмін татқан кінәсіз сәбиді ауырсынудан қорғамады?

Мүмкін Ол, осылайша көршілес орналасқан ойын бөлмесінде болған америкалық бала асырап алушы Райан Шноктың назарын аударғысы келген болар? Ол әйелі Кристинамен бірге тәрбиелеуге бала алуға бірнеше ай әуреленді. Жақын жерде персоналдан ешкім болмағандықтан, Райан өзі көмекке ұмтылды: ол аулаға жүгіріп шығып, Изабелланы қолына көтеріп, оны тыныштандырды.

Бірнеше айдан кейін, Райан мен Кристина бала асырап алу туралы ойларын ұмытуға шақ қалғанда, олардың естеріне Изабелла түсіп, соңғы рет талаптануға бел буды. Бұл жолы олар сол қызды асырап алды, енді Изабелла жағдайы жақсы және бақытты америкалық отбасыда өсіп жатыр.

Ішке соққы ма?

Саусақтың есікке қысылуы ма?

Құдай ауыртпалық бермейді, бірақ Ол оны біздің игілігімізге айналдыра алады. «...[Құдай] бірден-қуатты Билеуші, патшалардың Патшасы, иелердің Иесі...» (1 Тимоте 6:15). Аспанның жерден қаншама жоғары болатынындай, Менің жолым да сендердікінен соншама жоғары (Иш. 55:9 қар-з). О, неткен бай Құдайдың даналығы, неткен терең Оның білік-парасаты (Рим. 11:33 қар-з)! Құдайдың ойниеттерін біз әрдайым түсіне бермейміз, бірақ бұл жәйт бізге Құдайдың әлдебір игі нәрсені жасағысы келетінін

болжамдауға кедергісін келтіре ала ма? Жүсіп, Құдай оның мәселелері туралы хабардар ғана болып қана қоймай, толықтай өзін жақтайды деп болжамдап, осы міндетті үздік еңсере алды.

Бұл оған Құдай берген даналықпен қаруланып, алдағы дағдарысты сенімді қарсы алуға мүмкіндік берді. Өнімді болған жеті жыл бойы ол астықтың артығын бидай қоймаларына жинап, оны алдағы құрғақшылықтың жеті жылы бойы мұқтаждар арасында үлестірді. Адамдардың азық-түлік қоры біткенде, Жүсіп оларға қаржы, үй жануарлары немесе жылжымайтын мүлікті кепілге алып, азық-түлік берді. Елдегі экономикалық жағдайды тұрақтандырып, ол халықтың қаржылай сауатсыздығына қам жеді. «Бұдан былай сендер түскен өнімнің бестен бірін перғауынға салық ретінде беруге тиіссіңдер. Қалған төрт бөлігі себілетін тұқым әрі отбасыларыңның жейтін тамағы ретінде өздеріңде қалсын» (Жар.баст 47:24 автордың айтып беруі).

Осындай экономикалық стратегия мәңгі есте сақтауға тұрарлық. «Жеті жыл сақта. Жеті жыл сат. Және ынталы басқар». Оның несі қиын?

Ешқандай ғажайып жоқ — іш пыстырарлық.

Осының бәрі өте қарапайым. Ал жарылған Қызыл теңіздің суы, құлаған Иерихонның дуалдары немесе өлілерден тірілген Елазардың зираттан шығуы қайда? Қайғылы жағдай өз шешімін табу үшін, осындай күшті әрекетті талап етеді, солай емес пе? Міндетті емес.

Біз, ешбір салмақты негіздерсіз, адамның рухани деңгейі мен айналадағыларға оның дарыны қалдыратын әсерінің арасында тең белгісін қоямыз. Елші Петір науқастарды сауықтырды, елші Пауыл өлілерді тірілтті, бірақ әрбір Петір мен Пауылға, еркектер мен әйелдер, басқару дарыны бар — ондаған Жүсіптер бар емес пе, олардың сенімді басқаруының арқасында Құдай халықтарды құтқарады. Жүсіп, ешқашан науқастарды сауықтырған емес, бірақ ау-

рулардың етек жаюын болдырмады. Жүсіп, ешқашан өлілерді тірілткен жоқ, бірақ адамдарды аштықтан қырылудан құтқарды. Жоспар құрып, ол бұлттарыссыз соны жүзеге асырды, сондықтан көптеген адам аман қалды. Жүсіп байсалдылықпен әдісқой әрекет етудің жоспарымен қаруланып жеңіске жетті.

Германиямен соғыс қарсаңында британ үкіметі Ақпарат Министрлігіне үгіттеу плакаттарының бірнеше нұсқасын әзірлеуге және басып шығаруға тапсырыс берді. Ондағы ой, өз халқының арасында жігерлендіретін ұрандар тарату еді. Плакаттардан, шрифттердің қатаң бой түзеуі, түстер гаммасы жинақы (екі түстен артық болмауы керек) және Георг VI тәжінің (жалғыз ғана графикалық элемент) болуы талап етілді.

Алғашқы плакат 1939 жылы қыркүйек айында шығарылып, қоғамдық жерлерде ілінді:

СЕНІҢ БАТЫЛДЫҒЫҢ,  
БОЛАШАҚҚА ҮМІТІҢ  
ЖӘНЕ ҚАЙРАТТЫЛЫҒЫҢ  
БІЗДІ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗЕДІ!

Көп ұзамай екіншісі пайда болады:

ЕРКІНДІККЕ ҚАУІП ТӨНУДЕ!  
ОНЫ БАР КҮШІҢДІ САЛЫП ҚОРҒА!

Екі плакат та барлық британ ауылдарында, темір жол стансаларында, сыраханаларда, дүкендер мен мейрамханаларда, бір сөзбен айтқанда — барлық жерге ілінді. Үшінші плакатты таратуға кезек жетпеді. Оның тиражы екі жарым миллионнан астам болғанымен, плакатты алпыс жылдан кейін Англияның солтүстік-шығысындағы кітап дүкенінің иесі, аукционда сатып алған ескі кітаптардың қорабынан тауып алғанға дейін ешкім көрмеді.

Үшінші плакатта былай жазылған еді:

САБЫРЛЫҚ САҚТАП, БЕРІК БОЛ!

Плакатты дәл сол тәж безендірді, дәл сол нақышта жасалды, бірақ ешқашан жария болған жоқ, себебі оны, Ұлыбританияны фашисттер басып алған жағдайда ғана тарату жоспарланған болатын. Плакат бұрын-соңды болмаған танымалдыққа ие болды және дүкеннің иесі осындай тәж бен мәтінді бейнелеп, кофе кружкалары мен ашық хаттар өндірісін жолға қойды. Біздің замандастарымыз, ізашарлардың сабырлық сақтап, бекем бол деген ұранын асыра бағалаған сияқты<sup>1</sup>.

Киелі кітап кейіпкерлерінің ішінен Жүсіпте өз кеңсінің қабырғасын осы плакатпен безендіруге барлық негіз болды. Оның әуесқойлығы — есепшінің бас кітабы, графикалар, сметалар, тоқсандық және жылдық есептер еді. Осылай күн, ай, жыл санап өтіп жатты. Ол сабырлық сақтап, бекем болды.

Сен де солай ете аласың. Мейлі, ауа-райы құбылыстары мен елдің әл-ауқатының деңгейін реттеу саған бағынышты болмай-ақ қойсын, келе жатқан цунамиді тоқтата алмайсың және жол апатын болдырмауға қабілетсізсің, бірақ сен әрекет етудің жоспарын құра аласың. Құдай сенің қиындықтарың туралы білетінін ұмытпа. Одан өзінді қадамдық нұсқаулықпен жабдықтап, дәл қазір өзің жасай алатын бір-екі қадамды көрсетуін сұра.

Осындай қиындықтарға бұрынырақ тап болған адамнан кеңес сұра. Достарыңнан дұға етіп, қолдауын сұра. Қалыптасқан жағдайдан шығар жол ізде, бірақ ең бастысы дағдарыстан шығудың жоспарын құр.

Танымал бизнес-гуру Джим Коллинзде осы тұста бірнеше іскер бақылаулары бар. Мортен Хансенмен әріптестікте ол дағдарыс жағдайларында басқарудың стратегия-

сын зерттеп, неліктен кейбір компаниялар экономикалық тұрақсыздық жағдайы мен бейберекетсіздікте өркендейді де, ал басқалары құрдымға кететінін, анықтауға тырысты. Осы сұрақтың жауабын іздестіріп, ол жиырма мыңнан аса компаниялардың қызметін сараптады. Сонда келесі тұжырымға келді: «[Табысты жетекшілер] анау айтқан жасампаз *емес*. Олар бәрінен де көреген *емес*. Олар басқаларға қарағанда баурап *алмайды*. Олар аса атаққұмар *емес*. Олар басқаларға қарағанда жолы болғыш *емес*. Олар тәуекелшіл *емес*. Олар өзгелерге қарағанда өжет *емес*. Олар байыпты және батыл қадамдарға бейім *емес*. Сонда оларды басқа басшылардан не ерекшелейді? Ең алдымен бақылауға бағынбайтын жағдайларда таңқалдыратын өзін-өзі бақылауы<sup>2</sup>.

Ақыр соңында табысты жетекші — тіптен әдеттен тыс біртума тұлға емес, бірақ жауапты және байыпты ойлайтын басшы. Руаль Амундсен сияқты. 1911 жылы ол Оңтүстік полюске баратын норвегиялық экспедицияны басқарды. Дәл сол кезде Роберт Скотт британдық антарктикалық экспедицияны басқарды. Олардың екеуін де болжап болмайтын және адамға аяусыз жер учаскесіне өту күтіп тұрды. Екеуіне де сол заманның техникалық жабдығы жетімді болды. Соған қарамастан Амундсен мен оның командасы Оңтүстік полюске, Скоттың командасына қарағанда отыз төрт күн бұрын жетті. Ненің арқасында?

Айқын жоспардың арқасында. Амундсен өзін тамаша стратег ретінде көрсетті. Өзі мүлтіксіз ұстанған жоспар, күнделікті он бестен жиырма шақырымға дейін жүріп өту еді. Жақсы ауа-райы ма? Он бес-жиырма шақырым. Нашар ауа-райы ма? Он бес-жиырма шақырым. Аз-кем емес. Оның командасы күнделікті он бес шақырымнан жиырма шақырымға дейін жол жүріп отырды.

Онымен салыстырғанда Скотт кенеттен әрекет етті. Жағымды ауа райында оның командасы ұзақ қажытарлық жол

жүріп, ауа райы нашар болғанда тіптен жылжыған жоқ. Екі жетекші және бір төтенше міндетті шешуде екі түрлі ыңғай, демек екі нәтиже. Амундсен өз командасын жеңіске жетеледі, оның адамдары экспедициядан бүтіндей аман оралды, ал Скотт болса өз командасын жеңіліске және өлімге жетеледі.

Оған себеп, сенімді жоспардың болмауы.

Қиын жағдайға ұшырағанда сен нені таңдайсың? Ғажайыпқа үмітенесің бе? Нанның табиғаттан тыс көбеюін немесе буырқанған теңізді, әмір беріп айнадай айдынын қайтаратын керметті күтесің бе? Таңғажайыптар бұрынғысынан Құдайдың арсеналында бар.

Ол тағы саған: «Мен сенімен біргемін. Мен зұлымдықты игілікке айналдыра аламын. Ал әзірге жоспар құрайық» дейді. Оның саған көмектесу тілегіне сенім арт.

Қүдіретті Құдайдың тәуелсіз билігі біздің әрекетсіздігімізді болжамайды. Керісінше, Құдай бізден болып жатқан нәрсеге жауапты қатынасуымызды күтеді. Иемізге сенім арту, парасатты ойлап, батыл әрекет етуге жол береді. Мысалы: «...біз Құдайымызға сиынып, олардан қорғану үшін күні-түні қабырғаға қарауыл қойдық» деп айтқан Нехемия сияқты. (Нехем. 4:9).

*«Біз сиындық ...және күзет қойдық».* Біз сенім арттық және әрекет еттік. Өзіңнің әлің келмейтінді жасауды Иемізге сеніп тапсыр. Және қолыңнан келетінді істеп, Оған мойынсұн.

Қиындықтарға өзіңді есеңгіретуге жол берме. Қайғыға өзіңді жаншуға жол берме. Үрейге өзіңді қорқытуға мұрсат берме. Әрекетсіздік амал емес. Шама-шарқыңа қарай әрекет ету — бұл дұрыс. Сөйте тұра Құдайға сенім арту — екі есе дұрыс. Жәй ғана...

САБЫРЛЫҚ САҚТА  
ЖӘНЕ БЕРІК БОЛ!

## 15 Тарау

### ҚИЫНДЫҚ. ҚҰДАЙ. ИГІЛІК

**Қ**ай-қайсымызды болса да өмір шалқамыздан жығып сала алады. Оның аяқтан шалуларынан бірде бір адам құтыла алмайды. Күйеуінің ашыналық оқиғасы туралы білген әйел де. Салымдарын алаяқ компаньоны иеленіп кеткенін білген бизнесмен де. Романтикалық кездесу деп армандағаны, кенет жүктілікке апарғанын білген жасөспірім-қыз да. Азаптар мен шешілмеген қиындықтар туындатқан дауыл, сенімін шайқалтқан бақташы да.

Өз тарапымыздан, тұрмыстағы қиындықтар бізді айналып өтеді деп үміттену ақымақтық болар еді.

Бірақ жамандық әрдайым жеңіске жетеді деп есептеу одан өткен ақымақтық.

Киелі кітап беттерінен, сенім: біздің қиындықтарымызды Құдай біздің әділдігімізге түрлендіреді, деп үздіксіз дауыстайды. Бәлкім сен, осы кітапқа өз мәселелеріңнің шешімін жылдам таппақшы болып жүгінген шығарсың. «Қиындықтарды женудің бес қадамы». Сенің көңіліңді қалдырсам, кешір. Саған айтар ғажайып сыбыр сөздерім де, сиқырлы таяғым да жоқ, бірақ мен әлдебір нәрсені, дәлірек айтсам, Әлдекімді таптым, Ол кез келген ертегі-қиялдағы формулалардан әлдеқайда жақсы. Мен Құдайды айтып отырмын. Құдай өміріміздің орталығына айналғанда, барлық бақытсыздықтарымыз біздің игілігімізге айналады.

Жүсіптің оқиғасы осыған куә емес пе? Басына бірінен соң бірі үйірілген қайғыдан— отбасыдан тұл қалған, қуылу, құлдық, түрме сияқты сынақтардан жеңімпаз бо-

лып шығып, өз заманының қаһарманына айналды. Ағаларына айтқан соңғы сөздерінде ол былай деді: «...сендер маған жамандық ойладыңдар, бірақ Құдай мұның бәрін жақсылыққа соқсын деп...» (Жар.баст 50:20).

*Жамандық, Құдай, игілік* — Киелі Жазба беттеріндегі барлық оқиғаларда жиі қайталанатын «тірелу нүктесі» міне осы.

Жамандық Әйүптің өміріне, оны азғырып және сынап аттады. Ол бар күшін салып күресті. Бірақ осы жерде Өзінің тәуелсіздігі туралы мәлімдеп және Өзінің шындығын жариялап, Құдай килікті. Әйүп Құдайды таңдаған кезде — шайтан өзінің жауыз шабуылдарының нысанасы еткен Әйүп, Құдайдың әділдігін жұртқа естірте жариялады. Нәтижесінде не болды? Игілік.

Жамандық Мұсаның өміріне, оны ашуға булықтырып және өз руластарын құтқару үшін мысырлық бақылаушыны өлтіруге нандырып ентеледі, бірақ Мұса ойлансын деп оны қырық жылға шөлдалаға бездіріп Құдай килікті. Ақыр соңында Мұса Құдайды таңдайды, сөйтіп әскер емес, азат етуші-бақташыға айналады. Нәтижесінде не болды? Игілік.

Жамандық Дәуіттің өміріне: оған неке адалдығын бұздырып кірді;

Даниялдың өміріне: тұтқынға түсіріп, шет елде болумен енді;

Нехемияның өміріне: оның Иерусалимін жауға талқандатын кірді.

бірақ Құдай килігіп, оның арқасында

Дәуіт забур жыршысы, рақымды жариялаушы болып,

Даниял бөтен елде әміршіге айналып,

Нехемия Бабылдың қаржысына Иерусалимнің қабырғаларын тұрғызды.

Нәтижесінде не болды? Игілік.

Игіліктің масайрауы айдан-анық!

Ал Иса ше? Оның жердегі өмірінде қайғы қаншама рет игілікке айналды?

Исаның ата-анасын түнеу үшін ішке кіргізбеген Бет-лехемдегі қонақүй иесі, олар үшін мал қорадан артықты таппады. Қандай жамандық! Құдай осы дүниеге мал қорада— бүкіл жарық дүниедегі ең көріксіз жерде келді. Игілік.

Тойда шарап бітіп қалды. Қырсық! Күйеу жігіт пен қалыңдықтың қонақтары Исаның алғашқы кереметіне куә болды. Игілік.

Дауыл сенімі аз елшілерді өлімші етіп қорқытты. Бәлеге ұшырау! Су бетімен келе жатқан Исаны көріп, олардың сенімдері нығайды. Игілік.

Бес мың адам өз отбасыларын қалай тамақтандыруды білмеді,— Исаның шәкірттеріне қосылуға сәтсіз күн. Бес нан салынған кәрзеңкені Иса наубайханаға айналдырды — Оның шәкірті болу үшін керемет күн.

Исамен бірге жамандықтың бәрі, заңды және күн түнді алмастыратын жігермен ұдайы игілікке айналады. Оған қоса рухани азаттық.

Төбедегі айқышты көрдің бе? Естимісің, рим легионерлерінің табыттың қақпағына соңғы шегені қағып жатқанын? Исаның жаулары, табалап маз болады. Оңай жеңістен дәмелі шайтанның ордалары тасаланды. Жамандықты білдіретіннің бәрі, қолдарын рахаттана ысқылауда. «Әйтеуір,— деп сыбырлайды шайтан. — Бұл жолы жеңіс менікі».

Қайғылы жұма және үнсіздікте мелшиген сенбі бойы, оныкі дұрыс сияқты болып көрінген: соққыдан құр сұлдері қалған Мәсіхтің денесі және Оның өлімалды демі, еңіреген Мәриям, жерді суарған қасиетті қан тамшылары. Құдай Ұлының ізбасарлары Оны күн батқанға дейін айқыштан шешіп алып, рим қарауылдары зиратты мөрледі, жер түн түнегінде мүлгіді.

Алайда шайтан жамандықтың ақырғы жеңісі деп ойлағанды, Құдай игіліктің абсолютті масайрауына айналдырды. Құдай зиратқа кіре берістегі тасты жылжытып, күлімсіреп, серіппелі адымдап, Өзі жерленген жерден кеткен Исаны жексенбілік таң қарсы алды. Мұқият қарасақ, Одан шайтанның құйрығын қысып, зыта жөнелгенін байқауға болады. «Қашан мен Оны жеңе аламын?» — деп жыламсырайды ол.

Ешқашан. Исаның, Жүсіптің және басқа да мыңдаған сенушілердің оқиғасы бізді, Құдайдың қолында шайтан ойластырған жамандық ақыр соңында игілікке айналатынына көзімізді жеткізеді.

Оған нағыз дәлел — Кристина Кейн. Бес фут пен үш дюйм қайнаған қуат, құштарлық пен сүйіспеншілікті елестетіп көріңіз, сонда сіз менің Австралиядағы құрбымның бейнесін аласыз. Кристинаның жанында болу — Жүсіптің қазіргі замандық үлгісінің жанында дастархандас болғанмен бірдей. Ол осы заманның алпауыт зұлымдығы: сексуалды құлдықпен күресуде. Оны үйінен таппайсың: жылдың он айы Кристина түрлі елдер мен континенттерді аралап, елбасылармен, министрлермен және парламент мүшелерімен кездеседі. Ол — жеңгетайлардың жауы және ұйымдасқан қылмысқа қарсы жау жүрек күрескер. Кристина және оның адал Көмекшісі Құдай, таяу келешекте сексуалды құлдық сияқты әлеуметтік жамандықтың табытына соңғы шегені қағатынына күмәнданбаймын. Дүниетанымы әжептеуір өзгерген осы әйелдің келешектен үміті әсер қалдырарлық!

Он үш жасында Кристина, өзі ата-анасының туған қызы емес екенін кездейсоқ біліп, есеңгіреді: оны тәрбиелеген зайыптар одан осы жәйтті жасырған. Шындықты білгенде, Кристина өзінің туған ата-анасын іздеп табуды шешеді.

Туылуын растайтын ресми құжаттардан ол, анасы Панаюта есімді ұлты грек қыз екенін, «әкесі» деген баған-

да «белгісіз» деп жазылғанын біледі. Кристина осы сөздің көзіне оттай басылып, неліктен өзі үшін сондай маңызды адам, сегіз әріптен тұратын қандай да бір сөзге айналғанын түсінуге күш салғанын, оған осы сөздің өзі орынсыз болып көрінгенін әңгімелейді<sup>1</sup>.

Бұнымен бәрі бітпейді. «Баланың есімі» бағанында «аты жоқ» деген алты әріптен құралған екінші сөз тұрды, оны оқығанда Кристинаның тынысы тарылды.

Сонымен баланың әкесі «белгісіз», өзінің «аты жоқ». Осы құжатқа сүйенсек Кристина Кейн бар болғаны «1966 жылғы 23 қыркүйек. № 2508 Туу туралы күәлік»<sup>2</sup>.

Туған ата-анаңның тастап кетуінен артық жамандық болуы мүмкін бе? Болуы мүмкін. Өзің туыстарым деп санайтын адамдардың тарапынан сексуалдық зорлық-зомбылық көру, сенің дәрменсіздігіңді пайдаланып, күн санап сенің балалық шағыңды тұтастай сұмдыққа айналдыру одан да сорақы. Он екі жыл бойы ешкім тосқауыл қоймаған жексұрын зорлық-зомбылық!..

Соған қарамастан, Кристинаның ата-анасы деп аталғандар жасаған жамандықты Құдай оның игілігіне айналдырды, себебі өжет әйел өткеннің жан жарасын тырмаламай, өзінің Көктегі Әкесінің уәдесін назарға алуды шешті. Ол Ишая кітабындағы үзіндіні жадына сақтады: «Мені ана құрсағынан-ақ Жаратқан Ие тағайындады, есімімді туған кезімнен-ақ есінде сақтады» (Иш. 49:1). Жүсіпке ілесіп, Кристина да өзіне сенген Құдайға сенім арту туралы шешім қабылады.

Жылдар өте, сексуалдық құлдыққа түскен қыздардың жағдайы туралы білгенде, ол өзінің не істеу керектігін білді. Бір кездері атаусыз болған және өзі зорлық зомбылыққа ұшыраған әйел, бүгінгі аты мен заты жоқ, зорлық зомбылыққа душар болған қыздарды құтқаруға бел буды. Шайтанның Кристинаны жою жоспары, оны басқа азапталушыларға көмектесуге жігерлендірді. Оның «A21

Сотрапaign» қоғамдық ұйымының офистері бүкіл әлемде орналасқан. Осы ұйымның мүшелері «адам саудасымен күресіп, мектеп және балалар үйінде зорлық-зомбылықтың профилактикасы бойынша бағдарламалар әзірлеп, зорлық-зомбылық құрбандарына білікті заң көмегін қамтамасыз етіп және оларға қауіпсіз жерлерде пана, сосын арнайы оңалту орталықтарында тынықтырып, қайта қалпына келуге көмек береді»<sup>3</sup>. Осыны жазып отырған кезімде, бірнеше жүздеген жас әйелдер құлдықтан азат етіліп, қажетті көмек алды<sup>4</sup>.

Мен келесіні қайталауға ешқашан шаршамаймын: шайтан ойластырған жамандықты Құдай... Ары қарай өзің білесің.

Әлде білмейсің бе? Сен, Құдай игілікке айналдыра алмайтын жамандық жоқ дегенге сенбейсің бе? Ол сені кезкелген ордан, өзің қазір түскен ордан да шығара алатынына сенбейсің бе?

Жүсіп, Құдай өзіне көмектесуге дәрменсіз деп шешсе, не болар еді? Ол кезкелген сәтте Одан теріс айнала алар еді ғой, себебі оның азапты өмір жолында соған итермелейтін жағдайлар жетіп артылды. Жүсіп сенімінен айрылып: «Жетер енді. Бітті. Мен кеттім», деп кері шегіне алатын еді..

Сен де Құдайға қолыңды бір сілтеп кете аласың. Үміттер зиратында, Иемізден үмітін үзіп, шайтанның дәрменсіз құдай туралы насихатын қабылдағандардан аяқ алып жүре алмайсың. Өтінем сенен: солардың қатарын толтырмашы!

Құдай сенен Жүсіпті көреді. Иә-иә, сенен! Сен орға түстің. Сенің отбасыңда бей-берекетсіздік пен астан-кестен. Сенің өміріңнің мысыр түрмесінен ерекшелігі аз. Бірақ Құдай сені Өзіне шақырады.

Сенің отбасыңа, ашу мен кек күніндегі рақымның жаршысы болатын Жүсіп қажет. Сенің ұрпақтарыңа, сенім шынжырындағы берік буыны болған Жүсіп керек. Сенің

замандастарыңа Жүсіп керек. Рухани аштық жайлаған әлемде. Өзің, соған мұқтаждар үшін үміт тірегіне айналасың ба? Сен Жүсіп боласың ба?

Құдайға сенім арт. Жоқ қалжыңсыз, Құдайға сенім арт. Ол саған басыңа түскен бәледен құтылуыңа көмектеседі. Бұл тез және оңай бола ма? Солай деп үміттенемін. Бірақ көбіне олай бола бермейтінін мойындау керек. Бірақ ерте ме кеш пе, Құдай кез келген жамандықты игілікке айналдырады.

Ол бұл нәрсенің — Шебері.

ОЙЛАНУ  
ҮШІН  
СҰРАҚТАР

*Дайындаған Кристина М. Андерсен*

# 1 Тарау

## СЕНІҢ ҚОЛЫҢНАН КЕЛЕДІ

1. Тараудың басында келесі тіркестер бізге үш мәрте ұшырасады: Сенің қолыңнан келеді. Иә ауыр болады, бірақ төзуіңе тура келеді. Құдай осы қайғыны сенің игілігіңе айналдырады. Қазір жігеріңді жасытпай, албырт қиялдарға бой алдырмай және ақымақтық жасамауға тырысу керек. Бірақ үмітіңді үзбе, сонда Құдайдың көмегімен сен бұны еңсере аласың».
- а) әр сөйлемді өз алдына бөлек қарастырайық. Олардың қайсысынан сіз өзіңізге көбірек жұбаныш немесе қолдау табасыз? Сондайлар болса, қайсысын осы үзіндіде өзіңіз көргіңіз келмейді? Неліктен?
- б) Осы сөздерді Макс Лукадо белгілі бір қиындықтарға тап болған үш түрлі адамға айтады: үш баласымен күйеуі тастап кеткен әйелге; қорлайтын ескертулер жасағаны үшін жұмыстан қуылған қарт ер-азаматқа, ажырасуды ресімдеген әкесі мен анасының арасында таңдау жасауға мәжбүр болған жас қызға. Қазір қалыптасқан немесе өткенде орын алған өз жағдайыңыздың қиындығын қысқаша тұжырымдап көріңіз.
- в) Макс Лукадо біздің назарымызды, қиын жағдайларға жауап қатудың орынсыз үш нұсқасына аударады. Төменде келтірілген сондай орынсыз жауап қатудың сипаттамасынан өзіңізді көресіз бе? Өзіңіз дәл қазір немесе қиындыққа ұшырағанда солардың қайсысын көрсетуге бейімсіз?

- Ақымақтық: ешнәрсе туралы ойламауға, сананың дәлелдерін және сақтықты елемеуге, ақылды кеңестерді ескермей, басыма не келсе соны істеуге оқталамын.
  - Албырттық: мен саналы түрде, өзімде болып жатқан қиындықтардан бейхабар болуды таңдаймын, маған көрегендік пен сыншыл ойлау қабілеті жетіспейді, мен өзімнің іс-әрекетіме, айтқан сөздеріме көзімді жұма қараймын, сөйтіп нақтылықтан алшақ, қоршаған орта мен адам болмысының өзгеруі туралы армандарға берілемін.
  - Түңілу: мен, өзіме жанашырлық пен қамқорлық танытатын адамдардан алшақтауға тырысамын. Үмітсіздік пен мағынасыздыққа, дәрменсіздік пен бақытсыз болу сезіміне берілуге бейіммін.
  - Әлдебір басқа нәрсе.
2. Жаратылыстың басталуы 37-ші тарауды оқыңыз, онда Жүсіптің отбасында орын алған бақытсыз жағдайдың алдында болған оқиғалар суреттеледі және оны қалай ұрлап, Мысырға құлдыққа сатқаны әңгімеленеді.
- а) Осы оқиғаға негізгі үш кейіпкер қатысады: ағалары (біртұтас ретінде), Жүсіп және Жақып. 1-ші сұрақта көрсетілген, қиын жағдайға жауап қатудың үш орынсыз типтерінің қайсысы, осы кейіпкерлерді дәлірек суреттейді?

Ағалары: \_\_\_\_\_

Жүсіп: \_\_\_\_\_

Жақып: \_\_\_\_\_

- б) Жаратылыстың басталуы 37-ші тарауда өзіңіз таңдаған кейіпкердің көмегімен және 1-ші сұрақтағы

өзін ұстаудың, қиын жағдайда осы кейіпкердің жауап қату типін дәлірек суреттейтін үлгісімен, қиындыққа ұшырағанда өзіңіз қалай жауап қататыныңызды суреттеңіз. Мысалы, егер сіз түңілу реакциясын таңдасаңыз, қиын жағдайға осылай жауап қататын сіз бен киелі кітап кейіпкерінің арасында не ортақ және қандай айырмашылық бар екенін суреттеңіз? Оның сөздері мен іс-әрекетінде не нәрсе сізге өзіңіздің қиын жағдайыңызға жаңаша қарауға көмектесті? (бәлкім сіз, осы кейіпкердің нақты жағдайдағы сөздері мен іс-әрекетіне ерекше назар аударып, Жаратылыстың басталуы кітабының 37-ші тарауын тағы қайталап оқығыңыз келетін шығар).

в) егер өзіңізде басқаша болса, сізді өзіңіз таңдаған кейіпкерден не ерекшелейді? Неге?

3. Жаратылыстың басталуы кітабының 37-ші тарауының басында Жүсіп Мысырға барады. Еврей тілінде Мысыр *Мицраим*. Осы сөздің түбірі «шектеу, тосқауылдау, шек қою» дегенді білдіреді<sup>1</sup>. Біз бірден өте тар, тұйықталған кеңістікті елестетеміз. Олай болса, Мысыр Жүсіп үшін — оның *Мицраимы* десе болады — Жүсіп үшін ол орға немесе құдыққа тасталған сәттен басталды және таршылық немесе қысаңшылық (құлдық, арандатушылық, түрме) оның өмірінде ұзақ жалғасты.

а) Жүсіптің жағдайында, құлдықпен келіспей, бар күшін қалыптасқан жағдайдан шығуға бағыттау әбден орынды болар еді. Қалай ойлайсыз, неліктен ол бірде-бір рет қашуға талпынбады? Қашудың орнына оның қалай әрекет етуді шешкенін суреттеңіз.

б) Мысырда болу метафорасы туралы сіз не ойлайсыз? Қиындықтар өзіңізге белгілі бір шектеулер қойып немесе өзіңіздің әрекет аяңызды тарылтты деп айта

- аласыз ба? Өзіңіз үшін қандай шектеулер бәрінен де қиын?
- в) Сондай шектеулерге өз реакцияңызды қалай сипаттаған болар едіңіз? Мысалы, сіздің ойларыңыз бен күш салуларыңыз алдыңызда тұрған мәселені шешуден жалтаруға немесе оның шешімін іздестіруге я болмаса басқа бір нәрсеге бағыттала ма?
4. Жүсіппен болған оқиғаның өрбуіне қарай, оның тұлғалық болмысы едәуір өзгерістерге ұшырады. Бұрын кара басынан басқаны ойламайтын шолжандаған жас жігіт, өз руының көреген көшбасшысына айналып, оларды аштықтан құтқарды. Жүсіпті шектеген нәрсенің бәрі, оқу-жаттығу лагеріне айналды, онда болу оған Құдайдың мәңгілік ой-ниетін жүзеге асыруға тар жолды салды.
- а) Тәрбие, өмірге ең жақсы дайындық болып табылады. Осы үдерістің нәтижесінде әлсіз адам күшті болып, ал олақ ысылып — шеберге айналады. Сіздің қиын жағдайыңызда тәрбиенің қандай қорлары жасырылған? Сол жағдайда сіз қандай «буындарыңызды» ширатасыз?
- б) Күш салуларыңызға қарамастан, қолыңыздан келмей жатқан нәрсе, ынтаңызға қарай кейінірек қолыңыздан келеді. Осы шындықты Жүсіптің және өз оқиғаңызда қалай көресіз?
5. «Жүсіптің оқиғасы, кез-келген зұлымдықтан жоғары Құдайға сенім артуға үйрету үшін орналастырылған. Құдай — жоғары білікті Тоқымашы және Құрылысшы — шайтан ойластырған зұлымдықты біздің игілігімізге айналдырады» (р. 16). *Асып түсу* үшін, күрестің стратегиялық маңызды сәтінде негізгі, көбіне жасырын қорға жүгініп, қарсыластан үстем болу керек. Осы наным

сізге, өміріңізге Құдайдың килігуін жақсырақ түсінуге және қабылдауға көмектесе ме?

6. К. С. Льюис былай деді: «Құдай бізге ләззаттарымызда сыбырлап, ар-ұжданымызға дауыстап айтады, осы керек болып қалған дүние ести алуы үшін, біздің ауырсынуларымызда Ол айқайлайды, — Ол оның мегафоны<sup>2</sup>. Ойланыңыз, сізге Жүсіптің оқиғасы өз азаптарыңыз немесе өткізіп жатқан қиындықтарыңыз туралы не айтып бере алады? Егер өзіңіздің ауырсынуыңызда Құдай дауыстаса, Ол сізге сонымен не айтқысы келеді? Ол сізден қандай жауап күтеді?

## 2 Тарау

### МЫСЫРҒА БАРУ

1. Жүсіп Мысырға құл ретінде түсті. Ол, өзінің тағайындалуынан басқаның бәрінен айрылды. Жүсіп, Құдай Өз жоспарын құрғанда оған сенім артатынын, сол үшін оның өмір жағдайларын қолданады деп сенді.

а) Өмірдің ауыр жағдайлары өзіңіздің Құдайға сенім арту, яғни өміріңізге Оның белсенді қатысатынына сену қабілетіңізге ықпалын, сіз қалай суреттеген болар едіңіз?

б) Ойланып көріңіз, сіздің мәңгілік өміріңіз тұтастай және толығымен Құдайдың қолында, Ол — сіздің құтқарушыңыз және тұтастай мәңгілікті сіз Оның киелі қатысуында өткізетініңізге өзіңіз сенесіз бе? Құдайға өзіңіздің мәңгілік өміріңізді сеніп тапсырасыз да неліктен жердегі өміріңізге Оның қам жейтініне күмәнданасыз?

2. Өзіңіздің тағайындалуыңыз туралы ойлау тәсілдерінің бірі — бұл Құдайдың және сіз бен біздің тарихымыздың қандай аяқталатынын алдын ала біле тұрып оны еске алу. Бұл керемет емес пе? Ишая пайғамбар арқылы Құдай былай дейді:

...Баяғыда болғандарды да ұмытпаңдар! Жалғыз Мен ғана шынайы Құдаймын, Менен өзге құдай жоқ, Маған ұқсас ешкім болмайды! Ақырғы жайттарды әуел бастан-ақ және әлі істелмеген істерді баяғыдан-ақ алдын ала білдіріп келемін. Мен мақсатымды орындап, Өзіме ұнайтындарды іске асыратын боламын деп уәде беремін.

*Иш. 46:9–10*

«Жариялаудың» осы тәсілі, Құдайдың табиғатында және Оның әрекет ету үлгісінде тіптен теңдессіз әлдебір нәрсені ашады. Жүсіптің оқиғасында, біз түстерді қолданып, Құдай Өзінің қызметшісіне ненің жүзеге асатынын ашқанда, осылай «жариялаудың» жеке оқиғасын көреміз (Жар.баст 37:5–11).

- а) Бір кездері өзіңіз ұшырасқан қиындықтар немесе ауыр жағдайлар туралы ойланыңыз. Артқа бұрылып, Құдайдың сол кезде жаныңызда болғанын қандай белгілер растағанын есіңізге түсіріңіз? Әлдекімнің тосыннан мейірбандық танытуы? Өзара қарым-қатынастар немесе жағдайлардағы оң өзгерістер? Құдай сізді кейіннен болатын оқиғаларға қалай дайындады? Басыңыздан өткен нәрсенің нәтижесінде сіздің Құдайға сенім артуыңыз артты ма?
  - б) Өзіңіз бастан кешкен Құдайдың өз өміріңізге килігуі немесе сізге солай көрінген қатыспауы— өзіңізге қазіргі жағдайларда Оған сенім арту қабілетіңізге қалай әсер етті?
  - в) Өткен жиырма төрт сағатты есіңізге түсіріңіз. Мейлі кішкентай болса да, Құдайдың рақымының қандай белгілерін байқай аласыз? Екі немесе үш сондай белгіні жазыңыз.
  - г) Сол белгілер, бүгінгі жағдайларыңызға қатысты Құдайдың қандай ой-ниеттері туралы куәлік бере алады?
3. Біз өз тағайындалуымызға сенеміз: біз жоғалтуға болмайтынды берік ұстанамыз. Екі нақты мысалда — жұмыстан айрылу мен қарым-қатынасты үзуде — Макс Лукадо өз тағайындалуымызды қалай ұмытпау және оған сену керектігін көрсетті (р. 24). Осы мысалдарды үлгі ретінде қолданып, Құдайдың өзіңізге дайындаған

тағайындалуына сеніміңізді нығайтуға көмектесетін екі-үш сөйлем келтіріңіз.

4. Құдайдың шақыруына «иә» деп жауап беріп, Мысырда да аман қалуға болады (р. 25). Өзіңіз «иә» дегенде, Құдайға өзіңіз туралы бәрі мәлім екенін мойындайсыз (Забур Пс. 138 қар-з). Сіз: «Осыны істейді мен үшін Жаратқан, рақымың, уа, Ием ұласады әрқашан, бас тартпа бізден өз жаратылысыңнан» (Забур 137:8) дегенге сенімді Дәуітке қосыласыз.
- а) Егер сол мүмкін болса, Құдайдың шақыруына сіз қалайша «жоқ» деп жауап берген болар едіңіз?
  - б) Сіздің Құдайдың шақыруына «жоқ» деген жауабыңызды — ішінара Құдайдың сүйіспеншілігінен бас тарту деп пайымдасак, осы «жоқ» сіздің келешегіңізге қалай әсер етеді?
  - в) Өзіңіз Құдайға келешекте не нәрсеге қатысты «иә» деп айта аласыз?

### 3 Тарау

## ЖАЛҒЫЗ, БІРАҚ ТҮБІНДЕ ЖАЛҒЫЗ ЕМЕС

Макс Лукадо бізге Құдайдың қатысуына ашылуға көмектесетін төрт қадамды ұсынады, «Тұнық мұхит суы маржандарды қоршағандай бізді де қоршайтын» (р. 34).

1. *Өзіңнің Құдайдың қатысуында болу құқығың туралы мәлімде.* Киелі Жазба беттері Құдайдың қатысуының жақын екенін растайтын шындықтарға толы:

Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен,  
қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден,  
себебі Өзің менің қасымдасың,  
жігер береді сойылың мен таяғың.

*Забур 22:4*

Әлемнің Иесі біздің жанымызда,  
Жақып сиынған Құдай — биік қорғанымыздай.

*Забур 45:8*

Құдайдың уәделері өзін ақтайтынына көз жеткізетін:

...Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын.

*Матай 28:20*

Құдай:

...Мен сені ешқашан тастап кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын — деді.

*Евр. 13:5*

Сіз Құдайдың қатысуында болу құқығыңызды мәлімдеп, осы құқықты жақтап, оны өзіңізге уәде етілген артықшылық ретінде талап етесіз. Бұл табандылық, қайсарлық пен өжеттілік ұстанымы.

- а) Құдайдың қатысуының жақын екеніне өз қатынасыңызды қалай сипаттаған болар едіңіз? Осы шындықты жариялап, сіз табандылық, қайсарлық пен өжеттілік танытасыз деп айтуға бола ма? Немесе өзіңізге күмән, жүрексіздік пен енжарлық тән бе?
- б) «Сынақ күндері өзімізден батылдық пен сенімді талап етеді» (р. 35). Жоғарыда келтірілген Киелі кітап үзінділерін жеке өзіңізге айтылған ретінде қайта оқып, өзіңіздің бүгінгі жағдайыңызда Құдайдың қатысу жақындығына құқылы екеніңізді мәлімдеңіз. Қиын-қыстау кезде Құдай әрдайым жаныңызда екеніне сену батылдығыңызды дәлелдейтін екі-үш мақұлдауды жазыңыз.

2. *Құдайдың қаншалық керемет екенін есіңе түсір.* Құдайдың рақымдылығы, қиын кездерде сіз әрдайым Құдайға сенім арта алатындығыңызды дәлелдейтін — Оның табиғатының айнымас қасиеттері.

- а) Таймерді екі минутқа қойыңыз. Осы уақыт ішінде есіңізге түскен Құдайдың ізгілігін куәлайтын киелі кітап шындықтарын жазыңыз (таймерді қоюдан бұрын, Макс Лукадонның (р. 35) тиісті тізімін оқып шығу артық болмас). Егер өзіңізде уақыт болса, 85-ші Забурды оқып шығып, Дәуіт тізіп шыққан Құдайдың ізгіліктерін жазып алыңыз.
- б) Өзіңіз жасаған киелі кітаптық шындықтар тізімін қарап шығыңыз. Одан өзіңіз үшін аса маңызды Құдайдың айрықша қасиеттерінің астын сызыңыз.

Неліктен қазір дәл солар сізге соншалық маңызды болып көрінеді? Олар Құдайдың қандай уәделерін растайды?

3. *Өз ауыртпалығыңды дұғада шығар.* «Құдайға ашулануға бола ма? Оның әдістерінен көңіл қалу мүмкін бе? Ол таңдаған тәсілдерді сынға алып, ұрсысуға ше? Оған Ол туралы ойлайтыныңның бәрін айт. Біліп жүрсін! <...> Тартынба және Оған өзіңнің шағымдану кітабын арна (р. 37).

а) Шағым — бұл ресми құжат, онда ең алдымен мәселе баяндалады, осы құжатты өзін естірту құқығына ие тұлға ұсынады. Онда өзіңіз таяуда ұшырасқан қиындықты жазып, кішігірім шағым жасаңыз. Не шықты өзіңізде?

б) Осы жағдай сіздің айналадағы адамдарға, өзіңізге қарым-қатынасыңызда қандай сезімдер оятты?

в) Құдаймен өз қиындығыңыз туралы сөйлескенде Онымен ашық болыңыз. Не болмаса күнделікке өз шағымдарыңыз бен дұғаларыңызды жазып жүріңіз. Өз сезімдеріңіз бен ойларыңыз туралы шындықты бүгіп қалу азғырылуына бой алдырмаңыз. Өз түңілулеріңіз бен жан азаптарыңыздың бар ауыртпалығын Құдайға әкеліңіз.

4. *Құдайдың адамдарына арқа сүйе.* Құдай, Оның атына бола жиналатындардың арасында болады (Мат. 18:20 қар-з). Макс Лукадоның әбден мәнерлі метафорасы бізді «Құдай қауымы кемесінің еденіне тас боп жабысқан теңіз ұлуы болуға шақырады (р. 37). Екі жармалы ұлular өз өмірін еркін жүзіп жүрген титтей жәндіктер ретінде бастап, өсе келе қандай да бір қатты үстіртке жабысуы қажет. Осы мақсатта олар, уақыт өте қата-

тын икемді тұтқыр зат өндіріп шығарады. Өскен сайын ұлулар ұлғаятын шоғырланған шеңбер тізбегін үздіксіз қалыптастырады, бұл олардың өздері таңдаған қатты үстіртке бекітілуін күшейтеді.

- а) Ұсақ-түйекке тоқталмастан, өзіңіздің сенушілер жиынына қазіргі адалдығыңызды қалай сипаттаған болар едіңіз? Өзіңізді осы жиынның мүшесімін деп есептейсіз бе әлде әлі де еркін жүзіп жүрсіз бе? Егер сіз мәсіхшіл қауыммен тығыз байланыста болсаңыз, осы байланыс әлсіреп жатыр ма әлде керісінше нығайып жатыр ма? Неге?
- б) Өздеріңізді ортақ қызмет аясы біріктіретін мәсіхшілердің қандай да бір тобы, достарыңыз болсын, қауым, еріктілер тобындағы ішкі өзара қарым-қатынасты есіңізге түсіріңіз. Солардың ішіндегі қай қарым-қатынасты сіз едәуір «цементтелгенге» жатқызар едіңіз?
- в) Өзіңіз адамдарға арқа сүйегенде, олардан тәуелдісіз. Келесі аптада қандай өзара қарым-қатынастар сізге тірек бола алар еді? Сол кезде сіздің тәуелділігіңіз неден көрінеді? Ол практикалық көмек көрсету я болмаса нақты сиыну туралы өтініш бола ма? Немесе шәй үстінде кездесу сізге досыңызбен алдағы сынақ туралы бөлісуге мүмкіндік бере ме? Әлде тағы бір нәрселер ме?

## 4 Тарау

### АҚЫМАҚТЫҚТЫ АҚЫМАҚТЫҚПЕН ТҮЗЕЙ АЛМАЙСЫҢ

1. Өмірдің сын сағаттарында «құмды қайраңдардан» өту немесе созылып кеткен тұрмыстағы ырың-жырыңдар кезіндегі жүктемелер психикалық та, рухани күш-қуатымызды да сарп етіп, сондай-ақ айналадағы адамдармен өзара қарым-қатынасымызды нашарлатып жіберуі мүмкін. Өзіңіз қазір ұшырасып жатқан жүктемелерге баға беріп, өз күш-қуатыңыздың сарқылу деңгейін белгілеңіз. Мына шкалада, өзіңіздің ахуалыңызды дәлірек бағалайтын санды шеңбермен қоршаңыз.

---

1      2      3      4      5      6      7      8      9      10

---

Мен жүдедім. Менде қалыптасқан жағдайды шешу және өзара қарым-қатынасты нығайту үшін күш қалған жоқ.

Мен жүдеген жоқпын. Қалыптасқан жағдайды шешу және өзара қарым-қатынасты нығайту үшін күш-қуатым жеткілікті.

- а) Өз күш-қуатыңыздың жоғары деңгейде сарқылуын суреттеп, қандай теңеуді қолданған болар едіңіз: тозған киім, кеуіп кеткен өзен арнасы немесе майдың буымен соңғы айналым жасап жатқан қозғалтқыш па?
- б) Өзіңіз таңдаған теңеу сіздің қандай қажеттіліктеріңізді көрсетеді? Басқа сөзбен айтқанда, дәл қазір өзіңізге не нәрсе жетіспейді?

2. Күш-қуатымыздың сарқылуының нәтижесінде біз кейде теріс әрекеттер жасаймыз, Макс Лукадо соның мынадай мысалдарын келтіреді: ұсақ-түйек ақымақтықты одан да үлкен ақымақтықпен түзеуге әрекет етіп жатамыз, онсыз да қиын жағдайды жаңсақ шешіммен одан бетер қиындатып, қызбалықпен жақындарымызға дүрсе қоямыз, өнегелік тұсында ымыраға барып жатамыз. Өзіңізге қатысты осындай теріс әрекеттерді жоққа шығарасыз ба? Өз тарапыңыздан сондай әрекеттерге жол бермеу үшін сіз күшті қайсы қайнардан алмақшысыз?
3. Ақталулар мен «сананың дәлелдері» («Ешкім ештеңе білмейді». «Мен әшкере болмаймын». «Мен бар болғаны адаммын»), өзіміз әні-міне дегенше бір ақымақтықты келесі бір ақымақтықпен түзетуге әзір екенімізді ескертетін — қызыл жалаушалар. Даллас Уиллард: «Бұрынғы өмірімнен қалған ойлар, сезімдер мен іс-әрекеттер, өзім үшін рухани тұста аса қауіп төндіреді, себебі мен оларды «қалыпты», «бәрі солай істейді» және «мен бар болғаны адаммын» деп ойлаймын» дейді<sup>3</sup>.
  - а) Бұрынғы өміріңізден қалған қандай ойлар, сезімдер мен іс-әрекеттер сіздің ақтауларыңыз бен «сананың дәлелдерін» қажетсінеді?
  - б) Сіздің теріс мінез-құлыққа бейімділігіңіз, қандай әлеуетті қауіпті өзінің ішіне алады?
4. Потифардың әйелімен қарым-қатынаста Жүсіптің қалай «қайранға ұрынғанын» әңгімелейтін Жаратылыстың басталуы кітабының 39-шы тарауын оқыңыз.
  - а) Әдеттегідей ақталулар мен «ақылдың дәлелдері», біздің назарымызды өзімізге жетіспей тұрған нәрсеге немесе қалыптасқан жағдайда «жетістіктен» ал-

шақ нәрсеге аударады. Жүсіптің өз қожайынының әйеліне берген жауабы, болып жатқан нәрсеге оның көзқарасын қалай ашады? (9 аят)

- б) Турашылдық — бұл адалдық пен ар-намыстылық. Осы тараудың кейіпкерлері адалдық пен опасыздықты қалай көрсетеді? Олардың әрқайсысы көңілден шығуға тырысады? Жүсіптің, Потифардың әйелінің және Потифардың өзінің сөздері мен іс-әрекеттерін қарастырыңыз.
- в) Осы тарауда ұсынылған үш тектес адамдардан бағыт-бағдар алып, қазіргі сәтте өзіңіз кімге адалдық танытып жатқаныңызды және оның деңгейі қандай екенін суреттеңіз. Сіздің сөздеріңіз бен әрекеттеріңізге қарап, өзіңіз кімге жағынудасыз соны аңғарыңыз?
- г) Басыңызға ауыртпалықтар мен бақытсыздықтар түскенде, Құдайдың өзіңізге адал болған мысалдарын айтып бере аласыз ба?

5. Жүсіп, қай кезде болмасын «сананың дәлелдеріне» құлақ асудан, ар ұжданмен мәмілеге келулерін ақтаудан бас тартып, Құдайға адалдықты таңдады. Бұл дұрыс болды, бірақ онысы оған қымбатқа түсті.

- а) Дәуіт былай деп кеңес берді: «...Жаратқанға лайықты тарту арнаңдар, Оған сенім артып, мойынсұныңдар! (Забур 4:6). 2-ші және 3-ші сұрақтарда айқындалған, теріс мінез-құлыққа бейімділігіңізге байланысты өзіңізден қандай құрбандық талап етілуі мүмкін?
- б) Қандай мәселенің шешімін сіз Иемізге тапсыру керексіз?

## 5 Тарау

### А, БҰЛ НЕБӘРІ ДАЙЫНДЫҚ БОЛҒАНЫ МА?

1. «Құдай бізді әр күн адамдардың немесе қиындықтардың көмегімен сынайды» (р. 53).
  - а) Сынаққа түскен Макс Лукадо, одан әрі бұртиып жүру немесе кешірім сұрау, туындаған шиеленісті елемеу немесе оны жөнге келтіруді шешу керек болды. Соңғы жиырма төрт сағат ішінде өз үлесіңізге қандай да бір сынақ түсті ме, еске түсіріп көріңіз? Сіз қандай қиындыққа ұшырастыңыз және ол сізден қандай шешімді талап етті?
  - б) Емтихан сынақтарында сізге баға не болмаса есептелді есептелген жоқ деп қойылады. Соңғы тәулікте өзіңіз ұшыраған сынаққа орай өз әрекетіңізді сіз қалай бағалаған болар едіңіз?
  - в) Макс Лукадоға түскен сабақ тақырыбын: «Өзара қарым-қатынастағы адалдық» деп айтуға болады. Өзіңіз өтіп жатқан сабақ тақырыбы қандай? Осы сабақты жақсылап игерсеңіз, не нәрсеге үйрене алар едіңіз? Олай етпеген жағдайда сіз қандай залал немесе теріс зардаптардан жапа шегесіз?
2. Жүсіптің өміріндегі сынақтарды — сіздің де сынақтарыңыз сияқты,— Құдай, жазалау үшін емес, дайындау үшін қолданды. Мақсаттарда осындай түбегейлі айырмашылықтардың болуын Клайв Льюис былай деп айтып растады: «Егер осы әлемді, біздің бақытымыз үшін

тағайындалған жер деп қарастырсақ, ол адам төзгісіз болады, бірақ осы әлемге үйрету және түзету орны ретінде қарасақ, ол әбден жарарлық жер болып көрінеді»<sup>4</sup>.

- a) Осы туралы алғаш естігенде, сіз не ойладыңыз? Осы сөйлем, Құдайдың сынауы дегеннің не білдіретіні туралы сіздің ұғымыңызды өзгертті ме?
- b) Жүсіп, сынақтар өзін дайындау үшін, басынан өтіп жатқан сабақтар оны Құдайға адал қызмет ететін және Оған сенім артатын көшбасшы болуға үйретуге бағытталғанын білген жоқ. Жүсіп сияқты сіз де, Құдайдың өзіңізді қандай қызметке дайындап жатқанын аңғармауыңыз мүмкін, бірақ Оның сабақтары сізге өздігінен келешек қызметіңіздің бағытын көрсете алады. Егер оларды мұқият байқап, соңғы сын-сабақтардың «тақырыптарын» есіңізге түсірсеңіз, қалай ойлайсыз Құдай сізді не нәрсеге дайындап жатыр?

### 3. Елші Жақыптың түсіндіруінде сынақтарға Киелі кітаптық қатынас келесідей болуы тиіс:

Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды.

*Жақып 1:2–4*

Осы көзқарас, қазіргі қоғамның қалыпты және парасатты мағына деп санайтын нәрсеге қайшы.

- a) біздің сынақтарға қатынасымызды өзгерте алатын негізгі сөз «қабылданғандар». Грек тілінде «қабылданғандар» деген сөз, — сезімдік жай-күйді емес, ойлау үдерісін бейнелейтін етістік. «Жақып, қиын жағдайда өзіміз *сезуге* тиіс нәрсе туралы емес, бірақ олар

жөнінде өзіміз не *ойлау* керекпіз, сол туралы жазады»<sup>5</sup>. Өз жағдайларыңызда ой мен сезімдер арасында осылай айыру туралы сіз не ойлайсыз? Және өзіңізге тіптен қуаныш әпермейтін нәрсе туралы зор қуанышпен *ойлаңдар* деген ұсынысқа орай не сезісіз?

- б) Бір ғалым, «келеңсіздіктерге қараудың» орнына, «келеңсіздіктер *арқылы* олар әперетін ықтимал нәтижеге қарауды ұсынады»<sup>6</sup>. Өз келеңсіздіктеріңізге қарап, сіз не ойлайсыз? Олар *арқылы* қарағанда тиісінше өзіңізге қандай ойлар келеді?

4. «Олармен [Құдай өзінді қоршаған адамдармен] Құдайдың жолдауымен бөліс, сонда сенің сынағың олар үшін куәлікке айналады. <...> Сенің сынақтарың оларға сенің жолдауың бола алады (р. 58). Ортақ юрисдикция сотында куәлік, куәнің ант беріп, айтқан жария мәлімдемесі. Деректер мен шындықты қолдап, ол бірқатар дәлелдерді ұсынады. Өз қиындықтарыңыздың эпицентрінде сізбен бірге Құдай әрекет етіп жатыр деген ой сізде қандай ұқсастықтар туғызады? Куәгер ретінде сіз өз куәлігіңізде қандай деректер мен шындықтар туралы айта аласыз?

## 6 Тарау

### ҚҰДАЙ ӘРЕКЕТ ЕТІП ЖАТҚАНДА, КҮТЕ ТҰР

1. Жүсіпті құлдыққа сатып жібергенде, ол он жетіде, ал перғауын оған көпжылғы өнімсіздіктің зардаптарын жеңілдету жөніндегі жұмысты басқаруды тапсырғанда отызда болса керек. Потифардың үйінде және түрмеде болған уақытты қосқанда он үш жылды құрайды.
  - а) Он үш жыл бұрын өзіңіз қанша жаста болдыңыз? Есептеңіз және сол кездері өзіңізбен не болғанын есіңізге түсіріңіз. Есіңізге түскен үш оқиғаны жазыңыз, сосын сіздің рухани және сезімдік есеюіздің бүгінгі деңгейін сипаттайтын үш оқиғаны келтіріңіз. Сол кездегі және қазіргі өзара қарым-қатынастардағы рухани және сезімдік есеюіңізді салыстырыңыз.
  - б) Өміріңіздің осы екі кезеңінде болған нәрселерге өзіңізге тән қатынастың айырмашылығы неде, яғни сол кездегі және қазіргі рухани әрі сезімдік есею деңгейлеріңіздің арасында қандай айырмашылықтар бар?
  - в) Жүсіп күткенде, Құдай әрекет етуін жалғастырды. Өміріңіздің соңғы он үш жылын күту уақыты деп қарастырсаңыз, Құдайдың өз жағдайларыңызға килігуі мен жеке тұлға ретінде сіздің жетілуіңізге Оның қатысуы туралы не айтасыз?
2. Құдайға қарағанда біз көбіне асығамыз. Киелі Жазба бізді Иемізге сенім артып, мойынсұнушылықпен күтуге

көп мәрте шақырады. Забур жыршысы сондай күтудің қандай болатынын және ол үшін ненің қажет екендігінің нанымды бейнесін былай сипаттайды:

Шын жүректен Иеме сенім артамын,  
Берген сөзіне үмітімді артамын.  
Күзетші күткендей таңның атуын  
Қарауыл аңсағандай күннің шығуын  
Жан тәніммен Иемді күтіп сағынамын.  
Уа Исраил халқы, сенім арт Жаратқанға,  
рақым мен құтқаратын күш шексіз онда.

*Забур 129:5–7*

Забур жыршысы, Иемізді күтуге бүкіл жан дүниесінің күшін сарп еткенін мойындайды. Киелі кітаптың басқа аудармалары да оның әдеттен тыс Құдайға ұмтылысын атап өтеді: «Қарауылдар — таңның атуын қалай күтсе, менің жаным Иемді одан да қатты күтеді», (Заманауи орысша аудармасы); «Жаным Иемді аңсайды, менің бар үмітім — Оның сөзінде» (Wycliffe Bible Translators Singapore); «Құдайға өмірім мен дұғамды бағыштаймын және Ол не айтады және қайтарымына не істейді деп күтемін» (MSG).

- а) Егер өзіңіздің қазіргі жағдайларыңызды Иемізді күту кезеңі деп ойласаңыз, өз жаныңыздың жай-күйін қалай сипаттар едіңіз? Забур жыршысына ілесіп, толықтай Иемізді күтуге берілгеніңізді мойындай аласыз ба? Немесе алаңдап және қайсібір жағдайларға «қосалқы нұсқалар» жоспарлар қойдыңыз ба?
- б) Жоғарыда айтылған Киелі кітап аудармаларына сүйеніп, Иемізді күту қарқындылығыңызды өз сөздеріңізбен суреттеп көріңіз.
- в) Өзіңізге мойындаңыз, әдетте екі тілектің қайсысы басым: Құдайды аңсау ма әлде Одан қалағаныңызды

алу тілегі ме? Осы екі тілектің арасында айырмашылықты көресіз бе?

- г) Түнгі күзеттегі карауылдардың бейнесі, Иемізге сенім артудың не екенін және күтуді ынталы етуге болатынын өзіңізге түсінуге қалай көмектеседі?

3. «Киелі кітаптың күту — *дұға* мен *сенімнің* арқасында Құдайға шоғырлануға мүмкіндік беретін ынталы күш салуды білдіреді. Күту дегеніміз — Иемізге «*бойсұну*» және Оған «*үміттенуді*» білдіреді (Забур 36:7; курсив менікі — *М. Л.*)» (р. 68). Төменде келтірілген тіркестерді қолданып, таяу күндері өзіңіздің Құдайды күтуіңізді қалай күшейте алатыныңызды ойланып көріңіз.

- а) *дұғаның* арқасында мен Құдайға шоғырлана аламын...
- б) *сенімнің* арқасында мен Құдайға шоғырлана аламын...
- в) *бойсұнып*, мен Құдайға шоғырлана аламын...

## 7 Тарау

### ҚҰЛАМАЙТЫН-КҮЛДІРГІ ҚУЫРШАҚ

1. Балласт — тепе-теңдікті қолдайтын қарсы салмақ, яғни қарсы бағыттағы күштің орнын толтыратын күш. Жүсіпте балласт «терең тамырлаған, өзіне тұрақтылық берген Құдайдың жоғарғы билігіне сенімі» болды (р. 77). Он үш жыл бойы ол оған: опасыздық, құлдық, жалған айыптау, түрмеге қамалу, бас тарту сияқты тағдырдың әр соққысынан кейін тұруға көмектесті. Жүсіптің перғауынның қабылдауында болуы, оның құтылуының басталғанын білдірді, алайда қарсы күресетін күш өз әрекетін жалғастырып жатты. Бірақ енді Жүсіптің қиындығы басқаша: *бақытсыздық емес, құйтырқылық* болды.
  - а) Жаратылыстың басталуы 41:1–44 үзіндісін оқыңыз, онда перғауынның түстері мен оның Жүсіппен алғаш кездесуі егжей-тегжейлі баяндалады. Перғауынның Жүсіп туралы айтқан сөздеріне (15 аят) және оның қарсы жауабына (16, 25, 28, 32 аят) ерекше назар аударыңыз.
  - б) Құйтырқылық — өзін-өзі алдауға апаратын, ол өз кезегінде бізді бақытсыздықтың алдында қорғансыз ететін бүркемеленген арандатушылық. Перғауынның Жүсіпке айтылған сөздеріндегі жасырын құйтырқылықты сіз қалай сипаттар едіңіз? (15 аят). Егер ол осы жасырын арандатушылыққа берілгенде, Жүсіпті келешекте қандай бақытсыздықтар күткен болар еді?
  - в) Жүсіп болған оқиғаларды ғана болжап қоймай (25, 28, 32 аят), бірақ таяу келешекте болатын нәрселерді

болжап (16, 32 аят), Құдайдың тұтас билігіне сілтегенде оның сенімі талай рет өз тиімділігін дәлелдеді. Жүсіп үшін Құдайдың билігі өткен шаққа да, келешекке де тарады.

Жүсіптің түрмеден босаған сәтінен бастап бар болғаны бірнеше сағат өткен жағдайда, өзін келешекте қауіпсіздендіру мақсатында ол ең алдымен өзі туралы қам жейді деп болжау қисынға сай болар еді. Жүсіптің солай етуден бас тартуы, оның Құдаймен қарым-қатынасын қалай сипаттайды? Осы әрекет, Жүсіптің Құдайдың тұтас билігіне шексіз сенімін дәлелдей ме?

г) Перғауынның Жар.баст 41:15 және 41:39 үзінділеріндегі сөздерін салыстырыңыз. Жүсіптің сенімі перғауынның көзқарасына қалай ықпал етті? Оның көзқарасында не өзгерді және не нәрсе бұрынғысынша қалды?

2. Азаптар мен одан құтылудың арасындағы өмірдегі өзгерістер, Құдайдың жомарт сыйлары мен Оның рақымдарына толы. Зарықтырған күту, ақыр соңында әйтеуір жеңілдеумен, жаңа оқиғалармен және жаңа үміттермен алмасты, бірақ Жүсіптің оқиғасы көрсеткендей осы бақытты өзгерістердің өзі қиындықтармен ұштасып жатты.

а) Өзіңнің азаптардан құтылатыныңды алдын ала болжап немесе олардан құтыла отырып, өзін-өзі алдауға апаратын қандай жасырын арандатушылық — қандай құйтырқылықты күтуге болады? Ойлап көріңізші, сіздің болып жатқанды бағалауыңыз, не себептен байқаусызда Құдайға үміттенуден өз күшіңізге сүйену қажеттілігіне бет алады?

- б) Егер сіз осы жасырын арандатушылықтарға берілсеңіз, өзіңізді қандай бақытсыздықтар күтуі мүмкін? Ойлап көріңізші, келешекте өз қауіпсіздігіңізді өз бетіңізше қамтамасыз ету ойына сізді не итеруі мүмкін?
- в) Жүсіптің сенімі перғауынның көзқарасына ықпал етті. Құдайдың тұтас билігіне деген өз сеніміңіз, сіз үшін қандай маңызды өзара қарым-қатынастарға ықпал ете алады? Сіз сол адамдардың Құдай туралы түсінігін өзгертуге, мүмкін өзіңіз туралы түсініктерін өзгертуге үміттенесіз бе?
3. Мұқалмайтын табандылық, міндетті түрде бұрынғы өмір салтына оралуды білдірмейді. Жүсіптің құтылуы оны әкесінің үйіндегі үйреншікті өмірге қайтарған жоқ, лейтенант Сэм Браунның өмірі де өзі Ауғаныстанда өткерген сол сұмдықтан кейін түбегейлі өзгерді. Екеуі де екі себепкер шарттың, яғни өткенмен қош айтысып және Құдай жасайтын өзгерістерді қабылдауға келісудің арқасында аман қалды. Тағдырдың тәлкегінен күйремейтін әркімге Киелі Жазба беретін уәде осы:

Қиын сынақты төзімділікпен басынан өткізіп жатқан әркім бақытты! Содан өтіп, сенімді екендігі дәлелденгеннен кейін, ол бәйге жүлдесіндей «шынайы өмірдің тәжін» иемденбек.

*Жақып 1:12*

- а) Қазіргі қиындықтар мен азаптардан құтылуды күтіп, сіз өз үміттеріңіздің кейбірі орындалады деп күтесіз. Нақ қайсылары? Қаншалық бұрынғы өміріңізге оралғыңыз келеді?
- б) Бұрынғы өмірге оралу енді бола қоймас деген ой, өзіңізде қандай ойлар мен сезімдер туғызады?

- в) Құдайды соншалық қатты сүйгендіктен, Оны өзінің балласты (теңгерімі) етуге дайын адамдарға табандылығы үшін уәде етілген сый «өмір тәжі». Киелі кітаптың басқа аудармасында осы уәде келесідей айтылады: «Барлық сынақтардан табанды өтетін адам бақытты, себебі олардан өткен соң ол, Құдай өзін сүйетіндерге уәде еткен мәңгілік өмір тәжін алады» (MSG). Бұл уәде мәңгілік өмірге қатысты, бірақ ол жердегі өмірге де дәл солай қатысты (Забур 26:13–14 кар-3).

Сіздіңше, не нәрседе Құдай сізге Өзіне сенім артып қана қоймай, сонымен бірге Өзін көбірек сүюді ұсынады? Құдай уәде еткен жаңа өмірді қабылдау үшін, өзіңізге не нәрседен қол үзу керек болады?

## 8 Тарау

### ӨМІРІНДЕ БӘРІ ОЙДАҒЫДАЙ БОЛМАҒАНДА, ҚҰДАЙ БҰРЫНҒЫСЫНША ИГІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕ МЕ?

1. Кристина Тейлор өзінде өлі бала туылғаннан кейін, өзінің Құдаймен жасаған біржақты келісімі күйрегенін айтып, былай деді: «Жан дүниеде үрей орын алып, сенімім күйрей бастады. Құдай кепілдеген «қауіпсіздік аралы» күнделікті тұрмыстың дауылында батып кетті. <...> ...Өмірімде алғаш рет, өзімді абыржу сезімі жегідей жей бастады (р. 84).
  - а) ерте ме, кеш пе, біздің әрқайсымыз Құдаймен келісім жасауға тырыстық. *Егер Құдай \_\_\_\_\_, мен \_\_\_\_\_ міндеттеме аламын.* Өзіңіз бір кездері Құдаймен не туралы келіспекші болдыңыз? Ал қазіргі жағдайыңызда Онымен не нәрседе келісім жасауға тырысасыз?
  - б) Құдай Кристинаның шарттарын бұзған кезде, ол сенімнің дағдарысын бастан кешірді. Сіздің Құдаймен келісіміңіздің нәтижесі қандай болды? Өзіңіздің Құдайдың мейірімді екендігінде сенімділігіңізге ол қалай ықпал етті?
  - в) Құдайдың мейірімділігіне қатысты өзіңізді бүгін қандай сұрақтар мазалайды? Мысалы, егер Құдай сіздің қиындығыңызды шешуге қабілетті болса, неге Ол соны істеуге асықпайды? Неге Құдай осындай әділетсіздікке жол береді? Құдай сіздің қиындығыңызды сіздің игілігіңізге айналдыра ма?

2. «Құдай, бізбен болып жатқан нәрселер әйтеуір ақыр соңында *игілікке айналады* деп уәде етеді, бірақ бұл болып жатқанның бәрі *игілік* дегенді білдірмейді. Өміріміздегі кейбір жағдайлар сұмдық болуы мүмкін, бірақ ақыр соңында бәрі тамаша аяқталады» (р. 87).

а) «Игілікке айналады» дегеннің «игілік болып табылады» дегеннен айырмашылығы қандай? Осы айырмашылық сіздің бүгінгі жағдайыңызды түсіндіре ме? Және осы айырмашылықты түсіну, жоғарыда «в» тармағында келтірілген сұрақтарды талдауға көмектесе ме?

б) «Бірақ біз Құдайдың түсінігіндегі «игілікке» сенім арту керекпіз (р. 87). Егер сізге *игілік* ұғымына түсінік бер деп тапсырма берсе, өміріңіз қалай өзгереді? Осы жағдайда сізді қандай артықшылықтар мен ыңғайсыздықтар тосады?

3. Қиындықтар мен қуғынға ұшырағанда елші Пауыл, азаптар — Иемізбен қарым-қатынастың ажырамас бөлігі екенін білді:

...Рухани баласы болғандықтан, Оның бізге дайындап қойған мәңгілік игіліктеріне де ие боламыз: Құдай Мәсікке сыйлағандары іспетті игіліктерді бізге де сыйламақ. Егер Мәсіхтің жолында жүріп, азабына ортақ болсақ, Оның салтанатты ұлылығына да ортақ болып, сол игіліктерді қабылдаймыз.

*Рим. 8:17*

Ол сендерге рақым етіп, Мәсікке сенуді ғана емес, Ол үшін азап шегуді де белгіледі ...

*Філіп. 1:29*

Пауыл, сондай-ақ мәңгі өмірге ие болуда сенімділіктің аса маңызды екенін атап өтті:

...Болашақта біз үшін анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда, қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігіне сенемін.

*Рим. 8:18*

...Уақытша көретін жеңіл азаптарымыз бізді өздерінен әлдеқайда зор, тіпті шексіз де мәңгілік ұлылыққа жеткізеді...

*2 Қор. 4:17*

- а) Сүйікті адамыңмен өткізетін өмір, ортақ қуаныштар ғана емес, ортақ қайғыны да меңзейтінін бәрі біледі. Өзіңізге қымбат адамдармен қарым-қатынастар, Мәсіхпен Оның салтанатын ғана емес, сонымен бірге Оның азаптарын да бөлісудің не екенін түсінуге қалай көмектеседі?
- б) Кейде келесі сұрақтарды қойып, біз болып жатқан нәрсені түсінуге тырысамыз: *«Бұл бір аптадан кейін маған қалай әсер етеді?» «Бір айдан кейін ше?» «Бір жылдан соң ше?»* Елші Пауыл, басымыздан өтіп жатқан қиындықтар туралы дұрыс түсінік жасау үшін жердегі өміріміз тым қысқа, — ол үшін оларды мәңгіліктің көзқарасынан қарастыру керек деген болжам айтты.

Бүгінгі өз жағдайларыңызды бір аптаға, бір ай немесе бір жылға алшақтап көруге тырысып көріңіз. Осы қиындықтар сіздің күнделікті өміріңізге, адамдармен қарым-қатынасыңызға және жеке басыңыздың игілігі туралы көзқарасыңызға қалай ықпал ететінін ойлап көріңіз? Уақыт өте сіздің осы түсінігіңіз қалай өзгеруі мүмкін?

4. Баласынан айрылғанда Кристина Тейлорды, неге Құдай осының болуына жол берді деген сұрақ мазалады. Өз блогында ол: *«Өзім жасаған жалғыз қорыту мынадай болды: мен өзім белгілеген шыдамдылық шегінен бас*

тартып, болып жатқан нәрсе өзіме ұнай ма жоқ па, өмірімді, оның әрбір сәтін қасарыспай Құдайға тапсыруға тиіспін» (р. 89) деп жазды.

- а) Өз шыдамыңыздың шегі туралы ойлағанда сіз нені есіңізге түсіресіз? Нақты не нәрсені сіз Құдайдың абсолютті бақылауына тапсыруға дайын емессіз?
- б) Жағдайды бақылаудан өз еркіңізбен бас тарту, тәуекелге бел буумен байланысты және көбіне үрейлендіретіні — шешім қабылдау, бірақ осы шешімде өзіңіз үшін әлдебір шытырман немесе үміттендіретін нәрсе жоқ па? Өміріңізді бақылауды Құдайға тапсырған болсаңыз, басқа жағдайларда алу мүмкін емес болған қандай рухани тәжірибені күтесіз?

## 9 Тарау

### ӨТІНЕМ, АЗ МАЗ БОЛСА ДА РИЗАШЫЛЫҚ АЙТ

1. Қандай да бір ойды жүзеге асыру үшін немесе қандай да бір теорияны тексеру үшін оларға нақты форма беру қажет. Жүсіп балаларына ат қойғанда, сөзбен өз ойларының бірін білдірді. Осылайша ол шын мәнінде Құдайға алғысын білдірді және екі рет солай етті.
  - а) Есіңізге түсіріңізші, басқа адамға немесе Құдайға қатысты қашан өзіңізді алғыс сезімі толтырды? Өзіңіз сол алғысты қалай білдірдіңіз? Өз мінез-құлқыңызды, сөздеріңіз бен іс-әрекетіңізді талдаңыз.
  - б) Неліктен өзіңізге алғысыңызды дәл сондай тәсілмен білдіру маңызды болды? Егер өзіңіз соны жасамаңыз — сіз немесе басқа адамдар үшін ол қандай шығындарға апаратын еді?
  - в) Өз тәжірибеңіз сізге, Құдайға ризашылығын білдіріп, балаларына ерекше ат қойған Жүсіптің әрекетін жақсырақ түсінуге көмектесті ме?
2. Ат қою, қалай болған күнде де сол адамның өзіне қатты әсерін тигізеді. Теолог Александр Дмитриевич Шмеман, ат қою және ризашылық тығыз байланысты деп есептейді:

Затты атау... — сол зат үшін Құдайды жарылқауды білдіреді... Киелі кітапта бұл «діни» акт емес, Құдай тұрақты беретін *өмірдің мәнінің* өзі. Құдай барлық нәрсені Өзінің сүйіспеншілігімен, Өзінің рақымымен толтырды, бәрін

«өте жақсы» етіп жаратты. Сондықтан осы сыйға «қалыпты» жауап, қарсы тараптың бата беруі болып табылады. Құдайға бата беру, Оған рахмет айту, әлемді Құдай қалай көрсө солай көру, Құдайдың «әріптесі» болу — және осылай алғыс айтып және қабылдауда — дүниені танып, оны атап, оның мәнін танып-білу...<sup>7</sup>

- a) Өмір салты — өзіміз үшін қалыпты өзара қарым-қатынастардан, жүріс-тұрыс пен іс-әрекеттен қалыптасатын біздің күнделікті тәжірибеміздің кескіні. 1-ші сұраққа жауап беріп және өзіміз қазір ғана айтып өткен алғыс білдіруді негізге алып, Құдайға алғыс айту — өз өмір салтымызбен Оған бата беру дегеніміз нені білдіретінін түйіндеңіз. Сондай алғыс сізден қандай өзара қарым-қатынасты, мінез-құлықты және іс-әрекетті талап етеді?
  - b) ризашылық, әлемге Құдайдың көзімен қарау қабілетін болжайды. Жүсіп өзінің балаларына берген есімдер (р. 94), оның осы әлемге көзқарасын қалай ашады?
3. Біз, өзіміз риза болған адамды не затты *байқамағанша*, алғыс *айту дегенді*— білдіре алмаймыз. Біз өмірімізде рақымның азғана көріністерінің өзін байқап үйренген сайын, алғыс айтудың іс жүзіндегі дағдыларын соғұрлым табысты жетілдіреміз.
- a) Алғыс айту үшін ең «болмашы» себептер туралы ойлаңыз. Өзіңіз соңғы жиырма төрт сағат немесе бір сағат, немесе қазір ғана байқаған сондай себептердің екі-үшеуін және өзіңіз солар үшін Құдайға рахмет айтқыңыз келетіндерін атаңыз.
  - b) Дәл осы сәтте өзіңіздің байқағыштығыңыздың деңгейін қалай бағалаған болар едіңіз? Басқа сөзбен

айтқанда, өзіңіз Құдайдың рақымын, жомарт дарындарын қаншалық жиі байқап, Оған өз алғысыңызды білдіресіз?

4. Макс Лукадо адамдардың Құдайға алғыс айтқысы келмеуінің төрт ықтимал себебін атады. Солардың ішінде көбірек өзіңізге тән себептің қасына «белгі» қойыңыз.

- Жұмысбастылық. Менің уақытым жоқ! Өзімнің жұмысбасты болатыным соншалық, алғыс айтуға тіптен үлгірмеймін немесе ұмытып кетемін.
- Аса сақтық. Бір секунд! Бұның бәрі тамаша сияқты, бірақ мен уақытынан бұрын қуанғым келмейді. Шындық болу үшін, бұл тым жақсы. Рақымның бар екеніне толығымен көз жеткізбейінше алғыс айтуға асығудың қажеті жоқ.
- Өзімшілдік. Жарайды, соған тұрарлық зат екенін көріп тұрмын, бір жағынан мен әрине ризамын, бірақ бір жағынан — енді менің өмірім өзгереді, ал мен оны болжаған жоқпын, сол себептен осы жөнінде сезімдерім шым-шытырық.
- Менмендік. Ойпырым-ай, бұрында да жағдайым тәптәуір болатын. Оның үстіне ризашылыққа қатысты осы күйреуік бос сөз — әлдекімнің әлсіздігін дәлелдеудің тағы бір реті. Жеке өз басым оған мұқтаж емеспін.
- Басқа бір нәрсе.

Осы себеп, негізінен сіздің Құдаймен, адамдармен немесе Құдаймен де адамдармен де қарым-қатынаста рақметі жоқтығыңызды сипаттайды ма?

Өзіңіздің *Құдайға* және *адамдарға* алғыс білдіру тәсіліңізде өзгешелік бар ма, егер бар болса қандай? Олар-

дың қайсысына өзіңіз жиі алғыс білдіресіз? Олардың қайсысына айтылған алғысыңыз нақты формаға еніп, шынайырақ көрінеді және неге?

5. «Адам жаны үшін қорқынышты сын сағатында Исаның жүрегі алғысқа толы болды. Күн жарқыраған нұрында кез келген адам алғыс айта алады, бірақ Иса бізді айналамызда түннің қапасы үйрілгенде де Құдайға алғыс айтуға үйретеді» (р. 102). Қалай ойлайсыз, Құдай өміріңіздің қай саласындағы сынақ үшін өзіңіздің алғыс айтқаныңызды күтеді? Ойлап көріңізші, Оған өз алғысыңызды қалай білдіре алар едіңіз? (мүмкін оны жазбаша түрде, біреумен бөлісу арқылы немесе тағы басқаша түсіндіруге болады). Егер өзіңіз Құдайға алғыс айтуға дайын болмасаңыз, Оған өз қиындықтарыңыз туралы немесе алғыс айтқыңыз келмейтініңізді айтыңыз. Одан өзіңіздің келесі қадамыңыз үшін рақым сұраңыз.

## 10 Тарау

### ОТБАСЫЛЫҚ РЕНІШТЕР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСЕЙІК

1. «Өзінің отбасын қайдан табатынын біле тұра, Жүсіп оны істемеуді шешті. Отбасылық құпияларды жабулы қазан жабулы күйінде қалдырып, солай еткенде оларды қансыраған күйінде қалдырып, ол өткенді өткен өмірінде қалдыруды жөн көрді» (р. 106). Төменде келтірілген сөздер мен сөз тіркестері Жүсіптің отбасындағы кейбір анық психологиялық қиындықтарды сипаттайды. Олардың тізімімен танысып, өз отбасыңызда орын алғандарын белгілеңіз.

[оң жақтағы БАҒАНДЫ сол ЖАҒЫНАН ТҮЗЕТУ  
КЕРЕК]

- |   |  |
|---|--|
| <input type="checkbox"/> Жалғыздық                      | <input type="checkbox"/> Ауыр қаза                     |
| <input type="checkbox"/> Опасыздық                      | <input type="checkbox"/> Жүректің қайғы-қасіреті       |
| <input type="checkbox"/> Бедеулік                       | <input type="checkbox"/> Менсінбеген қатынас           |
| <input type="checkbox"/> Мезгілсіз өлім                 | <input type="checkbox"/> Өзіне шому                    |
| <input type="checkbox"/> Реніштер                       | <input type="checkbox"/> Ата-ананың баладан бас тартуы |
| <input type="checkbox"/> Жек көрушілік                  | <input type="checkbox"/> Тұйықтық                      |
| <input type="checkbox"/> Қорлаулар                      | <input type="checkbox"/> Кінә                          |
| <input type="checkbox"/> Балалар арасындағы бақталастық | <input type="checkbox"/> Айналадағыларды елемей        |
| <input type="checkbox"/> Некеден тыс қатынастар         | <input type="checkbox"/> Өтірік                        |
| <input type="checkbox"/> Сүйікті болу                   | <input type="checkbox"/> Басқа бір нәрсе               |
| <input type="checkbox"/> Қатыгез қатынас                | <input type="checkbox"/> Келелі мәселелі неке(және)    |

- a) сіздің отбасыңызға психологиялық қиындықтар алып келген екі-үш жағымсыз зардаптарды анықтауға әрекет етіңіз.
  - б) өз отбасыңыздың психологиялық қиындықтарын талдап, сіз бастапқыда Жүсіп жасаған сияқты, бәрін сол күйінде қалдырып, өткенді еске түсірмеген жақсырақ деген тұжырымға келесіз бе? Немесе керісінше, сіз олардың бар екенін ашық мойындағыңыз келе ме? Осы жөнінде отбасыңыздың басқа мүшелері не ойлайды?
  - в) Өз отбасыңыздың өткенін талдау немесе шешілмеген отбасылық қиындықтардың теріс зардаптарын отбасының басқа мүшелерімен талқылау қажеттігі туралы ой келгенде, не нәрсе өзіңізді үрейлендіреді немесе мазалайды?
2. Жанның сауығу үдерісі, өзіңізге келтірілген жан жаралардың егжей-тегжейлерін анықтауды және Құдайдан өзіңізбен бірге осы ауырсынуды қайта бастан өткізуін өтіруді қамтиды.
- a) 1-ші сұраққа жауап беріп, жағымсыз зардаптар туралы ойланғанда қандай екі-үш оқиғаны есіңізге түсірдіңіз? Егер сол эпизодтардың нақты бөлігін жазбаша түсіру өзіңізге қиын болса, неліктен екенін ойлаңыз? Болған жайттың егжей-тегжейін жазу қажеттігі туралы ойлағанда өзіңізді қандай сезімдер билейді?
  - б) алдыңғы сұраққа жауапты ойлау кезінде, өзіңізге Құдайдың тарапынан қандай көмек керек? Оның қатысуын, жетелеуін және жұбатуын қандай формада сезінгіңіз келеді?
3. Ескі жан жаралармен бетпе-бет ұшырасу, абыржытуы мүмкін. Ұзақ айрылысудан кейін ағаларын кездестір-

генде Жүсіп оларға өзін ашпады, олармен қатал сөйлесті, оларға жалған айып тақты, түрмеге отырғызды, бірақ сосын оларды босатып, олардың кетуі және оралуы үшін шарт қойды, олардың біреуін кепілге алып, күшті сезімдерін жасырды, оларға танылмастан жомарттық танытты (Жар.баст 42:6–28).

- а) Бұрынғы реніштерді және олармен байланысты өзіңізді ренжіткен адамдарды талдау мүмкіндігін қарастыру кезінде қандай кереғар сезімдерді сезесіз?
- б) Жүсіптің қай іс-әрекеттерін бәрінен де өзіңізге қатыстырасыз және неге?

4. Иеміз бізге өзіміз сұрағаннан да артығымен беріп, олардың болуы туралы өзіміз де білмейтін жан-жараларымызды сауықтырады. Ол жүрегімізді жаулап қана қоймай — бірақ Оны сауықтырғысы да келеді. Неге? Себебі, жаралы адам айналасындағы адамдарды жаралайды. (р. 109–110).

- а) Өміріңіздің қай саласында жүрегіңіз бәрінен көп жараланған? Ол адамдармен қарым-қатынастағы қиындықтар, жеке қорғансыздық сезіміңіз, зор қаза, өзін өзі жоятын мінез-құлық, күнәны тыюға қабілетсіздік немесе ізіңізге түскен сәтсіздік болуы мүмкін. Өз жағдайыңызды қысқаша суреттеңіз.
- б) Өзіңіз жан жараңызды қалай сезесіз? Мысалы, егер өзіңізде қарым-қатынастағы қиындықтар деп диагноз қойсаңыз, онда жан жараңызды өзіңіз кешіре алмаушылық, татуласуға үміттің болмауы немесе өзіңізді жараалаған өткен өмірге айықпайтын қасірет ретінде сезуіңіз мүмкін.
- в) Сіздің сауықпаған жүрегіңіз өзіңізді, адамдарды жаралайтын немесе оларға жаман әсер ететін мінез-

құлыққа қалай итермелейді? Өзіңіздің адамдармен бұрынғы сондай-ақ таяудағы байланыстарыңызды сараптаңыз.

5. Жүсіптің отбасымен татуласу сүрлеуі, ұзақ және қиын болды, бірақ ол кішкентай рақым мен қайырымдылық танытудан басталды: Жүсіп ағаларының жол сөмкелерін бидайға толтырды және оларға байқатпай бидай үшін төлеген күмістерін қайтарды. Риясыз әрекет!
- а) Жүсіп ағаларына, өздері бәрінен де мұқтаж болған нәрсені берді. Олар бидай үшін төлеуге дайын болды, бірақ Жүсіп ағаларына сый жасады. Қалай ойлайсыз, өткен оқиғалармен байланысты өз отбасыңыздың мүшелері сізден нені күтеді?
- б) Жақындарыңызбен қарым-қатынаста Құдай сізді қалай қайырымдылық пен рақым көрсетуге итермелейді?

# 11 Тарау

## КЕК ҚАЙТАРУ МАСАЙРАТАДЫ, БІРАҚ КЕЙІН...

1. Кек — бұл есесін қайтару, ренжіткен адамды жазалап, әділдік таразысын теңестіру талпынысы. Кейбір жағдайларда Джозеф Ричардсон салған Кек үйі сияқты, есесін қайтару әдеттен тыс болуы мүмкін.

а) Джозеф Ричардсон сияқты кейбір адамдарда кері жауласу белсенді-агрессивті формада көрінеді. Басқаларда ол енжар-агрессивті формада болып, *ішке тығылады*. Ондай адам ренжіткен адамнан сезімдік шеттетіледі немесе тіпті онымен кез-келген қатынасын үзеді. Агрессияның осы екі формасының қайсысы — белсенді немесе енжар формасы — өзіңізге көбірек тән?

б) Өзіңізді ренжіткен адамға кек қайтару үшін, өзіңіз қолданатын шебер немесе аса ондай емес бір-екі тәсілді атаңыз. Ол басқа адамға және өзіңізге қалай әсер етеді?

2. Елші Петр кек қайтару мәселесін біздің Мәсіхпен қарым-қатынасымыз мәнмәтінінде қарастырды:

...Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек. <...> Мәсіх Өзіне тіл тигізгендерге жаман сөз қайырмады, азап көрген кезде де оларды қорқытпады. Қайта Ол ісін әділ Соттаушыға тапсырды.

*1 Пет. 2:21, 23*

- а) грек тілінде «тапсыру» сөзі — *paradidōmi*, бұл «біреудің күзетуіне тапсыру немесе беру» дегенді білдіреді. Көне Грецияда, осы етістікті тұтқынды беруді немесе сезіктіні сотқа жеткізуді суреттеу үшін қолданған<sup>8</sup>. *Paradidōmi* грек етістігінің мәнін ескере отырып, сіз кек қайтаруды көксеудің орнына, Құдайға сенім арту дегенді қалай суреттер едіңіз?
- б) Жүсіптің ағаларымен кездесуін талдап, оның қай іс-әрекеті, өзіне сенім артқанын, ал енді бір әрекеттері оның Құдайға сенім артқанын көрсететінін анықтап көріңіз.
- в) Жоғарыда келтірілген киелі кітаптық үзінді, өзіңізді қандай деңгейде бойсұнып қиындықтарды бастан кешуді, ал қай деңгейде кек алу тілегін қолдайды?

3. «Жаулардың сазайын тартқызу ма? Бұл Құдайдың міндеті ғой. Жауларды кешіру ме? Ал бұл — мына сіз бен біздің міндетіміз» (р. 121). Сенушілер ретінде бізге өзіміз үшін кек қайтармау ғана емес, өз жауларымызды жақсы көру жүктеледі:

«Досынды сүй» және оның айнымас серігі «жауынды жек көр» деген көне қағида өзіңізге таныс па? Мен сізге әлдеқайда қиын міндетті қойып, былай деймін: жауларыңызды жақсы көріңіз. Олардың арқасында өзіңізде нашар емес, ең жақсы қасиеттеріңіз көрінсін. Өзіңізге қасірет әкелгенде, оларға дұғаның күшімен жауап қайырыңыз, сонда сіздің нағыз болмысыңыз — Құдай жаратқан болмысыңыз көрінеді. Құдай дәл солай әрекет етеді. Ол Өзіндегі бар жақсымен, ең жақсымен бөліседі. Ол жерді жылытатын күнмен және оны нәрлендіретін жаңбырмен, — жақсымыз ба, жаманбыз ба, одан тәуелсіз біздің әрқайсымызбен бөліседі.

*Матай 5:43–45 MSG*

- а) Өзіңізге тән қай қасиеттерді сіз ең жақсы деп есептейсіз? Бес сөз немесе тіркестен аспайтын сөздерді қолданып, оларды суреттеңіз. Мысалы, сіз өзіңізді былай сипаттай аласыз: «Мен қайырымды, жомарт және алғыр адаммын».
- б) Сіз — Құдай жаратқан тұлға ретінде — жақсы қасиеттеріңізді есіңізге түсіріп, өзіңіз кешіру қажет немесе жақсы көру қиын адамдарға қатысты не сезінесіз?
4. Қоштасу кезінде осындай екіойлылық жиі болатын жағдай. Қоштасу кенеттен болмайды, оның жолында кідірістер мен аялдаулар көп: бірде күн жылт етсе, енді бірде көкжиекті қайтадан бұлттар торлайды. <...> ...Бірақ бұл қалыпты. Кешірім туралы сөз болғанда, біз бәріміз де тәжірибесізбіз. Бірақ сен кешіруге тырысып жатқан кездің өзінде кешірім бересің.(р. 122–123).
- а) Өзіңіз біреуді кешіру үшін жасаған күш салуларыңыз туралы есіңізге түсіріңізші. Соған қалай қол жеткіздіңіз? Кешіру туралы шешім тек бір жола қабылданатынымен келісесіз бе? Сіздің кешірімге жақындауыңыз біртіндеп болды ма? Кідірістер мен аялдауларды қайттыңыз?
- б) Енді, кешіре алу көзқарасынан өзіңізді қалай бағалайсыз? Сіз әлі де кешірудің белсенді талпыныстарын жалғастырудасыз ба немесе қырсығып олардан қашасыз ба?
- в) Матай жазған Ізгі хабардың 5-ші тарауындағы Исаның өсиеті «дұғаның күшімен жауап беріндер» деген сияқты айтылады. Өзіңізді ренжіткен адамның игілігіне және оны жарылқау үшін нақты дұғаңыз қалай айтылады?

## 12 Тарау

### ЖОҒАРҒЫ БИЛЕУШІ — СЕНІҢ БАУЫРЫҢ

1. «Үлкен ағалар қалыптасқан жағдайды түбегейлі өзгертуге қабілетті» (р. 126).
  - а) Сіздің көзқарасыңыз бойынша, керемет үлкен ағаны (немесе үлкен әпкеңізді) не ерекшелейді? Өз жауабыңызды жазыңыз.
  - б) Балалық шағыңызда үлкен ағаның қандай қолдауы жетіспеді? Қандай жағдайларда, өзіңізге бәрінен де жоғарыда аталған қасиеттері бар адам қажет болды?
  - в) Сондай жағдайда сізде қорғаушының болуы немесе болмауы өзіңізге қалай әсер етті?
  - г) Қазір өзіңізге үлкен ағаның қандай көмегі жетіспейді? Қандай жағдайларда сіз жоғарыда аталған қасиеттері бар адамның қолдауын аңсайсыз?
  
2. Жүсіп және оның ағалары өте мелодрамалы қауышудың қатысушылары болды (р. 127–129).
  - а) осы оқиғаны оқығанда өз ағаларын кешіру немесе кешірмеу туралы шешім қабылдап, ұтымды ұстанымда болған Жүсіпке өзіңізді қаншалық ұқсатасыз?
  - б) қызығарлық емес, осал ұстаным және кешірімге мұқтаж, Жүсіптің ағаларына өзіңізді қаншалық ұқсатасыз?
  - в) Жар.баст 45:1–15 үзіндісін оқыңыз. Жүсіптің өз ағаларымен сөйлесуінде, үлкен ағаға тән қандай қасиеттерді көресіз?

3. Елші Пауыл Мәсіхті Құдайдың рөлінде нанымды бейнеледі:

...Құдай алдын ала білетін біздерді, Өзінің рухани Ұлы үлгісіне ұқсасын, көптеген бауырластарының арасындағы тұңғышы іспетті. <...> Ендеше кім үкім шығара алады? Мәсіх Иса біз үшін өлді, Ол қайта тірілді де: Ол Құдайдың оң жағынан орын алып, бізді қолдауда.

*Рим. 8:29, 34*

Соңғы аятты MSG аудармасындағы дәл сол аятпен салыстырайық:

Біз үшін өмір сүру үшін, бізге бола өліп — тірілген, біздің Жақтаушымыз ретінде дәл қазір Құдайдың жанында.

*34 аят*

- а) Жаңа Өсиетте Мәсіхтің метафоралық үлгілері аз емес: Оны бақташымен (Жохан 10:11 қар-з), жүзім бұтасымен (Жохан 15:5), нұрмен (Жохан 8:12) және нанмен (Жохан 6:35) салыстырады. Оның Аға, әсіресе үлкен аға рөліндегі бейнесі Мәсіх тұлғасының қандай теңдесіз қасиеттерін көрсетеді?
  - б) Өзіңіз, Мәсіх сізге үлкен ағаңыздың тарапынан жетіспеген қолдауды көрсетеді деп айта аласыз ба? (1-ші сұраққа оралыңыз).
  - в) Қазіргі уақытта өзіңіз кездесетін жағдайларда Исаның қандай жақтаушылығына және өзіңіз үшін өтініш білдіруіне мұқтажсыз?
4. «Сенің қолыңнан келеді. Өзің күшті болғандықтан емес, бірақ сенің Бауырың, Ағаң күшті болғандықтан. Өзің лайық болғандықтан емес, бірақ сенің Ағаң лайықты болғандықтан» (р. 133).

- а) Оларды жеңу үшін, бүгінгі жағдайларыңызда сіз не істемек ойыңыз бар? Едәуір «лайықты» болуға өршелене ұмтылып, өз күшіңізге көбірек сенесіз бе»?
- б) Осы жағдайларда неліктен өзіңізге Мәсіхке сенім арту және Үлкен Ағаңыз ретінде Оған сену қиын?

## 13 Тарау

### ҚОШТАСУЛАРМЕН ҚОШ АЙТЫС

1. «Өлім — төзгісіз қиын қоштасу (р. 135).

- а) Өзіңіз кімге соңғы рет «кешір» деуге мәжбүр болдыңыз? Осы қоштасу алып келген қандай айырылу, сіздің қайғыңызды күшейтті? Үміт пе, келешекке жоспар ма, достық қарым-қатынас па, бірге тойлаулардан айырылу ма?
- б) Өлім өзіңізді сүйікті адамыңызбен айырмағанымен де, азаптар әрдайым қандай да бір шығынға апарады. Қазіргі уақытта басыңыздан өткеріп жатқан қиындықтарға кезігіп, өзіңіз қандай шығындарға ұшырадыңыз? Ол қорғаныс сезімінен, жақын қарым-қатынастар, қандай да бір мүмкіндіктерден, кәсіби жұмысбастылықтан, еркіндік сезімінен, денсаулық немесе армандардан айырылу болды ма?

2. «Айналада түк болмағандай өмір қызып жатыр, ал сен өзінді жалғыз және тастанды сезесің, себебі «қош бол» дегенді айта алмай жүрсің (р. 140). Кейде біз қоштасудан бас тартамыз, себебі өзімізге қымбат адамнан немесе өзіміз тым жақсы көретін бір нәрседен біржола айрылдык.

- а) Өзіңіз тізіп жазған айрылысулардың қайсысын әлі күнге дейін қайғырып, бастан кешіп жүрсіз (1-ші сұрақты қараймыз) және кіммен (немен) әлі де қоштасуға дайын емессіз?
- б) Неліктен оларға «қош бол» деу өзіңізге қиын?

3. Киелі кітаптың аспан туралы шындығын зерттеуге бір-неше минутыңызды жұмсаңыз. Киелі Жазбаның келесі үзінділерін оқып, сізге ерекше маңызды болып көрінген сөздер немесе тіркестерді жазып алыңыз.

Аян 21:3–4	Жохан 3:2
Аян 22:3–5	Філіп. 3:20–21
2 Қор. 5:1–5	Лұқа 22:28–30
Забур 15:11	1 Қор. 15:50–54
Жохан 14:1–3	1

- а) Өзіңіз жазып алған сөздер мен тіркестерге қараңыз. Өз тізіміңіз бен 1-ші сұрақта белгілеген айырылулар арасында қандай да бір ортақ нәрселер табасыз ба?
- б) Осы аяттардан сіз қандай жұбаныш немесе үміт беретін наным таптыңыз?

4. К. С. Льюис былай деп жазды:

Жамандық пен жақсылық пісіп жетілгенде, қайтымды күшке ие болады. <...>Жер бетінде адамдар мұны түсінбейді. Олар: «Мұны ешнәрсе ұмыттырмайды» деп уақытша азаптар туралы айтады, сөйтеді де рақат өңін беріп, өткенді түрлендіретінін білмейді<sup>9</sup>.

- а) Жақсылық өсе алады, өзінің жетілмеген күйінен ол ақыр соңында өсіп жетіліп, яғни піседі дегенге қалай қарайсыз? Осы ойды сіздің рухани тәжірибеңіз қалай растайды немесе теріске шығарады?
- б) Кейбір ізгіліктер аспанда ғана толық жетіледі дегенді еске түсіріп, сіз олардың өсуін бүгінгі қиындықтарыңыз бен шығындарыңызда қалай бағалаған болар едіңіз? Олар, жер астындағы ұрық сияқты, әлеуетті жетілу жағдайында ма? Немесе алғашқы

жас өскіндер беріп жатыр ма? Немесе гүлдеп, жеміс беріп жатыр ма?

- в) Аспан жөнінде «өткеніңізді шолу» мүмкіндігі тұрғысынан ойлағанда, ойыңызға не келеді? Өткен өміріңіздің қай оқиғасын бәрінен де Иса Мәсіхтің даңқына түрленгенін көргіңіз келеді?

5. Еврейлерге арналған хаттың туындыгері, бізді өзімізді жарысып жатқан спортшылар ретінде елестетуге шақырады (Евр. 12:1–3 қар-з). Ұзақ қашықтыққа жүгіруде шеңберлерді еңсеріп жатқаныңызды елестетіңіз. Жанкүйерлер мен мінбенің сүйсінген айқайынан құлағыңыз тұнады, өз жанкүйерлеріңіз — атағы жер жарған спортшылар. Жәй ғана мәреге жету емес, бірақ мәреге бірінші болып жетуді олар әбден біледі. Сіздің ең адал жанкүйерлеріңіздің ішінде Ыбырайым, Сара, Ысқақ, Жақып, Жүсіп және өз майданын сізден бұрын аяқтағандардың бәрін тануға болады (11-ші тарауды қар-з). Бір екпінде олар аяқтарынан ұшып тұрып, сізге: «Жүгір! Жүгір! Жүгір!» деп ұрандайды.

- а) Жер бетіндегі майданыңыздан өтіп, өз «жанкүйерлеріңіздің» арасынан кімдердің жүзін көргіңіз келеді? «Өз жанкүйеріңіз» ретінде өзіңіз үшін маңызды Киелі кітап кейіпкерлерін, сондай-ақ өзіңізге қымбат, «жарыстары» тәмамдалған адамдарды қарастырыңыз.
- б) Өз «жанкүйерлеріңізден» бәрінен бұрын не естігіңіз келеді? Олардың аузынан шыққан қандай қолдаулар сізге жылдамдықты кемітпеуге, Исадан көз алмауға және келешектегі қуаныштар туралы ұмытпауға көмектеседі?

## 14 Тарау

### САБЫРЛЫҚ САҚТАП, БЕРІК БОЛ

1. Жүсіп, Құдай оның басына түскен бақытсыздықтар жөнінде біледі деп болжамдады. Аштықты Құдай бастады, Құдай одан аман шығуға көмектесті және бір сәтке де Ол жағдайды бақылаусыз қалдырған жоқ.(р. 148).
  - а) Өзіңіз қазіргі уақытта кезіккен қиындықтарға Құдайдың қатысы бар екеніне сіз қаншалықты сенімдісіз? Өз сеніміңіздің деңгейін сіз қалай белгілер едіңіз: өте төмен, орта, жоғары? Оны қалай суреттеген болар едіңіз?
  - б) Сізге өз сеніміңізді бағалауға аса ықпал еткен екі-үш оқиғаны айтыңыз. Олар бұрын болған немесе таяудағы оқиғалар болуы мүмкін, сондай-ақ әсерлер, қарым-қатынастағы әлдебір жаңа нәрселер ж.с.с.
2. Макс Лукадо, Құдай нақ сол ауырсынуларды әкелген оқиғалардан жылжып, оларды осы оқиға кейіпкерлерінің игілігіне айналдырған екі оқиғаны әңгімелеп берді (р. 149–150).
  - а) Сіздің бүгінгі қиындықтарыңыз туралы айтатын болсақ, олардың қайсысын сіз өз игілігіңізге айналғанын көруге үміттенесіз?
  - б) Егер сіз, Құдай ауыртпалығыңызды міндетті түрде сіздің игілігіңізге айналдыратынына күмәнданбасаңыз, бұл сіздің өмір туралы бүгінгі ұғымыңызда қалай көрінеді?

3. Оңтүстік полюске бірінші болып жетеміз деген жарыста Руаль Амундсен жоспарды ұстанды, оған сәйкес оның тобы ауа-райы жағдайына қарамастан, күніне он бестен жиырма шақырымға дейін еңсеріп отырды. Роберт Скотта керісінше алдын ала ойластырған жоспар болған жоқ: жақсы ауа-райында оның тобы барынша алға жылжып, шаршап-шалдықты, ал ауа-райы нашар болғанда орындарынан тапжылмады. Кейіннен өзінің аңызға айналған экспедициясына арнаған кітабында Амундсен былай деп жазды: «Жеңіс, өзінде бәрі ойдағыдай адамды күтеді, — оны сәттілік деп атайды! Жеңіліс, қажетті сақтық шараларын уақытылы қабылдамаған адамның басына түсетіні шүбәсіз, — оны сәтсіздік дейді!»<sup>10</sup>

- а) Амундсеннің Оңтүстік полюсті бағындыру сапары мен Жүсіптің өнімсіздікпен байланысты қиындықтарды шешу жөніндегі әрекеттерінің арасында ортақ не бар?
- б) Сіздіңше, жеке қиындықтар мен дағдарыс жағдайларын шешуде «қажетті шараларды уақытылы қабылдау» деген нені білдіреді? Осы сұраққа жауап берерде, сіз Жүсіптің күш пен билікке ие болып, аштықты жеңуін ғана емес, бірақ Потифардың үйінде құл болған және түрмеде болған кезде қалай әрекет еткенін қарастыра аласыз.
- в) Сіз әдетте, Роберт Скотт сияқты жағымды және жағымсыз жағдайларға мезеттік әрекеттеріңізді анықтауға жол бересіз деп айтуға бола ма? Әлде сіз төзімді алға ілгерілеуі сыртқы жағдайлардан тәуелсіз болған Руаль Амундсенге көбірек ұқсайсыз ба?
- г) Осы екі ізашарлардың оқиғасы, өз жағдайыңызды шешуде алдыңызға қандай міндеттер қояды? Ол сізге қандай үміт береді?

4. Дағдарыс жағдайларын шешу саласындағы мамандар Джим Коллинз және Мортен Хансен, қазіргі кезде дағдарысты бастан кешіріп жатқан табысты компания басшыларын ерекшелейтін негізгі қасиет — сабырлық, яғни өзін ұстай білу дейді (р. 154). Даллас Уиллард сабырлық, өзін ұстай білуді «өз көңіл-күйіне қарамастан, бастаған ісін аяқтауға немесе қойған мақсатына жетуге айнымас бел буу» деп айқындайды<sup>11</sup>.

а) Өзіңіз тап болатын қиындықтар туралы ойланғанда, әдетте қай кезеңде сізге сабырлық және күшіңізге сенімділік жетіспейді? Сіз үшін сабырлықты аса қиын ететін қандай себепкер шарттар?

б) Киелі Жазба, «Себебі Өзіне ұнайтын істерді қалап, жүзеге асыруларыңа түрткі болушы — Құдай» (Филіп 2:13) дейді. Өз көңіл-күйіңізді жеңу үшін, Құдай сізде қандай қалау және түрткі жасауы тиіс?

5. «Сен әрекет етудің жоспарын құра аласың. Құдай сенің қиындықтарың туралы білетінін ұмытпа. Оны өзіңді қадамдық нұсқаулықпен жабдықтап, дәл қазір өзің жасай алатын бір-екі қадамды көрсетуін сұра» (р. 153).

а) Қиындықтарыңыздың сипатына қарай, іс-әрекетіңіздің жоспары өзіңізге бірер сағатта қиындықтарды жеңуге көмектесу үшін қысқа мерзімді және қиындықты шешу үшін бірнеше апта, керек десеңіз бірнеше айларды талап ететін ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Өз жоспарыңызды жүзеге асыру үшін қазіргі сәтте қандай уақыт шектеуі сізге лайықты болып көрінеді? Бір сағат па, күн бе, апта немесе одан да көп мерзім қажет пе?

б) Осы уақыт аралығында не нәрсеге қол жеткізгіңіз келеді? Мақсатыңыз нақты және бағалауға икем-

делген болсын. Мысалы «Құдайға көбірек сенім арту» — өздігінен жап-жақсы мақсат, бірақ өлшемі қиын. Оны былай тұжырымдаған жақсырақ: «Әркез үрей мен күмән билегенде, мен Құдайға сенім арту туралы шешімімді, дұға күнделігіме қысқа дұғаны жазып, бекітіп отырамын».

- в) Өзіңіз қойған мақсатқа жету үшін, дәл қазір қандай екі-үш қадам жасай аласыз? Егер сізге өз бетіңізше қажетті қадамдарды анықтау немесе жасау қиынға соқса, сіз кімнен көмек сұрай аласыз?

# 15 Тарау

## ҚИЫНДЫҚ. ҚҰДАЙ. ИГІЛІК

1. Төменде Макс Лукадоның «Сенің қолыңнан келеді» атты кітабын оқып, танысқан он Киелі кітаптық шындық келтірілген:

- Менің Құдайға арнаған өмірім — ашық кітап (Забур 138 қар-з).
- Құдай менің жанымда (Забур. 23:4 қар-з).
- Иеміз менің өмірімде Өз ой-ниетін жүзеге асырады (Забур 137:8 қар-з).
- Құдай өзімнің сынақтарда алған тәжірибемді, мені ағыл-тегіл өмірге үйретіп және дайындау үшін қолданады (Жақып 1:2–4 қар-р); барлық сынақтар уақытша (1 Пет. 1:6 қар-з).
- Құдай мені үздіксіз жетілдіреді (Філіп 1:6 қар-з).
- Мен Иемізге сенім арта аламын, себебі Ол адал, рақымды және күшті (Забур 129:5–7 қар-з).
- Өткен сынақтарға сый ретінде шынайы өмір тәжіуәде етілген (Жақып 1:12 қар-з).
- Жердегі өмірге мәңгіліктің тұрғысынан қарау, маған өз қиындықтарымды уақытша қиындықтар ретінде қабылдауға мүмкіндік береді (2 Қор. 4:17 қар-з).
- Иса мені қолдайды (Рим. 8:34 қар-з).
- Құдайдың қолында ойластырылған жамандық ақыр соңында игілікке айналады (Жар.баст 50:20 қар-з).

а) Осы шындықтар сіздің тұрмыстық қиындықтарға және оларды жеңу бойынша іс жүзіндегі тәжірибе

алуыңызға қалай әсер етті? Осы кітапты оқып шығып, сіз өз үлесіңізге тиген қиындықтарға қатынасыңызды өзгерттіңіз деп айтуға бола ма? Солай болса, қалай өзгерді?

- б) Қазіргі сәтте өзіңіз үшін аса маңызды екі-үш шындықты көрсетіңіз. Олар қандай рухани мұқтаждықтарыңызды толастырады?
- в) Өзіңіз үшін қазіргі сәтте өзекті, жоғарыда келтірілген бір немесе бірнеше шындықты бірінші жақтан әңгімелеп түсіндіріңіз. Мысалы: «Өзімнің ертең неге кез болатыным Құдайға аян. Өмірімдегі ешбір қиындық, Оған Өз ой-ниетін жүзеге асыруға кедергісін келтірмейді. Мен жалғыз болғанда Құдай менің жанымда. Менің азаптарым мәнсіз емес — Құдай оларды өзімді үйрету үшін қолданады және оларды менің игілігіме айналдырады».
- г) Қалай еткенде, осы мәтін Құдайдың өзіңізге қатысты адалдығын есіңізге түсіріп отырады. Мысалы, оны екі-үш досыңызға жіберіп, апта ішінде өзіңізге қайта электрондық пошта немесе смс-хабар ретінде жолдап отыруын өтініңіз. Мәтініңіз сілтейтін киелі кітаптық үзіндіні жаттап алыңыз немесе оны күнделікті көзіңізге түсетін жерге қойыңыз. Оны кішкене карточкаға теріп жазып, осы қиын кезеңнің өзінде сеніміңіздің өсетінін көзіңіз шалып, есіңізге түсіретіндей етіп бөлме өсімдігінің ыдысына сүйеп қойыңыз.

2. «Құдай өміріңіздің орталығына айналғанда, барлық қиындықтар біздің игілігімізге айналады» (р. 156).

- а) Бір парақ қағазда үш бағаннан тұратын кестені сызыңыз, оларға солдан оңға қарай: «Қиындық», «Құдай», «Игілік» деп тақырып беріңіз.

- б) Бірінші бағанда өзіңіз бүгін кезіккен қиындықтарға қатысты екі-үш тіркес жазыңыз.
- в) Дұға етіп, екінші бағанда өзіңізге бүгінгі қиындықтарыңызды шешуге көмектесетін Құдайдың қасиеттерін жазыңыз.
- г) Үшінші бағанда, сіздің жағдайыңызды шешуге Құдайдың килігуінің нәтижесінде өзіңіз байқаған кез келген артықшылықтарды жазып түсіріңіз. Егер өміріңіздегі оң өзгерістерді анықтауға қиналсаңыз, келешекте қандай артықшылықтарға ие болатыныңыз туралы ойланыңыз. Мысалы:

Қиындық	Құдай	Игілік
Мен жұмысымнан айрылдым.	Құдайдың билігі шексіз және Ол жомарт. Ол мені қамқорынсыз қалдырмайды. Менің қиындықтарым Ол үшін кедергі немесе қиындық емес.	Менің қауіпсіздігім бұдан былай менің уайымым емес. Менің қауіпсіздігім Құдайдың қолында

3. Кристина Кейннің (р. 159–160) оқиғасын әңгімелеп, Макс Лукадо бізге Өз нұрын төгу үшін Құдай біздің азаптарымыздың саңылаусыз түнегін қалай қолданытынын көрсетті.

- а) өзіңіз толтырған таблицадағы жазуларды талдап, Құдай сізді осы әлемге қандай нұр төгуге шақырып тұрғанын ойлаңыз.
- б) Құдайдың шақыруы, сізден бірден және толық түсіністікті әрі келісіміңізді күтпейді — сізден тек бір нәрсе: кішкентай болса да келесі қадам жасау талап етіледі. Құдайдың шақыруына жауап ретінде,

таяудағы жиырма төрт сағат ішінде өзіңіз қандай қандам жасай алар едіңіз?

4. *1-ші Тарауда* бүкіл кітапқа сарын беретін қолдау бар: Сенің қолыңнан келеді. Иә ауыр болады, бірақ төзуіне тура келеді. Құдай осы қайғыны сенің игілігіңе айналдырады. Қазір жігеріңді жасытпай, албырт қиялдарға бой алдырмай және ақымақтық жасамауға тырысу керек. Бірақ үмітіңді үзбе, сонда Құдайдың көмегімен сен бұны еңсере аласың».

- а) Егжей-тегжей талдамай-ақ, оқыған кітаптан алған әсеріңізді бейнелеп түсіндіріңіз. Құдай өзіңізге қалай қамқорлық көрсеткенін көрсетіңіз. Ол жұбату, қолдау, даналық, қамтамасыз ету болды ма? Немесе басқа бір нәрсе ме?
- б) Құдайдың өзіңізге көрсеткен қамқорлығы, сізге қиындықтарыңызды жеңуге қалай көмектеседі?
- в) Асықпай дұға ету үшін уақыт бөліңіз. Құдайға, қандай болмасын өзіңізге көрсеткен қамқорлығы үшін рақмет айтыңыз. Өзіңізді дәл қазір толғандыратын нәрсені Оған сеніп тапсырыңыз және Одан өзіңіз бәрінен де мұқтаж нәрсені сұраңыз. Тыныштықта отырып, Құдайдың өзіңізді жақсы көретінін мойындауын күтіңіз. Дұғаңызды аяқтап, Иемізге Оның қандай екеніне және өз өміріңізге құдіретті ықпалы үшін рақмет айтыңыз.

# Ескертулер

## 1 Тарау. Сенің қолыңнан келеді

1. Spiros Zodhiates, ed., *The Hebrew-Greek Key Word Study Bible: Key Insights into God's Word, New American Standard Bible*, rev. ed. (Chattanooga, TN: AMG, 2008), Жар.баст 50:20. Сондай-ақ: «Greek/Hebrew Definitions», Bible Tools, Strong's #2803, *chashab*, [www.bibletools.org/index.cfm/fuseaction/Lexicon.show/ID/H2803/chashab.htm](http://www.bibletools.org/index.cfm/fuseaction/Lexicon.show/ID/H2803/chashab.htm). қар-з.
2. Осы сөз Жар.баст 13:4 («құрбандық беретін орын тұрғызған жерге»), Әйүп 9:9 («Ол аспандағы Жетіқарақшы, Көгалдай мерген, Үркерді ...жаратты») және Нақыл сөз 8:26 («Тәңір Ие әлі жаратпастан бұрын жер, дала, әлемнің алғашқы топырағын») кездеседі.
3. Zodhiates, *The Hebrew-Greek Key Word Study Bible*, Быт. 50:20. См. также: *Strong's Exhaustive Bible Concordance Online*, #6213, [www.biblestudytools.com/lexicons/hebrew/nas/asah.html](http://www.biblestudytools.com/lexicons/hebrew/nas/asah.html).
4. Өзін мадиамдық көпестерге сатқанда Жүсіп шамамен он жеті жаста еді (Жар.баст 37:2 қар-з). Өзін түрмеден шығаруды уәде еткен, бас шарапшыға рақым көрсетілгенде Жүсіп жиырма сегізде болатын (Жар.баст 40:21–23 қар-з). Екі жылдан кейін отыз жасар Жүсіп, перғауынның түстерін жоруға шақырылады (Жар.баст 41:1, 46 қар-з). Молшылықтың жеті жылынан кейін келген аштықтың екінші жылы, ағалары Мысырға екінші рет келгенде Жүсіп шамамен отыз тоғызда болды (Жар.баст 45:1–6 қар-з).

## 2 Тарау. Мысырға бару

1. «Өйткені мысырлықтар үшін ұсақ мал бағушылар жиренішті» (Жар.баст 46:34).

## 3 Тарау. Жалғыз, бірақ түбінде жалғыз емес

1. Джей-Джей Джаспер, автормен бейресми әңгіме. Оның рұқсатынан қолданылды.

2. Thomas Lye, «How Are We to Live by Faith on Divine Providence?» in *Puritan Sermons 1659–1689* (Wheaton, IL: Richard Owen Roberts, Publisher, 1981), 1:378.
3. Edward Mote, «The Solid Rock», in *Sacred Selections for the Church*, comp. and ed. Ellis J. Crum (Kendallville, IN: Sacred Selections, 1960), 120. «Мызғымас жарғас» мадақтау әні (ағылшын бақташы ЭдвардМоуттың сөзі (1797–1874)).
4. *Saint Augustine: Sermons on the Liturgical Seasons*, trans. Sister Mary Sarah Muldowney (New York: Fathers of the Church, 1959), 85–86.

#### **4 Тарау. Ақымақтықты ақымақтықпен түзей алмайсың**

1. Жар.баст 39:5.
2. David M. Edwards, «Song Story; Take My Hand, Precious Lord: The Life of Thomas Dorsey», *Worship Leader Magazine*, March/April 2010, 64–65. Copyright © 2010 by Worship Leader Partnership.
3. Ibid., 65.
4. Thomas A. Dorsey, «Take My Hand, Precious Lord» (Hialeah, FL: Warner-Tamerlane, 1938, renewed).
5. Edwards, «SongStory», 65.

#### **5 Тарау. А, бұл бар болғаны дайындық па еді?**

1. Howard Rutledge and Phyllis Rutledge with Mel White and Lyla White, *In the Presence of Mine Enemies — 1965–1973: A Prisoner of War* (New York: Fleming H. Revell, 1975), 33, 35.
2. Spiros Zodhiates, ed., *The Hebrew-Greek Key Word Study Bible: Key Insights into God's Word, New American Standard Bible*, rev. ed. (Chattanooga, TN: AMG, 2008), #977, p. 1817. См. также: *Strong's Concordance with Hebrew and Greek Lexicon*, <http://www.eliyah.com/cgi-bin/strongs.cgi?file=hebrewlexicon&isindex=977>.
3. Bob Benson, «See You at the House»: *The Stories Bob Benson Used to Tell* (Nashville: Generoux, 1986), 202–203.
4. Rutledge and Rutledge, *In the Presence*, 39, 52.

#### **6 Тарау. Құдай әрекет етіп жатқанда, сабыр сақта**

1. Забур 45:11.

### 7 Тарау. Құламайтын күлдіргі-қуыршақ

1. JayKirk, «BurningMan», GQ.com, February 2012, [www.gq.com/news-politics/newsmakers/201202/burning-man-sam-brown-jay-kirk-gq-february-2012](http://www.gq.com/news-politics/newsmakers/201202/burning-man-sam-brown-jay-kirk-gq-february-2012), 108–15; СэмБраун, автормен бейресми әңгіме. Оның рұқсатынан қолданылды.

### 8 Тарау. Өмірінде бәрі ойдағыдай болмағанда, Құдай бұрынғысынша игі болып қала бере ме?

1. ChristynTaylor, CaringBridge.org, August22, 2010, created at <http://www.caringbridge.org/visit/rebeccataylor1>. Оның рұқсатынан қолданылды.
2. Joni Eareckson Tada, «God’s Plan A», in *Be Still, My Soul: Embracing God’s Purpose and Provision in Suffering*, ed. Nancy Guthrie (Wheaton, IL: Crossway, 2010), 32–33, 34.
3. Donald G. Bloesch, *The Struggle of Prayer* (Colorado Springs, CO: Helmers and Howard, 1988), 33.
4. Taylor, CaringBridge.

### 9 Тарау. Өтінем, аз маз болса да ризашылық айт

1. Henry Ward Beecher, *Proverbs from Plymouth Pulpit: Selected from the Writings and Sayings of Henry Ward Beecher*, comp. William Drysdale (NewYork: D. Appleton, 1887), 13.
2. Оның оқиғасымен бөлісуге рұқсат берген Даниэльге ерекше алғыс.

### 10 Тарау. Отбасылық реніштер туралы сөйлесейік

1. Жар.баст 37:2.
2. Жар.баст 43:30; 45:2, 14–15; 46:29; 50:1, 17.

### 11 Тарау. Кек қайтару масайратады, бірақ кейін...

1. «Spite House», New York Architecture Images, [nyc-architecture.com](http://nyc-architecture.com), <http://nyc-architecture.com/GON/GON005.htm>.
2. *Strong’s Exhaustive Bible Concordance Online*, #5117, [www.biblestudytools.com/lexicons/greek/nas/topos.html](http://www.biblestudytools.com/lexicons/greek/nas/topos.html).

### 12 Тарау. Жоғары Билеуші — сенің Бауырың

1. Rick Reilly, «Matt Steven Can’t See the Hoop. But He’ll Still Take the Last Shot», *Life of Reilly*, ESPN.com, March 11, 2009,

<http://sports.espn.go.com/espnmag/story?id=3967807>. См. также: Gil Spencer, «Blind Player Helps Team See the Value of Sportsmanship», *Delaware County Daily Times*, February 25, 2009, [www.delcotimes.com/articles/2009/02/25/sports/doc-49a4c50632d09134430615](http://www.delcotimes.com/articles/2009/02/25/sports/doc-49a4c50632d09134430615).

2. Қарындасын зорлағаны үшін кек қайтарып, Шимон мен Леуи Сихем ауылының барлық ер-азаматтарын өлтірген. (Жар. баст 34).

### 13 Тарау. Қоштасулармен қош айтыс

1. «John Herschel Glenn, Jr. (Colonel, USMC, Ret.) NASA Astronaut (Former)», National Aeronautics and Space Administration, Biographical Data, [www.jsc.nasa.gov/bios/htmlbios/glenn-j.html](http://www.jsc.nasa.gov/bios/htmlbios/glenn-j.html).
2. Bob Greene, «John Glenn's True Hero», CNN.com, February 20, 2012, [www.cnn.com/2012/02/19/opinion/greene-john-annie-glenn/index.html](http://www.cnn.com/2012/02/19/opinion/greene-john-annie-glenn/index.html).
3. Стив Чапменмен 2011 жылғы 30 қарашадағы әңгімеден. Оның рұқсатынан қолданылды.
4. Todd Burpo with Lynn Vincent, *Heaven Is for Real: A Little Boy's Astounding Story of His Trip to Heaven and Back* (Nashville: Thomas Nelson, 2011), 94–96.

### 14 Тарау. Сабырлық сақта және берік бол

1. «The Story of Keep Calm and Carry On», YouTube video, 3:01, posted by Temujin Doran, [www.youtube.com/watch?v=FrHk-KXFRbCI&sns=fb](http://www.youtube.com/watch?v=FrHk-KXFRbCI&sns=fb). См. также: *Keep Calm and Carry On: Good Advice for Hard Times* (Kansas City, MO: Andrews McMeel, 2009), introduction.
2. Jim Collins, «How to Manage Through Chaos», CNN Money, September 30, 2011, <http://management.fortune.cnn.com/2011/09/30/jim-collins-great-by-choice-exclusive-excerpt>.

### 15 Тарау. Қиындық. Құдай. Игілік

1. Christine Caine, *Undaunted: Daring to Do What God Calls You to Do* (Grand Rapids: Zondervan, 2012), 48.
2. Ibid., 48–49.
3. Ibid., 191.
4. Кристина Кейн, 2012 жылы 8 қарашада болған туындыгермен бейресми әңгіме. Оның рұқсатынан келтірілді.

### Ойлануға сұрақтар

1. Francis Brown, S. R. Driver, Charles A. Briggs, *Brown-Driver-Briggs Hebrew and English Lexicon* (Peabody, MA: Hendrickson, 1996), 595–596.
2. C. S. Lewis, *The Problem of Pain* (New York: Macmillan, 1962), 93.
3. Dallas Willard, *The Divine Conspiracy: Rediscovering Our Hidden Life in God* (San Francisco: HarperSanFrancisco, 1998), 344.
4. C. S. Lewis, *God in the Dock* (Grand Rapids: Wm. B. Eerdmans, 1970), 52.
5. Craig L. Blomberg and Mariam J. Kamell, *James*, vol. 16 of *Zondervan Exegetical Commentary on the New Testament*, gen. ed. Clinton E. Arnold (Grand Rapids: Zondervan, 2008), 49.
6. Scot McKnight, *The Letter of James*, *The New International Commentary on the New Testament* (Grand Rapids: Wm. B. Eerdmans, 2011), 71.
7. Alexander Schmemmann, *For the Life of the World: Sacraments and Orthodoxy* (Crestwood, NY: St. Vladimir's Seminary Press, 1973), 15.
8. Hartmut Beck, *New International Dictionary of New Testament Theology*, vol. 2, gen. ed. Colin Brown (Grand Rapids: Zondervan, 1986), «paradidōmi».
9. C. S. Lewis, *The Great Divorce* (New York: Macmillan, 1946), 67. Н. Трауберг аудармасындағы К. С. Льюистің «Некені бұзу» кітабынан.
10. Roald Amundsen, *The South Pole* (Seattle: CreateSpace Independent Publishing Platform, 2012), 139.
11. Dallas Willard, *Renovation of the Heart: Putting on the Character of Christ* (Colorado Springs: NavPress, 2002), 127.

# Мазмұны

## Алғыс

1 Тарау. Сенің қолыңнан келеді .....	5
2 Тарау. Мысырға бару .....	17
3 Тарау. Жалғыз, бірақ түбінде жалғыз емес .....	28
4 Тарау. Ақымақтықты ақымақтықпен түзей алмайсың.....	40
5 Тарау. Аһ, бұл небәрі дайындық болғаны ма?.....	49
6 Тарау. Құдай әрекет етіп жатқанда, күте тұр.....	62
7 Тарау. Құламайтын-күлдіргі қуыршақ .....	72
8 Тарау. Өміріңде бәрі ойдағыдай болмағанда, Құдай бұрынғысынша игі болып қала бере ме?.....	82
9 Тарау. Өтінем, аз маз болса да ризашылық айт .....	93
10 Тарау. Отбасылық реніштер туралы сөйлесейік .....	104
11 Тарау. Кек қайтару масайратады, бірақ кейін.....	114
12 Тарау. Жоғарғы Билеуші — сенің Бауырың .....	124
13 Тарау. Қоштасулармен қош айтыс .....	134
14 Тарау. Сабырлық сақтап, берік бол.....	145
15 Тарау. Қиындық. Құдай. Игілік.....	156

## Ойлану үшін сұрақтар

1 Тарау. Сенің қолыңнан келеді .....	164
2 Тарау. Мысырға бару .....	169
3 Тарау. Жалғыз, бірақ түбінде жалғыз емес .....	172
4 Тарау. Ақымақтықты ақымақтықпен түзей алмайсың.....	176
5 Тарау. А, бұл небәрі дайындық болғаны ма?.....	179
6 Тарау. Құдай әрекет етіп жатқанда, күте тұр.....	182
7 Тарау. Құламайтын-күлдіргі қуыршақ .....	185

8 Тарау. Өмірінде бәрі ойдағыдай болмағанда, Құдай бұрынғысынша игі болып қала бере ме?.....	189
9 Тарау. Өтінем, аз маз болса да ризашылық айт.....	193
10 Тарау. Отбасылық реніштер туралы сөйлесейік .....	197
11 Тарау. Кек қайтару масайратады, бірақ кейін.....	201
12 Тарау. Жоғарғы Билеуші — Сенің Бауырың.....	204
13 Тарау. Қоштасулармен қош айтыс .....	207
14 Тарау. Сабырлық сақтап, берік бол.....	210
15 Тарау. Қиындық. Құдай. Игілік.....	214

Ескертулер